32 Чуковский К.И. Живой, как жизнь. - М.: 1966.

33 Ибрагимов Қ. Жаңа үлгідегі қазақ тілі әдістемесі. – Алматы: ШЫҢ-кітап, 2007 жыл.

34 Бекбосынов М. Интеграция әдісін сабақта қолданудың тиімділігі (Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде. 2009. № 1.

35 Жайлауова М., Әбуова А. Пәнаралық байланыс. (Бастауыш мектеп 2010).

**Оқытудың педагогикалық технологиялары:  
тәжірибе, инновациялар, енгізу**

**Әдістемелік құрал**

**1-ші бөлім**

Басуға 07.08. 2015 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.  
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 22,1.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК  
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ:  
ТӘЖІРИБЕ, ИННОВАЦИЯЛАР, ЕНГІЗУ**

**Әдістемелік құрал**

**2-ші бөлім**

Астана  
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 20 шілдедегі № 6 хаттамасы)

Оқытудың педагогикалық технологиялары: тәжірибе, инновациялар, енгізу. Әдістемелік құрал. 2-ші бөлім. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 423 б.

Аталмыш әдістемелік нұсқаулықта білім беру жүйесінде нақтылы іс тәжірибелерде қолданылып жүрген заманауи педагогикалық технологиялар ұсынылған. Бұл технологияларды білім беру ұйымдары мен жекеленген ұстаздар өздерінің педагогикалық іс тәжірибелерінде қолданатын, локальды және жүйелі педагогикалық технологияларды зерттеп білуге бағытталған мониторинг негізінде ұсынылып отыр.

Әдістемелік нұсқаулық облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың әдіскерлері мен басшыларына, білім беру ұйымдарының басшылары мен мектеп мұғалімдеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2015

## Мазмұны

### 1-ші бөлім

Кіріспе.....	4
1 Желілік технологиялар (бір мұғалім деңгейінде қолданылған).....	9
Қорытынды.....	337
Пайдаланылған әдебиеттер.....	348

### 2-ші бөлім

Кіріспе.....	4
2 Жүйелік инновациялық педагогикалық технологиялар.....	9
2.1 Қазақ қыздар гимназиясы – ұлттық тәрбие жүйесінің моделі.....	9
2.2 Диалогтік оқыту тәсілін тиімді пайдалану арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру және басқару жүйесін оңтайландыру.....	47
2.3 Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы ғылымдарды тиімді интеграциялау.....	93
2.4 «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы, № 4 мектеп-гимназия Астана қаласы.....	97
2.5 Үш тілде оқытуды жүргізу.....	126
2.6 Ойлау белсенділігі жағдайының әдістемесі.....	178
2.7 Оқытудың конструктивтік теориясы.....	214
2.8 «Тірек мектеп (ресурстық орталық) жағдайында беру үдерісін технологияландырудың педагогикалық негіздері».....	249
Қорытынды.....	407
Пайдаланылған әдебиеттер.....	418

## Кіріспе

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінің заманауи жағдайларда қалыптасуы, орта және жоғарғы мектептерді демократияландыру мен ізгілендіру, білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің сапалығы мен тиімділігін арттыру, нарықтық экономика жағдайында оларды еңбек пен қоғамдық өмірге даярлау көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және басқа да маңызды стратегиялық нормативтік құжаттар мен заңға тәуелді актілерде білім беру жүйесінің көкейтесті міндеттері ұсынылған:

- Білім беру бағдарламаларын меңгеруге арналған жағдайларды жасау;
- тұлғаның табиғи және рухани, шығармашылық мүмкіншіліктерін дамытуға, адамгершілік қасиеттері мен салауатты өмір салтын ұстанудың берік негіздерін қалыптастыруға, ақыл-ойды байытуда даралықты дамытуға арналған жағдайларды жасау» [ҚР БтЗ, ББДМБ].

«Қазақстанның 30 дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы» атты Еуразиялық форумда Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «білім беру ғылымды қажет ететін экономика құрудың шешуші құралы ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі жаңа сапаға бағдар ұстануы тиіс. Ол – барлық балалар үшін, соның ішінде ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әлауқатына қарамастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің қолжетімділігі. Ол – орта және кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру сапасының жоғары деңгейі. Білім беру жүйесі тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тәжірибеде қолдану үшін қажетті дағдылар да қалыптастырып, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін тұрақты түрде енгізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануы тиіс» деген [Ұлттық баяндама 2014 ж.].

«Қазақстан қоғамының қазіргі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім кеңістігіне кірігуі Қазақстан Республикасының жалпы орта білім жүйесін жаңғыртуды, атап айтқанда, орта білім мазмұны мен құрылымын, мақсаттарын қайта қарауды және оқыту мерзімін кеңейтуді талап етеді». Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі білім беру мен тәрбиелеудің жаңа ұйымдастырушылық формалары мен әдістерін іздеуге мүмкіндік береді [1-4].

Мектеп оқушыларының білім мен дағдының жоғары сапалы көрсеткіштеріне жету үшін оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды заманауи тұрғысынан қарастыру қажет, яғни білім алушыны оқытуда жеке стратегияны таңдай білуге және сыни тұрғысынан ойлауын дамыту, озық ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға үйрету.

Әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру мақсатында республикамызда оқушылардың ақыл-ой, рухани және табиғи әлеуетін, олардың жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын, мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім беру

құрылымдарының инновациялық түрлерінің желісі құрылды және күннен-күнге кеңейтілуде (Назарбаев интеллектуалдық мектептері, лицейлер, гимназиялар, жеке меншік және көпсалалы мектептер, бірқатар оқу бағдарламаларын тереңдетіп оқытуға бағытталған мектептер (сыныптар) және т.б.). Білім беру мазмұны, оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен әдістері адекватты трансформацияға ұшырап, ең бастысы оқушының оқу-танымдық қызметін саралау мен дараалуға бағытталды.

Соған орай, жалпы педагогикалық іс тәжірибеде қолданатын іс шаралардың жеткіліксіздігі, жалпы мектепшілік жағдайда жекеленген даралықты жүзеге асыруда педагог қызметкерлер дайындығының төмендігі (әсіресе оңтайландыру саясаты жағдайында, сыныптар санын көбейту және педагогтар санын азайту), сабақты өткізгенде жеке оқушылармен фронтальды тексеру жұмыстарының жүзеге асырылмауы, қолданылып келе жатқан білім беру режимінде даралап және саралап оқытуды барынша жүзеге асырудың шектелуі немесе мүмкінсіздігі туралы куәландырады.

Сондықтан, педагогикалық іс тәжірибеде оқу үрдісін дараландыру мәселесін шешуде негізгі тежеуіш ретінде педагог қызметкерлердің даралап оқытуды жүзеге асырудың ғылыми-теориялық және қолданбалы аспектілерін білмеуінің салдарынан оның жүйесіз жағы үстемдік етуде.

Осы жағынан алып қарасақ совет өкіметі кезеңінде дамыған отандық педагогика мен мектептердің шетелдік іс тәжірибені ескермеуі және дүниежүзілік тәжірибе мен зерттеулердің жетістігін түсінбеуі, ағартушылық жағының болмауы өзінің кері әсерін тигізіп отыр.

Жаппай білім беру тәжірибесінің арнайы зерттеулерін оқып, талдау барысында анықталғаны, біздің мектептер толық дамыған тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда оқушының даралығын, оның табиғи мүмкіншіліктері мен жалпы және арнайы қабілеттерін ашу мен іске асыруда хабардары аз. Оқытудың қолданыстағы жүйесі оқушының тұлғалық және ақыл-ой әлеуетін толығымен дамытуда даралап оқытуды жүзеге асыруға арналған мүмкіншіліктерді білмейді. Басқаша айтқанда, оқушының мотивациялық-еріктік, ұйымдастырушылық, мазмұнды-процессуалды және бақылау-бағалау қызметінің саласы мұғалім өзінің іс тәжірибесінде қолданып келе жатқан білім беру мазмұны, оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен әдістеріне қарама-қайшы келеді.

Шығыс Қазақстан облысы мектептерінің мұғалімдеріне жүргізілген сауалнаманың барысында алынған эмпирикалық мәліметтерді талдаудың нәтижесінде, олардың жартысынан көбі (52%-ы) шетел мектептерінің іс тәжірибесінде қолданылатын даралап оқытудың кейбір ұйымдастырушылық-әдістемелік жүйесін туралы білсе, ал 28%-ы ештеңе де білмейтін болып шықты. Соған орай мектеп қызметкерлері оқыту үрдісінде даралап оқытуды кеңінен қолданудың қажеттілігін мойындайды [М.А. Кусаинова].

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында 2015-2020 жж арналған білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын дамыту» атты диагностикалық есепке сәйкес, қазақстандағы мұғалімдер құрамының сапасы мен сипаттамаларына талдаудың барысында, анықталды:

– мұғалімдердің 50%-ының жұмыс өтілі 9-дан 20 жылға дейінгі аралықты құрайды, сонымен қатар көпшілігінің 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі барлар;

- көпшілігі бірінші және екінші санаттағы мұғалімдер;
- мұғалімдердің көпшілігінің жасы 30 асқандар;
- 87,9% жоғары білімді (сырттан оқығандар туралы мәліметтер жоқ);
- көп бөлігін әйелдер құрайды (80,2%).

Сондықтан да, іс тәжірибе қызметкерлеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар және қазіргі мектептердің оқу үрдісін жетілдірудің оңтайлы жолдары мен тәсілдерін анықтау қажеттілігі туындап отыр.

Соған орай, білім берудің нақтылы іс тәжірибесіне инновациялық-педагогикалық технологияларды енгізу және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен жолдарын әзірлеу мәселесін кешенді зерттеп білудің қажет.

Осы мақсатпен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялардың мониторингін әзірледі.

Жалпы қабылданған педагогикалық технологиялардың жіктелуіне сүйене отырып, жоғарыда көрсетілген мониторингін әзірлеу барысында оның құрылымының 2 бөлімі анықталды: жүйелі технологиялар мен локальды технологиялар.

Соған сәйкес, әзірленген мониторингіннің бірінші құрылымдық бөлімінде жеке мұғалімдердің (ұжымдық емес, керісінше жеке субъект) оқу-тәрбие үрдісінде қолданатын технологияларын (әдістемелер) сипаттайтын материалдар жинақталған.

Екінші бөлімде білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылатын технологиялар сипатталған, яғни заманауи технологиялардың кей түрлерін ұжымдық (мектептің бүкіл педагогикалық ұжымы немесе мұғалімдердің шығармашылық ұжымы) қолдану жүзеге асырылған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бірінші блок бойынша қорытынды мәліметтерді жинау, педагогикалық технологияларды әдістеу және қолдану саласындағы олардың инновациялық тәжірибесін жалпылау үшін екі – үш жалпы білім беру мектептерін нақтылау үшін біз облыстық, Астана және Алматы қаласының білім басқармаларына жүгіндік. Бұл біріншіден. Ал екіншіден, өздерінің тәжірибелерімен алмасуға тілек білдіретін мұғалімдер үшін Академия сайтында сауалнама орналастырдық. (Қосымша 1).

Сауалнаманы тиісті нұсқаулықтар бойынша алдық, оған сәйкес ұсынылған сауалнама мұғалімдермен жеке онлайн-режимінде толтырылады. Сауалнаманы толтыру үшін <http://nao.kz/naomonitor> сілтеме бойынша жүргізу керек. Сонымен қатар, олардың көрсеткен соңғы бес жолдардағы ақпараттары бойынша ең қызығушылық танытатын әлеуетті респонденттердің назарын аударуды атап өттік. Ол ақпарат эссе түрінде орындалады. Үздік эсселер Академияның педагогикалық альманахында жарияланатын болады (2016 жылы). Сондықтан сауалнама анонимді емес.

Аталмыш сауалнама бойынша қорытынды мәліметтерді жинау және

түскен ақпараттар ағымын өңдеу үшін автоматтандырылған бағдарлама әдістелген болатын, ол Академия сайтында орналастырылды. Осы сауалнама туралы ақпарат 5000 аса Қазақстанның педагогикалық қауымдастығы өкілдеріне, облыстық білім басқармаларына, колледждерге, ЖОО-дарына жіберілген болатын.

Материалдар берудің көрсетілген мерзімі өткен кезде сауалнамада 2906 респондент қатысқаны (1-кесте), ол біз жоғарыда айтылған репрезентативтіліктің толық сәйкес келетіні анықталды.

1-кесте – Қолданылып жүрген заманауи педагогикалық әдістемелер және технологиялар мониторингі бойынша сауалнамаға қатысушы респонденттер құрамы туралы мәліметтер (облыстар бойынша)

Облыс атауы	Респонденттер саны	Облыс атауы	Респонденттер саны
Астана қаласы	57	Батыс Қазақстан	4
Алматы қаласы	3	Қарағанды	208
Ақмола облысы	178	Қостанай	552
Ақтөбе облысы	752	Қызылорда	340
Алматы облысы	115	Маңғыстау	102
Атырау облысы	138	Павлодар	373
ШҚО	16	Солтүстік Қазақстан	16
Жамбыл облысы	49	Оңтүстік Қазақстан	3

Бұл материалдар аталмыш әдістемелік нұсқаулықтың бірінші бөлімінде сипатталған. Екінші бөлімде ұжымдық субъектілер жіберген материалдарда сипатталған (2-кесте).

2-кесте – Қолданатын педагогикалық технологиялар бойынша ақпаратты жіберген мектептер туралы мәліметтер

Облас	Мектептің атауы	Оқыту тілі	
		қаз.	орыс
1	2	3	4
Ақмола	ММ «Бурабай ауданы білім бөлімінің Зеленобормектеп – гимназиясы»		+
	С. Сейфуллин атынд. № 5 Көпбейінді мектеп – лицей, Степногорск қ.	+	
Ақтөбе	«М. Құсаинов ат. Ақтөбе облыстық дарынды балалар үшін мамандандырылған мектеп – интернаты»	+	
	Есту жүйесінің бұзылыстарымен балалар үшін Ақтөбе облыстық арнайы (түзету) мектеп – интернат колледжі		+

2-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
<b>Астана қаласы</b>	Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназиясы	+	
<b>Қостанай</b>	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№ 5 гимназиясы» Рудный қаласының әкімдігі		+
	«Озат» Дарынды балалар үшін мектеп - интернаты		+
	Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің А.М. Горький ат. гимназиясы	+	
	Рудный қаласы әкімдігінің «№ 15 орта мектебі»	+	
<b>ШҚО</b>	Үш тілде оқытумен дарынды балалар үшін Шәкәрім атындағы облыстық мамандандырылған мектебі	+	+
	№ 34 дарынды балалар үшін мамандандырылған мектеп-лицейі		+
	«Бриг» жеке бизнес-мектебі»		+
<b>Жамбыл</b>	М. Мақатаев ат. мектебі (Ресурстық орталық)	+	
<b>Қарағанды</b>	№ 9 мектеп-гимназия		+
<b>Павлодар</b>	№ 3 дарынды балалар үшін гимназия	+	+
	«Жас Дарын» мектебі	+	+
	№ 25 Қазақ әйелдер гимназиясы Екібастұз қ.	+	
	«ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»		

1-кестеден белгілі болғандай, мониторинг туралы ресми хат барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларына жіберілгеніне қарамастан, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануда ең белсенділік танытқандар Павлодар және Қостанай облыстары болды.

Сонымен, әдістемелік нұсқаулық 2 бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлімінде жеке мұғалімдердің оқу-тәрбие үрдісінде қолданатын технологиялары (әдістемелер) сипатталған;
- екінші бөлімде білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылатын технологиялар сипатталған (ұжымдық субъект).

## 2 Жүйелік инновациялық педагогикалық технологиялар

### 2.1 Қазақ қыздар гимназиясы – ұлттық тәрбие жүйесінің моделі

**Мектептің толық атауы:** «Екібастұз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 25 қазақ қыздар гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Мектептің заңды мекен-жайы:** Екібастұз қаласы, Сәтпаев көшесі, 4а.

**Оқыту тілі:** қазақ.

**Эксперименталдық жұмыс тақырыбы:** Қазақ қыздар гимназиясы – ұлттық тәрбие жүйесінің моделі

**Гимназияның миссиясы:** Руыңды қорғаймын десең, ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды қорғаймын десең, қызыңды тәрбиеле.


Қазіргі Қазақстан білім берудің өзіндік ұлттық моделінің үлгісін құру үстінде. Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі жарқынырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек сапалы білім мен саналы тәрбиеге ғана тән. Мектептегі білім мен тәрбие оқушыларды халқымыздың бай мәдениеті негізінде тәрбиелеп, ғылым негіздерін игертіп, ой-өрісі кең, шығармашыл, іске әрқашан әзір, салауатты азамат қалыптастыруды қажет етеді. Қай қоғамның болсын жедел жаңаруы сол қоғамның талап-тілегіне, арман-мүддесіне байланысты. Жедел жаңару немесе халықаралық тілмен айтқанда, модернизация – мемлекеттің жаңа жағдайға сай дамуы мен өркендеуіне себепші кешенді іс-шаралардың жүйесі.



Ж. Аймауытов: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімділердің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», - дегеніндей, бүгінгі таңдағы гимназияның алдында тұрған өзекті мәселе – нәтижеге бағытталған білім мен тәрбиені қоса бере отырып, жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес

мінез-құлқы, күзіреттілігі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Этнопедагогика мен этнопсихология негізін қалаған идеялардың бірі – ер адам мен әйел адамның әлеуметтік қызметтерінің сұрыпталу факторын ескеру. Бұл идеяның ұмытылуы қоғамда бірқатар жағымсыз әлеуметтік құбылыстар туғызды. Олар: ажырасу, толық емес отбасылардың, жалғыз басты әйелдердің, әкесіз балалардың, жетімдер мен қарттар үйінің көбеюі, жыныстық ауытқулар, есірткіге құмарлық т.б.



Халықтық педагогикалық идеяларды зерттей келіп, әрбір ұлттың рухани байлығы – Әйел – Ананың білімділігімен, әлеуметтік позициясымен, қоғамдағы ролімен анықталатынын көруге болатыны дәлелденді. М. Шаханов әрбір

қазаққа ең қажеттісі «туған жер, туған тіл, туған дәстүр, салт – сана, туған тарихты» білу, құрметтеу, меңгеру, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізу деп ескертеді.



Яғни, ұлттық мектепте ана тілімен қатар сол халықтың рухы, оның тарихы, географиясы, экологиясы, әдет – ғұрпы, тұрмыс – салты, елдік дәстүрі жайында жүйелі түрде білім берілуі қажет. Осы бағытты басшылыққа алған қазақ қыздар гимназиясы 1993 жылы Павлодар облысының Екібастұз қаласында ашылды.

**Білім мекемесінің ерекшелігі:**

- қоғамдық-гуманитарлық бағыт, тарихи- филологиялық бейін;
- қыз балаларға ғана білім мен тәрбие беріледі, 20 сынып- комплектінде 383 оқушы;
- әр буын оқушыларынан жеке үлгідегі мектеп формасы талап етіледі және жүзеге асуда;
- «Ғаламтор әлемінде» клубы жұмысының жүйелілігі;
- республикалық 12 жылдық білім берудің эксперименттік алаңы;
- қамқоршылық кеңес жұмысының қанат жаюы;
- мұғалімдер мен оқушылардың жұлдызды сәттері.

**Мектеп тақырыбы:** Құзыреттілікті дамыту – жеке тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолы.

**Тәрбие жұмысының тақырыбы:** Тәрбие жүйесін құзіреттілік тұрғыда қалыптастыру-тәрбиенің жетекші бағыттарының бірі.

**Тәрбие жұмысының мақсаты:**

*Теориялық тұрғыда:* мектеп тәрбие жүйелерінің теориясы мен этнопедагогика теориясын зерттеу негізінде халық тәжірибесі мен қазіргі замандағы жаңашыл педагогикалық практиканы ұштастыру;

*Ғылыми-әдістемелік тұрғыда:* қазіргі заман талабына сай қазақ қыздарын тәрбиелеу бағдарламасы негізінде дидактикалық жүйе мен тәрбие жүйесін мазмұнды деңгейде кіріктіру;

*Практикалық тұрғыда:* этнос тұлғасын қалыптастыру нәтижесін бақылау және осы үрдісті әдістемелік сүйемелдеу үшін педагогикалық-психологиялық мониторингті іске асыру.

### Міндеттері:

- Тәрбие жұмысын тартымды да ұтымды ұйымдастыру.
- Салауатты өмір сүруге дағдыландыру.
- Оқушы бойына білім мен тәрбиені еркін ұялата білу.
- Азаматтық борыш пен жауапкершілікке тәрбиелеу.
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға машықтандыру.
- Ұжымда жайлы психологиялық ахуал туғызу.
- Жан-жақты интеллектуалды дамуына жағдай жасау.
- Өзін-өзі дамыта әрі басқара білу қабілеттерін арттыру.
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру.
- Жеке тұлға бойына рухани құндылықтарды дарыту және нығайту.

Тәрбие жұмысының мақсат, міндеттерімен қоса ұстанымдары мен іске асыру әдістерінің реті жасалған.

### Ұстанымдары:

- Тәрбие жұмысын жоспарлауда барлық сыныптарда оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, кешенді жұмыс жүргізіледі.
- Тәрбие жұмысының түрі мен мазмұнының өзгеріп отыруы, кезең құбылыстарын ескеріле есепке алынады.
- Мақсат, міндеттер іске асу үшін қолайлы социум қалыптастырылады.
- Тәрбие жұмыстары дамытушылық бағытта жүргізіледі.

Қазақ қыздар гимназиясы түлегінің моделін құруда ұлы ойшыл Ж. Баласағұнның «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды» деген тұлға мәні туралы ой-пікірі негізге алынды.



Гимназия түлегінің моделі «Төрт құбыласы - Парасаты, Қанағаты, Әділет, Дәулеті тең, ұлтының тарихын, салт – дәстүрін, тілін, туған жерін жақсы білетін, құрметтейтін қыз бала» деген ұғымға тең. Әр сатының жас ерекшеліктеріне сай бастауыш мектеп түлегі, негізгі мектеп түлегі, гимназия түлегі модельдерінің сипаттамалары жасалған.

#### **Бастауыш мектеп түлегінің моделі.**

– *Қанағат құбыласы:*

Жанұя, мектеп, мұғалім, Отан, табиғат, үлкенді сыйлау, достық деген құндылықтарды қабылдап, түсінеді. Өз іс – әрекетіне сыныптастарының әрекетіне дұрыс баға бере алады. Гимназияда және басқа қоғамдық орындарда тазалық пен тәртіп сақтайды.

– *Парасат құбыласы:*

Оқу еңбегінде байқағыш, белсенді, танып білуге деген тұрақты қызығушылығы, жеке тұлғалық оқу-әрекетіне деген стилі қалыптаса бастаған, негізгі мектепте оқуға дайын, барлық пәндер бойынша білім, іскерлік, дағды қалыптасқан.

– *Әділет құбыласы:*

Сөйлей және тыңдай біледі, сезіне біледі, басқаларға көңіл бөледі, өзін-өзі реттеу дағдысы қалыптаса бастаған.

– *Дәулет құбыласы:*

Әлеуметтік және табиғи ортадағы заттар мен құбылыстарды эстетикалық қабылдай алады, өнер туындыларына өзіндік ой-пікірі қалыптаса бастаған. Күн тәртібі мен жеке бас ережесін сақтайды, шыққан, ептілігі бар, сымбатты болуға ұмтылады, дене шынықтырумен, спортпен шұғылдануға талпынады.



#### **Негізгі мектеп түлегінің моделі.**

– *Қанағат қыры:*

Адам, жеке тұлға, даралық, еңбек, қарым– қатынас, ұжым, сенім, таңдау сияқты құндылықтарды түсінеді, қабылдайды. Гимназия дәстүрлерін біледі, сақтайды. Өзінің мүмкіндігі мен кемшіліктерін сезініп, өзін-өзі дамытудың, тәрбиелеудің, өздігінен білім алудың әдіс–тәсілдерін меңгерген.

– *Парасат қыры:*

Жеке оқу іс-әрекетінің стилі, оқуға деген тұрақты қызығушылығы, бейімділігі қалыптасқан. Жеке тұлға ретінде танымдық үрдісті басқару, дамыту іскерлігі қалыптасқан. Оқу үрдісінде ситуациялардан шығудың тиімді жолын таңдай алады.

– *Әділет қыры:*

Жеке тұлғаның коммуникативті мәдениетінің негіздерін меңгерген, өзінің көзқарасын айтып, қорғай білу іскерлігі қалыптасқан. Кез–келген ортада тіл табысып, үлкенді сыйлай біліп, кішіге қамқор бола алады.

– *Дәулет қыры:*

Өз ұлтының тілі мен туған жер табиғатының сұлулығын сезіне біледі. Өнер мен әдебиет туындыларын біледі, би өнерінде әдеби рөлге енуде, сурет өнерінде өз мүмкіндігін қолдана алады. Өз бойында негізгі физикалық қасиеттерін дамыта алады, көзқарасы салауатты өмір сүруге бағытталған.



### **Гимназия түлегінің моделі.**

– *Қанағат қыры:*

Өз өмірінің мәні мен мақсатын түсінеді Отан, мәдениет, шығармашылық, өзінің белсенділігі, субъектілік құндылытарын меңгерген. Өз ұлтына, Отанына, мектебіне деген сүйіспеншілігі бар. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын біледі. Рәміздерін құрметтейді. Адал, мейірімді, тәртіпті, сыпайы, үлкен өмірде өзін - өзі көрсете алады, мамандық таңдауға дайын, белгілі бір іс-әрекет бойынша жоғары нәтижелері бар.

– *Парасат қыры:*

Таңдаған білім аумағын терең меңгеруге деген қажеттілігі бар, өздігінен білім алуға, мектепті бітіргеннен кейін оқуды жалғастыруға деген талабы жоғары.

– *Әділет қыры:*

Қарым – қатынас стилі қалыптасқан әр түрлі коммуникативті іскерлік пен дағдылары қалыптасқан, өмірге кездескен қиын жағдайларда өзін-өзі эмоционалдық тұрғыда ұстай алады, қыздар әліппесін толық меңгерген.

– *Дәулет қыры:*

Театр, көрме, концерттерді көру қажеттігі бар, өзінің өмірлік іс - әрекетінде сұлулық заңына сүйенеді, жан дүниесі сұлу. Қимыл және спорттық ойындарды, би сайыстарын өздігінен жоспарлап өткізе алады. Күнделікті дене жаттығуымен айналысады.

Гимназия тәрбие жүйесінің ерекшеліктеріне сай қыздар ережесі, эмблемасы, гимназия ұстаздарының тоқтамы жасалып, әнұраны жазылған.

## Эмблема сипаттамасы

Қазақ қыздар ұясы – кең ордасы білімнің,  
Әрбір қырын ашайық, эмблема сырының.  
Төрт құбыла теңдігін білдіреді төрт қыры -  
Парасат, Қанағат, Дәулет, Әділет деп ұқ мұны.  
Таза бұлтсыз көк аспан ашылады жадырап,  
Биіктігін орданың білдіреді шаңырақ.  
Ашылады кітабым белгісі боп білімнің,  
Асыл мұра домбыра – кілті өнер нұрының.  
Қос парақта қос гүлім – бүгін мен ертеңі,  
Бірі болса – бүлдіршін, бірі – мектеп түлегі.



### Қыздар ережесі

- Жақсы оқып сабақты,  
Мақсатыңа жете біл.  
Әр істі ойлап жан-жақты  
Ізден, оқы, қорыта біл.
- Отан деп соқсын жүрегің,  
Туған жерден түледің.  
Рәміздерді құрметте,  
Қазақстан – Ұлы елің!
- Салтыңды сақта әр істе,  
Насихаттап, дәріпте.
- Босқа өткізбе уақытыңды бағала,  
Берік ұста осы сөзді санаңда.  
Оқу, еңбек, демалысты тиімді  
Ұштастырсаң боласың ғалым, дана да!
- Таза сөйле, тілің балдай шешен бол,  
Шала қазақ атанба,  
елің сүйер көсем бол!
- Үлкенді сыйла, сәлемдес,  
Жол бер әр кез әдеппен.  
Кішіге қамқор бола біл,  
Жақсы іске әдеттен!
- Қатты сөз айтып жылатпа,  
Артық сөзге құмартпа.  
Ілтипатпен жауап бер,  
Өзіңе қойған сұраққа.
- Жеке бастың тазалығын сақтай біл,  
Ол - өзіңді сыйлағанның белгісі.  
Әр күніңді шынығудан бастай біл,  
Ал шынығу – жан мен тәннің емшісі.
- Адам сенің есімің!

*Табиғат – тал бесігің,  
Қамқоршысы бола біл,  
Тимесін еш кесірің.  
- Ала жібін өзгенің,  
Ешқашанда аттама.  
Адалдық – ардың белгісі,  
Осы сөзді жаттап ал.  
- Жолда жүру ережесін  
Жатқа біліп, орында!  
Үлгеріп сонда бәріне,  
Болар әр сәт жолың да.  
- Алғашқы дәрігерлік көмекті,  
Үйрене біл, ол да саған керекті.  
Қоғам мүлкін өз мүлкіңдей күте біл,  
Аялай біл, ардақтай біл мектепті.  
- Сыйлы бол, жинақы бол, ұқыпты бол,  
Ұқыптылық – сұлулықтың айнасы.  
Әрбір істе белсенділік таныта біл,  
Көп білгеннің тиер саған пайдасы.  
- Талабыңа сүйсінсін әр азамат,  
Лайық бол, ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ – гажап ат!  
Жеріміздің гүліндей боп жайнай біл,  
Ұлтымыздың тағылымын жалғай біл!*

### **Гимназия мұғалімдерінің тоқтамы:**

- 1. Жалғаймын деп үзіп алма, түзеймін деп бұзып алма.*
- 2. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға.*
- 3. 40 жыл ұстаз болсаң да, 45 минуттық сабағыңа дайын бол.*
- 4. Әр баланың өмір-тіршілігі - өзінше бір тағдыр.  
Баланың тағдырына ойланып қара. Сабаққа қарамаса, себебіне үңіл,  
Сабағыңа қызықпаса, себебіне үңіл. Тентек болса, себебіне үңіл,  
Себебін өзіңнен ізде, мұғалім.*
- 5. Оқушының кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өлтіресің. Жемісін ізде.*
- 6. Баға құнды емес, бала құнды.*
- 7. Сабақ дегеніміз – мұғалім мен шәкірттің адамгершілік қарым-қатынасы.*
- 8. Баланы таң қалдыруды ұмытпа.  
«Даналыққа ұмтылу – таң қалудан басталады».*

### **Гимназия әнұраны**

*Сөзін жазған К. К. Даутова, №25 ҚҚГ-ның мұғалімі*

- 1. Шуақ шашып гүл бағы құлпырады,  
Тамсандырып қаланы тұр ғой сәні.  
Сан жыл міне, білім ап ару қыздар,  
Жақсы атымен жер жерге танымалы.*

*Қайырмасы:*

Мектебiм - әнiм, гүл бағым,  
Өзiңдi ән ғып жырладым.

Әр ұстаз, әр шәкiрт,  
Бiлiммен әр уақыт,  
Әр күнiн қарсы алған.

Мейiрiмдi шуаққа,  
Өнерлi бұлаққа,  
Әрбiр жан тамсанған.

2. Қазақ қыздар ұясы - бiлiм бағы,  
Мақтанышы ұлтымның болар әлi.

Инабатты, әдептi әрбiр гүлдер,  
Нәзiк жандар биiмен парасатты.

3. Баян менен Жiбектiң сiңлiлерi,  
Домбырасы сыр шертiп күмбiрледi.

Өнер менен бiлiмдi қатар қойып,  
Әр жыл сайын биiктен көрiнедi.

Гимназияда тәрбие жұмысының жүйесiн негiзгi төрт қыр құрайды:  
Мұғалiм – Оқушы – Ата-ана – Қоғамдық орындар.



Оқу-тәрбие жүйесінің негізі – К.Ж. Кожахметова, Л.С. Сырымбетова, Қ.Ы. Адамованың құрастырған авторлық 1-11-сыныптарға арналған «Қыздар әліппесі» бағдарламасы және гимназия ұстаздары құрастырған «Қыздар

әліппесі» хрестоматиясы. «Қыздар әліппесінің» ғаламтордағы нұсқасын [www.kyzdar-alippesy.kz](http://www.kyzdar-alippesy.kz) сайтынан табуға болады. Ұлттық тәрбие мәселелерін шешу үшін жасалған арнайы «Қыздар әліппесі» бағдарламасының мазмұны негізгі 6 бөлімнен тұрады.

- Бағыну заңы.
- Тек тәрбиесі.
- Қара шаңырақ.
- Келін тәрбиесі.
- Құрсақ тәрбиесі.
- Неке тәрбиесі.

## **1-11-сыныптарға арналған «Қыздар әліппесі» тәрбие бағдарламасы**

### **«Қыздар әліппесі» бағдарламасының т ұ ж ы р ы м д а м а с ы**

Бұл бағдарлама қазақ қыздар гимназиясының Кіші тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының орта мектептерде жалпы білім беру тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының білім беру туралы Заңына, Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңына сүйене отырылып жасалды. Бағдарламаның әдіснамалық негіздері:

- философиялық таным теориясы;
- тәрбие жүйесінің теориясы;
- этнопедагогика және этнопсихологияның негізгі қағидалары.

«Қыздар әліппесі» аталған бағдарлама қазақ қыздар гимназиясының қыздарын оқытып, тәрбиелеуге арналған. Гимназияның оқу жоспарына жеке пән ретінде енгізілген. Бұл бағдарлама бойынша арнайы дайындықтан өткен Класс Айымдары сабақ жүргізеді. Осы бағдарлама негізінде ата-аналардың педагогикалық білім жетілдіру, толықтыру үшін арнайы Ата–аналар Университетінің бағдарламасы жасалынған.

Қазақ қыздар гимназиясында оқушылар 28 пәннен білім алады, оның 21-і мемлекеттік стандартты орындауды қамтамасыз ететін міндетті пәндер, ал қалғаны гимназияның ізгілік-әсемдік бағытына сай тандалып алынған. «Қыздар әліппесі» бұл жүйенің вариативті бөлімінде бола тұра, оқу пәндерінің жүйесінде басты орын алып, гимназия тәрбие жүйесінің негізгі өзегі ретінде гимназияның өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

Бұл бағдарламаның кіріктірушілік сапасы төменгі қағидаларды сақтау арқылы қамтамасыз етіледі:

- тұжырымдамалы-жүйелілік;
- педагогикалық үрдісті оның субъектісінің ментальдігіне ыңғайлау;

- этнопедагогика және этнопсихология әдіснамалық негіздерін ескеру;
- «білімнің қосақталып (жұптасып) кіру» қағидасы.

**Бағдарламаның негізгі мақсаты:** ұлттық рухани байлықты жалпы адамзаттың мәдениетімен байланыстыру негізінде ұштастыру арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу және оқыту. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін бағдарлама төмендегі міндеттерді орындайды:

- қоғамдық құбылыстарға тарихи және салыстырмалы талдау жасау қабілетін қалыптастыру;
- адам, қоғам, табиғат жайындағы ұғымдарды игеру арқылы өзін-өзі тәрбиелеу, өз тағдырын өзі шешу, өз ойын жүзеге асыру қабілеттерін дамыту;
- ата-бабаларымыздан сан ғасырлар бойы ұрпағына озық болған ақыл-кеңес, өсиеттерді, асыл мұрасы арқылы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін құрметтеу сезімін жетілдіру;
- өз халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетелеу.

Қазақ қыздар гимназиясының педагогикалық үрдісіне «Қыздар әліппесі» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Ұстаздар Тоқтамы мен Қыздар Ережесі енгізілген.

Осы ережелер басшылыққа алынып ресми құжат болып табылады. Бұл бағдарлама бойынша оқытудың соңғы нәтижесі ретінде гимназия түлегінің моделі алынады.

## Т ү с і н і к х а т

Көп жылдардан бері жүргізілген мектептердегі саясаттандыру тәлім-тәрбиеден шеттеуіне әкеліп соқты. Қазақ жастарының арасындағы адамгершілік қасиеттерінің жоғала бастауы, басқа ұлттарға еліктеуі, өз тарихына, әдет-ғұрпына деген немқұрайлықтың тууына негіз болды. Сондықтан бұл бағдарламаның қазіргі кезеңде өте қажеттілігі сөзсіз. Бағдарламаның мазмұны негізгі 6 бөлімнен тұрады:

- «Бағыну Заңы»;
- «Тек тәрбиесі»;
- «Қара шаңырақ»;
- «Келін тәрбиесі»;
- «Неке тәрбиесі»;
- «Құрсақ тәрбиесі».

Бөлімдердің тақырыптары сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай аптасына 1 сағаттан берілген.

## Жоспар торы:

Бөлімдердің атаулары	Сыныптар										
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
«Бағыну Заңы»	8	8	8	8	8	8	8	6	6	6	6
«Тек тәрбиесі»	26	26	26	26	20	12	8	6	6	-	-
«Қара шаңырақ»	-	-	-	-	6	6	5	7	-	-	-
«Келін тәрбиесі»	-	-	-	-	-	8	5	8	6	8	8
«Неке тәрбиесі»	-	-	-	-	-	-	8	7	8	8	-
«Құрсақ тәрбиесі»	-	-	-	-	-	-	-	-	8	8	8
<b>Барлығы</b>	<b>34</b>	<b>30</b>	<b>22</b>								

### «Бағыну заңы»

*«Мұратыңа жетпесең,  
Жамандыққа беттесең.  
Ақыл айтқан адамға,  
«Өзім білем, кет десең»  
Бұл өмірден не пайда,  
Халқыңа қызмет етпесең».*

Бұл бөлім 1-11 сынып аралығындағы оқушыларға арналған. «Бағыну Заңы» терминін психология ғылымының кандидаты Ф.С. Ташимова енгізген. «Бағыну Заңы» – қазақ халқының ежелден қыздарына тәлім-тәрбие беріп келе жатқан жазылмаған дала заңы. Бұл феноменді философиялық негізінде қараған жөн, тек сонда ғана біржақты немесе теріс түсінуден аулақ болуға мүмкіндік туады, себебі карама-қайшылықтың бірлік және күрес диалектикалық заңы осы заңның мазмұнын «күк» және «міндет», «еркіндік» және «қажеттілік» деген категориялармен толық анықтайды. Қазақ халқының бұл көне заңы өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсетіп тек әйел затына ғана қолданылған және қолданылуға тиіс. Сондықтан қазақтар «біреудің еркіндігі басқа біреудің еркіндігі басталған жерде аяқталады» деген басқа этикалық заңға сүйене отырып, өз қыздарына ерекше жылылықпен қарап, құрметтеп, еркелетіп өсірген. Расында, өзіңе біреудің(қызын, апасын, әйелін, анасын) бағынышты қылатын адам қандай болу керек. Және біреуді өзіне бағынышты ете алатын құқы бар адам(баласы, ағасы, әкесі, күйеуі) бойында қандай жауапкершілік болуға тиіс?

**Бөлімнің мақсаты:** «Бағыну Заңын» адамдардың өзара және табиғи ортамен қарым –қатынастарын реттейтін фактор жөнінде ұғыну.

**Бөлімнің міндеттері:**

– бұл заңның қоғамдағы және табиғи ортадағы адамдар қарым-қатынасының өлшемі екені туралы түсінік беру;

– адамдар бірлестіктері туралы, сол бірлестіктердің әлеуметтік заңдарының пайда болуы және қалыптасуы туралы түсінік беру;

- «Бағыну заңы» туралы түсінік қалыптастыру;
- «Бағыну заңына» сәйкес тәртіп машықтарын қалыптастыру;
- заңға бағыну талпынысын дамыту.

### «Тек тәрбиесі»

*«Байлықтан жиган не пайда  
Артыңда ұрпақ қалмаса ...»*

Күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан дала тұрғындарының ежелгі заңдарының бірі – «Жеті ата» заңы. Генетикалық заң бола тұра бұл заңның өзіндік терең тамырлы адамгершілік маңызы бар, себебі бұл заңның орындалуы ұрпақтың жан және тән тазалығының сақталуына, ақыл-есінің дамуында кінәраттік жағдайлар болмауына мүмкіндік туғызады. Жеті атаға дейін қан араластырмауға, яғни некелесуге тыйым салынудың әлеуметтік маңызы – некесіз баланың тууына, жетім-жесірге қатыгездік, мейірімсіздік қатынастарға жол бермеуге негіз болды. Қазіргі қазақ халқы үшін індет болып бара жатқан мәңгүрттіліктің бір себебі: некесіз туған бала өзінің өткен тарихын, ата тегін, тамырын білмегендігі. Олай болса, туған халқының тарихын танып білуіне және дүниеде өз орнын табуына жол ашады. Бұны қыз бала, болашақ ана сезініп, түсінуге міндетті. Себебі, ана- ұрпақты ұрпаққа үзбей жалғап тұратын күре тамыр. Жоғарыда айтылғандардың барлығы «Тек тәрбиесі» бөлімінің мазмұны ашады.

**Бөлімнің мақсаты:** Болашақ ұрпақтың толық қанды текті болып дамуы үшін және генетикалық фонды құру үшін «жеті ата» заңының мағынасын қыз баланың жетесіне жеткізу.

**Бөлімнің міндеттері:**

- жанұя, ру, жүз, мемлекет және олардың тарихи пайда болу үдерістерін түсіндіру;
- адамның таным әрекетінің әдісі ретінде дін туралы мағлұмат беру;
- қазақтың шығуы туралы түсінік беру;
- генетика, адам, тұлға, менталитет туралы ұғымдарды қалыптастыру;
- адамның, жанұяның даму жолдарына тарихи талдау беру, өз жанұясының шежіресін зерттеу қабілетін дамыту;
- әр тұлға өзін-өзі танып білуге ұмтылу ынтасын дамыту;
- әр кімнің өзін жеке, дара тұлға ретінде сезінуіне, ұғынуына жағдай туғызу.

### «Қара шаңырақ»

*«Кәріліктен не пайда  
Қартайып қызық көрмесең,  
Асырап баққан ұл – қызың  
Парызыңды өтеп бермесе».*

Бағдарламада «Қара шаңырақ» бөлімінің ерекше аталып отырған себебі, қазіргі қазақтар ұлттық болмысын жоғалтқандай кезеңде бала санын шектеу, жаппай қалаға көшу(урбанизация) әлеуметтік құбылыстарының пайда болуы. Қара шаңырақты құт көру, кие тұту – бабалардан келе жатқан бұлжымас дәстүр. Бұл – ата-баба аруағын құрметтеу белгісі. Қазақ дәстүрінде әке-шешесі үлкендерін үйлендіріп, жасауын беріп, бөлек отау етіп шығарып, ал кенже баласын ата мұрасына, сол шаңыраққа ие қылып қалдырады. Кенже баланың әулет алдындағы жауапкершілігі өте зор. Кәрі әке-шешені бағып-қағу, өзінен кейінгі қарындастарының болашағына, тағдырына, жай-күйіне ол жауапты болады. Қайтыс болған әке-шешесін өзі бас болып мұсылманшылықтың жолымен, артын жоқтатпай дұрыстап жөнелту, бастарына белгі тұрғызып, жаназа, ас-суын беру де тікелей кенже ұлдың борышы. «Қара» – әлемнің алғашқы қалпы, ежелгі байырғы, негізі деген ұғымды береді. Демек, «қара шаңырақ» деген ұғым сол әулеттің негізі деп саналады.

Адамның туып-өскен үйі, «әке шаңырағы» ер жетіп бөлек отауға шыққан кезде «қара шаңырақ», «үлкен үй» деп аталады. Ағайынды жігіттердің әке-шешелері қайтыс болса, қара шаңыраққа кенже бала ие болады. Кенже балаға ауысқан бұл ата-анасының түтін түтеткен орны, киелі шаңырақ, барлық ұрпақ үшін қадірлі, қасиетті орда есебінде қалады. Оған барлық отаулар, ұзатылған қыздар, құда-жекжаттар ырым қылып әр түрлі кит, сыйлықтар, соғым сыбағаларын әкеліп тұрады. Қара шаңырақты қадірлеу – ата-баба аруағын қадірлеу. Кенже баласын әке-шеше «шаңырағымның, барлық жиған-тергенімнің иесі, анық мұрагері» деп те еркелетіп, ерекше жақсы көрген. Қазақтың ұлды құрметтейтіні де осыдан шығар. Егер ұл бала болмаса шаңырақ құлайды, тек үзіледі. Ұлы жоқ ата-ананың қайғысының себебі орынды. Кенже баласы әке-шешесінің «біздің көзіміздей көр» деп қалдырған естеліктері, сонымен бірге осы жанұяға тән салт-дәстүрді, мұраны өз кенже ұлына бұлжытпай тапсыруға міндетті. Ал ендеше, сол қара шаңыраққа келін болып түскен қыз бала өзінің мойнына түскен жауапкершілікті түсінуі керек.

### **Бөлімнің мақсаты:**

Әулет орталығы қара шаңырақты қасиетті орда ретінде сақтауда кенже ұлдың (кенже келіннің) орны туралы ұғымдарын қалыптастыру.

### **Бөлімнің міндеттері:**

- бұрынғы қазақ ауылы мен қазіргі ауыл туралы мағлұмат беру;
- ата тек, ата мұра, мұрагерлік, ата кәсіп туралы түсінік беру;
- қара шаңырақ, жас отау, кенже ұл, жалғыз ұл түсініктерін қалыптастыру;
- отбасында ата дәстүрге қайшы келмейтіндей міндеттерді бөлісіп, оған қала өрениеті әсерінің нәтижесін көре білетіндей қабілеттерін қалыптастыру;
- өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін дамыту.

## «Келін тәрбиесі»

*«Шалқытып шаңырағын тамашаның,  
Бақытын отбасының жар ашады».*

«Тек тәрбиесі» мен «Қара шаңырақ» бөлімдерінің мазмұны ата-бабамыздың өткен тарихын танып білу арқылы оқушылардың өзін-өзі түсінуін қарастырса, «Келін тәрбиесі» бөлімінің мазмұны оқушылардың өз тағдырын өзі шеше білетіндей дәрежеге жеткізу жолдарын көздейді. Егер бастауыш сыныптарда қыздардың болашаққа деген ойлары, армандары мен қиялдарында айқындалатын болса, ал жоғарғы сыныптарда болашақ өмірі жайында нақты ойлары тоғысып өзінің келешегін жоспарлай алатын, болашақ оқуын, мамандығын, жұмысын таңдауы, тұрмыс құрып, үй шаруашылығын ұйымдастыруы, балаларына тәрбие беруі жайында түсініктері қалыптасуы қажет. Бұл бөлімнің негізгі мағынасы – қазақ халқы қызына, келініне қандай көзқараспен қарағандығын көрсету.

### **Бөлімнің мақсаты:**

Келін тәрбиесі жалпы ұлт тәрбиесінің пәрменділігін арттыруда басты шарт болғандықтан оның ерекшеліктерін қыз бала бойына сіңіру.

### **Бөлімнің міндеттері:**

- қазақ келінінің қайын жұртымен қарым-қатынасының ерекшеліктері, қыздың тұрмыс құруына байланысты қарым-қатынастары туралы мағлұмат беру;
- сырласа білу, жақындарына деген жылулық, үлкендер мен кішілерді құрметтеу, үй шаруашылығын ұйымдастыру және үй ішінің тазалығын сақтау әдеттерін қалыптастыру;
- өзіндік сезінуін, өзін-өзі тәрбиелеуге ынтасын дамыту.

## «Неке тәрбиесі»

*«Көргенде қайран гап кую үшін,  
Бұл қыздар жаралған тек сую үшін ...»*

Жоғары сынып оқушыларына неке тәрбиесін беруде қазіргі мектептің әжептәуір тәжірибесі бар, бұл мәселе ұстаздардың назарынан тыс қалған емес, бірақ осы уақытқа дейін бұл мәселені шешу жолдары жеке халықтың өзіндік ерекшелігімен байланыспай жүйесіз болған. Сондықтан бұл бөлімнің мазмұны қазақ некесінің ерекшеліктерін аша отырып, қазақ қызының жыныстық тәрбиесін рухани, адамгершілік және дене тәрбиесімен ұштастырып халықтың ілгерінді салт-дәстүріне сүйенеді. Бірақта, бұрынғы салт-дәстүрді дәл көшіруден аулақ болып, қазіргі өмірге лайықтысын(қажеттісін) ескереді.

**Бөлімнің мақсаты:** Қазақ халқының отбасы мен неке қатынастары жөнінде қалыптасқан озық дәстүрлерін бүгінгі күн биігінен көрсете отырып, күнделікті өмірде пайдалануға үйрету.

### **Бөлімнің міндеттері:**

- неке қатынасы және ерлі-зайыптылар міндеттерінің әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық және рухани негізгі салаларынан түсінік беру;
- ер адаммен қарым-қатынасты қалыптастыру барысында қыздың өзін-өзі ұстай білуі маңызды орын алатыны туралы түсінік беру;
- қыз абыройы, төсектегі жарастық этикасы, «бойжеткен», «бозбала» деген түсініктерге анықтама беру;
- өз істеріне баға беру және жауапкершілікпен қарауға үйрету;
- өзіне өзі баға беру, өзін -өзі көрсете білу, өз орнын табу қабілеттерін дамыту.

### **«Құрсақ тәрбиесі»**

*«Теңеген ұрпағын күн мен айға,  
Аруға ана болу жарасады ...»*

Қазақ халқы есі кіріп, бұғанасы қата бастағаннан қыз баланы ана болуға дайындаған. Болашақ ананың өмірі мен денсаулығы үшін өздеріне үлкен жауапкершілік арта отырып сол кезеңде әйелдің талаптары мен сұраныстарын орындауға және оның болашақ перзентінің тағдырына негіздеген. Әр халықтың қыздарды болашақ ана ретінде тәрбиелеу жөнінде ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тәжірибесі бар. Осы бөлімнің мазмұны қазіргі заман ғылымының жетістіктерін есепке ала отырып қазақ халқының тарихи тәжірибесін жариялауды көздейді.

### **Бөлімнің мақсаты:**

Табиғаттың көбею және даму заңдылықтарын оқыту арқылы ана болуға психологиялық дайындық.

### **Бөлімнің міндеттері:**

- ана болудың әлеуметтік, физиологиялық, рухани негіздері жөнінде түсінік беру;
- тірі табиғаттың көбею және даму заңдылықтары туралы түсінік беру;
- ұрпақтың рухани және тән денсаулығына, ананың жауапкершілігі жөнінде түсінік қалыптастыру;
- жеке басының тазалығы, денсаулығын сақтау және тәні мен жан жүйесін шынықтыруға үйрету;
- өзін-өзі бақылау, ішкі сезімдерін шектей білу қабілеттерін дамытуға талпындыру.

**«Қыздар әліппесі»  
бағдарламасының мазмұнын сыныптар бойынша іріктеу**

1-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (8 сағат)</b>	1	Жақсы деген не? Жаман деген не?	1	
	2	Әдет, әдеп.	1	
	3	Жақсы әдет, жаман әдет.	1	
	4	Әдеп әліппесі	1	
	5	«Бес жақсы, бес жаман» Абай.	2	
	6	Сөз басы –сәлем	1	
	7	Қорытынды сабақ	1	
<b>II. Тек тәрбиесі (26 сағат)</b>	1	Мен кімін?	2	
	2	Менің есімім	2	
	3	Менің туыстарым	2	
	4	Туыстық атаулар	3	
	5	Жеті ата(ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене)	2	
	6	Ата тек ( баба, ата, әке, аруана, әже, ана)	2	
	7	Менің жеті атам	2	
	8	Жанұя шежіресін құрастыруға дайындық	2	
	9	Қазақтың мейрамдары(төрт мейрам)	3	
	10	Үлкен айт(кұрбан айт), ораза айты, рамазан айы	2	
	11	Қыдыр түні	2	
	12	Қорытынды сабақ	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- бағынуды әдет пен әдеп рет, текті туысқан ретінде ұғымы қалыптасқан;
- қазақтың төрт ұлттық мейрамы туралы түсінігі бар;
- жақсы мен жаманды айыруға дағдыланған.

2-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (8 сағат)</b>	1	Қазақ қыздар гимназиясының ережелері	3	
	2	Бағыну деген не? Қорқу ма, сыйлау ма, мойындап орындау ма?	2	
	3	Бес жаман, бес жақсы	2	
	4	Қорытынды сабақ	1	
<b>II. Тек тәрбиесі (26 сағат)</b>	1	Менің руым	2	
	2	Ру, жүз. Таңба, ұран, жер	2	
	3	Қазақ билері	2	
	4	Батырлар	2	
	5	Жыраулар, хандар	2	
	6	Менің руымның тарихы	2	

	7	Менің мекен –жайым	2	
	8	Менің Отаным-Қазақстан	2	
	9	Дос. Достық дегеніміз не?	2	
	10	Көрші , жерлес.	2	
	11	Дұшпан деп кімді айтамыз?	2	
	12	Мешіт, имам, жұма, жұмалық, құран,	2	
	13	Қорытынды сабақ	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- бағынуды қорқу және сыйлау ретінде ұғымы қалыптасқан;
- ру мен Отан туралы түсінігі бар;
- қазақ қыздар ережесін сақтау қабілеттері дамыған.

### 3-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (8 сағат)</b>	1	Тыйым сөздер	2	
	2	Ырымдар	1	
	3	Обал, сауап, ысырап	2	
	4	Ортаға бағыну деген не?	1	
	5	Қоғамға бағыну деген не?	1	
	6	Қорытынды сабақ	1	
<b>II. Тек тәрбиесі (26 сағат)</b>	1	Үш жұрт	1	
	2	«Жігіттің үш жұрты»	1	
	3	Менің туып өскен жерім	2	
	4	Баянауыл өлкесі	1	
	5	Екібастұз қаласы	1	
	6	Баянауыл өлкесінің сөнбес жұлдыздары	2	
	7	Баянауыл өлкесінің ақын, жазушылары	2	
	8	Баянауыл өлкесінің ғалымдары, өнер қайраткерлері	2	
	9	Ислам негіздері	2	
	10	Мұсылмандықтың белгілері	2	
	11	Қандастар. Диаспора	2	
	12	Асыл сөздер, киелі сандар	3	
	13	Дүниенің төрт негізі (от, су, жер, ауа) Жер-Ана, Көк –Тәңірі	3	
	14	Қорытынды сабақ	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- «үш жұрт», ислам негіздері туралы ұғымы қалыптасқан;
- туған жер, туған аймақ туралы түсінігі бар;
- ортаға бағынуға дағдыланған.

#### 4-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (8 сағат)</b>	1	Қыз деген кім?	1	
	2	«Қызға қырық үйден тыйым»	1	
	3	«Ұжымың екінші үйің»	1	
	4	«Адам әдебімен көрікті»	1	
	5	Бағыну Заңы және қыз бала	2	
	6	Ақылды қыз деген кім? Пікірталас	1	
	7	Қорытынды сабақ	1	
<b>II. Тек тәрбиесі (26 сағат)</b>	1	Менің туысқандарым	1	
	2	Жанұя мерекелері	1	
	3	Руымның тарихы	1	
	4	Жанұя шежіресі	1	
	5	Абайдың қара сөздері	2	
	6	Ұлы адамдардың нақыл сөздері	2	
	7	Бабалар ұлағаты-ұрпақ аманаты	2	
	8	Достық парызы дегеніміз не?	2	
	9	«Әдеп пен инабат рәсімдері»	2	
	10	«Егер ісім өнсін десең, ретін тап»	2	
	11	Көшеде, саяхатта жүру	2	
	12	Киіну, өзін өзі ұстау	2	
	13	Екібастұз қаласының көше атауларының шығу тарихы	2	
	14	Қасиетті кітаптар	1	
	15	Адамгершілікке байланысты хадистер	2	
	16	Қорытынды сабақ	1	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- «Бағыну Заңы» туралы түсінігі қалыптасқан;
- діннің адамгершілік маңызы туралы түсінігі бар;
- жанұя шежіресін құрастыруға дағдыланған.

#### 5-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (8 сағат)</b>	1	Ер адам. Ер адамның отбасындағы рөлі	1	
	2	Ер адамды сыйлау(атаны, әкені, ағаны, бауырды)	1	
	3	Әке мұрасы және мұрагерлік құқық, жанұядағы баланың орны.	2	
	4	Әйел адамның отбасындағы рөлі	1	
	5	Әйел адамды сыйлау(әжені, ананы, әпкені, қарындасты, сіңіліні)		
	6	Бағыну заңы және қыз бала. Бағыну заңының үш сатысы(ата-анаға бағыну, ерге бағыну, балаға бағыну)	2	
	7	Қорытынды сабақ.	1	

<b>II. Тек тәрбиесі (8 сағат)</b>	1	Менің өмірдегі орным мен атқаратын рөлім.	1	
	2	Ұлт, жүз, ру туралы түсінік.	1	
	3	Туыстық қатынастар	1	
	4	Туыстар арасындағы әдептілік қатынас	1	
	5	Жұлдызнама, олардың түрлері.	2	
	6	Қорытынды сабақ.	2	
<b>III. Қара шаңырақ (14 сағат)</b>	1	«Қара шаңырақ» түсініктеме.	2	
	2	Қара шаңырақты аттамау деген не?	2	
	3	«Отау», «жас отау» түсініктеме.	2	
	4	Тұңғыш бала, кенже бала, кенже ұл, жалғыз ұл.	2	
	5	Неге кенжені еркелетеді?	2	
	6	Кенже келін.	2	
	7	Қорытынды сабақ.	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- «Қара шаңырақ», туыстық қатынастар туралы ұғымы қалыптасқан;
- ұлт, жүз, ру туралы түсінік қалыптасқан.

#### 6-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (7 сағат)</b>	1	Бата, ақ бата, теріс бата, батагөйлік	1	
	2	Тілек, алғыс, өсиет.	1	
	3	Ана алдындағы парыз	1	
	4	Бағынудың пайдасы.	1	
	5	Сырласу: ана–қыз, жеңге–қайынсіңлі, апалы–сіңлі, ене-келін, дос қыз.	2	
	6	Қорытынды сабақ (шығарма)	1	
<b>II. Тек тәрбиесі (8 сағат)</b>	1	Атамекен.	1	
	2	Қазақтың дүниетанымы («Бес саусақ» кітабын талдау, зерттеу)	1	
	3	Қорытынды сабақ.	1	
<b>III. Келін тәрбиесі (24 сағат)</b>	1	Келін деген сөзге түсінік.	2	
	2	Қазақтың келіндері.	2	
	3	Тазалық – денсаулық кепілі.	2	
	4	Дастархан ажары.	2	
	5	Ұлттық тағамдар, ұлттық ыдыс – аяқтар.	2	
	6	Киіз үй және оның жабдықтары.	2	
	7	Қонақ түрлері.	2	
	8	Қонақ күту – ата дәстүріміз.	2	
	9	Қонақ күту әдебі	2	
	10	Қонақ түрлері.	2	
	11	Сыбаға, қонақ кәдесі.	2	
	12	Қорытынды сабақ.	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- қазақтың дүниетанымы, Атамекен туралы ұғымдары қалыптасқан;
- бағынудың пайдасы туралы түсінігі бар;
- «ақ бата» мен «теріс бата» түрлерін айыра білуге дағдыланған.

**7-сынып**

<b>Бөлімдер</b>	<b>№</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>I. Бағыну Заңы (6 сағат)</b>	1	Бозбала, бойжеткен.	<b>1</b>	
	2	Қыз бейнесі, жігіт бейнесі.	<b>1</b>	
	3	Қыз бен жігіттің танысуы.	<b>1</b>	
	4	Өз - өзін қорғау шаралары.	<b>1</b>	
	5	«Парасатты Әйгерім» (кеш түрінде өтетін қорытынды сабақ)	<b>2</b>	
<b>II. Тек тәрбиесі (7 сағат)</b>	1	Қан тазалығы.	1	
	2	Ұрпақ ұлағаты.	1	
	3	Аралас неке.	1	
	4	Инцеста.	1	
	5	Радиация.	1	
	6	Семей ядролық полигоны, оның әсері.	1	
	7	Қорытынды сабақ.	1	
<b>III. Қара шаңырақ (4 сағат)</b>	1	Қарыз бен парыз.	2	
	2	Қорытынды сабақ.	2	
<b>IV. Келін тәрбиесі. (8сағат)</b>	1	Қайын жұрт.	2	
	2	Жеңгетайлық.	2	
	3	Төркін, төркіндету.	2	
	4	Қорытынды сабақ.	2	
<b>V. Неке тәрбиесі. (14 сағат)</b>	1	Бой жету.	2	
	2	Әйел жынысының жаратылысы.	2	
	3	Етеккірдің келуі.	2	
	4	Дене дамуы және жыныстың жетілуі.	2	
	5	Дене гигиенасы, жыныс мүшелерінің гигиенасы.	2	
	6	Қимыл – қозғалыс және сымбат.	2	
	7	«Жұбайлық өмірге дайындық дегенді қалай түсінем?» (шығарма жазып талдау түрінде өтетін қорытынды сабақ)	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- келінге деген қазақтың қарым - қатынасы туралы ұғымы қалыптасқан;
- өз ағзасының биологиялық туралы түсінігі бар;
- жеке басының тазалығына, өзіне өзі баға беруге, жолдастарына баға беруге дағдыланған.

**8-сынып**

<b>Бөлімдер</b>	<b>№</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>I. Бағыну Заңы (4 сағат)</b>	1	Ерге бағыну деген не?	<b>1</b>	
	2	Шығыс әйелдердің табиғаты.	<b>1</b>	
	3	Бағыну Заңы және демократия.	<b>1</b>	
	4	Эмансипация.	<b>1</b>	

<b>II. Тек тәрбиесі (3 сағат)</b>	1	Тұқым қуалаушылық (қасиеті, иесі, ауруы, дарын)	2	
	2	Қорытынды сабақ.	1	
<b>III. Қара шаңырақ (17 сағат)</b>	1	Ата кәсіп түрлері.	2	
	2	Мал шаруашылығы(төрт түлік, мал иесі, жайылым түрлері, пайдасы)	2	
	3	«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі».	2	
	4	Бабаның еккені, балаға сая.	2	
	5	Жақсы көршің-тынысың.	2	
	6	Қанағат-ол да бір дәулет.	2	
	7	Әділдіктен асқан ізгілік жоқ	2	
	8	Көргендінің қылығы көңіл марқайтады.	2	
	9	Қорытынды сабақ.	1	
<b>IV. Келін тәрбиесі. (8сағат)</b>	1	Соғым, соғым басы, тойы.	2	
	2	Табақ тарту, түрлері.	2	
	3	Мүшелеу.	2	
	4	Қазақтың төрт тойы.	2	
<b>V. Неке тәрбиесі. (14 сағат)</b>	1	Тәні саудын – жаны сау (жінішке аурулар, соз, мерез, ЖҚТБ (СПИД), трихомонад және олардың алдын алу)	2	
	2	Жынысқа тән аурулар.	2	
	3	Жыныстың психологиялық ауытқулары (сексуальные меньшинства)	2	
	4	Нашаның, ішімдіктің, темекінің зияндылығы.	2	
	5	Сайыс кеш түрінде өтетін қорытынды сабақ.	2	

Оқушылар нені меңгерген (нәтиже):

- «ерге бағыну» заңының мәні туралы ұғымы қалыптасқан;
- қан тазалығы, тән тазалғы, жан тазалығы туралы түсінігі бар;
- ата кәсіп, қанағат, әділдік туралы түсінігі бар.

#### 9-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (4 сағат)</b>	1	Балаға бағыну заңы деген не?	1	
	2	«Беске келгенше балаңды хандай ұста, он беске дейін құлдай жұмса, он бестен кейін досыңдай көр».	1	
	3	Жеті жасқа дейінгі балаға байланысты дәстүрлер.	1	
	4	Қорытынды сабақ.	1	
<b>II. Келін тәрбиесі. (8сағат)</b>	1	Қыз абыройы.	2	
	2	Неке түні.	2	
	3	Қыз қылығымен.	2	
	4	Қорытынды сабақ.	2	
<b>III. Неке тәрбиесі.</b>	1	Қазақ некесінің ерекшеліктері, ережелері.	2	

<b>(10 сағат)</b>	2	Әмеңгерлік.	2	
	3	Бәйбіше, тоқал.	2	
	4	Неке туралы мемлекеттік заңдар.	2	
	5	Қорытынды сабақ.	2	
<b>V. Құрсақ тәрбиесі. (8 сағат)</b>	1	Құрсақ тәрбиесі, оның мәні мен маңызы.	2	
	2	Құрсақ тойы, жеріктік, жарыс қазан	2	
	3	Кіндік кесу, кіндік шеше.	2	
	4	Қорытынды сабақ.	2	

Оқушылар нені меңгерген(нәтиже):

- «құрсақ тәрбиесі» туралы ұғымы қалыптасқан;
- «Бағыну Заңының» үшінші сатысы туралы түсінігі бар;
- ортада өзін - өзі ұстауға, өз абыройын төкпеуге, өзін - өзі қадірлеуге дағдыланған.

### 10-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (5 сағат)</b>	1	Балаға бағыну.	1	
	2	Ұл бала және қыз бала, әйел адам мен ер адам ережелері.	1	
	3	Жерлеу рәсімі, жоқтау түрлері.	1	
	4	Естірту, көңіл айту, көңіл сұрау.	1	
	5	Қорытынды сабақ.	1	
<b>II. Келін тәрбиесі. (6 сағат)</b>	1	«Атасына қарап қызын ал, анасына қарап қызыңды бер».	2	
	2	Махаббат және жұлдызнама.	2	
	3	Қорытынды сабақ	2	
<b>III. Неке тәрбиесі. (10 сағат)</b>	1	Бел құда, бесік құда, қарсы құда(сары сүйек), жаңаша құда, құрсақ құда.	2	
	2	Құдаласу, жаушы жіберу.	2	
	3	Қыз ұзату, «сыңсу», қыз жасауы, қалың мал.	2	
	4	Келін түсіру	2	
	5	Қорытынды сабақ.	2	
<b>V. Құрсақ тәрбиесі. (6 сағат)</b>	1	Жүкті әйел, күн режимі, тамағы, киімі.	2	
	2	Экологияның құрсаққа әсері.	2	
	3	Қорытынды сабақ.	2	

Оқушылар нені меңгерген(нәтиже):

- неке, қазақи неке туралы ұғымы қалыптасқан;
- жар, жар таңдау туралы түсінігі бар;
- «менің бостандығым басқаның бостандығы басталған жерде шектеледі» деген этикалық заңды орындауға дағдыланған.

11-сынып

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
<b>I. Бағыну Заңы (11 сағат)</b>	1	Ана және бала туралы мемлекеттік заңы	1	
	2	Балалар құқын қорғау Конвенциясы.	1	
	3	Адамның құқы мен бостандық декларациясы.	1	
	4	Ана ережесі.	1	
	5	Анаға табыну, ана рухы.	1	
	6	Дәнекер.	1	
	7	«Қара шал», «Қара кемпір», «қара пима», кәрілер үйі, жетім бала, жетімдер үйі.	1	
	8	Көкек әйелдер.	1	
	9	Мәңгүрт.	2	
	10	Қорытынды сабақ.	1	
<b>II. Келін тәрбиесі. (6 сағат)</b>	1	Ұқсатымдылық.	2	
	2	Жанұя бюджетін жоспарлау.	2	
	3	Отбасындағы тең хұқылық қазақ шаңырағына қажет пе?	2	
	4	Жанұядағы жайлы ахуал.	1	
	5	Өз мақсат – мұратына жету үшін әйел не істеу керек?	1	
	6	Қорытынды сабақ.	1	
<b>III. Құрсақ тәрбиесі. (14 сағат)</b>	1	Жүкті әйелге мемлекеттік қамқор.	2	
	2	Жүкті әйелге ерінің, жанұя мүшелерінің қарым – қатынасы.	2	
	3	«Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде», «Алпыс екі тамырын иітіп, он екі мүшесін жарып шыққан...»	2	
	4	Ене тәрбиесі	2	
	5	Баланы жоспарлау.	2	
	6	Некесіз туған бала.	2	
	7	Қорытынды сабақ.	2	

Оқушылар нені меңгерген(нәтиже):

- дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ұғымы қалыптасқан;
- мәңгүрттікті жоятын да, мәңгүрттікке жол беретін де біріншіден ана екендігі туралы түсінігі бар;
- қазақтың салт – дәстүрлерін, рәсімдерін сақтауға дағдыланған.

## «Қыздар әліппесі» бағдарламасына пікір

Бағдарламаның міндеттері мен принциптері айқын көрсетілген, мақсаттары өте құнды тәрбие көздеріне бағытталған. Тақырыптары әрбір қазақ қызының тал бойына жарасқан әдемілігі мен болмысына, әдептілігіне, ертеңгі болашақ қазақ отбасының ұйтқысы бола алуына ықпалын тигізери сөзсіз. Қыз баланың табиғаты мен ана болу табиғатының үндестігі, сыйластық қырлары, тек және неке тәрбиесі, келін және құрсақ тәрбиесі, бағыну заңы, қара шаңырақ түсініктері бағдарламада басымдылықпен көрсетілген. Білім беру жүйесінде қыз бала тәрбиесін дұрыс қалыптастыру арқылы өмір сүру дербестігінің тұғырын бекіту ескеріліп, осы бағдарламада көрініс тапқан.

Бағдарламаның әдіснамалық бөлімінде әлемдік мәдени білім берудің озық тәжірибесін алу және оны пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асыру тиімді қарастырылған.

Гимназияда оқу-тәрбие үдерісінің негізгі өзегі болып табылатын ізгілік қағидасы «Қыздар әліппесі» бағдарламасында жүйелі түрде көрсетілген.

Бағдарламаның негізгі мақсатында көрсетілген ұлттық мәдениет арқылы әлемдік мәдениет деңгейіне көтерілу - игі істердің бірі болмақ.

Қорытындылай келгенде, бағдарлама жан-жақты ойластырылып, мемлекеттік стандартқа сәйкес, білім беру жүйесінің алшақ принциптерін ұстанған негізде жасалған, ғылымилығы басым, өмір талабына сай үндестіріле жасалған. Осы негізде жүргізілген жұмыстың барлығы да оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашуға және дамытуға бағытталған. Этнопедагогика, этнопсихология әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып және «Білімнің жұптасып кіруі» біртұтас жүйелі принциптерін негізге ала отырып, «Қыздар әліппесі» бағдарламасы басқа пәндермен байланыстырылды.

*"Қыздар әліппесі" бағдарламасының қазақ қыздар гимназиясының оқу пәндері жүйесіндегі алатын орны*



## АЛЫС ТУЫСТАН ЖАҚЫН КӨРШІҢ АРТЫҚ

Февраль 5th, 2012 Айбек Редактировать

### Алыс туыстан жақын көршің артық

Көрші - қонысы ортақ, етене араласып, күнделікті жүзбе-жүз кездесіп, аман-саулық сұрасып жүретін кісілеріміз. Қазақ халқы «Көршіні Құдай қосады» дейді. Жаңа орынға көшіп келісімен ерулік беріп, қоныс тойын жасау дәстүрінде де ең әуелі ниет - көрші қоландармен танысу болған. «Адам күні – адаммен» демекші, күнделікті өмірде әркім-ақ көршіні қажетсінеді. Өйткені, бір іс туып қинала қалғанда да, бір нәрсе қажет болғанда да, ең алдымен көршілерден көмек сұрап жатамыз. Көршімен сыйластық – елдің сыйластығын, көршімен татулық – қоғамның татулығын ұқтыратындықтан, ислам діні көршімен жарасымды сыйластықта болуға шақырады.



## ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Февраль 9th, 2012 Айбек Редактировать

### Отбасылық қарым-қатынас

Отбасы – бірлесіп күн көретін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы. Отбасының маңызды сипаты – оның қызметі, құрылымы және динамикасы болып табылады. Отбасы құрылымы отбасының құрамы мен санынан, сонымен қатар оның мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынастарының жиынтығынан тұрады. Отбасы құрылымын талдау отбасы қызметінің қандай жағдайда жүзеге асуы жөніндегі сұрақтарына жауап беруге мүмкіндік туғызады: отбасында кім басшылық етеді және кім – орындаушы, отбасы мүшелерінің арасындағы құқықтары мен міндеттері қалай бөлінген деген сияқты.



«Қыздар әліппесінің ғаламтордағы нұсқасы» сайтындағы материалдар республикамызда үлкен сұранысқа ие және отбасылық тәрбиеге берер тәлімі мол.

«Қыздар әліппесі» бағдарламасының маңыздылығы (ата-аналар сауалнамасының қорытындысы бойынша)



Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие үрдісін ұйымдастыруды жана педагогикалық технологиялар негізінде жүргізу тәрбиеге қатысушы субъектілер арасында жаңа байланыстар мен қатынастар туғызды. Кафедра, шығармашылық топ, класс айымдары институты секілді жаңа құрылымдар тәрбиенің мазмұны мен түрінің, әдіс-тәсілдерінің тереңдеп түрленуіне мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігі- класс айымдары институтының жұмысы маңызды роль атқарады.



## **Класс айымдары институтының міндеттері:**

- тәрбие жұмысының құндылыққа бағытталған формаларын насихаттау арқылы класс айымдарының кәсіби деңгейін арттыру;
- арнайы «Қыздар әліппесі» бағдарламасының жүйесінде жұмыс істеу;
- озық тәжірибелерді практикада қолдануға әдістемелік көмек көрсету;
- класс айымының өз білімін көтеруге ерекше көңіл бөлу;
- оқу – тәрбие жүйесін педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді түрлендіре отырып ұйымдастыру;
- озық тәжірибе жинақтап, тәжірибе алмасу;
- класс айымдары ұжымын қалыптастыру;
- класс айымдарының іскерлік, шеберлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- класс айымдарына жайлы психологиялық ахуал туғызу.



Класс айымдары институтының «Класс айымы туралы ережесі», арнайы бағдарламасы бар.

## **«Ең үздік класс айымы» сайысының ережесі**

### **Сайыс мақсаты:**

1. Класс айымдарының кәсіби деңгейін арттыру.
2. Тәрбие жұмысының құндылыққа бағытталған формаларын насихаттау.
3. «Қыздар әліппесі» бағдарламасының мақсатқа бағыттаушылық функцияларын жүзеге асыру.
4. Шығармашыл да талантты класс айымдарын анықтау.
5. Тәжірибелі класс айымдарының озық іс-тәжірибесін тарату.

## Сайыс кезеңдері:

### I кезең

Бұл кезеңде класс айымдары «Қыздар әліппесі» сайтына материалдар жинап, тапсырады. Сайтқа салған материалдардың баспа түрін эстетикалық талапқа сай безендіріп, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға тапсырады. Материалдардың сапалылығы, мазмұндылығы, саны бағаланады.

### II кезең

«Қыздар әліппесі» бойынша ашық тәрбие сағаты.

### III кезең

III.1. «Менің тәрбие кешенім» (Тәрбие жұмысы бойынша портфолио тексеріледі).

III.2. Презентация. (Мультимедиялық түрі, көрме жасау және оқушылардың қатысуымен 5-7 минут).

**Ескерту:** Тәжірибесі мол класс айымдарына сұраныс бойынша шеберлік кластарын, класс айымдарына арналған тақырыптық семинар ұйымдастыруға болады.

### Бағалау критерийлері:

1. Класс айымы жұмысының жүйелілігі.
2. «Қыздар әліппесі» бағдарламасының талапқа сай деңгейде жүргізілуі.
3. «Әдістемелік қоржынның» көлемі, мазмұндылығы, эстетикалық көрінісі.
4. Тәрбие жұмысындағы жаңашылдық.
5. Озық іс-тәжірибе тарата білу шеберлігі.

Қазақ қыздар гимназиясының психологиялық қызмет жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол.





Тұлғаның құндылығы, рухани дүниесінің байлығы тәрбие үрдісінде ізгіліктік көріністің нақты формасы болып табылады. Гимназияда тәрбие жүйесінің барлық тармақталған компоненттері өзара тығыз байланыста ортақ мақсатқа жұмылдырылған. Құндылықтар, білім-ілім, интеллект және шығармашылық, ынтымақ, денсаулық, әуестену әлемі, болашақ кәсіби маман - жүйенің мазмұндық сипатын ашады. Тәрбие жүйесі педагогикалық жүйенің негізі болғандықтан, жеке тұлғаның дамуына тиімді және мақсатты бағыттағы рухани-адамгершілік, дүниетанымдық-мәдени, азаматтық-саналылық құзіреттіліктерін қамтиды Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының алатын орны ерекше.




Өзін-өзі басқаруды жүйелі ұйымдастыру – оқушыларды басқару ісіне тарту арқылы белсенді субъект ретінде өзін-өзі ынталандыруға, дамытуға, тәрбиелеуге жағдай жасау.

**Оқушылардың өзін-өзі басқару белсенділігінің көрсеткіші**

- Өзін-өзі басқару туралы түсінігінің қалыптасуы – 78%;
- Өзін-өзі басқару ұйымында белсенділік танытуы – 72%;
- Өзін-өзі басқарудағы жетістік - 90%



Оқушылардың өзін-өзі басқару белсенділігі



Гимназияда бірнеше жылдан бері рейтинг-рангілік жүйе жүргізіліп келеді. Рейтинг-рангілік жүйенің оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жүйелі ұйымдастыруда маңызы өте зор. Бұл жүйені оқу-тәрбие көрсеткіштері қамтылған әр түрлі параметрлер бойынша оқушылар жүргізеді де, сынып айымдары бақылап отырады.

### Рейтинг – ранг қорытындысы

Мерзімі \_\_\_\_\_

Класс \_\_\_\_\_

5 ұпайлық жүйемен бағаланады

Р /с	Оқушының аты-жөні	Сабаққа қатысуы	Кешігуі	Гимн. фор. м.к.	Шығармашылық белсенді.	Қоғамдық белсенді.	Ана тілге, рәмізді құрмет көрсетуі	Оқырмандық белсенділігі	Жеке бас гигиенасы	Портфолио	Қорытынды ұпай	Рейтинг-ранг

“Таңдаулы ай оқушысы”

---

Нәтижесінде «Таңдаулы ай оқушысы», «Таңдаулы класс», «Таңдаулы жыл оқушысы», «Ең таңдаулы сынып» номинациялары шығарылады.

Сонымен қатар оқушылармен тәрбие жұмысы пәндік және эстетикалық үйірмелер мен клубтар, дәстүрлі іс-шаралар («Анаға қарап қыз өсер», «Парасатты Әйгерім», «Анам, айым және мен», «Жүзден жүйрік», «Қасиетті жетілік», «Әнші де биші балапан», «Үкілі домбыра», «Толағай» т.б.), құқықтық білім беру мектебінің жұмысы, тақырыптық тәрбие сағаттары қоғамдық мекемелермен үздіксіз байланыс арқылы жүзеге асады.

### Көшбасшылықтың 3 моделі

**Білім, икемділік, дағдылық өзін-өзі басқару**

**Этикалық-мәдениетті басқару.**  
Бұл модельдің басты мақсаты – ақпараттандырылған, интеллектуалды, зиялы рухани тұлғаны тәрбиелеп шығару

**Әлеуметтендірілген модель.**  
Қоғамдық және кәсіби табысқа жете отырып, өзіне, отбасына, қоғамға, адамдарға пайда келтіру



Құқықтық білім беру жүйелі жүргізілетіндіктен, гимназияда құқықбұзушылық, “тәртібі қиын” оқушылар жоқ.



## № 25 қазақ қыздар гимназиясы – бәсекеге қабілетті білім ордасы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деген сөз білім сапасын арттыру үшін әрбір мұғалім жауапты дегенді білдіреді. Осы жауапкершілікті жан-тәнімен сезініп, жаңа заманның ауыр жүгінен қалыспай, жұмыла көтерген жүктің жеңіл екенін сезіне білген ізгілікті ұяның бірі – № 25 қазақ қыздар гимназиясы 1993 жылы ашылды. Гимназия – Қазақстан Республикасының педагогикалық іс-тәжірибесінде қазақ қыздарына арналған алғашқы оқу орны. Алғашқы директоры Л.С. Сырымбетова. Одан кейінгі жылдары осы мекемеде басшылық жасап, дамуына зор үлес қосқан директорлар – Г.К. Сванкулова, Қ.Ы. Адамова, М.М. Айткенова, З.Ә. Мұхаметжанова және гимназияның қазіргі таңдағы директоры С.Д. Избастина.

Еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар, Отанын ғаламдық дамудың көшінен қалдырмай өрге шығарар азамат тәрбиелеу саласында ұстаздарға аса жауапты қоғамдық міндет жүктеліп отыр. Білім ордасында бүгінде қаншама ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған 42 ұстаз еңбек етеді, олардың 38 жоғары білімді, жоғары және бірінші санатты ұстаздар 62% құрайды. 8 ұстаз

жаңа форматтағы курсты аяқтап, оқушыларға өз білімдерін беруде. Гимназияның бүгінгі келбетін мектеп басшыларынан бастап әрбір ұжым мүшелерінің қайраткерлік келбетімен байланыстыруға болады. Оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге көтерудің басты шарттарының бірі – бақылаудың дұрыс жолға қойылуы және нәтжелі жұмыс істеуге қатаң талап етілуі. Екінші, білімді де білікті мамандар. Үшінші, материалдық-техникалық базаның нығайтылуы.

Білім саласын жаңартудағы басты мақсат Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында белгіленгендей, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін бүкіл әлемде қамтамасыз ету болып табылады. Жоғары дамыған елдің бәсекеге қабілеттілігі адам мүмкіншілігінің дамуымен байланысты. Ол білім жүйесінің жағдайымен анықталады. Елдің экономикалық өсуінің тұрақтылығы негізінен осы салада қамтамасыз етіледі. Аталған мақсатқа білім жүйесіне жаңа ұйымдастырушылық экономикалық механизмді енгізу, білім саласының өсуін қамтамасыз ету, білім құрылымын, оқытудың мазмұны мен технологиясын жаңарту, білім беру саласына білікті мамандарды жұмылдыру, орта мектептің жаңашыл әлеуетін көтеру арқылы жетуге болады. Жақсы білім мекемесіне әрқашанда қалыптасу мен даму үрдістері тән.

Қазіргі заман мектебіне кеңінен және жаңаша ойлайтын менеджер қажет. Жаңашыл менеджердің негізгі міндеті тиімді іс-әрекет болып табылады. Менеджердің шеберлігі – кез келген жұмысты өзі жасамай, басқа адамдарды жұмылдыру арқылы жұмыс жасау. Қызметкерлердің мақсаттарына жету үшін жасаған іс-әрекеттеріне қолдау көрсеткенде ғана жалпы құндылықтары мен мақсаттары біріккен біртұтас ұжым қалыптастыруға болады. Басқару бұл - белгілі бір жүйеге керекті мақсат, нәтижеге жетуге әсер ету. Бүгінгі күні гимназия жаңашыл тәртіпте жұмыс атқаруда. Жаңаша көзқараспен, заман талабына сай өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, әріптестерінен де соны талап етіп, оқушының бойындағы талант пен дарындылықты ұштай білген, гимназия директорының орынбасарлары болып қызмет атқарған ұстаздар – Г. Хамитова, Қ. Сұлтанбекова, Г. Сейіловалар болса, қазіргі күні осы жұмысты абыроймен атқарып келе жатқан Б. Сағындықова, Қ. Жұмаділова, Ж. Рамазанова, О. Аушакимова, А. Жангуровалардың гимназияның жаңаша биіктерден көрінуіне қосар үлестері әлі де мол. Ұстаздар еңбегінің нәтижесінде гимназия оқушылары әр жыл сайын республикалық «Тарих ата» олимпиадасында, облыстық пән олимпиадаларында, халықаралық, республикалық, облыстық оқушылардың ғылыми жобалар сайысы мен «Зерде» ғылыми жобалар жарысында, *KATEV* ұйымдастырған қазақ тілінен «Жарқын болашақ» олимпиадасында, облыстық жастардың жергілікті қауымдастығының қоғамдық маңызды проблемаларын шешу мақсатындағы ұйымдастырылған әлеуметтік жобалар сайысында, инновациялық идеялар, шығармалар сайысы мен оқуларда, ақындар мүшайрасында, халықаралық ғылыми практикалық конференциялар мен оқуларда, «Табиғат және адам», «Су-тіршілік көзі» интеллектуалдық сайыстарда үнемі жүлделі орындарға ие болып, облыстық және республикалық жоғары оқу орындарының грант иегерлері атануда.

Осының бір айғағы ретінде 2013-2014 оқу жылындағы облыстық ғылыми жобалар сайысында гимназия оқушыларының командасы «Ең үздік білім мекемесі» номинациясына, КИО интернет олимпиадасында III орынға ие болса, 2 оқушы Халықаралық Л. Толстой оқуларының дипломанттары атанды.

Гимназияны басқару іс-әрекетінің ең басты міндеті – қабылданған шешімдерді іске асырудағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Басқару іс-әрекетінің үдерісі гимназияда жүйе ретінде қарастырылады, оның негізгі элементтері – жоспарлау, жүзеге асыру, тексеру және түзету. Мектептің тұжырымдамасына, даму бағдарламасына сәйкес басқару кезеңінде, біріншіден, жан-жақтан ақпарат жиналып, талдау жүргізіледі. Негізгі мәселелер анықталып, тақырыбы және мақсаты белгіленеді. Мақсат – іс-әрекеттің бағыты, ал басқару мақсаты - бұл күтілген нәтиже бейнесі. Осы нәтижеге жету үшін жоспар әзірленіп, керекті іс-шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асырылады. Қол жеткізген нәтижелерге талдау жүргізіледі. Күтілген нәтижеге қол жеткізілмесе, жоспар мен мақсаты қайта қаралады және оларға түзетулер енгізіледі. Стратегиялық міндетті шешу және құзіреттілік үйлесімін қолдану гимназияны басқаруда бағдарламалық іс-шараларды іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұның негізгі бағыты болып білім үрдісін басқарудың әбден жетілуі, педагогикалық технологияларды тиімді түрде қолдану, қоғамдық және оқушының өзін-өзі басқару формаларын, мектептің қамқорлық кеңесін әр түрлі бағдарламалар мен жобалау қызметтеріне енгізу болып табылады.

Гимназиядағы оқу-тәрбие үрдісін басқару жүйесінің тағы бір ерекшелігі мектепті басқаруда ата-аналар да қатысады. Мектепте ата – аналардың қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды.



*2009-2010 оқу жылында ата-аналар қауымдастығының қолдауымен қамқоршылық кеңес құрылды.*

*Қамқоршылық кеңес жұмысының іс-тәжірибесі республика, облыс, қала көлемінде таратылды.*

## Қамқоршылық кеңес құрылымы



## Негізгі бағыттары

Әлеуметтік мәдени іс-шаралардың ұйымдастырылуы: ғылыми-практикалық конференция, спорттық іс-шаралар


Жетім, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасы балаларына көмек

Дарынды балалар мен мұғалімдерді марапаттау


Балалардың, мұғалімдердің, ата-аналардың құқығының қорғалуына қоғамдық бақылау

Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру

# Мемлекеттік рейтинг көрсеткіші бойынша қазақ қыздар гимназиясы Павлодар облысынан «Топ-100» Қазақстан Республикасының үздік мекемелер қатарына енді



Кеңес жұмысының мазмұны мен қызметі мемлекеттік нормативтік құжаттармен және мектептің жарғысымен айқындалады. 2009 жылы қамқоршылық кеңестің қолдауымен «№ 25 қазақ қыздар гимназиясының даму қоры» қоғамдық қоры ашылды. Бұл қоғамдық қор кеңес білім ұйымдарын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында «Қамқоршылық кеңестің» қолдауымен компьютер, оргтехника алынды, жиһаздар жаңартылды, үздік нәтиже көрсеткен оқушылар мен мұғалімдерге, сыныптарға материалдық қолдау көрсетілді.



Гимназия «ашық мектеп» аясында жұмыс жүргізуде. Мектептің газеті мен сайты бар, ол бір неше бөлімнен құрылған, сонын ішінде виртуалдық қабылдауы жұмыс жасауда және *E-cabak.kz* онлайн журналы бар.

Мектептің ғаламтордағы мекен-жайы:

- *ekbschool25@mail.kz* (пошта);
- *kuzdar\_qimnazyasy.kz*;
- *kuzdar\_alippesi.kz*;
- *E-cabak.kz* – онлайн журнал.

Жыл бойы мектеп туралы ақпарат, мақалалар газет-журналдарда үнемі басылады.

Оқу жылы аяқталғанда, ата-аналарға оқу-тәрбие жұмыс жүйесінің нәтижесі бойынша баяндама жазылып, слайд-шоу, шығармашылық кеш түрінде есеп беріледі. Осы жұмыстардың арқасында кері байланыс орнатылып, бар кемшіліктер мен проблемаларды тез жоюға коррекция жұмысы жүргізіледі.

Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңалау үрдісінде, әлемдік білім беру тенденциясын дамытуда бағалау жүйесін заманға сай реформалау қажеттілігі анықталды. Қазақ қыздар гимназиясы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін енгізуде эксперимент жүргізіп келеді. Аталған мәселе бойынша үнемі жүргізілетін семинарлар ұйымдастырылып, сонымен қатар технологиялық картаға, күнтізбелік және сабақ жоспарларына жаңа бағалау критерийлері енгізілген. Сабақта және сабақтан тыс әрекеттерде 4 критерий бойынша бағалау кеңінен қолданылып, білім, білік, дағдылары, мәселені шеше алу, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктері іске асырылады. 1-деңгей – минималды (1-3 ұпай), 2-деңгей – қанағаттанарлық (4-6 ұпай), 3-деңгей – жеткілікті (7-9 ұпай), 4-деңгей – жоғары (10-12 ұпай). Гимназия мұғалімдері ашық, жабық түрдегі тесттер, практикалық-эксперименталды жұмыстар, зерттеу және шығармашылық, логикалық-құзіреттілік тапсырмалар жасауда. Бұл жасалымдар білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтайтын өлшеуіштері болып табылады. Білім нәтижесін анықтауда әр оқушыға жеке білім маршруты жасалады. Жеке білім траекториясын іске асыру дәрежесі, оқудағы ілгерілеуінің айқындалуы, зерттеу-жобалау әрекетінің барысы, әрекет тәсілдерінің қалыптасуы, құзіреттілік негіздері, тұлғаның дамуы, рефлексия жасау қабілеті білім алушылар портфолиосында жинақталады. Портфолио оқу нәтижелерін жүйелі де үзіліссіз бағалау және өзін-өзі бағалау мақсатына бағытталған форма ретінде қаралып, портфолионың: жеке нәтиже портфолиосы, жобалау әрекеттерінің портфолиосы, пәндер бойынша портфолио сияқты түрлері практикада қолданылады. Жүргізіліп жатқан шаралар білім беру саласын басқаруда және бақылау үдерісіне жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді. Бұл мектептің әрекетін барлық деңгейде уақытылы және дәлелденген басқару шешімдерін қабылдауға жетелейді.

Құзіреттілік үйлесімінде басқарушының зейіні білім кеңістігінің субъектілерінің біріккен әрекеттерінің диагностикасына, педагогтың кәсіптік қызметін орындауына, теориялық және практикалық дайындығына назар аударылады. Құзіреттілік мұғалім әрекетін бейнелейді, сондықтан кәсіби

күзiреттiлiгiнiң деңгейiн көрсететiн критерийлерiн жасау қажет. Мысалы: пәндiк күзiреттiлiк, психологиялық күзiреттiлiк, жаңашылдыққа дайындық және басқалар. Мұғалiм – бiлiм беру үрдiсiнде негiзгi субъект, оның кәсiби шеберлiгi мен пәнiн терең бiлуi - оқушы бойындағы күзiреттiлiктiң даму көзi. Оқушы бойында негiзгi күзiреттiлiктердi дамыту мақсатында гимназия ұстаздары қазақ тiлi, орыс тiлi, ағылшын тiлi, биология, география, физика, тарих, математика пәндерi бойынша тапсырмалар жинағын құрастырып, рецензиялады.

Қазақ қыздар гимназиясында бiлiм сапасын арттыруда оқушыларға арналған бейiндiк және бейiналды модель жасалған. Бейiндiк оқыту жекелеген пәндердi тереңдетiп оқытудың синонимi емес, ол ең алдымен, жоғары сынып оқушыларының сапалы түрде болашақта өмiрлiк траекториясын таңдауы болып табылады. Бұл модель белгiлi бiр оқушы мен ата-аналардың әлеуметтiк бiлiм тапсырысына бағытталған. Оқушылардың бiлiмге деген қажеттiлiгiн және жеке ерекшелiктерi мен мүмкiншiлiктерiн ескеретiн жеке оқу жоспары бар. Оқу жоспарының вариативтiк бөлімінен арнайы курс, факультативтер және элективтi курстар енгiзiлген: «Риторика», «Психология», «Ырғақ», «Таным мәдениетi», «Зерттеу және жобалау», «Елтану» және т.б. Бейiндiк оқытуды қамтамасыз ету үшiн гимназия ұстаздары оқу-әдiстемелiк кешенмен жинақталған 30 авторлық бағдарламалар жасады. Гимназия iс-әрекетi қазақ қыздар тәрбиесiнiң ерекшелiктерiн ескере отырып, жеке тұлғаның шығармашылығын, танымдық белсендiлiгiн дамытуға бағытталған. Оның дәлелi ретiнде жыл сайын ұлттық бiрыңғай тестiлеу нәтижесi бойынша қала деңгейiнде бiрнеше жылдар бойы I орынға ие болып, облыс көлемiнде «50 үздiк мектеп» қатарына ендi. ҰБТ қорытындысы бiр жылдық еңбектiң нәтижесi ғана емес, бала мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап берiлген жүйелi бiлiмнiң нәтижесi. Оқушыларға мектеп бағдарламасы деңгейiнде ғана бiлiм берiп қоймай, оларды бiлiм әлемiнiң тереңiне жетектеп, тұнығынан сусындатқан мұғалiмдер А. Абдрахманова, Қ. Жаудина, Ә. Скокова, М. Көбешова, Қ. Жұмадiлова, К. Даутова, Т. Қаржасбаев, Б. Сағындықова, О. Байшуақова, Г. Хамитова, Ә. Жаңбырбаева, Ж. Рамазанова, О. Аушакимова, А. Қуандықұлы, А. Жангурова, мектеп психологы Г. Ақшолақованың еңбектерi ерекше. Бұл ұстаздардың шәкiрттерi тек ҰБТ-де ғана емес, түрлi облыстық, республикалық, халықаралық бiлiм сайыстарында жүлдегерлер атанып келедi. Мұғалiмдер өмiр ағымына iлесе алатын, заман талабына сай ұрпақты тәрбиелеумен қатар өз бiлiмiн үнемі толықтырып отырады және бiлiктi мамандарымыз – облыстық, республикалық, халықаралық «Дарынды балаға – талантты ұстаз», «Ең үздiк шығармашыл ұстаз», мұғалiмдер арасындағы пән олимпиадалары тәрiздi түрлi сайыстардың жүлдегерлерi. Соңғы жылдары мұғалiмдер құрастырған «Бiлiм берудегi жаңа көзқарас: әдiстеме мен жаңашыл әдiстер» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары, «Математика пәнiнен ҰБТ дайындаудың оқу әдiстемелiк құралы», «Жас дарын әлемiне саяхат», гимназияның 20 жылдық мерейтойына арналған «Тағылымы мол бiлiм ордасы» атты кiтаптар және «Мектебiм – әнiм, гүл бағым ...» атты журнал баспадан шығарылды. «Гимназия ұстаздарымен оқушылары Республикалық

«Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы», «Қазақстанның үміт артарлары» атты энциклопедияларына енді.

Биология пәні мұғалімі О. Аушақимова 2014 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «XXI ғасыр білім беру саласындағы жаңа технологиялар ғасыры» атты ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, «Ыбырай Алтынсарин» атындағы алтын медальмен марапатталды және халықаралық ұстаздар Одағының мүшелігіне қабылданды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі О. Байшуақова халықаралық әлем халықтарының ғылыми конференциясына шығармашылық жұмыстарымен сырттай қатысып, ЮНЕСКО-ның дипломаты атанды. Ә. Скокова, Г. Ақшолақова, Ж. Рамазанова, Қ. Жұмаділова, Б. Сағындықова сынды мұғалімдер Халықаралық деңгейдегі «Лучшие люди: Лучшие в образовании» атты энциклопедияға енді.

### *Баспа өнімдері*



Гимназия оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу мақсатында мектеп әкімшілігі мен жоғары оқу орындары арасында келісім шарттар жасалған. Павлодар қаласының жоғары оқу орындарының профессорлары А. Бейсембаев, Қ. Ергалиев гимназия мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушыларды пәндік олимпиада, ғылыми жоба жарыстарына дайындауға ақыл-кеңестерін беріп, өз бойындағы білімдерімен сусындатуда. Осы жұмыстың нәтижесі оқушылардың интеллектуалдық сайыстардан облыс, республика, халықаралық деңгейде алған жүлделі орындары және оқушылардың сапалы білім алумен қатар рухани байлығын молайту мен жетілдіруге бағытталған

гимназиядағы жүргізілетін үйірме жұмыстары, авторлық бағдарламалар өз нәтижелілігін көрсетуде. Атап айтсақ, «Бозторғай» хоры, «Еркетай», «Назерке» домбырашылар оркестрі, «Наз» би тобы, «Дебат», «Жас дарын» үйірмелері қала, облыс, республика, халықаралық деңгейлерде үнемі жетістіктерге ие болуда.



**Б  
о  
с  
у  
а  
қ  
ы  
т  
і  
м  
д  
і  
п  
а  
й  
д  
а  
л  
а  
н  
у  
ғ  
а  
д  
а  
ғ  
д  
ы  
л  
а  
н  
д  
ы  
р  
ы  
п  
,**

## Республикалық облыстық деңгейдегі шығармашылық сайыстардан көріністер



Білім мен тәрбие беруде гимназияның миссиясына сай ең басты ерекшелігі – түлектердің бүгінгі күні өмірден өз орындарын тауып отырғаны. Біздің анықтауымыз бойынша түлектеріміздің 85%-ы – отбасылық өмір құрып, барлығы да бір-бір отбасының берекесі, жанұясының қаймағын бұзбай, болашақ ұрпақтың бойына ең құнды рухани-адамгершілік қалыптастыратын қоғамның басты тірек-арқауы – АНА деген абыройлы атқа ие болып отырған жандар. Бұл – көңілге қуаныш ұялататын мәселе.

Қорыта келгенде, мектептегі сапаны жаппай басқара отырып, әрбір оқушы мен мұғалімнің одан әрі қарай дамуы үшін жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерге сүйену қажет. Заманауи мектеп – бұл үнемі өзгере отырып дамитын педагогикалық үрдіс, жаңару үстінде болатын мектеп екендігін жадымызда ұстау керек. Үнемі жаңару принципі оқу-тәрбие үрдісін, сапаны жаппай басқарудың негізгі ережесі болып табылады.

Жүргізілген тәрбие жұмысының беріп жатқан нәтижесі төмендегідей:

- Оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды.
- Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды.
- Салауатты өмір сүруге дағдыланады.
- Демократиялық бағытты ұстанған құқықтық мемлекетте қалай өмір сүрудің жағдайын сезінеді.



*Қазақ қыздар гимназиясы  
түлегінің моделі - Төрт құбыласы  
бірдей тең, “сегіз қырлы, бір  
сырлы” тұлға*



*“Адамда жақсы қасиет  
болмаса, оған бақ та,  
бақыт та қонбайды”*

*Жүсіп Баласағұн*



Тәрбие – тұлғаны қалыптастыруға мақсатты бағытталған үрдіс. Тәрбие – бұл өмірлік шығармашылық. Сондықтан мұнда бала бейнесі, яғни, жеке тұлға бейнесі маңызды. Бүгінгі оқушылар – еліміздің ертеңгі болашағы халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық білім мен өнер сайыстарында, зияткерлік марафондарда шәкірттеріміз биік белестерден көрінуде. Дарынды, өнерлі, талантты қыздар шығармашылығы білікті ұстаздар жетекшілігімен шыңдала түсуде. Білім мен тәрбиенің бұтақ жайған бәйтерегіндей болған республикамыздағы тұңғыш қыздар гимназиясы жеке тұлғаның қалыптасуына, оның жан-жақты үйлесімді дамуына, ізгілендіру, демократияландыру, толеранттық, ынтымақтастық, құзіреттілік деген адами құндылықтарды оқушы бойына сіңіруге мол үлес қосуда.

## **2.2 Диалогтік оқыту тәсілін тиімді пайдалану арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру және басқару жүйесін оңтайландыру**

**Мектептің толық атауы:** М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – интернат.

**Мектептің заңды мекен-жайы:** Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Кобландин көшесі, 2.

**Оқыту тілі:** қазақ.

**Эксперименталдық жұмыс тақырыбы:** Диалогтік оқыту тәсілін тиімді пайдалану арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру және басқару жүйесін оңтайландыру.

**Педагогикалық технология (инновация) атауы:** Мектеп қоғамдастығы.

**Инновацияның негізгі идеясы:** Мұғалімнің кәсіби беделін көтеру мақсатында қоғамда педагогтің оң имиджін қалыптастыру.

**Технология (инновация) мақсаты:** Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін дамыту арқылы оқушының сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

**Жүзеге асыру жылдары:** 2014-2017 ж.ж.

**Жүзеге асыру жолдары:** Мектеп қоғамдастығы аясында үздіксіз кәсіби дамуға жетекшілік ету; Мектептегі кәсіби қоғамдастық қызмет етуі педагогтардың ішкі қабілеттерін тиімді құра біліп, сыртқы білім мен тәжірибені қабылдауға дайындау; ынтымақтастықта жұмыс істеп, проблемаларды шешуде ықпал ету арқылы әрекет ету; кәсіби қоғамдастықтың, өзгерістің мұғалім – оқушы- ата-ана қарым-қатынасындағы байланысын нығайту.

**Күтілетін нәтиже:** Мұғалімдер оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің жеті модулін өзара сабақтастыра отырып, диалогтік оқытудың тиімділігін көрсетеді.

**Қорытындылар:** Командалық жұмысты және бірлескен оқуды ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің көшбасшылықтағы белсенділігін жетілдіру.

**Ұсыныстар:** Педагогикалық ұжыммен бірге ынтымақтастықта жүргізген мұғалімдердің тәжірибелік қызметін қолдау мақсатында желілік байланыс орнату.

### **М. Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының оқу мен оқытудағы инновациялық-педагогикалық технологияларды пайдалану және ендіру бойынша тәжірибесіне сипаттама**

*Педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы мектеп қоғамдастығының тиімділігі*

Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде мектептер үшін де, мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және екіншісі – ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» деген сұрақ туындайды.

Сондықтан қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бастысы – білім жүйесіне өзгеріс енгізу. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үдерісі бір сәтке толастамайды. Осындай өзгерістердің ортасында болу үшін, өз тәжірибесін үнемі жетілдіріп отыру үшін мектеп директоры жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша оқыту курсының тыңдаушысы болды.

Адам баласының тәрбиесін қалыптастыратын үш ортасы бар. Соның бірі- мектеп. Әлем жаһандану деп жар салып жатқанда ұрпақтың бойында ұлттық мәдениетті қалыптастыру мақсаты тұрғандығы айтпаса да түсінікті. Мектептің мақсаты - қазақы қаймағы бұзылмаған ауылдан келген жас жеткіншектің бойында ұлттық құндылықтары негізі саналатын тілін, ділін, дінін, ұлттық мәдениетін дамыту.

Мектеп-интернат педагогтерінің санаттары бойынша сапалық құрамы жоғары – 32, бірінші – 18, екінші – 17, үшінші – 14 мұғалім бар. Ақпараттық-әдістемелік кеңістікті ұтымды пайдалану нәтижесінде мектептегі 55 мұғалімнің 37-і деңгейлік курстан дәріс алып, сертификатқа ие болған. Мұғалімдердің сапалық құрамы – **83%**, мектептің статусына сай, жоғары көрсеткіш және деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің үлесі – **67,2%**. Педагогтардың кәсіптік және жеке өзін-өзі көтеруі үшін бар мүмкіншілік пайдаланылып, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен сабақтар жүргізу кеңінен енгізілген.



Озық педагогикалық тәжірибе енгізу

Осы бағытта мектепшілік желілік кәсіби қоғамдастық құрылып, пән мұғалімдері, тәрбиешілері, ата-ана мен жас мамандар арасында педагогикалық ынтымақтастық орнаған. Ұжымдағы мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етіп, оқыту мен оқудағы инновациялық үрдістің енгізілуіне қолдау көрсетіліп, мұғалімдердің әдістемелік кеңесі мен кәсіби қоғамдастығы тығыз байланыста жұмыс жасауда. Өзара байланыс нәтижесінде дамыту тобының іс-тәжірибесіне ықпал ету, жаңа әдіс-тәсілдерді іс тәжірибесінде қолдану, қорытындысында

жаңа іс-тәжірибені өзге мектеп мұғалімдеріне тарату іске асады. Мектеп-интернаттың әдістемелік құрылымы 6 пән бірлестігі мен 7 қоғамдастықтан тұрады.

**Мақсаты:** Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы оқушының сапалы білім алуын қамтамасыз ету.

*Кәсіби білім қоғамдастығы дегеніміз* – оқуға деген көзқарастары ортақ, бір-біріне қолдау көрсетуші, өз тәжірибелерін жетілдіруге, оқушыларды оқыту үдерісін жақсартуға қабілетті жаңа әдістерді іздестіру жолында бірге жұмыс істейтін адамдар тобы.

***Пән бірлестіктерінің қызметі:***

- Нормативтік құжаттар, бірлестік шешімдері мен нұсқауларын орындау;
- Пәндік апталықтарды дайындау және өткізу;
- Пәндік семинарлар, дөңгелек үстел, конференция дайындау, өткізу;
- Оқушыларды пәндік олимпиада, интеллектуалдық марафон, байқау, жарысқа дайындау;
- Пәндер бойынша сыныптан тыс шаралар өткізу;
- Сабақтарға, факультатив сабақтарға, үйірме жұмыстарына қатысып, талдау.

***Кәсіби қоғамдастықтың қызметі:***

- бірлескен зерттеуді іске асыратын топтар;
- біліктілікті арттыру жөніндегі бірлескен іс-шаралар (мысалы, біріккен топтар күндері);
- бір мектеп мұғалімдерінің басқа мектепке құрылымдалып баруы (қоғамдастық аясында танысуға бару);
- бірлескен коучинг және тәлімгерлік (мысалы, Lesson study тобы);
- бірлескен жұмыс топтары (мысалы, жоба бойынша жұмыс тобы, жоспарлау тобы).

Мектеп қоғамдастығы аясында үздіксіз кәсіби дамуға жетекшілік ету, тиімділікті арттыру, ықпалын күшейту мақсатында:

– Қоғамдастықтың қызметіне қатысу оған жұмсалған қосымша күш-жігерге тұрарлық екеніне мектептердің көзін жеткізу қажет.

– Мұғалімдердің өзгеріс енгізуді қолдап, қоғамдастыққа мүше болуға ұмтылысы олардың қоғамдастықтың игі ықпалын, әсіресе балаларға тигізіп жатқан оң әсерінің дәлелдерін көре алуына байланысты болады.

– Қоғамдастыққа ынтымақтастықта жұмыс істеп, проблемаларды шеше алатын, бақылау арқылы емес, ықпал ету арқылы әрекет ете алатын адамдар керек.

– Қоғамдастық ұзақ уақыт қызмет етуі үшін ішкі қабілеттерін тиімді құра біліп, сыртқы білім мен тәжірибені қабылдауға дайын болулары керек.



Мектептегі қоғамдастықтар

Сыныптар бойынша құрылған мектеп-интернатта кәсіби қоғамдастықтардың атауы, жұмыс жоспары, стендтері, мөрі бар. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әрбір қоғамдастық түстер бойынша ажыратылады. 9-кластар бойынша ұйымдастырылған «Зерек» кәсіби қоғамдастығында өткен жұмыстардың дәлелдемелері:

### «Зерек» қоғамдастығының жоспары

Құрылым	Қамту	Қоғамдастық мүш елері	Кездесулерді өткізу жиілігі	Байланыстар	Топтың мақсаты
Басқарушы топ	1. Қоғамдасты аясында;	Нурбаева М.К – I деңгей		Мектеп-интернаттағы	<p><i>Мектепте оқу мен оқыту тәжірибесін жақсарту, сондай-ақ оқушылардың үлгерімін арттыру үшін бірқатар қызмет түрлерін жоспарлау, енгізу және оның мониторингін жүргізу.</i></p> <p><b>8-кластардағы оқыту мен оқу тұрғысынан мұғалімнің зерттеуі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ оқыту мен оқудың қазіргі кейбір аспектілерін зерттеуді қарастыру, оқпудағы жаңашылдықты бағалау;</li> <li>✓ іс-әрекеттегі зерттеу кәсіби жұмысты дамыту;</li> <li>✓ мұғалімнің оқыту тәжірибесін өзгерту;</li> <li>✓ әлеуметтік және эмоциялық ахуал тудыру;</li> <li>✓ үйестіру және жоспарлау;</li> <li>✓ сыныптағы тәртіпті;</li> <li>✓ сауалнамалар алу;</li> <li>✓ «оқушы үні»;</li> <li>✓ адамдарды және үдерістерді дамыту.</li> </ul>
Зерттеуші топ	2. Мектеп аясындағы қоғамдастықтар арасында;	Мыржасарова Г.И. – III деңгей	Мерзімді	қоғамдастықтар	
Үйлестіруші топ	3. Мектептер арасында;	Дарменова Л.И. – III деңгей	және нақты іс-шара үшін қажет жағдайда	(5,6,7,9,10 класс) – Lesson Study (сабақты зерделу), коучинг, менторинг, тапымгерлік	
Жас мамандар тобы		Куразова К.С. – математика пәнінің мұғалімі		АОҒТО – облыс мектептерінің педагогтарына шебер-кластар, семинарлар;	
		Бегжанова Н – физика пәнінің мұғалімі		«Өрлеу» АОКБАИ – курстың даушыларына коучинг, шебер-кластар, іс-тәжірибе бөлісу	
		Едигеева А – химия пәнінің мұғалімі			
		Ахметов Д – дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі			
		Жолдаспаева Б – тәрбиеші			
		Демеубаева Ж - тәрбиеші			

Мұғалім көшбасшылығының «жүрегі» - ынтымақтастық



«Зерек» қоғамдастығы



«Зерек» қоғамдастығының мөрі




«Зерек» қоғамдастығының мүшелері:




1. Нурбаева М.К – I деңгей
2. Мыңжасарова Г.И. – III деңгей
3. Дарменова Л.И. – III деңгей
4. Қуразова К.С. – математика пәнінің мұғалімі
5. Бекежанова Н – физика пәнінің мұғалімі
6. Едигеева А – химия пәнінің мұғалімі
7. Ахметов Д – дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі
8. Жолдасбаева Б – тәрбиеші
9. Демеубаева Ж - тәрбиеші

Желінің сәттілігі адамдардың ұстанымдарына, қажырлығы мен күш-жігеріне байланысты

Кәсіби қоғамдастық




Желілік білім беру қоғамдастығының жоспары



Басқару және бағалау	Құрастыру және бағалау	Құрастыру және бағалау	Құрастыру және бағалау	Құрастыру және бағалау
Құрастыру және бағалау				
Құрастыру және бағалау				
Құрастыру және бағалау				
Құрастыру және бағалау				
Құрастыру және бағалау				
Құрастыру және бағалау				
Құрастыру және бағалау				

## «Зерек» кәсіби қоғамдастығының құрылымы



- Пән бойынша оқушылардың білім, білік, дағдысын зерделеу.
- Жас маманмен жұмыс.
- Өзара сабаққа қатысу.
- Өзара іс-тәжірибе алмасуы.
- Пән бірлестіктерінің арасындағы байланыс.

- Сыныпты, жекелеген оқушыларды зерттеу.
- Тәлімгерлік үдеріс.
- Сабақ эвалюациясы.
- ІS үдерісінің алғышарттары.
- Қоғамдастықтар арасындағы желілік байланыс.

1. Жоспар
2. Іс-әрекет
3. Қадағалау
4. Рефлексия

- > Жергілікті білім беру орталықтары мен мектеп арасындағы байланыс.
- .-.-> Мектеп әкімшілігінің бақылауы.
- > Пән бірлестіктері арасындағы байланыс.
- .-.-> Кәсіби қоғамдастықтар арасындағы байланыс.
- > Әдістемелік бірлестіктер мен қоғамдастықтар арасындағы байланыс.

## **Мектеп-интернаттағы кәсіби қоғамдастықтар мен пән бірлестіктері арасындағы байланыс**

*Аудит. Сауалнамаладың тапсырмаларын орындау кезінде жинақталған деректерді талдау*

Мектептің ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру, команда құру, оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуде жұмыс жасау үшін мұғалімдердің мектепшілік 7 кәсіби қоғамдастығы құрылып, жұмыс жоспары жасалды. Ең әуелі бағдарламаның оңтайлылығына іс-тәжірибеде көз жеткізу үшін, оқушылардан сауалнама алынып, «оқушы үні» тыңдалды. «Даму басымдылықтары» модулімен танысқанда, бұл мектепке енгізілетін өзгеріске тікелей байланысты екенін, ол сауалнамадан шыққан мәселег тікелей қатысты. «Мектепшілік бақылауда оқушылардың интеллект деңгейін анықтау» тақырыбы талданғанда көп нәрсені ұғынуға, көп жағдайға жаңаша қарауға мүмкіндік ашылды. Мектепшілік бақылауда бұл тақырыпта деректер жинап, зерттеу жұмысын жүргізілмеген екен, енді осы бағытта болашақта жұмыс жүргізуді жоспарлап және бұл тақырыптағы деректер жинау мектеп үшін қажет екеніндігін, нәтижесі көп ұзамай өз жемісін беретіндігіне көз жетті. Деректер жинаудың қағидаттарына сүйенсек, жүйелілік, дәйектілік болатыны анықталды. Бұрын деректерді жинағанда түпкі нәтижесі мен тұжырымдамасына жете талданбайтындығы, енді мектептегі проблемаларды анықтау мен оны шешу жолдарын тауып, тұжырымдама жасауда көмегі бар.

Орындау үшін берілген тапсырмалардың мазмұнымен, мектеп оқушыларына, ата-аналарға және мектеп қызметкерлеріне арналған сауалнаманың сұрақтары талданды. Сауалнама нәтижелері алдағы жұмыс бағыттарына өз ықпалын тигізді. Әлем өзгеруде... М.Ганди «Болашақтың өзгеруін қаласаң, сол өзгерістің алғашқысы өзің бол» дейді. Сондықтан, жаңа форматтағы мектеп үлгісі болу үшін «Өз мектебімде қандай өзгеріс жасауым керек?», «Нені өзгертемін?», «Неге өзгертемін?» және «Қалай өзгертемін?» деген сұрақтар басшылыққа алынды.

Сауалнама - үдеріс, ол арқылы көзге көрінбейтін көп мәселелер жарыққа шығады. Аудитқа қатысушылармен зерттеудің маңыздылығы жөнінде ақпарат беріп, сұхбаттар алынды. Берілген сұрақтарға нақты жауап алу үшін, аты-жөндерін көрсетпей-ақ жауап берулерін ескертілді. Сауалнама алу кезінде барлық талаптардың орындалуына ерекше мән берілді: этикалық талаптар, ата-ананың келісімі және құпиялылық. Атқарылатын жұмыс күрделі емес, бірақ ауқымдылығы мен уақыттың қажеттілігін ескеріп, жұмыс жоспарын құрылып, бекітілді.

### **1. Деректерді жинау, өңдеу:**

- Мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар арасында сауалнама жүргізу (оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу үшін).
- Алынған мәліметтерді сараптау, қорытындысын шығару.
- Диаграммалар құру, салыстырмалы нәтижені байқау.

- Анықталған қажетті өзгерісті анықтау.
- Алдағы атқарылатын жұмыстарды жүйелеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу барысында 5-10 сынып оқушыларына (барлық оқушылардың 30%), ата-аналарына(30%) және мектеп қызметкерлеріне (30%) аудит өткізілді.

**Қорытынды.** Мұғалімдердің «Мектепте жазбаша құжатталған жоспарға қарағанда, жоспарлау үдерісі аса маңызды деп саналады», «Біз өз жоспарларымызды бірлесіп таңдаймыз және өзгертеміз» деген сұрақтарға «кейде» деп берген жауаптардың себебін анықтау қажет. Болашақта өзгеріс енгізіп, жоспар құрған кезде не үшін, қандай мақсатта деп **ақылды мақсаттар мен жоспарлар** құру керектігі туындайды.

**Ата-аналарға арналған сауалнама көрсеткіштері:** Сауалнамаға барлығы 140 ата-ана қатысты, яғни жалпы санының 31,2%. Олар берілген 12 сұраққа «толық келісемін», «келісемін», «келіспеймін» және «үзілді-кесілді келіспеймін» деген жауап нұсқаларының біреуін таңдап жауап берген болатын.

Төмендегі кестеде көрсетілген сұрақтарға ата-аналардың 80-90% «толық келісемін» деп жауап берген.

1	Менің балам бұл мектепте өзін жайлы сезінеді
2	Менің балам бұл мектепте жақсы жетістіктерге жетіп жүр
3	Менің баламды бұл мектепте жақсы оқытады
4	Бұл мектеп менің балама жақсы қамқорлық көрсетеді

Төмендегі кестеде көрсетілген сұрақтарға 6, 8, 9, 10 сынып оқушыларының жекелеген ата-аналары «келіспеймін» деп жауап берген.

	Менің балама үй тапсырмасы қабілеттеріне сәйкес беріледі
2	Мектеп маған баламның оқуына қолдау көрсетеді
3	Мектеп менің сұрақтарым мен проблемаларыма тиісті түрде жауап береді
4	Мектеп маған барлық қажетті ақпаратты ұсынып отырады

### **Қорытынды:**

– Оқыту сапасын жақсарту үшін мектепте жүргізіліп жатқан жұмыстарға ата-аналардың оң нәтижелі жауап бергені қатты қуантты.

– Сауалнама алынған барлық ата-аналар «Сабақтағы тәртіпсіздік баламның білім алуына кедергі келтірмейді» деген сұраққа «үзілді-кесілді келіспеймін» деп жауап берген, яғни ата-аналар балаларының алаңсыз терең білім алуына сыныпта тәртіп болуын қалайды.

– «Келіспеймін» деп жауап берген 4 сұрақ бойынша проблемалар терең зерттеуді, шешу жолдарын табуды қажет етеді.

**Оқушыларға арналған сауалнама көрсеткіштері:** Мектеп-интернатта

қазіргі таңад 436 оқушы білім алуда. Сауалнамаға әр сынып оқушысының 30%-ы қатысты. Төмендегі кестеде оқушылардың сауалнамада берген жауаптарының ішіндегі ең өзекті, тез арада шешімін табу қажет деп тапқан сұрақтар көрсетілген:

1	Сабақтың өту қарқыны лайықты (сіз жаңа материал бойынша қаншалықты тез немесе баяу жұмыс істейсіз)
2	Мұғалім сіз орындап жатқан немесе орындаған жұмысқа байланысты жақсы кері байланыс ұсынады
3	Сіздің кім екеніңізді біледі және сыныпта атыңызбен атайды
4	Кері байланыс/ баға қою жиілігі (сіздің жұмысыңыз қаншалықты жиі бағаланады)
5	Сізді жеке тұлға ретінде құрметтейді
6	Идеяларды нақты түсіндіре алады

Сауалнамада берілген 12 (он екі) сұрақты мағынасына қарап, қолжетімді мақсаттармен салыстыра отырып, талдау жасалды. Сонымен қатар оқушылардың білімі, өмірлік ұстанымы, өзін-өзі реттеу деңгейі, креативтілік қасиетін, мұғалімнің сабақ беру жүйесін қолданатын әдіс-тәсілдерін бағалауға мүмкіндік беретін – оқушының дәптерлері, күнделіктерін жинау арқылы да қосымша мәлімет алынды. Мектеп үшін ата-аналардың пікір де маңызды. Сондықтан олардан сауалнамалармен қатар, сұхбаттар алу арқылы еркін диалогқа түсуге мүмкіндік туды. Қандай да болмасын мәселені талқылау және өзіндік пікірін білу мақсатында сұхбат мұғалімдер мен оқушылардан да алынды. Алынған сұхбаттар көбіне еркін немесе бағытталмаған сипатта болды. Сұхбаттың мұндай түрі – сұхбат берушінің ойын еркін жеткізуіне, қисынды ойлауы мен сөйлеу сауаттылығын пайымдауға, нақты жауаптар арқылы дерек алудың тиімді әрі қысқа жолы болды. Олардың жауаптары оқу мен оқыту үдерісінің деңгейін анықтап, енгізіліп отырған өзгрістердің тиімді немесе тиімсіз жақтарын көруге мүмкіндік берді.

**Қорытынды:** Жекелеген сұрақтардың құрылымы тереңірек нақтылауды қажет етеді. Сондықтан, оқу-тәрбие ісіндегі кейбір мәселенің шығу себебін анықтап, шынайы жауап алу үшін қосымша сұрақтар берілді. Мысалы: «Қандай пәндер ұнайды?», «Сабақтың қалай ұйымдастырылғанын қалайсың?» (топпен, жұппен жұмыс және дәстүрлі сабақ) және т.б. Мұндай сұрақтардың жауабы нақты қандай пәнге және қай пән мұғаліміне көмек ұйымдастыру қажет екендігін анықтауға көмектеседі.

**Қорытынды:**

- Ұнамайды деп белгілеген пәндерден lesson study сабақтар топтамасын ұйымдастыру.
- Аудит қорытындысын терең зерттеу арқылы мектептің басым бағыттары анықталды.
- Педагог кадрларға 7 модуль бойынша коучинг ұйымдастыру арқылы

кәсіби дамуын жетілдіру.

- Кембридж бағдарламасының жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу.
- Кәсіби желілік қоғамдастық жұмысын жетілдіру.

**Сауалнаманың сәтті жағы:**

- қамту аумағы кең;
- нақты, шынайы нәтиже;
- мәселені терең зерттеу мүмкіншілігі;
- сұхбат жүргізу;
- қолдау табу;
- сауалнама қорытындысы мектептің дамытуды және жақсартуды қажет ететін бағытын анықтауға көмектесті.

**Сауалнаманың сәтсіз жағы:**

- сауалнама алу мәдениетіндегі кемшіліктер;
- жекелеген сұрақтардың құрылымын шынайы жауап алу үшін өңдеу.

Алынған сауалнамаларды талдай келе топтық жұмысты жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдер арқылы ынтымақтастық ахуал орната отырып, жаңаша оқыту мен оқуға көшу қажеттілігі туындады. Мақсатты нәтижеге қол жеткізу үшін мынадай мәселелерге айрықша назар аудару:

- жаңа үлгідегі мектепті дамыту жоспарын жасау;
- даму басымдылықтарын анықтау;
- мұғалімдердің нәтижелілігін бақылау мен бағалау;
- мұғалімдердің кәсіби желілік қоғамдастығының дамуын жетілдіру;
- бөлінген көшбасшылықты жүзеге асыру;
- командалық жұмысты және бірлескен оқуды ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің көшбасшылықтағы белсенділігін жетілдіру;
- коучинг пен тәлімгерлікті басқару мен жүргізу;
- «*Lesson study*» үрдісін жүзеге асыру.

Оқу-тәрбие үрдісінде жүргізілген зерттеу жұмыстарын сараптай келе, мектеп-интернаттың басым бағытын анықтауға мүмкіндік туындады. Мектеп-интернаттың басым бағыты: «*Диалогтік оқыту тәсілін тиімді пайдалану арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру және басқару жүйесін оңтайландыру*». Өзекті мәселесі бойынша оқушылардың жеке-тұлғалық қабілетін дамыту және зерттеу жұмыстарын жүйелеу негізге алынды.

### ***Мектептің даму жоспары***

Мектепті дамыту жоспары – білім беру ісіндегі мектептің өзіне тән мазмұнын және оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылу ерекшеліктерін сипаттайтын нормативтік басқару құжаты. Мектептің даму жоспары – мектептің моральдық мақсатын, мәдениетін және мүдделерін растауды, мектептің қазіргі қалпын, күшті және әлсіз жақтарын, оқыту мен оқу сапасын арттыруға, мектепті басқару мен дамуына әсер ететін басқа да факторларды бағалауға септігін тигізеді. Жоспарлаудың нәтижелілігі – әрбір табысты ұйымның маңызды элементі.

## Мектепті дамыту жоспары

Мектепті дамыту жоспарының мақсаты	Нәтиже мен табыс критерийлері
<p>1. Педагог қызметкерлердің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, көмектесу.</p> <p>2. Оқу-тәрбие үрдісінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігін түсіндіру, тәжірибеде қолдануды жетілдіру.</p> <p>3. Мектепте мұғалімдердің қоғамдастығын құру, желілік қоғамдастықты дамыту.</p> <p>4. Оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік ізденістер дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>5. Ата-ана және жұртшылықпен жұмыс түрлерін түрлендіру.</p>	<p>1. Мұғалімдер өз әдістемелерін жетілдіруге талпыныс жасайды, оқыту тәжірибелерін үнемі дамытып отырады.</p> <p>2. Жеке қажеттіліктерге байланысты жұмыстағы қиындықтарды анықтау үшін бағалауды тиімді қолданады.</p> <p>3. Өз бетінше жұмыс жасау барысында оқушылардың сенімділіктері артып, сөйлеу мәдениеті жетіледі.</p> <p>4. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, класта ынтымақтастық жағдай қалыптасады.</p> <p>5. Мұғалімдер «<i>Lesson study</i>» тәсілі бойынша сабақ беруді үйренеді, оқушыларды зерттеп, бір-біріне қолдау көрсете алады.</p> <p>6. Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігі артады.</p>

№	Іс-шара	Мақсат	Ресурс тар	Жауапты	Мониторинг	Мерзімі	Нәтиже
1.	Мектеп көшбасшылары мен, әдіскер мұғалімдермен әңгімелесу, жұмыс бағытын анықтау	Мектептің даму бағытына сай жұмыстарды жүйелеу, кәсіби қоғамдастық құру	Сұхбат, пікірлесу	I деңгей мұғалімдері	2-3 күн	Даму жоспары бойынша іс-әрекеттің басталу кезеңі	Дайын ақпарат
2.	Мектеп мұғалімдерімен коучинг жүргізу, тәлімгерлік ету	Жаңа бағдарлама және 7 модульмен таныстыру	Бағдарлама, нұсқаулық, презентация	Мектеп мұғалімдері, пән бірлестік жетекшілері	әңгімелесу	Жыл бойы	Мұғалімдер жобаның негізгі идеясын түсінеді.
3.	Сабақты зерттеуді үйрету	Мұғалімдерді « <i>Lesson study</i> » тәсілімен таныстыру, маңыздылығын таныту	Таныстырылым, сабақ жоспары	Пән бірлестіктерінің жетекшілері, II деңгей курсынан өткен мұғалімдер	баяндау, әңгімелеу, түсіндіру	Кесте бойынша	Мұғалімдер де жаңа идея туындайды, бірлесе жұмыс жасауға қадам жасайды.
4.	Оқушылардың өз бетінше білім алуына бағытталған бағалау жүйесі	Мектептің бағалау жүйесі туралы мұғалімдер мен оқушылардың ой-пікірлерін білу	сауалнама	Көшбасшы-мұғалімдер	1-2 күн	Кесте бойынша	Сауалнама нәтижесі бойынша жұмыс түрлерін саралау

5.	Коучинг және тәлімгерлік жұмысын жүргізу	Мұғалімдерге әдістемелік, кәсіби көмек көрсету	Сабак жоспарлары, үлестірмелі материалдар	Тәлімгер, тәлім алушы, талантты мұғалімдер	Жаңа бағдарлама және жеті модульмен таныстыру	Жоспарлы түрде	Тәлім алушы өзінің білімін, тәжірибелік іс-амалдарын жетілдіреді, проблемаларды шешу жолдарын іздейді, кәсіби білімін жетілдіреді.
6.	Мектеп мұғалімдері мен оқушылардан білім сапасы туралы сауалнама алу	Мұғалімдерге тәжірибесін жетілдіруге, оқушылардың өздігінен ізденуге ынталы болуына ықпал ету, жеке ой-пікірлерін білу	сауалнама	Мұғалімдер, оқушылар, көшбасшы-мұғалімдер	1-2 күн	Жоспарлы	Дайын ақпарат
7.	Желілік қоғамдастық	Өзара сенімге негізделген қарым-қатынас арқылы пікір алмасу, әріптестік көмек, колдау көрсету	Таныстырылым, коучинг жоспарлары	«Smart teachers kz» желілік қоғамдастығы	Мәселелерді бірлесе шешу, қиындықтан шығу жолдарын қарастыру, талдау, ой бөлісу	Жоспарлы	Қоғамдастық мүшелері бірлесе жоспар құрады, алдағы мақсатты айқындайды.
8.	Коучинг жүргізу	Өзара бірлескен әрекеттер арқылы баламалы шешімдерді қабылдауға үйрету, өз біліктілігін арттырудың қажеттілігін ұғындыру	Бағдарлама, нұсқаулық, үлестірмелі материалдар	II, III деңгей мұғалімдері	Баяндау, ой салу, саралау	Қоғамдастық жоспары бойынша	Мұғалімдер мәселені талқылай алады, тәжірибені ой елегінен өткізеді.
9.	«Lesson study» тәсілімен зерттеу сабағын ұйымдастыру	Мұғалімдерге ынтымақтастық жұмыс жасаудың тиімділігін таныту	Сабак жоспары, талдау, талқылау, бақылау жазбалары	«Сенім» кәсіби қоғамдастығы	Жаңа мақсаттар, кері байланыс	Қоғамдастық жоспары бойынша	Пән мұғалімдерінің кәсіби тұрғыдан дамуы жетіледі, өзара ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

10	Кері байланыс	Жүргізілген іс-шараларды ой елегінен өткізу, кедергілер мен кемшіліктердің себеп-салдарын анықтау, алдағы күндерге жоспар құру	Жүргізілген іс-шаралардың жоспары, фотосуреттер, бейне жазба материалдары	Көшбасшы- мұғалімдер	Ой қорыту, жаңа мақсаттар мен ізденіс	Қоғамдастық жоспары бойынша	Мұғалімдер болашақта не істеу керектігін, қандай тәсілдің тиімді екендігін ойланады, қажеттілікті ерді анықтайды.
11	Оқушылардың дамуын диагностикалау негізінде диалогтік оқыту мәселелер бойынша жұмысты жалғастыру	Келешектегі әлеуметтік тапсырысты қанағаттандыруға ықпал жасау	Оқу сабақтары, кластан тыс шаралар	Мектеп әкімшілігі, пән бірлестік жетекшілері	Мұғалімдердің белсенділігін арттыру	Жоспар бойынша	Жоспарланған жұмыстардың өзгерістерін байқайды.
12	Мұғалімдердің үздіксіз дамуы	АКТ модулін меңгеру Сыни ойлау модулін меңгеру. Оқытудағы жаңа тәсілдер -Дарынды және талантты оқушылар мен жұмыс -Бағалау -Көшбасшылық -Диалогтік оқыту	Білім жетілдіру орталықтары, коучинг сабақтары	Әдістемелік кеңес	Маңызды мәселелерді ерекшелену, жүйелеу	Жоспар бойынша Тоқсан сайын	Білім саласы бойынша тәжірибелік инновациялық жұмыстарды жүзеге асырады.
13	Дарынды балаларды пән олимпиадаларына дайындаудың жаңа технологиялары	Оқушылардың бейнелі ой-өрісін дамытып, шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына мүмкіндік туғызу	Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту	Мектеп әкімшілігі, пән бірлестік жетекшілері	Пән бойынша жоғары деңгейлік тапсырмалар, логикалық сұрақтар	Желтоқсан айы	Оқушылар өзара ынтымақтастықта білім ортасын құра алады.
14	«Мектептің оқу үдерісіне өзгерістің ықпалы қандай?»	Оқу үдерісінің жағдайын анықтау	TALIS нысаны бойынша сауалнама деректерін қолданып, мектеп мұғалімдерінің даму басымдылықтарын анықтау	Мектеп әкімшілігі, пән бірлестіктерінің жетекшілері Мектеп дир. оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Білім сапасының талдауы, ой-пікірлер	Қараша Қаңтар	Талдау қорытындысы таныстырылады, өзгерістің ықпалы, тиімділігі сараланады.

15	Мектеп мұғалімдерінің даму бағыттарын анықтау	Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруде қоғамдастық жұмысын жандандыру	Зерттеу сабақтары, «Lesson study» сабақтары	Мектеп әкімшілігі	Шығармашыл бағыттағы ой-пікірлер	Қаңтар айы	Мұғалімдердің психология - педагогикалық күзiреттiлiгi жетiледi.
16	Жас мамандардың кәсіби шеберлігінің шындалуына әдістемелік көмек көрсету	Сабақ барысында оқыту технологияларын тиімді пайдалануға бағыттау	Мұғалім философиясының қалыптасуы және дамуы	Тәлімгерлер, II, I деңгей мұғалімдері	Класта топтық ізденісті ұйымдастыру жолдары	Ақпан айы	Мұқияттылық, ой толғаныс, бақылау арқылы ынтық-ықпал арттады
17	Оқытуды эвалюациялау	Оқыту тәжірибесіндегі өзгерістерді қадағалау	Тізбектелген сабақтар топтамасы	Тәлімгерлер	Сабақ жоспарлары, оқушы жұмыстары	Ақпан айы	Оқытуда АКТ тиімді пайдалана алады.
18	Оқушылар білімін тексеретін тақырыптық, шығармашылық бақылау жұмыстары	Дамыту барысындағы нәтижелердің қалай жүзеге асып жатқандығын тексеру	Бақылау жұмыстары	Директордың бейіндік пәндер жөніндегі орынбасары	Бақылау, қадағалау тест тапсырмалары	Наурыз айы	Ақпарат, мәліметтер өңделеді.
19	«Мектеп. Ата-ана. Оқушы.» (ата-аналармен коучинг)	Оқыту мен оқу жүйесіндегі өзгерістер туралы жұртшылықпен және ата-аналармен ақпарат алмасу жүйесін құру	Ата-аналармен және жұртшылықпен жүргізілетін іс-шаралар	Сынып жетекшілер, тәрбиешілер, мектеп психологы	Сауалнама, сұхбат, түсінік жұмыстары	Наурыз айы	Ата-аналар өзара қарым-қатынастың негізгі мақсатын түсінеді.
20	«Біз оқыту үдерісінде нені меңгердік, неге қол жеткіздік» коучинг сессиясын ұйымдастыру	Жүргізілген жұмыстардың мониторингін шығару арқылы мұғалімдердің нәтижесін байқау	7 модуль бағдарламасы, үлестірмелі материалдар, АКТ	Мектеп мұғалімдері	1-2 күн	Сәуір айы	I, II, III деңгей мұғалімдері атқарылған іс-шараларды жүйелейді, талдау жасайды.
21	Жаңа заман талабына сай ата-ана, педагогикалық ұжым және оқушы арасында бірлескен әрекеттер жүйесін қалыптастыру.	Жүргізілген жұмыстарға кері байланыс жасау, жұмысты тиянақтау	Сауалнама	Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар	1-2 күн	Мамыр айы	Дайын ақпарат

## Мектептің даму жоспарының жобасы және бастапқы нәтижелерді талдау

Қазіргі таңда оқыту философиясында мұғалімнің зерттеуіне үлкен мән беріледі. Бұл ұғымды «зерттеу», «іздену», «іс-әрекет», «ұжымдық», «сыни» деген сын есімдерді бір-бірімен немесе «мұғалім», «практик» сөздерімен бірге байланыстырып атауға болады. Шетелде бүгінгі күні «практиканы зерттеу» және «іс-әрекетті зерттеу» деген сөз тіркестері жиі қолданылады. Дж. Ф. Бауман және А.М. Даффи - Хестер бұл өз әдістемесі мен әдісі бар жеке жанр деп келтіреді. Дж. Дьюи зерттеуге шынайы жағдай қажеттігін айтады, сонда ойлануға, ой толғау жасауға мүмкіндік туындайды. Оқыту үдерісінде мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құрылды. І деңгей мұғалімдері (8) негізгі көшбасшылықты атқарады және тәлімгерлік жұмысын жандандыруға көңіл бөледі. Сыныптар бойынша мектепшілік желілік қоғамдастықтың құрылуы – мұғалім жұмысына әдістемелік қолдау көрсетудің бір құралы. Желілік қоғамдастықтағы педагогтар қызметінің рөлі - іскерлік, шығармашылық ұжымдасу екеніне көз жеткізді. Кәсіби қоғамдастықтың негізгі міндеті - оқушылардың оқуын жақсартуға, ата-аналармен жұмыста белсенділік танытуға бағытталған. Қоғамдастық жұмысы ақылды мақсаттарға негізделіп, өзгерісті жүзеге асыру және қолдауға ықпал етеді. Мектептегі кәсіби қоғамдастық мүшелері бір-бірімен өзара ынтымақтастықта болып, бір-біріне қолдау көрсетіп, әріптестерінің кәсіби тұрғыдан жетілуіне көмектеседі. Мектеп көшбасшылары мұғалімдер мен оқушылардың өзгерістерді тиімді еңсеруіне мүмкіндік туғызып, талантты мұғалімдерге сенім артып, ата-аналармен тығыз байланыста болады. Бұл мектептің даму бағытына сай іс-шараларды жүзеге асыруға оң әсер етеді. Мектептегі командалық жұмыстың кеңінен қолданылуын дамыту барысында мұғалімдер мен ата-аналар үшін коучинг сессиялары ұйымдастырылып, желілік қоғамдастықтағы іс-шаралар да барынша қамтылып отырды. Жүргізілген жұмыстар барысында мұғалімдердің тәлімгерлік жүйесін тиімді пайдаланып, ынтымақтастықта бірлесе жұмыс жасай бастағандарын байқалды. Мұғалімдер өзгеріс енгізу негізінде оқушылардың пікірлерінің маңыздылығын түсіне бастады. Қандай да болмасын іс-шараларды жоспарлауда, дамытуда жетістіктері мен кемшін тұстары байқалып отырады. Өзгеріске бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру барысында **сәтті шыққан жақтары:**

- әр қоғамдастықта коучинг сессиялары мен «*Lesson study*» зерттеу топтары табысты ұйымдастырылды;
- мұғалімдер өзара ынтымақтастықта бірлесе жұмыс жасауға ықылас танытты;
- мұғалімдер өз мүмкіндіктеріне қарай басқару, үйлестіру, дамыту топтарына біріктірілді;
- психологиялық тренингтер мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оларға үлкен ой салды;
- мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасып, қоғамдастық жұмысының

аясы кеңейді. Біздің мектеп облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен облыстың мектеп директорлары үшін оқыту семинарларын өткізетін эксперименттік алаң;

– мектептің II деңгейлі сертификатталған мұғалімдері әр жұма сайын облыс мұғалімдеріне облыстық әдістемелік орталығында ұйымдастырылатын оқыту курстарында коучингтер өткізеді.

Ұйымдастырылған жұмыстардың сәттілігімен қатар, **кемшін тұстары** да байқалды:

– дәстүрлі сабақ стиліне үйренген мұғалімдер белсенділік таныта қоймады;

– ата-аналар өзгерістің қажеттілігін қолдай тұра, коучинг кезінде уақытты тиімді пайдалана алмады;

– кейбір талантты мұғалімдер өз мүмкіндіктерін бағалауда сенімсіздік байқатты;

– жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігін мойындағысы келмеген әріптестер де болды.

Оқыту мен оқу тәжірибесіне енгізілген өзгерістерді мынадай жағдайлардан байқауға болады:

– Сыныпта жақсы хал-ахуал қалыптасып, оқушыларда еркін қарым-қатынас туындады.

– Әріптестер өздерінің сәтті, сәтсіз тәжірибелерімен бөлісе бастады.

– Оқушылар бар күшін құрдастарын оқытуға жұмсады, диалогтік оқытудың мәнін ұғынды.

– Мұғалімдер кәсіби шеберлігін шындап, бір-бірімен тәжірибе алмасты.

Мектептегі байқалған өзгерістер, ол мұғалімдерге, оқушыларға қалай ықпал етті?

– Біріншіден: орта мерзімді жоспар жасалды.

– Екіншіден: түрлі іс-шаралар өткізілді.

– Үшіншіден: жоспарлау, талдау, бақылау, бағалау жұмыстары жүргізілді.

**Нәтижесінде:** Мұғалімдер оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді өз тәжірибелерінде қолдана бастады. Олар өз сабақтарында диалогтік оқытудың тиімділігі негізінде жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастырды. Жаңа әдіс-тәсілдерге сай сабақ құрылымдарын жасады, жетістіктері мен кемшіліктерін саралады. Тәлімгерлік, коучинг сессияларынан кейін педагог қызметкерлердің бірте-бірте кәсіби тұрғыда өскендігін байқалды.

### **TALIS сауалнамасының нәтижелеріне талдама**

Мектептің нәтижелілігі мұғалімдердің оқушыларға беретін білімінің сапасымен, олардың оқушыларға қолдау көрсету және ынталандыру, сонымен қатар оқушы бойындағы ерекше қабілеттерді, дағдыларды анықтай алу қасиетімен өлшенеді. Оқушы бойындағы ерекше қабілеттерді анықтау - табысты әрі талантты мұғалімдердің еңбегі. Мектептегі табысты оқыту жайы, мұғалімдердің оқушылардың оқуына қалай ықпал ететінін анықтауда *TALIS*

сауалнамасының маңызы зор. *TALIS* сауалнамасы мектептің алдағы даму бағыттарын анықтауға көмектеседі, мектептегі өзара жағымды қарым-қатынастың туындауына ықпал етеді. *TALIS* – оқыту мен оқу саласындағы халықаралық зерттеу. *TALIS* сауалнамасы негізінде мектеп басшылары мұғалімдердің кәсіби дамуы, ұстанымдары мен оқыту әдістері туралы мәлімет алып, мұғалім жұмысын тексере алады. Осы мақсатта мектептегі барлық мұғалімдерден сауалнама алып, зерттеу жұмысын жүргізу жоспарланды. Педагог қызметкерлерге сауалнама арқылы жинақталатын барлық мәлімет құпия сақталатыны және сауалнамаға қатысу ерікті түрде жүзеге асатындығы ескертілді. Кез келген мұғалім қай уақытта болса да сауалнамаға қатысудан бас тарта алады. Мектеп мұғалімдері сауалнама ережесімен толық танысты. Соған қарамастан барлық мұғалім ерікті түрде сауалнамаға қатысуға ықыласты болды.

Алдымен *TALIS* сауалнамасының сұрақтарымен ерекшелігі мынада:

1. Мұғалімдер мен мектеп басшыларына білім беруді талдап, осы саладағы саясатты дамытуға үлес қосуға мүмкіндік беретін халықаралық зерттеу болып табылады.

2. Бүкіл ел бойынша жиналған бұндай деректердің салыстырмалы талдауы елдерге осы сияқты проблемаларға тап болып отырған басқа елдерді саралауға және басқа да стратегиялық тәсілдерден сабақ алуға мүмкіндік береді.


Осы сауалнама арқылы жинақталған барлық ақпарат жасырын қаралады екен. Осы сілтеме арқылы бұл сауалнаманың осы кезге дейінгі орындалған басқа сауалнамалардан айырмашылығы осы. Мектеп-интернатта өткізілген сауалнама деректеріне салыстырмалы талдау, осы зерттеуге қатысатын әлемдегі басқа 23 елдің ішіндегі осы сияқты проблемаларға тап болып отырған басқа елдерді саралауға мүмкіндік береді. Сауалнама төмендегідей бөлімдерден тұрды және әр бөлім 10 сұрақты қамтыды. Төменде алынған деректерді талдап, МДЖ үшін маңызды деп есептеген мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіру бөліміне баса көңіл бөлінді. Себебі, Қазақстандағы бүгінгі білім сапасының әлемдік білім деңгейінің өсу дәрежесіне сай келуіне мүмкіндік туғызатын және жауап беретін маңызды тұлға – мектеп мұғалімдері. Сол себепті алынған сауалнамадан терең зерттеуді қажет ететін сұрақтар мен жауаптардың транскрипті төмендегідей болды:

**1-сұрақ: «Жынысыңыз қандай?»** Мектепте сауалнамаға қатысқан 53 мұғалімнің ішінде ер адамдардың саны – 9, яғни мұғалімдердің жалпы санының 17%, әйел мұғалімдердің үлес салмағы 80%-дан жоғары. Мектеп мұғалімдерінің кем дегенде 20% ер азаматтар болуы тиіс деп есептесек, біздің мектеп үшін ер мұғалімдердің санының көп болуының алатын орны ерекше. Өйткені, біздің мектепте білім алушылардың 70% ауыл балалары болғандықтан, олардың барлығы отбасынан қашықта, жатақханада жатып оқиды. Осыған байланысты оқу-тәрбие үдерісінде ер мұғалімдердің үлес салмағының маңызы зор болмақ. Жалпы, бұл сұрақтың жауабы тек біздің мектеп жағдайында ғана емес, республикамыздың басқа мектептеріне тән өзекті проблеманың бірі. 2011-2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында гендерлік сәйкессіздік басты назарға алынған


мәселе екені белгілі. Сондықтан, мектеп әкімшілігі бұл мәселенің көрсеткіш деңгейін жоғарылату мақсатында сапалы іс-әрекеттер жоспарлауда. Мысалы, оқушыларға кәсіби бағдар беруде мектеп оқушылары мен түлектерін қабілеттеріне қарап мұғалімдік мамандыққа бейімдеу, бағыттау, тарту немесе ваканттық орындарға конкурстық негізде ер мұғалімдерді қабылдауға мән беру.

**2- сұрақ: «Жасыңыз нешеде?»**

Бұл сұраққа жауап берген 53 мұғалімнің ішінде жастары 50-ден аскандардың үлесі – 18,8%, ал 30 жасқа дейінгілер саны – 13, яғни жалпы санының – 5,6%. ҚР-да мұғалімдердің жас деңгейі қартайған, білімдері мен жұмыс тәжірибелері үлкен болғанымен, бүгінгі ғылыми-техникалық өскелең өмір талабына сәйкес еместігі айтылып жүр. Мектептегі мұғалімдердің ішінде зейнеткерлер саны – 2, ал зейнеткерлікке 1-3 жыл уақыт қалғандар саны – 3 болса, орта жастағы мұғалімдердің үлесі жоғары – 75,4%.



**9-сұрақ: Мұғалім ретінде істеп жүргеніңізге көп болды ма?**



Мектеп мұғалімдерінің 90%-ы 10-20 жыл уақыт аралығында мұғалім болып жұмыс жасап жүргендер. Сондықтан, мұғалімдердің педагогтық еңбек өтілдерінің уақыты-тәжірибе жинақтаған, оны сараптап, талдай білетін сарабал кезеңі. Олар бір-бірімен оқу мен оқытудағы өзекті


мәселелер төңірегінде пікір алмасып, бір-бірін шыңдауда көмек көрсете алады. Соңғы 2 жыл ішінде жұмысқа қабылданатын мұғалімдерге төмендегідей критерийлер қойылды:

- магистрлік білім деңгейінің болуы;
- деңгейлік курстары бойынша сертификатталуы;
- ер мұғалім;
- ЖОО үздік бітірген жас маман.


Осы критерийлерге сәйкес келген 6 мұғалім жұмысқа қабылданды.

**10-сұрақ: Осы мектепте мұғалім ретінде жұмыс істеп жүргеніңізге көп болды ма?**

Мектеп педагогтарының ішінде 15 жылдан артық уақыт жұмыс жасап жүргендердің саны – 10. Мектеп мұғалімдерінің 60%-ы осы мектепте 5 жылдан артық уақыт жұмыс жасап жүргендер. Бұл тұрақтылықты мектептегі психологиялық ахуалдың дұрыстығы деп тануға болады.



**11-сұрақ: Соңғы 18 айдың ішінде төменде көрсетілген кәсіби даму түрлерінің қайсысына қатыстыңыз және де алған біліміңіздің мұғалімдік тәжірибеңізге әсері болды ма?**



**а) Курстар/семинарлар (мысалы, пән бойынша, оқыту әдістері бойынша, оқуға қатысты басқа тақырыпта)** 42 мұғалім «қатыстым» деп жауап берген, яғни мұғалімдердің жалпы санынан үлесі – 76%. Оның ішінде 33 мұғалім «барған курстарымның әсері зор болды» деп жауап берген. Дәлелі ретінде, 2012-13 оқу жылының қазан айында мектеп мұғалімдері үшін СТО тәсілі бойынша ұйымдастырылған ақылы курсты айтуға болады. Ұйымдастырылған курстың мұғалімдер үшін тиімділігі неде? Біріншіден, мұғалімдер осы тәсіл бойынша сабақтар беріп, өзара сабаққа еніп, тәжірибе алмасты. Екіншіден, Кембридж әдісімен біліктілік курстарында оқыған мұғалімдер үшін бағдарламаны еркін меңгеріп кетуге оң ықпал тигізді. Бұдан шығатын қорытынды: мектеп әкімшілігі Қазақстан мектептерінде 2015-2016 ж.ж. бастап 12 жылдық оқу жүйесінің енгізілуі және деңгейлік курстарының ұйымдастырылуын басшылыққа алып, педагог кадрлардың кәсіби даярлаудың мәртебесін көтеруді, білікті кадрлармен қамтамасыз етуді басты назарға алып

отырғандықтан қажетті, қызықты курстарды нақты таңдай білген.

**ә) Білім беру саласындағы конференциялар/семинарлар (онда мұғалімдер және ғалымдар өз зерттеулерінің нәтижелерімен таныстырады, білім беру проблемаларын талқылайды)** деген сұраққа 35 мұғалім «қатыстым және әсері зор болды» деп жауап берген. Талдау барысында мұғалімдерді білім беру саласындағы зерттеулер қызықтыратындығы байқалды. Мектеп мұғалімдері «Дарын» ӨҒПО, облыстық оқу-әдістемелік орталықтарының тыңдаушылары үшін облыстық деңгейде семинар сабақтарын өткізеді. Мұғалімдердің кәсіби дамуына мұндай шаралардың қандай пайдасы бар? Облыстық деңгейдегі семинарлар мен курстардың үйретері көп, «тірі сабақтар». Мұғалімдер өз әріптестерімен оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер жөнінде ой бөліседі. Оқыту тәжірибесінде оқушылардың оқу үлгерімін жақсартуға көңіл бөледі. Оқушыларды зерттеушілік бағыттағы жұмыстарға бағыттаудың жаңа әдістерін талқылай алады.

**б) Біліктілік бағдарламасы (дәреже алуға бағытталған бағдарлама),** 31 мұғалім қатысып, оның 27-і ғана «әсері зор болды» десе, 4-еуі «әсері орташа болды» деп жауап берген. «Әсері орташа болды» деген қандай дәреже алуға бағытталған біліктілік бағдарламасы екен деген сұрақ туындады? Осы орайда біліктілік бағдарламасына нақты идеяларды ұсына алатын, оқыту мен оқудағы жаңа инновацияларды жеткілікті деңгейде түсіне алатын қызметкерлерді жіберу керек. Егер мұғалім біліктілік бағдарламасының мән-мақсатын терең түсіне алмаса, басқа әріптестеріне қалай тәлімгерлік жүргізеді.

**в) Танысу мақсатындағы басқа мектептерге сапарлар.** 11-ші сұраққа кіретін 7-ші сұрақшаның ішіндегі ең төменгі жауап осы. 31 мұғалім «танысу мақсатында басқа мектептерге бардым» десе, оның ішінде 22-і ғана «әсері зор болды» деп жауап берген. Демек, алдағы күндерде ерекше мән беретін - мәселе. Өйткені басқа мектептерге сапарларға жіберудің өзіндік мақсаты бар. Ол мектеп үшін маңызды ма, оқыту әдістеріне тигізер ықпалы бар ма? Кәсіби даму бағытындағы осындай шаралардың маңызын өз мәнінде сезіну, түсіну – әр мұғалімнің басты міндеті.

**г) Мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін арнайы құрылған мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығына қатысу** деген сұраққа 45 мұғалім «қатыстым» деп жауап беріп, оның 36-ы «әсері зор», 9 мұғалім «әсері орташа және аз» болды деп жауап берген. Бұл да ойланарлық мәселе. Себебі мектептегі кәсіби қоғамдастықтың құрылғанына көп уақыт болған жоқ. Жауап қорытындысы зерттеп, талдау жұмыстарын жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Сондай-ақ алдағы уақытта қоғамдастық жұмыстарын да қадағалап отырған жөн. Ал *з* және *д* сұрақтарына берілген жауаптар көңілге қонымды. Мұғалімдер тәлімгерлік пен коучинг сессияларының кәсіби даму мен тәжірибені жетілдіруде маңызының мол екендігін жоғары деңгейде атап көрсеткен. Осы бағыттағы жұмыстар мақсатқа сай ұйымдастырылған.

**18-сұрақ:** *Кәсіби даму саласындағы өз қажеттіліктеріңізді ескере отырып, төменде көрсетілген салалардың қайсысында даму қажет деп санайсыз?*

№	Салалар	Қажет емес	Қажеттілігі шамалы	Қажеттілігі орташа	Өте қажет
1.	Сабақ беретін негізгі пән(дер)іңіздің мазмұны мен табыс критерийлері			10	37
2.	Оқушыларды бағалау әдістемесі		2	1	48
3.	Сыныпты басқару		2	11	36
4.	Сабақ беретін негізгі пән(дер)іңіз бойынша білім және түсінік	1		6	42
5.	Сабақ беретін негізгі пән(дер)іңізді оқыту тәжірибесі туралы білім және түсінік			5	44
6.	Оқытудағы АКТ дағдылары			3	48
7.	Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту			2	49
8.	Оқушылардың тәртібі және мінез-құлық мәселелері		3	6	40
9.	Мектепті басқару және әкімдеу	1	3	8	35
10.	Көп ұлтты ортада оқыту	6	15	15	7
11.	Оқушылардан кеңес алу	1	1	13	33

Берілген сұрақтардың ішінде мұғалімдерден ең аз қолдау тапқан **«Көп ұлтты ортада оқыту»** сұрағы, ал **«Оқушылардан кеңес алу»**, **«Сабақ беретін негізгі пән(дер)іңіздің мазмұны мен табыс критерийлері»**, **«Сыныпты басқару»** және **«Мектепті басқару және әкімдеу»** салаларына 8-15 мұғалімге дейін «қажеттілігі орташа және шамалы» десе, ең көп жауап беріп, даму қажет деп қолдаған салалары: **«Оқушыларды бағалау әдістемесі»**, **«Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту»** және **«Оқытудағы АКТ дағдылары»**. Олай болса, бұл сұрақтарға деген қажеттілікті неге бөліп алып отыр деген оймен 11-ші сұрақтарға берген жауаптармен салыстырғанда, мектептің статусына сәйкес мұғалімдердің деңгейлік курстарында оқып келгеннен кейін туындаған жауап деген қорытынды жасалды. Яғни, дамыту керек деген сұрақтар терең ойлануды, әлі де болса нақты іс-әрекеттер жоспарлауды қажет етеді.

**24-сұрақ:** *«Осы мектепте алған бағаңыз және/немесе кері байланысыңыз төмендегі салаларды қаншалықты өзгертті немесе өзгерістің орын алуына ықпал етті?»* Бұл саладағы берілген барлық сауалнамаларға мұғалімдердің **«өзгеріске қатты ықпал етті»** деп жауап бергендері мені қуантты. Мектеп мұғалімдерінің осылай жауап бергендерінің

өзі олардың кәсіби біліктілігінің өсуіндегі оң өзгерістердің әсері секілді. Себебі, мектеп мұғалімдерінің 67 пайызы деңгейлік курстың сертификатына ие болғандар және олардың басым бөлігі тәлім алушыларды үйретуде. Әр педагог өзінің кәсіби дамуына айрықша мән беруде. Кәсіби даму - мұғалімнің білімі, тәжірибесі және басқа да педагогикалық қасиеттерінің жетілуі.

*TALIS* сауалнамасы мектептегі басқару жүйесі мен оқыту әдістеріне сыни тұрғыдан қарап, «қандай жоспарлы іс- шаралар сәтті орындалып жатыр, неліктен тиімді болды, не оңтайлы шешімін таппады, оған не кедергі болды?» деген сұрақтарға байланысты рефлексия жасауға өз әсерін тигізді. Белгілі іс-әрекеттер орындалған сайын, тәжірибе барысында оң өзгерістер бары аңғарыла бастады.

### **Сауалнаманың сәтті жағы:**

- мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіруге көңіл бөлінген;
- сауалнама сұрақтарының құрылымы ерекше сипатта;
- сауалнама сұрақтары аналитикалық, сатылары логикалық сипатта берілген;
- проблеманы терең зерттеу мүмкіншілігі барынша қарастырылған;
- нақты, шынайы нәтиже қол жеткізуге болады;
- сауалнама қорытындысы мектептің дамытуды және жоспарлауды қажет ететін бағытын анықтауға көмектеседі.

Сауалнамадағы 11, 18 және 24 сұрақтардан туындаған түйінді мәселелер алғашқы аудиторлық оқуда кездескен басымдықтармен байланысты болғандықтан, проблеманы шешудің іске асыру жоспарлары «Мектептің даму жоспарына» енізіледі. Оқушыларға тиянақты да терең білім беру, оларды жан-жақты жетілген отаншыл азамат етіп тәрбиелеу мектеп мұғалімдерінің қолында. Білім көкжиегінің кеңістігін меңгеруге қабілетті, білікті ұстаздар қауымын үнемі оқытып, сапалы маман даярлау – мектептегі ең басты міндет. Сондықтан мектеп мұғалімдерінің білім деңгейін үнемі жаңартып, толықтырып отыру – мектептегі кезек күттірмейтін мәселе. Табысқа қол жеткізу үшін енгізілетін өзгеріс туралы ойланып, өзгеріс енгізу салаларын анықтап алуда сауалнаманың көп көмегі болғандығын айта кету орынды. Жалпы алғанда сауалнама- белгілі бір іс-әрекеттің себептерін (тиімді – тиімсіз, сәтті – сәтсіз т.б.) анықтайтын дерек.

Іс-әрекеттегі зерттеу – өзгеріс енгізуге түрткі болатын проблемаларды қалыптастырып, оны шешуді қамтитын әлеуметтік жағдайлардағы оқыту үдерісі. Бұл жетілдіру мен араласудың кезеңдік нәтижесі болып табылады. Осындай өзгеріс себептерін анықтау сыни тұрғыдан зерттеуге жетелейді. Мектептің даму жоспарын нақты бағыттарға сай саралауға, қолжетімді мақсаттарды белгілеуге мүмкіндік береді. *TALIS* сауалнамасы бойынша қандай проблемалар кездесетіні сараланып, проблемаларды шешу жолдарын ойластыру керектігі жайында жаңа мақсаттар пайда болды. Келешекте қандай мәселеге көңіл аударуымыз қажеттігі айқындалып отырды. Сонымен қатар кері

байланыс арқылы сәттіліктер мен әлі де болса жетілдіруді қажет ететін жайттар да анықталып отырды. Соған орай жоспарлы жұмыстарды іске асырудың оңтайлы тұстарын реттеп отыруға мүмкіндік береді. Бұл мақсатты жүзеге асыруда Элейн Уилсонның іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу жолдары көмектесті.

Олар:

- Дамыту бағытын анықтаңыз.
- Зерттеу жүргізіңіз.
- Тәжірибені тиянақтап, зерделеніз.
- Қайтадан бастаңыз.
- Тәжірибені жетілдіріңіз.

Егер мен мектепте әр мұғалімнің кәсіби даму жоспарына назар аударып, оқу жоспарын мұғалімнің жұмыс сапасын арттыруға сай құрылымдалса, мұғалімдердің өз дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік туындайтынына көз жеткізуге болады. Себебі оқу жоспары- мектептің даму жоспарының бір бөлігі.

### **Мұғалімдер құзыреттілігінің бағалануына талдама**

Әлем өзгеруде. Бұл – өз кезегінде жеке тұлғаның өзгеруіне әсер ететін мүмкіндік. Әлемнің өзгеруі мен жеке тұлғаның қажеттілігі мұғалім біліктілігіне жаңа талаптар қояды. Оқыту мен оқу үрдісіндегі мұғалімнің құзіреттілігі оқушының шығармашылығы мен қабілеттілігінің заман талабына сай дамуына өз ықпалын тигізері сөзсіз. Соның негізінде оқу-танымдық әрекеттегі оқушының өзіндік уәжі жетіледі, мүмкіндік деңгейі артады. Бұдан « құзіреттілік дегеніміз не, оның маңызылығы неде?» деген сауал туындайды. Құзіреттілік - маманның тиісті сапа деңгейі мен тиісті жағдайдағы кәсіби қызметін тиімді және кепілді атқаруына қажет жеке қасиеттер жиынтығы. Басқаша айтқанда, құзіреттілік - тәрбие мен оқытудағы озық әдістерді жетілдіре отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастырудағы мұғалім жұмысының аспектісі, оны орындай алу деңгейі.

Жоспарланған коучинг және тәлімгерлік үдерісі, зерттеу сабақтары барысында мұғалімдердің құзіреттіліктері анықталды. Мұғалімдердің құзіреттіліктерін барынша нақты әрі әділ бағалау мақсатында мектепте мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы құрылды. Қоғамдастықтағы жетекші міндет І деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдерге жүктелді. Осы арқылы да мұғалімдердің бойындағы ұйымдастырушылық, басқарушылық, дамытушылық қабілеттері сараланып отырды. Мектепте кәсіби қоғамдастықтың жұмысын жандандыру барысында көптеген тиімді нәтижелерге қол жеткізе алдық. Қоғамдастық нәтижесінде, ең алдымен, мұғалімдердің қарым-қатынас құзіреттілігі артты. Осы тұрғыда бұрын әріптестерімен көп пікірлесе бермейтін, қоғамдық іс-шаралар аясында белсенділік танытпайтын мұғалімдер көп жақсы қасиеттерімен танылды. Тұжырымды, көңілге қонымды ой-пікірлер айтып, оқу мен оқытудағы өзгерістерді тәжірибеде қолданауға белсенді араласты. Математика, физика,

химия сабақтарында мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық орнап, сабақта диалог құрылды, жақсы психологиялық ахуал қалыптасты. Пән мұғалімдері оқушылардың сөз саптауына түсіністікпен қарап, тілдік кедергілерді жоюға көмектесті. Кәсіби қарым-қатынас мәдениеті дамыды. Осы орайда қарым-қатынас мәдениетінің дамуына «Мектеп мәдениеті: мұғалім-оқушы-ата-ана» тақырыбында ұйымдастырылған коучингтің әсері де мол болды.

«Lesson study» зерттеу – зерделеу сабақтарында тәлім алушы мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктері дамыды деуге негіз бар. Себебі мұғалімдер мағынаны таныту бөлімінде оқушылардың өз бетінше оқуын, өзін-өзі реттеуін үнемі жетілдіріп, қалыптастырушы бағалауды тиімді жүзеге асырып отырды. Осыған байланысты өз мүмкінділіктерін сабақ барысында, коучинг сабақтарында шынайы көрсете алған мұғалімдер іріктеліп, біліктілікті арттыру курстарына жіберілді, география, биология, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері кәсіби байқауларға қатысты. II деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдер оқыту мен оқудағы жаңа әдістерге негізделген коучинг сессияларын мектеп аясында ұйымдастырып қана қоймай, желілік байланыс арқылы тұрақты кәсіби байланыс орната білді. Коуч мұғалімдердің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың тақырыпты шынайы өмірмен байланыстыруына бағыт-бағдар жасалды. Коучинг жоспарлы бағдарлама бойынша өткендіктен, коуч мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі толыққанды бағаланды. Бұл өз кезегінде басқа мұғалімдердің желілік байланыс түрлерін тақырыпқа сай қолдана білу мүмкіндіктерінің жетілуіне игі әсерін тигізді. Оқушылар да сабаққа қатысты таныстырылым мен қажетті мәліметтерді тиімді қолдануға машықтанды. Пән мұғалімдерінің жеке электронды пошталары бар, сол арқылы олар бір-бірімен байланыс жасап отырады, бірлесе шешім қабылдайды. Мұғалімдердің 89%-ы сабаққа дайындалуда компьютерді тұрақты түрде қолдана біледі және жоғары дәрежеде меңгерсе, 11%-ы орта деңгейде қолдана алады. Бұған мектеп жағдайына байланысты мұғалімдерді конкурстық негізде қабылдаудың әсері мол.

Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тіл пәндерінің мұғалімдері, соның ішінде, тәлім алушы мұғалімдер сабақ барысын басқарудағы құзіреттілігі мен оқу үдерісін бағалау, талдау құзіреттілігін кәсіби тұрғыда біршама реттей білді. Сабақты жоспарлауда оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес жұмысты саралау қабілетін жетілдіруге мән беріп, түрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану жолдарын үйренді, оқыту барысында жүйелілікті сақтады.

Мектептегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін анықтау, табу және деңгейі бойынша іріктеу мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға 55 педагог қызметкер қатысты. Сауалнамада мұғалім құзыреттілігінің психологиялық-педагогикалық, қарым-қатынас, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және сабақ барысын басқарудағы түрлері бойынша сұрақтар берілді. Бұл сұрақтар бірнеше құрамдас бөліктер мен А, В, С деңгейлері бойынша жауаптарды қамтиды. Мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін анықтауға 4 сұрақ берілді.

Алынған нәтижелердің қорытындысы мынадай болды:

Құрамдас бөлігі	Оқушының оқуға деген уәжін ынталандыру және	Оқыту барысында оқушыны дамыту қабілеті	Оқушылардың оқудағы қиындықтарының себебін анықтау, оларды жоюға	Өз бетінше оқуға үйрету, оқуға рефлексия жасай	Жалпы	Үлесі (%)
А (алдыңғы)	40	38	41	43	<b>162</b>	<b>74%</b>
В (ортаңғы)	15	17	13	9	<b>54</b>	<b>24%</b>
С (төменгі)	0	0	1	3	<b>4</b>	<b>2%</b>

Мектептегі педагог қызметкерлердің 74 пайызының психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерінің алдыңғы дейгейде ал, 24 пайызының ортаңғы деңгейде екенін көруге болады. Алынған жауаптарды саралай келе осы бағыттағы құзыреттілігінің төмен деңгейін көрсетіп отырған мектебімізге биылғы оқу жылында қабылданған жас мамандарға сәйкес келетіндігі анықталды. Олай болса бұл мамандармен жұмысты, яғни тәлімгерлік үдерісті жүйелі жүргізу қажеттілігі туындап отырғанын көруге болады. Сонымен бірге құзыреттіліктері ортаңғы деңгейдегі мұғалімдердің кәсіби шыңдалуына ықпал ету керек екендігі айқындалды. Келесі мұғалімнің қарым-қатынас құзыреттілігін анықтауға мынадай сұрақ берілді:

1. Оқытушылық диалог құра білу, оқытуда оқушының мұғаліммен пікірлесуін ынталандыру қабілетін.

2. Сыныптағы оқу барысында оқушылар арасында пікір алысу және пікірталас жүргізетін орта құра білуін.

3. Оқушылардың сөз саптауына түсіністікпен қарау, тілдік кедергілерді жоюға көмектесу қабілетінің деңгейін анықтау мақсатында қойылды.

Мектеп мұғалімдерінің 94 пайызы қарым-қатынас құзыреттілігінің жоғары деңгейін көрсетсе, ал 6%-ы ортаңғы деңгейде екені анықталды. Осы ортаңғы деңгейді өз құзыреттіліктерін айқындаған мұғалімдер керісінше жас мамандар емес, дәстүрлі оқыту бойынша ұзақ жылдар бойы білім берген зейнеткерлікке жақын педагогтар екені белгілі болды.


Білім берудегі негізі жеті модульдің бірі – оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. Мектептегі мұғалімдердің осы бағыттағы құзыреттілігін анықтауға мүмкіндік беретін мынадай сұрақ қойылды:

1. Сабаққа дайындалуда компьютерді қолдана білуі.

2. «Интернет» жаһандық желісін қолдануы.

3. Электронды поштаны пайдалану жиілігі.

4. Сабақ үдерісінде мультимедианы қолдану деңгейін анықтау.




Алынған нәтижелерді өңдеу кезінде мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі бойынша шамамен 23-і жоғары, 26-і ортаңғы және 6-і төменгі деңгейде екенін көрсетті. Осы қорытындыны талдай келе мектеп мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігін дамытуға бағытталған іс-шараларды мақсат етіп қойылды. Педагог кадрлардың сабақ барысын басқарудағы құзыреттілігін анықтауда бірнеше сұрақтарға жауаптар алынды.

Құрамдас бөлігі	Сабақты жоспарлау қабілеті	Сабақ уақытын дұрыс	Оқушының топтағы нәтижелі жұмыс істеуін ұйымдастыру	Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тандай білу қабілеті	Оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес жұмысты саралау қабілеті	Жалпы	Үлесі (%)
Деңгейлер							
А(алдыңғы)	47	46	47	52	51	<b>243</b>	<b>88%</b>
В (ортаңғы)	6	9	8	3	4	<b>30</b>	<b>11%</b>
С (төменгі)	2	0	0	0	0	<b>2</b>	<b>1%</b>


Кестедегі нәтижелерді талдай отырып, мектеп мұғалімдерінің сабақ барысын басқарудағы құзыреттіліктерінің жоғары екендігі әрине қуантады. Дегенмен де бұл құзыреттіліктің жоғары деңгейде болуын мектептегі мұғалімдерінің сапалық құрамы мен деңгейлік курстардан өтіп, біліктілігін арттыруымен байланыстыруға болар еді. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін анықтаудағы жалпы қорытындысы төмендегідей болды:

Диagramманы талдай отырып мұғалімдердің АКТ-ны пайдалану құзыреттілігін арттыруда жұмыстанудың қажет екені айқын көрінеді.

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби қызметінің мазмұны мен сапасының бірыңғай талаптарын анықтауға бағытталған құзыреттілік талаптарының жалпы орташа көрсеткіші:



Мұғалімнің жауапкершілігіне әмбебап оқу әрекеттерін, әлеуметтік тәртіп құндылықтары мен үлгілерін, шынайы өмірдегі және әлеуметтік желідегі тәртіп дағдыларын, түрлі мәдениеттік қарым-қатынас пен төзімділік дағдыларын, түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған іс-шаралар МДЖ-2-нің негізгі табыс критерийлері болады. Мұғалімдердің құзыреттіліктерін бағалауда не сәтті болды, қандай мәселелерде қиындық туындады. Нақты талдап көрсетер болсақ, **сәтті және тиімді тұстары:**



- мұғалімдер педагогикалық тұрғыда үнемі оқушыларды ынталандыратын әдістерді дұрыс қолдануды меңгерді;
- диалогтік қарым-қатынас арқылы табысты оқуға жағдай жасауға қадам басты;
- тиімді жетекшіліктің әсері тренер келгенде анық байқалды;
- жұптық, топтық жұмыстардың мүмкіндіктері барынша тиімді пайдаланылды;
- мұғалімдер оқушыларға зерттеушілік бағыттағы жұмыстардың маңызын түсінікті деңгейде таныта алды.

Білім беру әдістері жоспарлы, түпкі нәтижеге бағытталғанына қарамастан, белгілі бір нәтижеге жетуде кемшіліктер де кездесіп отырды. Ал бұл кемшіліктер алдағы қадамдарды жан-жақты бағдарлау арқылы жасау керектігіне бағыттап отырды. Сонымен іс-әрекетті бағалаудағы **кемшіліктер:**

- тәжірибесінің молдығына қарамастан, білікті мұғалімдер қарым-қатынаста эмоцияға көбірек бой алдырып отырды;
- сабақ жоспарын жасауда бірізділік басым болды;
- коучинг сабақтарында ой-пікірді қорғауда өз қабілеттерін жеткілікті ұйымдастыра алмады;
- үнемі белгілі мұғалімдер ғана ұтымды ой айта білді.

## Аралық көрсеткіштер негізінде мектептің екінші даму жоспарын іске асыру және эвалюациялау туралы

Қазіргі өзгермелі қоғамда мұғалімдердің өз оқушыларының бойында ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру бағытында оларды жақсы оқытуы - кез-келген мектеп үшін негізгі мақсат болып тұр. Мектепті дамыту жоспарының негізгі міндеті - мектеп ұжымын оны дамытудың мақсатына жаппай жұмылдыру және үйлестіру. Мектепті дамыту жоспарының маңызды міндеттерінің бірі – оның білім мекемесі үшін 3-5 жыл бойы мәнді болып табылатын тақырып таңдауында. Түйінді мәселелерді шешу үшін мектеп туралы ақпараттық анықтама жинақталып, маңызды ақпараттар мазмұндалды. Мектептің алдағы 3-4 жылғы даму сипаттарын ашуға мүмкіндік беретін ақпараттар мазмұнды деп танылды. Дамыту жоспарына неғұрлым мәнді нәтижелердің мәліметтерін қарастыру мақсаты қойылды. Жанама деректер мектептің даму жоспарын жүзеге асыру барысында қосымша енгізіліп отыратындығы да ескерілді. Мектепті дамыту жоспары «мейлінше нені жетілдіру керек?», «жетілдіру үшін қандай әрекеттер жасау қажет?» деген сұрақтарға жауап алу мақсатында жасалды. Өзгеріс енгізу тобына талантты, дарынды мұғалімдер, бейіндік пәндер жөніндегі директордың орынбасары мүше етіп алынды. Олар оқыту мен оқудағы өзгерістерді тәжірибеде қолдануға назар аударып отырады. Мұғалімдерге жеті модульге негізделген тізбектелген сабақтар топтамасын жасауға көмектеседі. Мұғалімдердің ынтымақтастықта болуын, оқудағы өзгерістердің қарқынды жүзеге асуын қадағалайды. Кесте бойынша жоспарланған жұмыстарды мерзімінде тексеріп отырады. Осылайша мектеп жағдайында шешім қабылдау үдерісіне көмектеседі. Мектеп нәтижелерін талқылауда өзгеріс енгізу тобының ықпалы зор болды. Осының негізінде өзгеріс енгізер алдындағы оқушылардың оқу жайы туралы өзіндік ой-пікірлері үнемі ескеріліп отырғанын да айта кету орынды. Жоспарланған коучинг бағдарламасы негізінде мұғалімдердің оқыту мен оқудағы әдіс-тәсілдерге қызығушылығы мен ынта-ықыластарының мол екенін байқалды.

Даму үдерісінің екінші сатысында ішкі эвалюацияға көңіл аударылды. Ішкі эвалюация бойынша мектеп басымдықтарын белгілеу барысында жана ұсыныстар да туындады. Іс-шара барысында әріптестермен бірлесе отырып жоспарлы мақсаттар мен табыс критерийлерін нақтылап, қол жетімді мақсаттардың қалай байқалатынын, қандай іс-шаралардың тиімділігі және келешекте не істеу керектігі үнемі жазылып отырды. Іс-шараларды жоспарлауда алға қойған мақсат-міндеттердің *SMART* талаптарға сәйкес келуі қадағаланды.

Ішкі эвалюация:

- өзгеріс нәтижелері нақты қандай өлшемдерге қол жеткізді;
- өзгеріс енгізу нәтижесіндегі білім алушылардың мүмкіндік деңгейлері қаншалықты жетілдірілді;
- білім алушылардың мінез-құлықтарының өзгеруі мен білімі мен түсінігінің өзгеруі қандай деңгейде;
- педагог қызметкерлердің кәсіби дамуы, оқыту мен оқудағы өзгерістерді

игеруі мен меңгеруі қаншалықты өзгерді;

– өзгерістің мұғалім-оқушы-ата-ана қарым-қатынасындағы маңызы қандай деген нәтижеге бағытталған сауалдарды қайта қарауға мүмкіндік берді.

Мектептің даму жоспары басым бағытпен қоса, мұғалімдердің үздіксіз дамуы, оқушылардың өз бетінше білім алуына бағытталған бағалау жүйесін қолдану, сабақты зерттеуге көңіл бөлу, коучинг және тәлімгерлік жоспарларын қамти отырып жасалды. Дегенмен де жоспардың алғашқы нұсқасында «оқушы үніне» ерекше көңіл аудару көп жағдайда ескеріле бермейтіндігіне көз жеткізілді. Оны талантты және дарынды мұғалімдер жүргізген жұмыстар арқылы білуге мүмкіндік туды. Тоқсандық қорытынды бойынша мектеп оқушыларының сапа көрсеткіштері талданып, алдағы жұмыс түрлері айқындалды. Нәтижесінде әр сынып бойынша сапа көрсеткіші төмен сыныптарда нақты пәндер таңдалып, сол негізде зерттеу сабақтарын ұйымдастыру қолға алынды. Сол арқылы жүргізілген жұмыстар оң нәтижесін берді. Мәселен, мектеп оқушыларынан алынған кері байланыс бұған нақты дәлелдеме бола алады. Оқушылар сабақ барысында өздерін бұрынғыдан еркін сезінгенін, топтық жұмыстың тиімділігін шынайы көрсете алған. Осы жұмыстарға бағытталған іс-шаралар мектептің даму жоспарына қосымша енгізіліп отырды, мониторинг жасалды. Мектеп аясында «Көшбасшылық», «Білім берудің жаңа форматы», «Мұғалім мәдениеті», «Мектептің оқу үдерісіндегі критериалдық бағалау жүйесі», «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің тиімділігі», «Дарынды баланы айқындау мен дамытудың тиімді жолдары», «Оқыту үшін бағалаудың маңыздылығы мен мәні», «Бағалау» тақырыптарында 15 коучинг-сессиялары ұйымдастырылды. Әр коучингке кемі 20-25 мұғалімнен қатысты. Коучинг сессиялары мектеп аясында ғана емес, сонымен бірге мектептер арасында, облыстық көлемінде семинар-практикум түрінде де ұйымдастырылды. Осы орайда омен оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің жүру бағыты бойынша ой-пікірлерін білу, ой бөлісу мақсатында мектебімізде сәуір айында өткен семинар-практикумның орны ерекше. Оған *Кембридж университетінің оқытушылары Джорджина Чиверс пен Хален Брэдфорд қатысты.*



Мектепте деңгейлеп оқыту курсы бойынша білім алған барлық мұғалімдер өздерінің сабақтарын жаңа әдістерді қолдана отырып өткізді. Кембридж университеті мұғалімдері коучингке, сабақтарға қатысып, біздің жұмыстарымыздың бағыты дұрыс екендігін айтып, пікірлерін білдірді. Желілік қоғамдастықта 55-70 әріптестер өзара пікірлесуге мүмкіндік алды. 2014-2015

оқу жылында өткізілген 35 коучингке 818 мұғалімдер қамтылып, орташа қатысымы – 24 адамнан келді. Осы айлардың қорытындысы бойынша коучингтерді өткізудің үлесі: қазан-қараша – 36%, желтоқсан-қаңтар – 38%, ақпан-сәуір – 26%.

**Қазан-сәуір айларындағы желілік қоғамдастықтың қамту аясының салыстырмалы көрсеткіші (мұғалімдер саны)**

	Мектепте	№5	№10	№29	№41	«Өрлеу»	АОҒТО	ІШО	«Дарын» ОҒТҚББО	Алға балалар үйі	Барлығы
Қазан-қараша	60	-	25	-	17	28	72	60	28	-	<b>290</b>
Желтоқсан қаңтар	71	25	-	21	-	52	64	60	24	-	<b>317</b>
Ақпан -сәуір	74	-	-	-	-	31	82	-	-	24	<b>211</b>
<b>Жалпы</b>	<b>205</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>21</b>	<b>17</b>	<b>111</b>	<b>218</b>	<b>120</b>	<b>52</b>	<b>24</b>	<b>818</b>

**Коучинг – үздіксіз үдеріс.** Коучинг арқылы коучер әріптесінің кәсіби дамуына көмектесті. Онымен бірге:

- олардың жұмысын бағалау;
- қазіргі жағдайын талқыға салу;
- қол жетімді мақсаттар қабылдау;
- жаңа мақсаттарды зерттеу;
- іс-әрекет жоспарын қабылдауға әрекет жасады.

Сонымен қатар, мұғалімдер өзара бағалауды, табыс критерийлерін қолдануы, бірлескен топ жұмысын жоспарлауды үйренді. Ойлаудың жоғары деңгейін дамыту үшін дарынды және талантты балаларға көмек көрсету дағдыларын жетілдірді. Тақырыпты негіздеудің мәнін түсінді.

Мектептің дамыту жоспарының алғашқы нұсқасының **тиімді тұстары:**

- Сабақтың мақсат-міндеттері шынайы өмірмен байланыстырылды.
- Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың тиімділігі байқалды.
- Коучинг сессиялары мұғалімдердің оқу мақсаттары мен табыс критерийлерін дамытуына мүмкіндік жасады, жеке дағдыларының жетілуіне көмек берді.

– Мұғалімдер оқудың келесі қадамдарын жүзеге асыру үшін кері байланыс ұсына алды.

– Тәлім алушы мұғалімдер өз қабілеттерін біліктілік курстарында әрі қарай жетілдіруге қол жеткізе алды.

– Оқушылар АКТ-ны сабақта қосымша білім алу үшін өз бетінше пайдалануға қадам жасады.

Сонымен қатар мұғалімдер коучинг үдерісінде қалыптасқан дағдыларын сабақ арқылы жан-жақты көрсете білді, тәжірибеде жүзеге асырды. Коучинг

сессиясынан кейінгі сабақтарда тәлім алушы мұғалімдер 5-8-сыныптарда табысқа жетелейтін сәтті қадамдар жасады. Соның нәтижесінде оқушылар өздерінің мақсаттарын нақты баяндай алды, өз-өздерін реттей білді. Мұғалімдер оқытудағы жаңа әдістерді ұтымды пайдаланды. Тәлімгерлік үдерісі өз мәнінде атқарылды. Сонымен бірге, әр сыныптағы ата-аналар жиналысы да жаңа тәсілдермен көрініс тапқан коучинг түрінде өтті. Бұдан байқалғаны, ата-аналардан алынған кері байланыстан: *«... бүгінгі жиналыстан көп нәрсе үйрендім», «бұрын баламыздың тәртібі мен оқу үлгерімі туралы ғана естіп кей-кезде ұнжырғамыз түсіп үйге қайтатынмын, енді осындай коучинг түріндегі жиналыстар көп болса екен деймін, осындай жиналыстарға құлшына тағы да келер едім», «бүгін бұрын көрмеген тәрбиелік мәні бар қызық жиналыс болды, осындай жиналыстар көбірек бола түссе екен ...»* деп жазған ата-аналар пікірінен олардың өзгерісті қолдайтынын білуге болады.

Мектеп оқушылары үшін «Оқушы үні» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингтен кейінгі оқушылардың кері байланысынан топпен жұмыс нәтижесінде өз ойларын еркін жеткізе білуге мүмкіншіліктің көбірек екендігі, өзін көрсете алмай жүрген оқушылардың ашыла түскендіктері, өздерін көшбасшы қатарында сезіне бастағандықтары белгілі болды. Жоғары сынып оқушылары өз ойларын еркін ортаға салып, мұғалімдердің олардың мәселелеріне назар аударғанына риза болды. Джон Дьюи: «Білім еркіндікке барар жол: біз қоғам өміріне араласа отырып, өзгеше ойласақ, өз тәжірибеміздің нәтижелерін сараптай алсақ, басқалардың бізді басқаруына жол бермесек, жаңаны байыппен қабылдап, зерттеп, оның нәтижесін өз іс-әрекетімізді басқару үшін пайдалансақ, біз соншалықты еріктіміз», – деген болатын. Осы ойды тұжырымдап, оқушыларды іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, сараптай білуге, шығармашылықпен жұмыстануға, өз бетімен білім алуға итермелеп, жауапкершілікке дағдыландыруымыз керек екендігіне көз жеткізілді. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгерту, бағалаудың жаңа жүйесін үйрету мақсатында жаңа коучинг жұмыстары жоспарланды.

Коучинг іліміндегі принциптер әлемдік стандарттар мен құзырлылықтарға негізделген. Коучинг нәтижесі көбіне коуч мұғалімнің өзінің жеке құндылықтары мен дарындылығына да байланысты. Коуч екінші мұғалімге бағдар береді, рефлексивтік диалогқа тартады және оның білім деңгейін көтеруге, жұмыс сапасын арттыруға және ойлау қабілетін өзгертуге көмектеседі, бұл мұғалімнің кәсіби өсіміне ықпал етеді, тәжірибесін өзгертеді. Жаттықтырушы коучер жұмысының нәтижесінде оның әріптестері өзінің кәсіби құзіретін арттыруға арналған идеялармен және әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етіледі. Коуч өз мектебіндегі әріптестеріне қажетті дағдылар мен болашаққа көзқарастарын дамытуға көмектесу үшін мұғалімдер тарапынан да ынтымақтастық болып, коуч мұғалімге көмек көрсетуі керек. Құзырлы тәлімгер тәлім алушыға нақты мәселені анықтауға, оның ішіндегі өзектілеріне ден қоюға, жұмыс тәсілінің ыңғайына сәйкес келетін іс-әрекеттің оңтайлы бағытын таңдауға септігін тигізеді. Екінші кезеңде мақсат қою, мақсаттың тиімділігін, күтілетін нәтижелерді анықтау жүзеге асырылады. Үшінші кезең тиісті стратегияны таңдап алып, іс-әрекет жоспарын әзірлеу, әрекеттерді талдап,

өзгерістерді енгізуді мақсат етеді. Осы тұжырымға сүйенсек, тәлім алушы коучер арқасында еңбек жолында айтулы жетістіктерге жетеді, кәсіби дағдылары дамиды. Оның дәлелі, зерттеу сабақтарында енгізілген өзгерістер, өзгерістердің оқушылар мен ата-аналар тарапынан қолдау тапқаны.

Ішкі эвалюация мұғалімді «тексеруге» емес, оған қолдау көрсетіп, дамуына көмектесуге бағытталатындығы белгілі. Олай болса, мұғалімдерге қолдау көрсете отырып жұмыс жасау қабілетін, олардың жеке және кәсіби қабілеттерін дамытуына түрткі болу жолы коучинг үдерісі арқылы жүзеге асқандығына көз жеткізілді. МДЖ-2-ге сәйкес мектепте жүйелі түрде коучинг-сессиялар мұғалімдерге, ата-аналарға және оқушыларға да ұйымдастырылып отырды. Мектептегі ІІ деңгейлі курсты аяқтап келген мұғалімдер қоғамдастықтар арасында ұсынылған тақырыптарды өзара талдап, негізгі идеяны ашуда шығармашылық тұрғыда кездесулерін ізденіспен өткізді. Әртүрлі тақырыптарды ашуға бағытталған бұл үдеріс не берді деген сұраққа, мынадай тиімді жақтарын көрсетуге болады. Коуч – ағылшын тілінен аударғанда тренер, жаттықтырушы мағынасын білдіретін сөз. Ол аз уақытқа негізделеді. Коучтер мұғалімдерге өздерінің оқыту тәжірибесін жақсартуға көмектеседі. Сол себепті коуч мұғалімдердің нақты дағдыны қалыптастыруға қабілетті болуын ескерілді. ІІ деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдерге жауапкершілік міндеттелді.

Коучтерді мынадай талаптар бойынша тағайындауды ұйғарылды:

- кәсіби құзіреттілігі алдыңғы деңгейдегі мұғалімдер болуы қажет;
- талантты және дарынды, өз мамандығын жетік меңгерген тұлғалар;
- мұғалімдердің оқыту мен оқудағы тәжірибесінің сапасын арттыруға ықпал етуі тиіс;
- өз әріптестерінің дамуы мен жетілуіне көмек көрсетудің айтарлықтай оңтайлы әдістерін жүзеге асыра білулері қажет;
- көпшілікке әсер ету барысында сөз саптаулары мәнді де мағыналы әрі қуатты болуы ескерілуі керек;
- қарым-қатынас мәдениетіне айрықша назар аударып, желілік байланыста шебер кәсіби ұстаным көрсете алу аса маңызды.

Коучтер іс-шара кезінде аталған талап үдесінен көріне білді. Жоспарлы жұмыстар мен міндеттерді нәтижеге бағыттай алды. Күтілетін нәтижеге айтарлықтай мән берді.

Желілік қоғамдастықты басқа мектептер арасында жүзеге асыру мұғалімдердің өзара ынтымақтастығын нығайтады. Тәжірибе кезінде әріптестер бір-біріне қолдау көрсетіп, қиындықтарды шешудің тиімді жолдарын қарастырады. Мектеп аясында, мектептер арасында өткізілген коучинг тақырыптары оқыту мен оқудағы 7 модульге негізделді. Кері байланыс арқылы әріптестердің жеке пікірлерінің алдағы іс-шараларда ескерілуі тиіс тұстарына көңіл бөлінді, коучтер мен мектеп мұғалімдерінің, оқушылардың жан-жақты жетілуі әрдайым назарда болды. Мектеп аясында, мектептер арасында ұйымдастырылған коучинг сессияларының маңыздылығы мен әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары да сараланып, талданды.

### Коуч мұғалімдерді жетілдірудегі сәттіліктер:

- коучтер мұғалімдердің дамуына ықпал жасайтын айқын мақсаттарды реттей білді;
- мәдениеттілік қарым-қатынаста жауапкершілік пен төзімділікті сезінді;
- мұғалімдердің біліктілік деңгейін бағалауда қажетті талаптарға көңіл бөлуді ұмытпады;
- коучинг сессиялары негізінде мұғалімдердің кәсіби қызметінің мазмұны мен сапасын анықтауға ықпалын тигізді.
- коучтермен жүргізілген жұмыстардың жетілдіретін тұстары:
- коучинг барысында дарынды мұғалімнің қызметі көбірек бағаланып отырды;
- коучтер өз міндеттерін нақтылап алғанына қарамастан, өз мүмкіндіктерін толық байқата алмаған да сәттер кездесті;
- өз қызметтеріне аса ықылас таныта алмаған мұғалімдер де байқалды.

Осындай нәтижелі және кемшін тұстары болғанына қарамастан, коучтердің жұмысы жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді пайдалануда, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін шыңдауда өзіндік басымдылықтарымен ерекшеленді. Мектептегі жүйелі коучерлер үшін:

- жеке сезімдерді түсіну қабілеті және оларды кез-келген жағдайдың талаптарына қарамай-ақ бақылауда ұстау;
- эмоционалды берік болу;
- өз-өзімен және басқалармен адал болу;
- кез-келген қателікті жөнге келтіре алу және тәжірибе арқылы үйрену;
- өз-өзін үздіксіз жетілдіру үшін табанды, икемді болу;
- әріптестерінің кәсіби өсуі мен дамуына қолдау көрсете алуы қасиеттерінің қалыптасқандығын көруге болады.

Ал коучинг-сессияға жүйелі қатысқан мұғалімдерден:

- өздеріне деген сенімділік;
- кәсіби әлеуетін арттыруға арналған идеялармен және жаңа тәсілдердермен қарулану;
- өздерінің оқыту тәжірибесін жақсартуға бағытталған іс-әрекеттерін анық байқауға болатындығын байқалды.

Оқушылар коучингісінің нәтижесін олардың оқу мақсаттары мен табыс критерийлерін дамытуға басымдылық беретінін кері байланыстарды талдау арқылы анықталды. Сонымен мұғалімдер мен оқушылардың коучинг үдерісінен кейінгі қалыптасқан дағдыларын оқу мен оқытуда айқын көрінді. Ата-аналарға өткізілген коучинг-сессиялардың да олар үшін ынтымақтаса жұмыс жасауға, мектепке деген сенімділіктерінің артуын, бала тәрбиесіндегі кейбір көзқарастарын өзгертуі де тиімді ішкі эвалюация арқасында болғандығының дәлелі. Коучинг сессиясы – мұғалімдерге ақпарат жеткізудегі ең тиімді тәсіл екендігі байқалды.

**Тәлімгерлік** – ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер мен тәлім алушының арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас құру үдерісі. Мектепте 13 мұғалім тәлімгерлік үдерісін жетілдірді. Олар тәлім алушының

сабағын бақылап, талдады, кері байланыс ұсынды. Тәлімгерлердің сапалық құрамы әртүрлі болды. Мәселен, тәлім алушы болған педагогикалық өтілі 38 жыл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімінің кері байланысынан: «... маған оқушыларды топқа бөлгенде қызықты тәсілдерді пайдаланғаным ұнады. Бұрынғы сабақтарда үй тапсырмасын сұрау, түсіндіру тәрізді дағдылы әдістер жалықтырып жіберетіндей болушы еді, оқытудың жаңа әдістерінде оқушылардың өздері ізденіп, ой толғау жазып, өз пікірлерін таласа білдіреді. Менің ойымша, сабақты осылай ұйымдастыру қазақ әдебиеті пәнінен көбірек келеді және ыңғайлы деп ойлаймын. Өзімдегі өзгерісті оқушыларымның да байқағаны маған ерекше күш-қуат береді ...».

Тәлімгерлер тәлім алушымен тығыз байланыста болып, оларға:

- бағдарлама идеяларын таныстырды;
- сабақ беруге пайдалануға арналған ресурстарды ұсынды;
- белгілі бір оқыту стратегиясын қолдануға көмектесті;
- әр тәлімгер тәлім алушының кемі 4 сабағын қадағалады, бақылады;
- әрбір бақылаудан кейін жаңа мақсаттар қоя білді;
- сабақ жөніндегі бейнежазбаны қарап, талқылау жүргізді, әңгімелесті.


Тәлімгерлік тәжірибесінен тәлім алушы сабақты бірге жоспарлаудың маңызын түсінді. Не әлдеқайда табысты/сәтсіз болғандығының себебін рефлексивтік есеп арқылы түйіндей білді. Нені басқаша жасауға болатыны жайында өз ойларын жазып отырды. Тәлімгер тәлім алушыға әрдайым қолдау көрсетіп отырды. Тәлімгерлік үдерісі бойынша 40 сағат жаңа идеяларға негізделе жүргізілді. Әрине, қандай да болмасын іс-шараның жетістіктерімен қатар, кемшіліктерінің болатыны-заңды құбылыс. Жоспарланған тәлімгерлік бағдарламасын жүзеге асыру барысында қиындықтар мен сәтсіздіктер де орын алды. Мәселен:

- кейбір мұғалімдер оқушылар үшін пікір алмасуға, рефлексия жасауға жағдай жасамайды;
- қажеттілігін сезіне тұра, коучинг сессияларына қолдау көрсетпейді;
- жағымды стратегияларды дамытуда уақыттың маңыздылығын ескере бермейді;
- білімдердің шынайы өмірмен неге және қалай байланысатыны туралы пікірталас жүрмейді.

Соған қарамастан атқарылған жұмыстар барысында мұғалім жұмысының тиімділігінің артықшылықтарына үнемі талдау жасалды. Сол арқылы ішкі эвалюацияны реттеп, жүйелеуге нақты қадамдар жасалды. Осы ретте сабақты зерттеудің, яғни «*Lesson study*» сабағының жүйелі жүргізілгендігінің басым тұстары анық байқалды. Өзін-өзі тану пәні зерттеу сабағына дейін оқушылардың қызығушылықтарын оята алмаса, зертеу сабағынан кейін бұл пән туралы оқушылардың іс-әрекеттері мен ынта-ықыластарына зор өзгерістер байқалды. Тәлімгерлік үдерісінде үйренгендерін «*Lesson study*» сабағында тиімді қолдануға сәтті қадамдар жасай алды. Бұдан тәлімгерлік пен коучинг бағдарламаларының дұрыс ұйымдастырылғанын көруге болады. «Мұғалім үні», «оқушы үні» барынша ескеріліп қарастырылған жоспардың сәтті жүзеге асуы,

әрине, қуанарлық жай. «*Lesson study*» зерттеу-зерделеу сабақтарында тәлім алушы мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктері дамыды деуге негіз бар. Себебі мұғалімдер мағынаны таныту бөлімінде оқушылардың өз бетінше оқуын, өзін-өзі реттеуін үнемі жетілдіріп, қалыптастырушы бағалауды тиімді жүзеге асырып отырды. *Lesson Study* мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық тәсілі болып табылады және де іс-әрекеттегі зерттеу сияқты бірқатар циклдерді қамтиды. *Lesson Study*-де ең бастысы «сабақты зерттеу» немесе «сабақты зерделеу» үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. *Lesson Study*-дің түйінді сипаты креативтілік және ғылыми дәлдік болып табылады. Креативтілікті оқытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу мақсатында бірлесе жұмыс істейтін мұғалімдердің істерінен көруге болады, ал ғылыми дәлдік жаңа тәсілдің тиімділігін көрсететін оқушының оқуы туралы деректер жинауды көздейді. Атап айтқанда, *Lesson Study* тәжірибені жақсартудың демократиялық жолы болып табылады. *Lesson Study* тәсілінің тағы бір демократиялық ерекшелігі – мұғалім зерттеу барысында жинақтаған білімімен педагог қауыммен кеңінен бөлісетіндігінде. Мұғалімдердің ынтымақтаса отырып тәжірибелерін дамытуда *Lesson Study* әдістемесінің маңыздылығын ұқтыру және мектепте зерттеу топтарын құрып, нәтижесін бақылауды жоспарланды.

Сыныптағы өзгерістерді зерттеудің тиімді жолы – *Lesson study* арқылы сабақтар топтамасын өткізу. Не болып жатқанын бақылау үшін іс-әрекетті жоспарлап, қадағалау арқылы көз жеткізуге болады. Дәстүрлі оқытуда сыныптарда жылына жоспарлы түрде 1-2 ашық сабақ өтетін болса, қоғамдастықтардың жоспарына сәйкес зерттеу сабақтарының да өткізу жиілігі артқандығын байқалды. 2014-2015 оқу жылында өткізілген 77 зерттеу сабағының 22 пайызы, яғни 17 сабақ 8-кластарда өткендігін көруге болады.



Сыныптар бойынша өткізілген зерттеу сабақтарының саны

*Lesson study* мұғалімдерге өздерінің ұғымдары мен түсініктерін тексертуге ынталандырады, мұғалімдер арасында диалогты туындатады, әріптестік және кәсіби даму мәдениетін дамытып, мұғалімдердің назарын оқушылар қажеттілігіне аудартады. Сонымен қатар, мұғалімдер оқу жоспары жөнінде тереңірек түсінік алады. *Lesson Study* тәсілін қолданудың тиімділігі туралы мектеп мұғалімдеріне коучинг- сессия өткізу арқылы ұсынылды. МДЖ-2-нің сәтті шыққан жағы қоғамдастық жетекшілерімен бірігіп отырып, әр қоғамдастықтағы сыныптарда ІІ тоқсандағы білім сапасы төмен пәндерге «*Lesson study*» тәсілі бойынша сабақ өткізу, сабақты қадағалау, бақылаудағы оқушыларды зерттеу жұмыстарының бірізділікпен өткендігі қуантады. 5-10 сыныптар аралығында «*Lesson study*» үдерісінің бірнеше циклі өткізілді. Себебі, *Lesson Study*-дың мақсатқа байланысты үш түрі болады. Бірінші түрі *Lesson Study*-дың бірыңғай тақырыбына байланысты, екінші түрі оқыту дағдыларын дамытуға арналған, ал үшінші түрі бақылау дағдыларын дамытады. Мектептегі жүргізілген «*Lesson study*» үдерісінде екінші және үшінші түрлерінің сипаты анық көрінді. Қоғамдастықтар арасында өткізілген *Lesson Study* үдерісінің өзіндік ерекшеліктері де болды. Бірақ көп жағдайда тәжірибе үшін эксплициттік білім жеткіліксіз. Осылайша, көптеген мұғалімдер өз тәжірибесіне сүйенеді. Тәжірибе арқылы олар имплициттік білім ала алады. Ал *Lesson study* тәжірибесі имплициттік білім алудың аса тиімді тәсілі болып табылады, себебі *Lesson study* мұғалімдердің сабақ жөніндегі ойы бен бақылау дағдыларын дамытады.

Біздің ойымызша, заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білулеріне басты назар аударуымыз керек, себебі, ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында жатыр. Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімі мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша жекешелендіру және баланың бойында қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыру. Күнделікті сабақты өмірмен байланыстыра өткізу, сабақ өткізуде бейнероликтерді көптеп қолдану және оқушылардың қызығушылықтарын ояту үшін түрлі тренингтер, флештренингтер өткізу өте тиімді. Сонымен қатар интерактивті оқытудың мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыратын диалогтік оқыту тиімді екенін аңғарылды. Жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушылардан алынған ақпаратты топтастыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады.

Шағын топтық жұмыстар оқушыларда бірлік, бірегейлік сезімдерін қалыптастырып, сол арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысы бар екендігін аңғартады. Бірлескен жұмыс барысында шағын топ мүшелерінің барлығы да өзара қарым-қатынасқа негізделген әрекеттерді атқарады (мәселен, тыңдай білу, өз пікірін ұтымды және дәлелді түрде жеткізе білу, ортақ пікір

қалыптастырып, бір мәмілеге келу, бірлесе шешім қабылдау). Мұнда біреудің жұмыстан тыс не қалыс қалуы екіталай: барлығы да қызу әрекетте болды, барлығы да жұмыстың қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосты. Бұған өзіміз өткізген және *Lesson Study* тобы дайындаған зерттеу сабақтарында көзіміз жетті. Топпен жұмыс жасату арқылы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, белсенділіктері артты. Топта жұмыс жасағанда оқушылар топ ережесін сақтап отырды. Топ ережесі арқылы оқушылардың іс-әрекетін өздері реттеп отыруға мүмкіндік алды. Топтық жұмыс барысында өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне, аралас топтар құрып, пәнге қызығушылығы артып, белсенділік көрсетті. Сонымен қатар топқа бөлінудің түрлі әдістерін пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділігінің артқанын байқадық. Жалпы нәтижесінде топпен бірлесе жұмыс жасау алғашында уақытты тиімді пайдалануға қиындық келтірсе, оқушылар бірлесе жұмыс жасауда сөздік қоры дамыды, зерттеушілікпен айналыса отырып, ортақ бір тұжырым жасады, таным белсенділіктері артты, шығармашылық қабілеттері қалыптасты деп айта аламыз. Сонымен қатар топта жұмыс жасау арқылы «үнсіз оқушылар» топқа тартылып, өздерінің белгілі бір жағдайға деген қабілеттік қырларын көрсете білді. Оқушылар топтық жұмыста өздерін және өзгелерді бағалауды үйренді. Осы бағдарламамен оқыту нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттерінің артатыны байқалды. Сондықтан қазіргі талапқа сай дәстүрлі оқыту уақыты кетіп, сындарлы оқытуға көшуде баланың ізденімпаздық, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру керек. Әр оқушыға өз пікірін айтуға мүмкіндік беріп, жауаптарын тыңдау қажет. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен, әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Жалпы, *Lesson Study* зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастаймыз, әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдастық жетекшілері *Lesson Study* үдерісі туралы толық талдауын зерделей келе, *Lesson Study* тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

– әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;

– мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

– оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;

– *Lesson Study*-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға (*Dudley, P. 2011a*);

– *Lesson Study* мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектесетіндігін түсінуге болады.

*Lesson study* үдерісінде сәтті өткен сабақтардың «Қазақстан мектебі»

ғылыми-педагогикалық журналының бірнеше санында жарияланып, мұғалімдердің іс-тәжірибесі республика көлемінде таратылғаны да мектептегі оң өзгерістердің тиімді тұстары екенін анық.

№	Мұғалімнің аты-жөні	БАҚ-та жарияланған материалдары
1	Тажығалиева Г.Т	Озық және бәсекеге қабілетті білім беру – заман талабы («Қазақстан мектебі», № 2, 2014 ж)
2	Куразова К.С.	Квадрат тендеулерге келтірілген есептер («Қазақстан мектебі», № 2, 2014 ж)
3	Бокаева Д.Т.	Координаталық жазықтық. Координаталары бойынша нүктені сызу. («Қазақстан мектебі», №2, 2014 ж)
4	Марданова Ш.Ж.	TRUE STORIES... («Қазақстан мектебі», №2, 2014 ж)
5	Жаналина А.А.	Шешендік өнер – халық қазынасы («Қазақстан мектебі», №2, 2014 ж)
6	Абдуллин Н.К.	«Жай бөлшектерді бөлу» («Қазақстан мектебі», №3, 2014 ж)
7	Ермекова Р.Т.	«Рационал сандарға амалдар қолдану» («Қазақстан мектебі», №4, 2014 ж)
8	Жанпейісов М.Ұ. Шудабаев А.А.	Қазақтың ұлттық ойыны – арқан тарту («Қазақстан мектебі», №5, 2014 ж)
9	Арыстанова С.Қ. Мусина А.Қ.	«Ән айту ережелері және фонограф» («Қазақстан мектебі», №6, 2014 ж)
10	Қабыланов А.Х.	Архитектура және өнер («Қазақстан мектебі», №2, 2014 ж)
11	Джулаева Б.Б. Джулаева Г.М.	Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту («Қазақстан мектебі», №3, 2014 ж)
12	Мыңжасарова Г.И.	«Зең саңырауқұлақтары» («Қазақстан мектебі», №6, 2014 ж)
13	Мыңжасарова Г.И.	Кәсіби шеберлік – сапалы білім негізі «Ақтөбе» газеті, №61. 2014 ж
14	Мыңжасарова Г.И.	Кембриджден оқытушылар келді. «Ақтөбе» газеті, №57. 2014 ж
15	Адилова А.А. Бектенғалиева Г.Х	Абайдың қара сөздері («Қазақстан мектебі», №12, 2014 ж)
16	Бектенғалиева Г.Х	Имя существительное как часть речи. «Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» №3, 2014 ж
17	Изтлеуова Г.С. Бектенғалиева Г.Х	«Обменялись опытом», Актюбинский вестник, №145, 2014 г
18	Мыңжасарова Г.И. Казкенова Н.С.	Кіріктірілген сабақ («Қазақстан мектебі», №11, 2014 ж)
19	Мыңжасарова Г.И.	Жаңалық жолындағы мектеп («Қазақстан мектебі», №7, 2014 ж)
20	Нурбаева М.К	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігі» География және табиғат» № 3, 2015 ж

Мектепте жаңа әдіс бойынша осынша сабақтардың ұйымдастырылуы – тиімді жүргізілген қоғамдастық жұмыстарының нәтижесі Осыған байланысты өз мүмкіндіктерін сабақ барысында, коучинг сабақтарында шынайы көрсете алған мұғалімдер іріктеліп, біліктілікті арттыру курстарына жіберілді, мұғалімдері кәсіби байқауларға қатысты. 2014-2015 оқу жылында кәсіби байқауларға қатысқан педагогтар тізімі.

р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Конкурстың аты	Қорытынды
1	Джулаева Б.Б	Қазақ тілі мен әдебиеті	«VIII республикалық инновациялық- педагогикалық идеялар фестивалі», 2014 ж	Сертификат
2	Қожақметова А.С	Ағылшын тілі	«VIII республикалық инновациялық- педагогикалық идеялар фестивалі», 2014 ж	III орын
3	Токсанбаева А.А	Ағылшын тілі	«VIII республикалық инновациялық- педагогикалық идеялар фестивалі», 2014 ж	III орын
4	Бектенғалиева Г.	Орыс тілі мен әдебиеті	«VIII республикалық инновациялық- педагогикалық идеялар фестивалі», 2014 ж	III орын
5	Жылгелдин Б.Ж	математика	«Математикалық олимпиада - 2015» (облыстық турнир), қаңтар, 2015	Бас жүлде
6	Мыңжасарова Г.	биологи	«Биологиялық олимпиада-2015» (облыстық турнир) ақпан, 2015	III орын
7	Абдулин Н.К	математика	«Математикалық олимпиада - 2015» (облыстық турнир), қаңтар, 2015	I орын
8	Бегежанова Н.	физика	«Физикалық олимпиада-2015» (облыстық турнир) қаңтар, 2015	Бас жүлде
9	Байрахметова Г.Р Ернияшов І.К	математика математика	XVIII облыстық мұғалімдер спартакиадасындағы шахмат жарысы	III орын
10	Абдуллин Н.К	математика	«Республикалық математика мұғалімдерінің II шығармашылық байқауы» (Алматы)	Сертификат
11	Музеева А.Ө	психолог	Облыстық «Үздік жыл психологі»	II орын
12	Музеева А.Ө	психолог	Республикалық «Үздік жыл психологі»	I орын
13	Арыстанова С.К	музыка	«Жеңіске 70 жыл» облыстық байқауы	III орын
14	Абдуллин Н.К	математика	«Жеңіске 70 жыл» облыстық байқауы	III орын

Алдағы атқарылатын жұмыстарда, коучинг және тәлімгерлік үдерісінде мұғалімдердің қабілеттеріне қарай топтастырудың тиімділігін тағы да ескеру мақсаты қойылды. Өйткені мақсат айқын болған жағдайда ғана жұмыс та табысты болмақ. Мұғалімдерді қабілеттеріне қарай сараптау дамыту жоспарының ойдағыдай жүзеге асуына өзіндік ықпалын тигізеді. Сонымен қоса, мұғалімдердің күзіреттіліктері де нақты бағаланады деген тұжырым жасалды және оны зерттеу кезінде анық бақылауға мүмкіндік туды.

Құзіреттілік – маманның тиісті сапа деңгейі мен тиісті жағдайдағы кәсіби қызметін тиімді және кепілді атқаруына қажет жеке қасиеттер жиынтығы. Басқаша айтқанда, құзіреттілік - тәрбие мен оқытудағы озық әдістерді жетілдіре отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастырудағы мұғалім жұмысының аспектісі, оны орындай алу деңгейі. Жоспарланған коучинг және тәлімгерлік үдерісі, зерттеу сабақтары барысында мұғалімдердің құзіреттіліктері анықталды. Мұғалімдердің құзіреттіліктерін барынша нақты әрі әділ бағалау мақсатында мектепте мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығына жетекші міндет І деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдерге жүктелді. Осы арқылы да мұғалімдердің бойындағы ұйымдастырушылық, басқарушылық, дамытушылық қабілеттері сараланып отырды. Мектепте кәсіби қоғамдастықтың жұмысын жандандыру барысында көптеген тиімді нәтижелерге қол жеткізілді. Қоғамдастық нәтижесінде, ең алдымен, мұғалімдердің қарым-қатынас құзіреттілігі артты. Осы тұрғыда бұрын әріптестерімен көп пікірлесе бермейтін, қоғамдық іс-шаралар аясында белсенділік танытпайтын мұғалімдер көп жақсы қасиеттерімен танылды. Тұжырымды, көңілге қонымды ой-пікірлер айтып, оқу мен оқытудағы өзгерістерді тәжірибеде қолданауға белсенді араласты.

Математика, физика, химия сабақтарында мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық орнап, сабақта диалог құрылды, жақсы психологиялық ахуал қалыптасты. Пән мұғалімдері оқушылардың сөз саптауына түсіністікпен қарап, тілдік кедергілерді жоюға көмектесті. Кәсіби қарым-қатынас мәдениеті дамыды. Осы орайда қарым-қатынас мәдениетінің дамуына «Мектеп мәдениеті: мұғалім-оқушы-ата-ана» тақырыбында ұйымдастырылған коучингтің әсері де мол болды.

«*Lesson study*» зерттеу-зерделеу сабақтарында тәлім алушы мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктері дамыды деуге негіз бар. Себебі мұғалімдер мағынаны таныту бөлімінде оқушылардың өз бетінше оқуын, өзін-өзі реттеуін үнемі жетілдіріп, қалыптастырушы бағалауды тиімді жүзеге асырып отырды. Осыған байланысты өз мүмкінділіктерін сабақ барысында, коучинг сабақтарында шынайы көрсете алған мұғалімдер іріктеліп, біліктілікті арттыру курстарына жіберілді, география, биология, ағылшын тілі пәндерінің мұғалімдері кәсіби байқауларға қатысты.

ІІ деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдер оқыту мен оқудағы жаңа әдістерге негізделген коучинг сессияларын мектеп аясында ұйымдастырып қана қоймай, желілік байланыс арқылы тұрақты кәсіби байланыс орната білді. Коуч мұғалімдердің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың тақырыпты шынайы өмірмен байланыстыруына бағыт-бағдар жасалды. Коучинг жоспарлы бағдарлама бойынша өткендіктен, коуч мұғалімдердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі толыққанды бағаланды. Бұл өз кезегінде басқа мұғалімдердің желілік байланыс түрлерін тақырыпқа сай қолдана білу мүмкіндіктерінің жетілуіне игі әсерін тигізді. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тіл пәндерінің мұғалімдері, соның ішінде, тәлім алушы мұғалімдер сабақ барысын басқарудағы құзіреттілігі мен оқу үдерісін бағалау, талдау құзіреттілігін кәсіби тұрғыда біршама реттей білді. Сабақты жоспарлауда оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес жұмысты саралау қабілетін

жетілдіруге мән беріп, түрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану жолдарын үйренді, оқыту барысында жүйелілікті сақтады.

### **Мектептегі оқу мен оқытуда енгізілген өзгерістерді зерттеуге негізделген жұмыс нәтижелері**

Зерттеу сұрағының бірінші бөлімі бойынша оқушылардан алынған сауалнама көптеген мәселелердің жүзеге асуына өз әсерін тигізді. Сол негізде білім алушыларды аса қызықтырмайтын пәндер анықталып, зерттеу барысында жаңа мақсаттар айқындалды. *Lesson study* циклі бірнеше пәндерде жүргізілді. Оқушылардың өзара ынтымақта болуы, топтық ережені сақтауы, болжам жасау қабілеттері өз мәнінде қадағаланып отырды. Тәлім алушы мұғалімдер пәнаралық байланысқа мұқият көңіл аудара білді. Бұл да өз кезегінде сабақтың сәтті өтуіне ықпал етті. Білім алушылар шығармашылық бағытта жақсы нәтиже көрсетті. Осыдан соң зерттеу тобындағы мұғалімдермен ақылдаса отырып, «алдағы уақытта тақырып мазмұнына сай сабақтарды кіріктіріп өткізсек қалай болады?» деген сауалды қарастырылды. Бұған пән мұғалімдерінің **ұсынысы түрткі** болды. Бұрын кіріктірілген сабақ өткізуде тәжірибе жинақтамағандықтан, мұғалімдерде қобалжу, уақытты тиімді пайдалана алмау, оқушының тек бір пәнге басымдық танытқан кездері де орын алды. Соған қарамастан бұл өзгеріс мұғалімдердің қызығушылығына үлкен әсер етті. Әрі қарай осы бағытта жұмыс жасауға ниетті мұғалімдер қатары көбейді. Қаңтар айында география - қазақ әдебиеті пәні (8-сынып) кіріктіріліп өткізілсе, кейін ақпан, наурыз, сәуір айларында бұл үрдіс одан әрі жалғасын тапты. Білім алушылардың да, білім берушілердің де шығармашылық тұрғыдан жетілуіне ықпал еткен жаңа әдіс бойынша қазақ әдебиеті - тарих (8-10 сынып), ағылшын - биология (8-сынып), қазақ әдебиеті - орыс әдебиеті (11- сынып) пәндерінен ұйымдастырылған кіріктірілген сабақтардың іс-тәжірибені жетілдірудегі маңызы зор болды. МДЖ жоспарына осы мәселені нақты кірістіру керек. Ал бұған дейін ішінара өткізілгені болмаса, кіріктірілген сабақтарға деген қызығушылық, ұсыныс жоғары деңгейде болмайтын. Мұғалімдер өзара бірлесе жұмыс жасай отырып, өздерінің кәсіби дағдыларын жетілдірді. Пікір алмасты. Оқушылар алған білімді талдауға қабілетті екенін түсінді, көзге көрінбейтін қиындықтарды шеше білді. Даму үдерісі өзін-өзі бағалау мен өзін реттеуге бағытталған жоспар барысында жақсы орындалып отырды.

### **Өзін-өзі бағалау және өзін реттеу**

Негізгі мәселелер	Оқушылардың не істеуі керек	Мұғалімнің не істеуі керек	Пайымдауларды қалыптастыру бағдарлары
Өзін-өзі бағалау	Дәлелдемелер жинау, олардың мағыналарын өзінше түсіндіру	Өз мүмкіндігіне сыни тұрғыдан қарау, білімін жетілдіру	Жеке мақсат, жан-жақты білім

Өзін-өзі талдау	Өз жұмыстарын салыстыру	Әріптесінің пікірін дұрыс қабылдау, ой бөлісу	Оқу үрдісіне қатысты кері байланыс
Өзін-өзі түзету	Өзгерістер мен түзетулер енгізу, жаңа мақсаттар	Жаңа әдістерге сай тәжірибені дамыту, түрлі байқауларға қатысу	Табыс критерийлерін тиімді жүзеге асыру
Өзін-өзі бақылау	Кемшін тұстарды саралау, мақсатқа қол жеткізу	Тәжірибе алмасу, оқушыларды ынталандыру	Айқын мақсаттар
Өзіндік рефлексия	Тапсырмаға қатысты өз пікірін көрсету	Кәсіби қоғамдастықта өз қабілетін таныту	Оқу үрдісіне құлшыныс танытатын түсініктер


Бағдарлау жұмысының тиімділігіне орай мектеп мұғалімдерінің біліктілік курстарына бару ынтасы артты. Тәлім алушы мұғалімдердің біреуі I (ілгері) деңгей бойынша, екеуі III деңгей бойынша біліктіліктерін жетілдіруде.

Сонымен қатар облыстық, республикалық, халықаралық кәсіби байқауларға қатысып, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдердің маңызын таныта білген мұғалімдер де бар. Олар осы байқауларда жүзделі орындарды иеленді. Бұл - осы бағыттағы жұмыстың нақты көрінісі мен мұғалімдердің мектептегі өзгерістерді шынайы түсінуі, қабылдауы, оған қолдау көрсетуінің нәтижесі.

Тағы бір тоқтала кететін мәселе- мұғалімдердің өз тәжірибесін коучинг кезінде, сабақ арқылы немесе семинар-практикумда ғана емес, баспасөз материалдары арқылы да таратуы. Республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибесі кезінде жинақталған ой-пікірлерін басылым бетінде жариялауы – енгізілген өзгерістің сәттілігі.

Мониторинг жасауда зерттеу нәтижелері бойынша оқыту мен оқуды жақсартатын үдерістерге соншалықты назар аударылды. Олар:

1. Талқылау және диалог жүргізу.
2. Сын тұрғысынан ойлау.
3. Оқуды бағалау.
4. АКТ-ны тиімді пайдалану.
5. Барлық оқушыларға түрткі болатын тапсырмалар.



Аталған мәселелерге қол жеткізу үшін сыныпта:

- бірлескен топтық жұмысты ұйымдастыру;
- ашық сұрақтар қою;
- блум таксономиясы;
- оқушылардың бірін-бірі бағалауы;
- өзін-өзі бағалау;
- табыс критерийлерімен таныстыру;
- белсенді оқыту әрекеттерін жүзеге асыру жұмыстарды жүргізді.

Жұмысты тиімді ұйымдастыру кезінде оқушылардың танымдық және зерттеушілік дағдылары дамиды. Дұрыс түсіндірме береді, АКТ-ны және жаңа технологияны сауатты қолдануды меңгереді. Ақпан, наурыз айларында ұйымдастырылған сабақтар мен кластан тыс шараларда мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекет, дағдыларында сенімділік бар екенін байқалды. Осы сенімділік пен сәттілік тренердің бақылауы кезінде де анық танылды. Біздің атқарып жатқан жұмыстарымыздың бағыт-бағдары дұрыс екендігіне көз жеткізген тренер алда тағы да қандай іс-шараларға көңіл бөлу керектігін көрсетті, жұмысымыздың нәтижесіне ризашылығын білдірді.

Эвалюация – білім беруді ұйымдастырумен, оқу, тәрбиелеу және даму үдерістерімен байланысты жағдайларды, құбылыстарды және іс-әрекеттерді жүйелі зерттеу және бағалау. Оның 2 түрі болады: ішкі және сыртқы эвалюация. Ішкі эвалюация – мектеп директоры педагогикалық ұжыммен ынтымақтастықта жүргізетін және мұғалімнің тәжірибелік қызметін қолдауға және кәсіби дамытуға бағытталған мониторинг негізінде басшылық ету сапасын жүйелі түрде зерттеу және бағалау. Бұл үдеріс - мұғалімнің жұмысын біздерге үйреншікті тексеру, бақылау емес, зерделеп, бағалау арқылы оның кәсіби дамуына қолдау көрсету. Ашық сипатта жүргізіліп, салыстырмалы талдаулар негізінде ұжымның жұмысын жетілдіруге жағдай жасау. Эвалюация үдерісі мұғалімнің кәсіби өсу деңгейін анықтап, оның дамуына қолдау көрсетіп отыруға бағытталған. Мектептің оқу-тәрбие үдерісінде болып жатқан өзгерістерді зерделеп, даму перспективасын болжап отыруға мүмкіндік береді. Эвалюация мектеп басшыларына мектепті дамытуды қажет ететін салаларды анықтауға көмектесетінін жұмыстарды саралау барысында нақты байқауға мүмкіндік болып отырады.

Оқу-тәрбие үдерісінде біртіндеп еніп жатқан өзгерістердің бірі – жоспарлау қызметі: мектептің даму бағытын жоспарлау, мұғалімдердің орта және қысқа мерзімді жоспарлары. Мектепті дамыту жоспарын дайындау – өте жауапты және үлкен зерттеу жұмыстарын қажет ететін үдеріс. Бұл үдеріс мұғалім қызметін бағалау, яғни эвалюациялау жүйесі арқылы іске асырылуы мүмкін болады. Мектепті дамыту жоспары ұзақ мерзімді, яғни 3 жылға арналған, орта мерзімді, 1 оқу жылына арналған, қысқа мерзімді, яғни 1 айға арналған болуы мүмкін. Мектепті дамыту жоспарын жасақтаудағы ең маңыздысы күні бұрын жүргізілген аудит негізінде стратегиялық басымдықтарды анықтап, нәтиже және табыс критерийлерін белгілеп, іс-әрекеттер жоспарлау. Мектепті дамыту жоспарының: аудит жүргізу,

стратегиялық басымдықтарды анықтау, табыс критерийлерін белгілеу, іс-шаралар жоспарлау, эвалюация және мониторинг бөлімдері бойынша мұғалімдер өзінің жұмысын бағалайды. МДЖ-ды осы оқу жылына негіздеп жасалды.

Мектептің даму бағыты диалогтік оқыту тәсілін жетілдіруге бағытталған. Біз іс-шараны жоспарлауда негізгі басым бағытпен қоса, басқа да оқытудағы жаңа тәсілдерді қамту жағын қарастырылды. Әсіресе, бағалау мен АКТ-ны игеруге ерекше мән берілді. Себебі бағалау, соның ішінде, өзін-өзі бағалау-бүгінгі білім саласында маңызды мәселе. Дәстүрлі сабақтарда бағалау тек мұғалім тарапынан жүзеге асатын. Мұндай жағдайда оқушының жеке пікірі ескеріле бермейтін. Жасыратыны жоқ, дәстүрлі сабақта бағалау жүйесінде дәлсіздіктер жиі орын алып, оқушылардың наразылығы туындайтын. Ал өзін-өзі бағалау, реттеу тұсында қандай да болмасын жеке тұлға бағалауға айрықша көңіл аударып отырады. Рефлексивтік есеп негізінде не сәтті/сәтсіз болғандығын санамалап, алдағы іс-қадамға сыни тұрғыдан келеді. Эвалюация аралық кезеңде орындалған іс-шаралардың осындай ілгерілеушілігін талдауға септігін тигізді. Аралық кезеңде бағалауға мұғалімдер де, оқушылар да көп көңіл бөлді, қызығушылық танытты. Ұйымдастырылған коучинг сессиялары да негізінен осы тақырыпқа сәйкес өтті. Барлық түйінді мәселелерді шешуде ұсыныс-пікірлерге арнайы тоқталып отырдық. Егер зерттеу, қадағалау әр сыныпта кемі 3-4 сабақтан өткендігін ескерсек, әр жұмыс қорытындысы бойынша жинақталған ұсыныс пен жетілдіруге тиісті әрекеттер, стратегиялардың МДЖ-2-ге енгізілуі де жоспардың үнемі қадағаланып отырғанын білдіреді.

Сондай-ақ тәлімгерлік үдерісі, әр тәлім алушының топтама сабақтары мақсатқа бағыттайтын сауалдардың шешімін табуға көмегін тигізді. Дамыту үдерісін қолданысқа енгізуде мынадай қадамдарды дұрыс ұйымдастыру да көзделді.

- Мақсаттарды анықтау.
- Шынайлықты тексеру.
- Нұсқаларды талқылау.
- Мерзімді келістіру.

Мақсаттарды анықтау арқылы барлық орындалған іс-шаралардың дамыту үдерісіне сай жүргізілуіне, жоспардың әр бағытта қамтылуына мектеп директоры басшылық жасайды. Келешекте жүзеге асатын іс-әрекеттердің анық бағытын жоспарлауға мүмкіндік туды. Нәтиженің шынайылығын мұғалімдердің өзгеріс ұғымын қалай қабылдағанына қарап ажыратылды. белсенді тыңдалым мұғалімдердің мүмкіндік дағдыларын дамытуға көмектесті. Сол кезде мұғалімдерге қолдау көрсетіп, зейіннің тұрақталуына жағдай туғызу ресурстары ойластырылды. Түрлі идеялар мен шешімдерді қарастыруға әрекет жасалды. Мұғалімдер қол жеткізген, олар үшін табысты болған шешімдерді тексеріп отыру жүйелі жолға қойылды. Мүмкіндігінше іс-шараларда әр қырынан танылған мұғалімдерді мадақтап, неге қол жеткізе алғандарына көздерін жеткізуге бағытталды. Мұғалімдер өз мүмкіндіктері мен мақсаттарын айқындай алды, тәжірибеде қолдануға жоспар құрды. Мақсатқа жетуде жаңа

тәсілдерді іздестірді, өз қабілеттері мен таланттарын жұмылдырды. Мектептің даму жоспарын нақты тәжірибеде қолданысқа енгізу үшін өз мұғалімдеріме ең тиімді нұсқаларды таңдауына көмектесіп, қолдау көрсетілді. Олар қажетті деп таныған іс-әрекеттерді жоспарлауға қолдау көрсетілді. Келісілген уақыт шегінде біршама табысты нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік алғанымыз осындай түсіністікте, ынтымақтастық ахуалда жұмыс жасай білгеніміздің жемісі.

Түсіндірме жұмыстарының пайдасы желілік қоғамдастық аясында да көрініс берді. № 10, 41, 29, 5 мектеп басшыларының және жергілікті білім беру орталықтарының өтініш-тілектері негізінде үйлестіруші тобындағы мұғалімдер практика жүзінде әріптестерімен тәжірибе алмасты. Жаңа әдістердің мән-мағынасын ашатын тренинг сабақтарын ұйымдастырып, шешімі қиын мәселелердің түйткілдерін шешудегі ынтымақтастықтың маңызына өзгелердің көзін жеткізе алды. МДЖ-1 нұсқасында қарастырылмаған осындай жұмыстар кейінгі жоспарларда міндетті түрде ескеріліп отырды. Оқыту мен оқудағы аралық кезеңдегі елеулі өзгерістер мектеп оқушылары мен мұғалімдерге шын мәнінде алға ұмтылу, жаңа қадам жасау, қателесуден қорықпау, жігерлену, талпыну қабілеттерін арттырды.

Өзгерістерді бақылау арқылы қол жеткен кіші табыстардың өзіне де қолдау көрсеттік. Өйткені кіші табыстар үлкен табыстарға жетелейді. Мұғалімдер бірлесе жұмыс атқара жүріп, оқушылардың ынта деңгейлерін зерттей алды. Жеке тұлғаның өрістеуіне мән берді. Сол себепті оқу-тәрбие үрдісі алға жылжу байқалды. Мәселен, I оқу тоқсаны мен жылдық қорытындысы бойынша зерттеуге алынған сыныптардағы оқу үлгерім көрсеткіші төмендегідей болды.

I тоқсан			жылдық		
р/с	сынып	сапа	р/с	сынып	сапа
1	5	78	1	5	92
2	6	82	2	6	91
3	7	81	3	7	92
4	8	80	4	8	89
5	9	79	5	9	94
6	10	83	6	10	93
7	11	92	7	11	97

Мектепті дамыту жұмысына тартылған барлық әріптестер өз үлестерін қоса білді. Ақпарат, дерек, ұсыныс түрінде де үлес қосқан оқушылар мен қатар, ата-аналар да болды. Әріптестік қарым-қатынас негізінде туындаған дамыту жоспарының жағымды жақтары:

1. Жалпы педагогикалық дағдылар	Мұғалімдер бір-бірінің кәсіби дамуына қолдау көрсете алды. Оқытудағы даралауға жағдай жасайтын тәсілдерді таңдау мен пайдалануды қамтитын стратегияларды түсіне білді.
2. Әріптестерімен	Мектептегі, мектептер аясындағы қоғамдастықта кәсіби диалог

қарым-қатынас	жүргізді. <i>Lesson study</i> цикліне бастама жасады, оны жалғастырып, қолдау танытты.
3. Қоғамдастық	Қоғамдастықта тәжірибелік зерттеулерді жүргізді, бақылау жасауға күзiреттiлiк бiлдiрдi.
4. Көшбасшылық және басқару	Мектеп көшбасшылары басқа мектептің мұғалімдерімен тығыз ынтымақтастықта болды, мұғалімдерді жетілдіруге ықпал етті. Жаңа тәжірибені жасау және іске асыру, бағалауда стратегиялық көшбасшы ролін атқарды.
5. Тиімді жоспарлау	Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында тізбектелген сабақтар топтамасы жоспарланды. Пәнаралық ықпалдастықты қамтитын көздейтін сабақтарды жоспарлауға бастама жасалды.
6. Бағалау	Мұғалімдер жиынтық және қалыптастырушы бағалауды пайдалану әдістемесін тәжірибеде жүзеге асырды, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасай білді.

Эвалюациялауға жататын жаңа сипаттағы жұмыстардың бірі – зерттеу және рефлексия жұмыстары: сынып деңгейінде жүргізілетін зерттеу жұмыстары және кері байланыс. Іс-әрекеттегі зерттеу – анықталған мәселе бойынша мұғалімнің сыныпта жүргізетін зерттеу нысаны. Бұндай зерттеуді деңгейлік бағдарламаларды игерген барлық мұғалімдер жүргізеді. Іс-әрекетті зерттеу барысында зерттеу нысаны анықталып, тақырып таңдалды. Деректер жинақталды, өзгеріс енгізу үшін тізбектелген сабақтар топтамасы ұйымдастырылып, нәтижесі талданды. Эвалюациялау кезінде жаңа мақсаттағы іс-шаралар жоспарланды. Ол оқушылардың пікірлері негізінде алынды. Мәселен, бұған дейін алгебра, геометрия пәндерінен тапсырманы түсіндіруде қиналатын оқушылар топтық жұмыс нәтижесінде, диалогтік тәсілдің тиімділігі арқасында пәнді толық меңгеріп, игеруге мүмкіндік алды.

Мектептегі оқыту мен оқу тәжірибесіне енгізілген өзгерістердің негізгі мақсаты – білім алушылардың табысты оқушы болып қалыптасуына жағдай жасау, көмектесу. Осы бағытта мектептің дамуын жоспарлау үдерісі – мектеп директорына енгізілетін өзгерістерді басқаруға көмектесу тәсілі екендігі аңғарылды. Педагогикалық ұжыммен бірге ынтымақтастықта жүргізген мұғалімдердің тәжірибелік қызметін қолдауға және кәсіби дамуына бағытталған мониторинг негізінде басшылық ету сапасын жүйелі түрде зерттеу және бағалау, яғни, ішкі эвалюация үдерісі олардың неге қол жеткізгенін және өзгеріс енгізу үдерісі мақсатқа сай және үйлесімді жолмен жүруі үшін тағы не істеу керектігін анықтауға көмектесті. Атқарылған жұмыстардың мықты және олқы тұстарын анықтай отырып, келесі циклді жоспарлау ойластырылды.

МДЖ-ғы жоспарланған іс-шаралар шынайы, ал атқарылған іс-әрекеттер оңтайлы болғандығын кері байланыстар, әртүрлі әдістер арқылы деректерді жинауда кезінде анықталды. Себебі жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру мектеп қызметкерлерінің күнделікті жұмысы болып табылды. Іс-шаралар тек науқан түрінде емес, жүйелілікпен жоспардың кестесіне сәйкес тапсырмалары орындалуы оң нәтижесін берді. Осы оқу жылындағы енгізілген өзгерістің тиімді және сәтті жақтарын зерделенді. Табыс критерийлері бойынша МДЖ-ның алдағы бағыттары айқындалды. Педагогтың кәсіби өсуі – білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің басты шарты.

## **2.3 Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы ғылымдарды тиімді интеграциялау**

### **Рудный қаласы әкімдігінің «№15 орта мектебі» КММ «Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы ғылымдарды тиімді интеграциялау» эксперименталды алаңның тәжірибесі**

Қазіргі таңда тұлғаның сауатты, мәдени түрде сөйлеуі, оның көптілді тұлға болуы, тілдік теориясы толығымен жетіліп, кез келген пән бойынша тақырыпты аша білуі заман талабына айналуда. 12-жылдық білім беру моделіндегі «Көптілділік» бағдарламасын жүзеге асыра отырып, жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндермен (биология пәнін) кіріктіре оқытып, оқушыларды мемлекеттік аттестаттауға, ғылыми зерттеу жұмыстарына, олимпиадаларға, зияткерлік сайыстарға және ҰБТ-ға тиімді дайындаумен қатар, оқушының ғылыми сауаттылығын арттыра отырып, әлемді біртұтас бейне ретінде қабылдау көзқарасын қалыптастыру негіз болды. Оқушыға қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарының өзара байланыстарын ұғындыра отырып, оның өз алдына ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыра алуы назарда тұтылады. Әр пәннің жеке пән ретінде оқытылып, оқушының оларды жеке-жеке етіп қабылдауы, пәнаралық байланыстың болмауы алаңды жасауға түрткі болды. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында 2013 жылығы «интеграцияланған білім беру оқу бағдарламалары - білім беретін оқу бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген оқу бағдарламалары» деп көрсетілген.

*Эксперименталды алаңның атауы:* «Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы ғылымдарды тиімді интеграциялау». *Эксперименталды алаңының мақсаты:* бағдарламада 6-сыныпқа арналған биология пәнін үш тілде тереңдете оқыту басты мақсат болып табылады, себебі, қазіргі таңда 12-жылдық білім моделінде бейіналды даярлық 5-9 сыныптарын қамтып, оқушының элементарлы сауаттылығынан функционалдық сауаттылыққа көшуін қажет етеді. Осы бағдарлама аясында білім алушы 6-сынып оқушылары үш тілдің негіздерін салыстырмалы аспекте және жан-жақты игереді: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис, стилистика, сонымен қатар ғылым негіздерін игеру барысында 12-жылдық білім стандартында көрсетілгендей түйінді құзыреттіліктер (коммуникативтік, ақпараттық, әлеуметтік және тұлғалық) қалыптасады.

*Эксперименттің аяқталуы бойынша қорытындылау жиыны.* Кіріктіре оқытудың нәтижесінде:

- оқушыларда жүйелілік білімі, білігі мен дағдысы қалыптасады;
- оқушының өз бетінше ізденушілігі, зерттеушілігі арта отырып, жеке тұлға ретінде өзідігінен жетіле алатын қоғамның белсенді субъектісі болады.

Алған теориялық білімдерін қолдана алу үшін, біліктерін және дағдыларын

шыңдау мақсатында жергілікті «Зеленстрой» МҚМ іс-тәжірибесіне қатыса алуы ұйымдастырылды. Эксперименттен өтіп жатқан оқушылар Республикалық ғылыми жобалар байқауында және Республикалық ОСКО олимпиадасында білімдерін сынап жүр. Оқушылар эксперименталды алаң аясында метапәндік нәтижелерін өмірдегі қажетті түйінді құзыреттілікке айналдыра алады (жеке тұлғалық, әлеуметтік, азаматтық, ақпараттық, көшбасшылық, коммуникативтік, технологиялық) және болашақ кәсіптерін саналы түрде медицина және агрономия салалары бойынша таңдай алады.

*Алаң бағдарламасының бағыттары:*

- «Ғылымдар үндестігі» – ұйымдастыру кезеңі;
- «Талдау мәдениеті» – енгізу кезеңі;
- «Тіл - ғылым кілті» – қорытындылау кезеңі.

2013-2014 оқу жылында «*Ғылымдар үндестігі*» – ұйымдастыру кезеңі деп аталды. Бұл кезеңде алаңның нормативтік құжаттамасы жасалып, ұйымдастыру кезеңі басталды. Ол келесі жұмыстардан тұрды: алаң контингентіне 6 сыныптардан 24 оқушы жиналып, олармен психологиялық-диагностикалық жұмыстар жүргізілді, яғни алаңға қатысушы оқушылардың танымдылық қабілеттерін диагностикалау және салыстыру, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық қызмет арқылы алаңдағы білім алушылардың бейімделуі мен дамуы анықталды. Қатысушы мұғалімдер анықталды, олар: жоғары санатты биология пәнінің мұғалімі Өміржанова С.Е., I санатты орыс тілі пән мұғалімі Ануарбекова Ж.Т., I санатты ағылшын тілі пән мұғалімі Бахтыбаева А.К., I санатты қазақ тілі пән мұғалімі Ержігітова А.С., сынып жетекшісі Аханова А.Б., жантанушы Кудесова Н.С.

### **Алаңды әдістемелік қамтамасыз ету:**

1. Биология пәнінің мұғалімі С.Е. Өміржанованың «Өсімдіктің ішкі дүниесі» атты авторлық бағдарламасын үш тілде жүзеге асыру. Осыған орай әр пән бойынша жеке факультеттік сағаттар апта сайын жүргізіп, айына бір рет 4 пәнінен кіріктірілген түрде сабақ өткізіліп тұрды.

2. Тілдер бойынша кәсіптік тақырып шеңберінде ауызша айтылған сөзді (монологтық, диалогтық) түсіне білуі үшін барлық тілден «Өсімдіктің ішкі дүниесі» атты таңдау курсының негізінде тілдік норманы тереңдету мақсатында ОСКО технологиясының бастапқы кезеңінде фонетикалық талдаулар жүргізілді.

3. Ағылшын тілін терең меңгеру үшін, яғни оқушылардың жан-жақты білімін, дағдысын қалыптастыру үшін «*Cambridge Press*» баспасының «*Messige 2*» оқулығы алынды.

Отандық оқыту технологиясының тиімділігін 2013-2014 оқу жылындағы нәтиже көрсеткіштерінен байқауға болады:

– Халықаралық «*British Bulldog-2014*» зияткерлік сайысынан 3 оқушы III орынды иеленді: Темірғалиев Ақыл, Қара-Мурзин Жансерік, Тұрсынбек Жәнібек;

– Пән олимпиадалары: Халықаралық қашықтық сайыс «Go West -2014» – I деңгейлі диплом Имамбаев Тилеген (ағылшын тілі); «X-ші Халықаралық қашықтық негізгі пәндер олимпиадасы» Қара –Мурзин Жансерік - 2 орын (биология); Сағимбаева Мадина (ағылшын тілі)-II орын; Қанатова Айжамал (орыс тілі) – 2 орын; Искакова Дана – III орын;

– «КИО – көктем 2014» Астана қ. «Үздік нәтиже» Қара-Мурзин Жансерік (биология); Досанова Малика «Қала бойынша ең жақсы нәтиже»;

– 14-16 мамыр 2014 ж. Республикалық Н.А. Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша 14-ші ауызша командалық олимпиада: «Кеңшілер» тобы «Бас жүлдені» 48 командалар арасынан иеленді. Команда мүшелері: Қанатова Айжамал, Имамбаев Тилеген, Темірғалиев Ақыл.

2014-2015 оқу жылында «Талдау мәдениеті» - енгізу кезеңінің нәтиже көрсеткіштері:

– 2015 жыл Қалалық пән олимпиадасы 5-7 сыныптар аралығында: Қара-Мурзин Жансерік – 2 орын (биология); Канатова Айжамал - 1 орын мен Искакова Дана – 3 орын (орыс тілі);

– *Ғылыми жұмыс бойынша:* 2014 ж. ақпан айында Қостанай қ. ФМЛ-де өткен Оқушылардың III аймақтық ғылыми-практикалық конференцияда тілтану секциясында Қанатова Айжамалдың «Естен кетпес киіпкерлер» жобасы III орынды иеленсе(ағылшын тілі), 2015 жылы қалалық кезеңде орыс тіліндегі «500 глаголов Г.Остера во «Вредных советах» атты жобасы 2 орынды иеленді.

*Ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша:*

– 2014 ж. ақпан айында алаң оқытушылары ағылшын тілі пәнінен қалалық семинарда төрт пәннен кіріктірілген «Өсімдіктің қоректенуі» тақырыбында ашық сабақ көрсетті;

– 2014 ж. сәуір айында облыстық «Қостанай Дарыны» орталығымен ұйымдастырылған «XXI ғасыр мектебі» атты ғылыми-практикалық конференциясында алаң оқытушысы Ануарбекова Ж.Т. «Бейіндік оқытудағы пәндер интеграциясы – заман талабы» атты ғылыми жобасы жүлделі I орынды иеленді;

Оқушыларға он-лайн, ғылыми практикалық іс-шараларды ұйымдастыру, халықаралық ғылыми практикалық және білім беру конференциялар, семинарлар, мен олимпиадаларға қатысуы туралы ақпарат алу, қажетті материалдар мен мағлұматтармен бөлісу үшін, оқу бағдарламаларының сәйкестігі және оқу әдістемелердің үйлесімділігін қамтамасыз ету, эксперименталды алаңға ғылыми жетекшілік жасау мақсатында:

– ШЖҚ РМК Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Көптіліділік» факультетімен 2014 ж. мамыр айында ынтымақтастық келісім жасалды.

– Алаң мұғалімі Бахтыбаева Айдын Камалқызының «Ағылшын тілі етістігін сатылай кешенді талдау» іс-тәжірибесі қалалық педагогикалық тәжірибелер қорына енгізілді(куәлік №34 22.11.13 №23 хаттамасының шешімі.

– Алаң мұғалімі Ануарбекова Жанар Талғатқызы мен алаң оқушыларының сынып жетекшісі Аханова Айзада Бекенқызының «Рабочая

тетрадь по литературному чтению для 6 класса общеобразовательных школ с казахским языком обучения» оқу-әдістемелік кешені Облыстық педагог мамандарды қайта даярлау мен біліктілікті жетілдіру институтының сараптамалық кеңесінде қорғалды ( 2014 ж. 17 сәуір ISBN978-601-7479-94-7).

– 2014 ж. отандық оқыту технологиясына қызығушылық танытқан әріптестеріміз бастауыш сынып және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері тікелей технология авторы Н.А. Оразахынованың жазғы демалыс күндері ұйымдастырылған арнайы оқу курстарынан өтті.

2016 ж. алаң жұмысын қорытындылау мақсатында облыс деңгейінде пәндерді кіріктіріп оқыту бағдарламасы қорғауға ұсынылады.

## 2.4 «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы, № 4 мектеп-гимназия Астана қаласы

### «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы Н.А. Оразахынованың тәжірибе алаңындағы сыныптардың ата-аналарымен кездесуі

2014 жылдың қазан айының 30-да мектебімізде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Н.А. Оразахынованың қатысуымен ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа биылғы оқу жылынан бастап «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша тәжірибелік алаңға жаңадан қосылған бастауыш сыныптар 1а, 1ә, 1б, 1д, 1ж және ортаңғы буыннан 5в, 5б сыныптарының ата-аналары қатысты. Мақсаты: тәжірибе барысында оқушылардың сапалы білім алуына, сауатты сөйлеуіне, жазуына, оқуына пән мұғалімдері, сынып жетекшілер және ата-аналармен үнемі тығыз байланыс нәтижесінде ғана қол жеткізуге болатындығын түсіндіру. Жыл бойы ортақ мақсатпен бірлесе жұмыс жүргізуге шақыру.



### «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша тәжірибе алаңында «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты тақырыппен оқушылар арасында мектепішілік ауызша командалық олимпиадасы

Жамбыл Жаббаев атындағы № 4 мектеп-гимназиясы 2015 жылдың 26 ақпанында Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдіскер ғалым Нұрша Алжамбайқызы Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша қала мұғалімдерінің қатысуымен «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» атты тақырыпта оқушылар арасында мектепішілік пәндік ауызша командалық олимпиадасы өтті. Мақсаты: сатылай кешенді оқытудың рөлі мен маңыздылығын ашып, оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыру. Олимпиадаға бастауыш сыныптардан 1а, ә, б, д, ж, 2ә, б, 3е, г, ортаңғы буыннан 5б, в, 6б сыныптарынан барлығы 14 топ қатысып, 1а, ә, б, 3г, 5б, 6б сыныптарынан 6 топ үздік атанды. Топ жарған үздік командалар

сәуір айында өтетін қалалық олимпиадаға жолдамалар алып, бақтарын сынайтын болды.



### Қалалық ауызша командалық олимпиаданың пәндер бойынша тапсырмалары

ОСКО ұйымдастыру комитеті

#### 1-сынып

##### Қазақ тілі:

1. Синтаксистік талдау жасаңыз (3 сатысы бойынша).
2. Түбір сөзге сөзсаяндық (фонологиялық) талдау жасаңыз (6 сатысы бойынша).
3. Дауысты, дауыссыз дыбыстарға мінездеме беріңіз.

**Өлеңдер:** (Мәнерлеп жатқа айтып, сатылай кешенді талдау).

1. Ө. Тұрманжанов. «Білім» өлеңін сатылай кешенді талдау.
2. Ө. Тұрманжанов. «Туған өлкем» өлеңін сатылай кешенді талдау.
3. Б. Ысқақов. «Отан» өлеңін сатылай кешенді талдау.
4. Т. Айбергенов. «Көктем» өлеңін сатылай кешенді талдау.
5. М. Әлімбаев. «Қазақстан байрағы» өлеңін сатылай кешенді талдау.

##### Математика:

1. 1, 2, 3, 4, 5 сандарына сатылай кешенді талдау жасаңыз.

##### Дүниетану:

1. «Табиғаттың жансыз денелері» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
2. «Табиғаттың жанды денелері» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
3. «Адам» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
4. «Табиғат құбылыстары» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
5. «Ауа райы» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.

#### 2-сынып

##### Қазақ тілі:

1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз (3 сатысы).

2. Түбір сөзді құрамына қарай (морфологиялық) талдау жасаңыз.
3. Дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.
4. Бір қосымшалы сөзге сөзсазындық (фонологиялық) талдау жасаңыз (5 сатысы).

**Әдебиеттік оқу:**

1. Ш. Смаханұлы «Он саусақ» өлеңіне сатылай кешенді талдау.
2. Е. Өтетілеуұлы «Алатау» өлеңіне сатылай кешенді талдау.
3. С. Мәуленов «Балалардың бақыты» өлеңіне сатылай кешенді талдау.
4. А. Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіне сатылай кешенді талдау.
5. М. Түменбаев «Көктем» өлеңіне сатылай кешенді талдау.

**Математика:**

1. 11-ден 20-ға дейінгі натурал сандарды сатылай кешенді талдау.
2. Қосу амалын сатылай кешенді талдау.
3. Азайту амалын сатылай кешенді талдау.

**Дүниетану:**

1. «Су» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
2. «Өсімдік – тірі организмі» тақырыбына сатылай кешенді талдау.
3. «Мен адаммын» тақырыбына сатылай кешенді талдау.
4. «Ауа» тақырыбына сатылай кешенді талдау.
5. «Топырақ» тақырыбына сатылай кешенді талдау.

**3-сынып**

**Қазақ тілі:**

1. Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз (5 сатысы).
2. Бір қосымшалы зат есімді сөз құрамына (морфологиялық) талдау жасаңыз.
3. Бір қосымшалы сөзге толық сөзсазындық (фонологиялық) талдау жасаңыз.
4. Дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріңіз.

**Әдебиеттік оқу:**

1. Т. Жароков «Күз» өлеңін сатылай кешенді талдау.
2. Қ. Ыдырысов «Мұғалім» өлеңін сатылай кешенді талдау.
3. Т. Әбдірахманова «Даналарым» өлеңін сатылай кешенді талдау.
4. Т. Айбергенов «Ақ қыс» өлеңін сатылай кешенді талдау.
5. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» өлеңін сатылай кешенді талдау.

**Математика:**

1. 3 таңбалы сандарды сатылай кешенді талдау.
2. Өрнекті сатылай кешенді талдау.
3. Санды өрнекті сатылай кешенді талдау.

**Дүниетану:**

1. «Адам ағзасы» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
2. «Бұлшық ет» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
3. «Тыныс алу мүшелері» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.

4. «Құбылыстар» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.
5. «Бұлт. Жауын-шашын» тақырыбына сатылай кешенді талдау жасаңыз.

#### **4-сынып**

##### **Қазақ тілі:**

1. Сөйлемге синтаксистік талдау (5 сатысы).
2. Бір қосымшалы зат есімді сөз құрамына (морфологиялық), лексика-грамматикалық мағынасына талдау.
3. Екі қосымшалы сөзге толық сөзсаяндық(фонологиялық) талдау.
4. Дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру.

##### **Әдебиеттік оқу:**

1. Ф. Оңғарсынова «Қазақтың дәстүрлері» өлеңін сатылай кешенді талдау.
2. Ш. Сариев «Тәуелсіздік монументі» өлеңін сатылай кешенді талдау.
3. Ж. Молдағалиев «Ар-ұят туралы» өлеңін сатылай кешенді талдау.
4. О. Асқар «Шындық» өлеңін сатылай кешенді талдау.
5. С. Сейфуллин «Наурыз» өлеңін сатылай кешенді талдау.

##### **Математика:**

1. Көп таңбалы сандарды сатылай кешенді талдау.
2. Көбейту, бөлу амалдарына сатылай кешенді талдау.
3. Қарапайым және күрделі теңдеулерді сатылай кешенді талдау.

##### **Дүниетану:**

1. «Адамды адам еткен еңбек» тақырыбына сатылай кешенді талдау.
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» Жолдауын жүзеге асыру мақсатында 2007 жылы гимназияда үш тілде оқыту бойынша эксперимент жұмысы басталды (ҚР БҒМ 2007 жылғы 7 тамыздағы № 387 бұйрығы).

Гимназияны басқару тиімділігі, атқарылған жұмыстың нәтижелері тиісті ұйымдастырушылық - әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етудің біртұтастығына тәуелді болып келеді. Білім сапасын арттырудың мәселелері мен қолжетімділігі Бағдарламаларды іске асырудың жетекші факторы ретінде анықталған және гимназияны дамытуда басты рөлді атқарады.

Іс-әрекетті ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыда қамту және дамыту келесі негізгі бағыттар негізінде құрылады:

- Оқу-тәрбие үрдісін бағдарламалық-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етуді жетілдіру.
- Үздіксіз педагогикалық білім беру мен кәсіби дайындықтың сапасын ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамту.
- Білім беру үдерісін ақпараттық-әдістемелік тұрғыда қамту.
- Оқытушылардың біліктілігін арттыру.

Жоғарыда аталған бағыттарды орындау гимназияның үйлесімді дамуына септігін тигізеді. Жаңа педагогикалық парадигма аясында біздің даму Бағдарламамыздың мазмұны айқындала түседі:

Мақсаты – түлек тұлғасы;

Тәсілі – гимназиялық мектеп идеалы;

Жағдайы – мұғалімнің кәсібилігі.

Жалпы ережелер қазақстандық және әлемдік білім беру кеңістігінің басты құндылықтары бағдарларының тәжірибелік маңызы ретінде басшылыққа алынған.

Бағдарлама көпқызметті, өйткені ол ХХІ ғасырдағы қазақстандық білім берудің гимназиялық идеалын(мұратын) аша түседі, олар төмендегі

факторлардың жиынтығынан тұрады:

- Идеологиялық (әр түрлі тілдерде қатынас шеберлігін, өнерін меңгерген, шығармашылық тұрғыда ойлауға қабілетті мемлекеттік тұлғаларды дайындайды);
- әлеуметтік-өркениетті (гимназия әрі қарай кіріктірілген мамандықтарды – олар болашақ кәсіпкерлер менгері алатын, бойында жан-жақты қабілеттері бар, ақсүйектер қатарына жататын адамды дайындайды);
- ұлттық-сабақтастық (үйлесімді дамуды және ұлттық сананы қамтамасыз етеді, яғни төзімділікті негізге алады, көп мәдениетті қоғамда өмір сүре білу).



3-сурет – Гимназияда білім сапасын тиімді басқару үлгісі

### «Үш тілде оқытуды жүргізу және халықаралық кеңістікке кіру» бағдарламасы

**Бағдарламаның басты идеясы:** білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының өзара еркін әрекет етуіне, жайлы психологиялық ахуалды құруға, шығармашылық тұғырды қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдайды құру болып табылады.

Тұжырымдамалық құжаттарды зерттеу барысы шығармашылық ізденіс педагогикалық ұжымды көптілділік білім жүйесінің үлгісін құруға әкелді, ұжымның пікірі бойынша аталмыш білім үлгісі оқушылардың қазақ, орыс және

ағылшын тілдерінен ғана емес, сонымен қатар, басқа да пәндерден күзiреттiлiгiн дамытуға ықпал етедi.

Қазақстан Республикасының Президентi Н.Ә. Назарбаев ҚР Бiлiм және ғылым қызметкерлерiнiң үшiншi съезiнде атап өттi - «Ағылшын тiлiнiң қажеттiлiгi – бұл әлемдiк беталыс, басты қажеттiлiк. Ал орыс тiлiн жетiк бiлу - бұл бiздiң байлығымыз, оны жоғалтып алуға болмайды».

**Оқушылар мен мұғалiмдер алдында тұрған басты мақсат** - әлеуметтiк және кәсiби тұрғыда өзiн-өзi анықтауға қабiлеттi, өз халқының дәстүрi мен тарихын бiлетiн, бiрнеше тiлдердi меңгерген, өзiн-өзi дамыту мен жетiлдiруге ұмтылатын жан-жақты мәдениеттi тұлғаны дамыту болып табылады. Бұның барлығы мектеп түлектерiне ЖОО-на түсу үшiн, соның iшiнде өзiнiң өмiрлiк жоспарларын iске асыруға қажет болып келедi.

**Белгiленген мақсаттар үш деңгейде iске асады:**

1. Гимназия – ҚР МББС талаптарын орындауды ескере отырып, гимназияның көптiлдi моделiн құру.

2. Мұғалiмдердiң әдiстемелiк бiрлестiктерi - ОӘК үлгiсiн құру арқылы, оқушылардың дарындылығын дамытуға бағытталған гимназияның ұйымдасқан және дидактикалық бiлiм беру ортасын құру.

3. Пәндер – шығармашылық тапсырмалардың жүйесi, пән бағдарламалары, әдiстемелiк құралдар, бағалау критерийлерi арқылы үш тiлде оқыту жүйесiн енгiзу.

Көптiлдiлiктi жоспарлау барысында, ағылшын тiлiнiң бағдарламасы гимназияның жалпы мiндеттерiне бағынған, яғни қазақ және орыс тiлдерiмен қатар, ағылшын тiлi де қатынас орнату тiлi болып табылады. Оқушылар барлық пәндер бойынша ағылшын тiлiнде терминологияны, тiлдiк дағдылар мен икемдердi бiлулерi қажет. Ағылшын тiлiнен жоспарлау жұмысы барысында оқу уақытының көптеген бөлiгi ауызша тiлдi дамытуға бағытталған, жеке пәндер ретiнде грамматика және фонетика, ағылшын әдебиетi мен үйде оқу сабақтары белгiленген. Ағылшын тiлiнде оқылатын биология пәнiнен терминологиялық сөздiктердi әзiрлеу қажеттiлiгi туындап отыр. Мемлекеттiк тiлде қазақ тiлi мен әдебиетi, Қазақстан тарихы мен мәдениетi оқытылады. Орыс тiлiнде орыс тiлi мен әдебиетi, дүниежүзiлiк тарихымен байланысты пәндер оқытылалы.

**Эксперимент жүргiзу пәнi.** Оқушыларды үш тiлде оқыту жағдайында оқыту мен тәрбиелеу үдерiсiнiң заңдылықтары туралы жаңа бiлiмдерiн алуға бағытталған дарынды балаларға арналған гимназияның бiртұтас үлгiсi.

**Эксперимент мақсаты:** Оқушыларды үш тiлде оқыту және халықаралық бiлiм кеңiстiгiне енудi кешендi iске асыру негiзiнде гимназия моделiнiң үлгiсiн әзiрлеу.

**Зерттеу мiндеттерi:**

– қазақ, орыс және ағылшын тiлдерiн тереңдетiп оқыту негiзiнде, сонымен қатар, жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық циклдағы бағдарлы пәндер негiзiнде теориялық модельдi құру;

– мектептiң экспериментальды үлгiсi: үш тiлде оқытудың оқу үрдiсiне оқушылардың оқу жетiстiктерi мен жалпы мәдени тәрбиесiн бағалау жүйесiнiң механизмiн енгiзуге арналған тәжiрибелiк ұсыныстар;

– үш тілде оқытуды енгізу бойынша гимназияның тәжірибесін тарату және білім үдерісіне зерттелген үлгіні ендіру.

### **Зерттеу болжамы:**

Оқушылардың полилингвистикалық құзіреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін, ҰБТ-да жақсы нәтиже көрсететін, дарынды балаларға арналған гимназияның біртұтас үлгісін әзірлеуде келесі жағдайларды орындау қажет:

– ақпараттық желіні кеңейтетін, білім мазмұнын қызықтыра түсетін, сонымен қатар, ұлттық мәдени құндылықтарды сыйлауға тәрбиелейтін, әлем халықтарының мәдениетімен таныстыратын, оқушыларға арналған полилингвистикалық дамыту ортасын құру;

– оқушылардың өзін-өзі бағалау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен шұғыл түрде шешім қабылдау, шығармашылықты дамыту, әлеуметтік жауапкершілікті, демократиялық қарым-қатынас орнатуға дайын, ерікті тұлғаны қалыптастыру мақсатында барлық оқу және сабақтан тыс әрекет түрлерін қамтитын оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін әзірлеу;

– пән мазмұнын біріктіру мен дамытуды қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу әрекетіне оқушыларды қосу;

– оқушылардың оқу және сабақтан тыс әрекетін біріктіруді қамтитын, олардың танымдық өздігінен әрекет етуін, өзін-өзі ұйымдастыра білуін дамытатын, олардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін қанағаттандыратын, тұлғалық қасиеттері мен мүмкіндіктерін іске асырып жетілдіретін, оқушыларға арналған арнайы жеке білім маршруты арқылы оларға факультатив сабақтарды, элективті курстарды және өз жеке таңдаулары бойынша оқу жоспарының вариативті бөлігін таңдауға мүмкіндік беру мақсатында оқу мен сыныптан тыс әрекеттерді біріктіру (ТБЖ іске асыру – тұлғаға бағытталған жиынтық).

### **Іске асыру жылдары. 2007-2014 оқу жылдары Іске асыру барысы мен кезеңдері**

Кезеңдері	Міндеттері	Мерзімі	Нәтижелері
1. Теориялық	1. Гимназиядағы білім жағдайының мәселелік-бағытталған талдауы.	Екінші жартыжылдық 2006-2007 о.ж.	Мәселеге бағытталған талдаудың нәтижелері. Өздігінен аттестаттау нәтижелері. Аттестаттау қорытындысы.
2. Дайындық	1.Бес жылға арналған гимназияның тұтас бағдарламасын әзірлеу. 2.Экспериментті іске асыруға арналған жағдайларды анықтау, басым бағыттары. 3.Оқу бағдарламаларын, ОӘК әзірлеу. 4.Тәрбиелік жұмыстың кешенді бағдарламасын құрастыру. 5.Көптілділік жағдайында дарынды балалармен жұмыс жасаудың технологияларына, әдіс-тәсілдеріне педагогикалық кадрларды үйрету және іріктеу, таңдау. 6.Бастапқы мазмұнды диагностиканы өткізу.	Бірінші жартыжылдық 2007-2008о.ж.	Үш тілде оқытуды енгізу бойынша білім мазмұнын жаңартудың тиімді тәсілдерінің ақпараттық банкі. Диагностикалық құралдар.

<p>3. Тәжірибелік. Үш тілде оқытатын кешенді бағыт негізінде гимназияның білім мазмұнының эксперимент альдық алаң үлгісі.</p>	<p>1. Эксперимент бағдарламасын іске асыру:  - жаңа оқу жоспарларын, жеке даму бағдарламаларын, білім беру технологияларын, диагностикалық әдістемелерді өңдеу;  - оңтайлы педагогикалық технологияларды, жұмыс тәртібін анықтау;  - эксперименттің аралық нәтижелерін өңдеу;  - эксперимент нәтижесін түзету, -эксперимент жағдайында жұмыс жасауға педагогикалық ұжымды бейімдеу;  - жаңа мұғалім бейнесін қалыптастыру бойынша үнемі әрекет ететін семинарды іске қосу;  - бағдарлы гимназиялық білім берудің соңғы нұсқасын әзірлеу;  - мектеп менеджментінің соңғы нұсқасын әзірлеу.</p>	<p>2008-2012 жж.</p>	<p>Эксперименттің аралық нәтижелері. Гимназияның жеке оқу жоспары. Элективті курстардың бағдарламалары. Білім беру технологияларының «банкін» құру және толықтыру. Материалдары ҒӘҰ ОЭР. Ғылыми-әдістемелік семинарлардың материалдары. Эксперимент барысы мен бағдарламасын түзету материалдары. Аралық сарапшылық бағалаудың материалдары.</p>
<p>4. Үш тілде оқытуды жүргізу бойынша жұмыс нәтижелерін жалпылау және эксперимент альдық жұмыс тәжірибесін тарату.</p>	<p>1. Алынған мәліметтерді жалпылау және жүйелеу.  2. Зерттеу мақсаттарының нәтижелерінің сәйкестігін анықтау.  3. Үш тілде оқытуға кешендік бағыт негізінде білім мазмұнының түзетілген үлгісін сипаттау.  4. Үш тілде оқытуды ендіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу, оларды тәжірибелік әрекетке ендіру.</p>	<p>2012-2014 жж.</p>	<p>Эксперимент нәтижелерін талдау және жалпылау. Үш тілде оқытуға кешендік бағыт негізінде гимназияның білім кеңістігінің үлгісі және халықаралық білім кеңістігіне ену.</p>

**Оқытудың тәжірибелік нәтижелері** педагогикалық ұжым мектеп түлегін болжайды:

- зерттеуші ретінде, болжауды құрастыратын, эксперименттерді орындайтын, жоспарлайтын, сәйкестендіретін, талдайтын және жалпылайтын;
- ойлай білетін адам ретінде, өзінің ойлау дағдыларын шығармашылық тұрғыда қолданатын, күрделі мәселелерді шеше білетін, әлеуметтік және физикалық жүктемелерге бейімділік деңгейі жоғары;
- қарым-қатынас орната білетін, ол ақпаратты ала отырып, өз ойын үш тілде, математикалық белгілердің тілдерін қоса отырып жеткізеді;
- қауіпті жеңе білетін адам ретінде, ол бейтаныс жағдайды еш қауіпсіз қабылдайды, жаңа идея, жоспар, рөлдерді қабылдай алады және рухының

тәуелсіздігін сақтай отырып, жаңа жағдайларда әрекет жасай біледі;

– білімді адам ретінде. Жаһандық маңыздағы мәселелермен ұзақ жұмыс жасай біледі. Математикалық, биологиялық, физикалық, құқықтық және экономикалық мәселелерді еркін шеше біледі. Аса маңызды білімдерді меңгерген.

<b>Бағалау өлшемдері</b>	<b>Күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері (негізгі мектеп)</b>	<b>Күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері (жоғары мектеп)</b>
<i>Мәселені идентификациялау (анықтау)</i>	-күтілетін жағдайды негіздейді; -шынайы жағдайды талдайды; -мәселенің кейбір себептерін көрсетеді	мәселені анықтайды және түсіндіреді, мәселені талдауды жүргізеді (себеп-салдарды анықтайды)
<i>Әрекеттің мақсаты және жоспарлануы</i>	-мақсат-міндеттерді белгілейді; - мәселеге қатысты мақсатты белгілейді; - бағалау өлшемдері негізінде өз әрекетінің өнімін өздігінен жоспарлайды.	- қауіптерді көрсетеді; олар мақсатқа қол жеткізуде туындауы мүмкін; - мәселелерді шешудің баламалы тәсілдерін талдау негізінде мақсат қояды; - қойылған мақсатқа қол жеткізуді негіздейді.
<i>Технологияларды қолдану</i>	міндеттерді шешу үшін әрекет технологиясын таңдайды және әрекет жоспарын құрастырады.	-белгілі немесе нұсқамадағы технологияны қолданады, бірнеше алгоритмдерді біріктіреді, әрекет жоспарын құрастырады(бірнеше алгоритмді бірізділікпен және жарыспалы түрде)
<i>Ресурстарды(қор) жоспарлау</i>	қойылған мақсатқа қол жеткізуге қажетті ресурстарды жоспарлайды.	-баламалы ресурстардың талдауын жүргізеді және міндеттерді шешу үшін ресурстарды тиімді қолдануды негіздейді.
<i>Әрекетті бағалау</i>	өз әрекетінің ағымдағы бақылауын жүзеге асырады және өздігінен жоспарлайды.	-ағымдағы бақылау нәтижелері бойынша өз әрекетіне өзгерістерді енгізуді негіздейді.
<i>Нәтижені бағалау (әрекет өнімін)</i>	- өздігінен өз өнімінің әрекетін бағалайды.	-қойылған мақсатқа қол жеткізудің тәсілдерін ұсынады.
<i>Өзінің ілгері дамуын бағалау</i>	әрекетіндегі жемістерді және сәтсіздіктердің себептерін атайды, қиыншылықтарды көрсетеді, оларды жеңіп шығу жолдарын белгілейді, өзіндік түрткілерді талдайды, шешім қабылдайды.	міндеттерді шешу барысында алынған ресурстарды басқа да әрекет түрлерінде мүмкіндігінше қолданады (білім, икем, тәжірибе және т.б.).

### **Күтілетін эксперимент нәтижелерін бағалау өлшемдері.**

Өлшемдер эксперимент бағдарламасының маңызды бөлімі болып табылады және де эксперимент мақсатымен тікелей байланысты. Дарынды балаларға арналған № 3 гимназия оқушыларының «Үш тілде оқытуды жүргізу» (қазақ, орыс, ағылшын) атты эксперименталды бағдарламасы бойынша оқу және тәрбие үрдісінің нәтижелілігі түлек тұлғасының моделінде толығымен көрсетілген.

Білім берудің негізгі нәтижесі алда қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін тұлғаның барлық ішкі және сыртқы ресурстарын яғни, барлық білім, икем, дағдыларын тиімді қолдана білуінде. Оқушылардың әлеуметтену нәтижелері келесі жетістіктер бойынша айқындалады:

*Түлек негізгі деңгейді білуі тиіс:*

- құрдастарымен қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі;
- жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгере білуі;
- дүниетанымдық мәселелерге, ұжым арасындағы өзінің әлеуметтік беделіне асқан қызығушылық танытуы тиіс;
- рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық қажеттілігі болуы тиіс;
- әлеуметтік өмірдің нормаларына бағына білуі және мектеп қабырғасынан тыс әлеуметтік қатынас орната білуі тиіс;
- өзі туралы, жеке тұлғасы және басқа адамның бойындағы жеке құндылықтары жөнінде білуі тиіс;
- өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі анықтау мақсатында әр түрлі әрекет түрлеріне қатысу қажеттігін сезінуі тиіс;
- болашақ әрекетін және мамандығын таңдаудың қаншалықты маңызды екенін білуі тиіс;
- ұлттық және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын меңгеру қажеттілігін білуі тиіс;
- қоршаған ортаға және ондағы барлық әрекеттерге жауапты екендігін сезінуі тиіс;
- денсаулықты құндылық ретінде бағалай білуі және жыныстық рөлдік мінез-құлықтың ара байланысын білуі тиіс.

*Жоғары деңгейдің түлегі білуі тиіс:*

- оқудың, мектеп өмірінің маңыздылығын, болашақ еңбек әрекетіне дайын екенін сезінуі тиіс;
- қоршаған ортаға деген өзінің біртұтас өмірлік ұстанымы мен құндылығы болуы керек;
- Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа да ұлттардың құндылықтарын толығымен меңгере білуі тиіс;
- әр түрлі жас аралығындағы ұжымдармен өзара қатынас орната білуі тиіс;
- өзінің жеке даралығын сезініп, өзін дамытуға, жетілдіруге, өмірлік жоспарларды құруға дайын болуы қажет;
- өзін Әлем азаматы ретінде сезініп, жан-жақты мәдениетті тұлғаның сапаларын меңгеруі тиіс;

– қоршаған ортаны қорғау әрекеттеріне, сонымен қатар шерулерге, кампанияларға, қоғамдық-саяси қозғалыстарға қатысуы тиіс;

– салауатты өмір салтына дайын болуы тиіс;

– болашақ отбасын құрушы, белгілі жыныстың нақты өкілі ретінде өзін сезінуі тиіс;

– гендерлік тепе-теңдікті, олардың тікелей міндеттерін білуі тиіс.

*Мәселелерді шешу құзыреттілігі(самоменеджмент) мүмкіндік береді:*

– әр түрлі жағдайда мәселені анықтауға, жауапты шешімді қабылдауға, өзінің шешімін бағалауға;

– өз әрекетінің мақсатын қоюға, оны жүзеге асыруға қажетті жағдайларды анықтауға, оған қол жеткізудің жоспарларын ұйымдастыруға (технологияларды өңдеуге);

– өзін-өзі бағалауды, өз әрекетін және нәтижелерін бағалауды іске асыруға;

– жағдайға сәйкес өзі үшін әрекет нормаларын таңдауға;

– технологияларды іріктеуге, оны негізге алуға.

*Ақпараттық біліктілік мүмкіндік береді:*

1. Ақпарат негізінде маңызды шешімдерді қабылдау.

2. Өздігінен мақсатты негіздеп қоюға, мақсатқа жету үшін танымдық әрекетті жоспарлап, іске асыруға.

3. Өздігінен іздеп, талдап, іріктеп, қайта өңдеп, сақтап, болжап, ақпаратты алмастырып үйренуі тиіс, яғни, заманауи ақпараттық коммуникациялық-технологияларды қолдана білуі керек.

4. Логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпаратты өңдеу (талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, дәлелдеу, үлгілеу, жүйелеу).

5. Өз әрекетін іске асыруда ақпаратты жоспарлау үшін қолдану.

<b>Бағалау өлшемдері</b>	<b>Күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері (негізгі мектеп)</b>	<b>Күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері (жоғары (аға) мектеп)</b>
<i>Ақпараттық ізденісті жоспарлау</i>	- қойылған міндетті шешу үшін қандай ақпарат қажет екенін атайды; - таратпалы және электронды каталогтарды қолданады, Ғаламтордың ізденіс жүйелерін де қолдана алады; - библиографиялық басылымдарды пайдаланады.	-әрекеттің қойылған міндетіне сәйкес ақпараттық ізденісті жоспарлайды(табылған ақпаратты қолдану қажет); - ақпараттық ізденістің аяқталғаны жөнінде өздігінен шешім қабылдайды (алынған ақпаратты бағалайды).
	- керек ақпаратты қай жерден іздеу керек екенін көрсетеді; -ақпараттық ізденіс міндетіне сәйкес мінездеме береді.	- тиісті сұраққа жауап алынатын қайнар көздерінің түрлерін көрсетеді; -әрекет мақсатына негізделе отырып, ақпараттық көздерін дұрыс қолдануды негіздейді.
<i>Алғашқы ақпаратты алу</i>	-өздігінен байқауды немесе экспериментті жүргізеді, оның мақсатын жоспарлайды; -сұрақ-жауап әдісі арқылы өздігінен	- өздігінен БАҚ мониторингін өткізеді, оның мақсатын жоспарлайды; - көркем мәтін, тарихтан,

	<p>ақпаратты жинауды іске асырады және жоспарлайды (соның ішінде эксперттік сұхбат алу);</p> <p>-қойылған міндетке сәйкес жоспар бойынша БАҚ мониторингін өткізеді;</p> <p>-көркем бейне, тарихтан, санақтық қайнар көздерінен тұратын ақпаратты жинақтайды.</p>	<p>статистикалық қайнар көздерінен тұратын ақпаратты жинақтайды.</p>
<i>Екінші ақпаратты алу</i>	<p>- алынған тапсырмаға сәйкес негізді өздігінен құрайды, түпкі ақпаратты табады;</p> <p>- айқындалған қарама-қайшылықты көрсетеді (қайнар көздері: екі және одан да көп қайнар көздерді іздестіреді).</p>	<p>- өздігінен ақпаратты іздестіреді ( қайнар көздері: екі және одан да көп қайнар көздерді іздестіреді).</p>
<i>Алғашқы ақпаратты өңдеу</i>	<p>- күрделі деңгей аясында алынған ақпаратты жүйелейді(2 одан да басқа сипаттары бойынша);</p> <p>-бір тақырып бойынша ақпаратты алғашқы жүйелеу үшін өздігінен қарапайым құрылғыны жасайды;</p> <p>- мәтін түрінде графикалық ақпаратты күрделіге айналдырады.</p>	<p>- өздігінен таңдаған күрделі құрылғы аясында алынған ақпаратты жүйелейді;</p> <p>- алғашқы ақпаратты өңдеу үшін құрылғыны негіздейді.</p>
<i>Ақпаратты өңдеу</i>	<p>-алынған ақпаратты мазмұндайды;</p> <p>- ақпараттың дәлдігін тексеретін тәсілді іске асырады;</p> <p>-алынған ақпарат негізінде қорытынды жасайды немесе келіседі.</p>	<p>- өздігінен тексеруді талап ететін ақпаратты көрсетеді, тәсілдерді қолданады;</p> <p>- алғашқы және екінші ақпарат негізінде, сыни талдау негізінде қорытынды жасайды.</p>
<i>Ақпаратты өңдеуде логикалық операцияларды қолдану</i>	<p>-міндетке сәйкес өздігінен негіз ұсынады;</p> <p>- өздігінен анықтама, түсініктеме береді;</p> <p>-берілген өлшемдер бойынша сипаттарды анықтайды (негіздемелер);</p> <p>- болжамды тексереді;</p> <p>-берілген өлшемдер бойынша құбылыстарды салыстырады, ұқсастықтары мен өзгешеліктері жөнінде қорытынды жасайды.</p>	

*Коммуникативті құзіреттілік мүмкіндік береді:* нақты өмірлік жағдаяттарда әр түрлі ауызша және жазбаша тәсілдерді қазақ, орыс, ағылшын және тағы да басқа тілдерде қолдануға; коммуникативті міндеттерді шешуге бағытталған стильдер мен жанрларды іріктеп, қолдануға; әдеп нормаларына сәйкес өзінің пікірін білдіруге; басқа да мәдениет өкілдерінің қатысуымен өнімді өзара әрекеттесуді іске асыруға; жалпы нәтиже алу үшін әр түрлі тұғырда тұрған адамдармен топ бойынша қарым-қатынас орнатуды құру.

<b>Бағалау өлшемдері</b>	<b>Күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері (негізгі мектеп)</b>	<b>Күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері (жоғары (жоғары мектеп)</b>
<i>Жазбаша коммуникация</i>	<p>- өз ойын күрделі жазбаша коммуникация түрінде баяндайды;</p> <p>- тақырыпты баяндайды, қосалқы</p>	<p>-жазбаша өнім түрінде ақпаратты өңдеу нәтижелерін ұсынады;</p> <p>- жазбаша құжатты құрастырады;</p>

	тәсілдерді сауатты қолданады; Жазбаша құжаттың жанры мен құрылымын анықтайды.	-өз әрекетінің мақсатына сәйкес жазбаша коммуникацияның мақсаты мен мекенжайын анықтайды.
<i>Көпшіліктің алдында сөз сөйлеу</i>	- вербальді тәсілдерді қолданады (логикалық байланыс тәсілдері); -вербальді емес тәсілдерді және көрнекі материалдарды қолданады, -тақырыпты дамытуға арналған мәселелермен жұмыс жасайды; -коммуникация мақсатына сәйкес жанрдың мазмұнын анықтайды.	-өздігінен коммуникациялық міндеттерге көрнекі материалдарды дайындайды және оларды сауатты қолдана біледі; -өз сөзінде логикалық және риторикалық тәсілдерді қолданады; -тұғырды дискредитациялау мәселелерімен жұмыс жасайды; -әрекет мақсаты негізінде тұтас аудиторияның мақсатын өздігінен анықтайды.
<i>Диалог</i>	-монолог, диалог, пікірталас түрінде ақпараттың мазмұнын қабылдайды; -диалог аясында өз пікірін, араласушының пікірін біледі.	Монолог, диалог, пікірталас түрінде ақпараттың мазмұнын толық қабылдайды, хабарламаның негізгі тақырыбын анықтайды, дәлелдер мен қорытынды жасайды; -диалог аясында коммуникацияның олқылықтарын жояды.
<i>Өнімді топтық коммуникация</i>	-топ алдында қойылған міндетке сәйкес оқушылар өздігінен келісім ережелерін талқылайды; - оқушылар талқылаудың тәртібін бақылайды, жұмыс соңын белгілейді; - топтық жұмысты орындау барысында оқушылар өзінің міндеттерін бөледі; - оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды, өзінің ойларын топтың басқа мүшелерімен салыстырады, ойларын дамытады.	- оқушылар жағдайдан шығу тәсілдерін іздестіреді, егер де пікірталас бір шешімге келмесе оңтайлы шешім табады; - оқушылар аралық нәтижелерді тіркеп, зерттеп отырады; - оқушылар сәйкестік тұғырларды белгілейді, келіспеушіліктердің маңызын анықтайды, топтық жұмыстың мақсаттарына қатысты ұсынылған ойлардың салыстырмалы бағасын береді.

Кәсібилікке дейінгі құзіреттілік кәсіби білім мен кәсіби әрекеттің қабілеттеріне жауап беретін, өлшемдерді қолдану негізінде жоғарыда аталған мәселелер бойынша оқушыларға мүмкіндік береді. Білімділіктің бұл деңгейі әсіресе кәсіби оқу орнында білім алуға қажетті оқу ақпаратын таңдауда айқын көрінеді; кәсіби әрекетпен тікелей байланысты, кәсіби құндылықтар түсінігінде анықталады.

Әдіснамалық құзіреттілік – барлық мәселе түрлерін шешуге қабілетті, оның ішінде эвристикалық, іздену әдістері негізінде дүниетанымдық, шығармашылық, зерттеушіліктің білімділік деңгейі болып табылады (әдіснамалық құзіреттілікті гимназияда күтілетін нәтиже ретінде қарастыруға болады).

Ұстаздар әрекетінің нәтижелерінің мүмкін өлшемдері.

Дарынды балаларға арналған гимназияда жұмыс істейтін мұғалім тек қана өзінің пәнін жетік біліп қана қоймай, педагогикалық үрдісте әр оқушының орнын білуі, оқушылардың әрекетін ұйымдастыра білуі, оның нәтижелерін болжап, олқылықтарды түзетіп, яғни білікті тұлға болуы тиіс.

Ұстаздың біліктілігі төмендегі құзіреттіліктерден қалыптасады:

– пәндік(қалыптасқан пән икемдері, нақты кәсіби әрекет мәселелерін шеше білу қабілеті);

– бақылау-талдамалы(өзінің кәсіби пәндік әрекетінің бақылау және талдау мәселелерін шеше білу қабілеті);

– ұйымдастырушылық(оқушылардың өзіндік оқу әрекетін ұйымдастыру мәселелерін шеше білу қабілеті);

– коммуникативті(қарым-қатынас мәселелерін келесі жүйе бойынша шеше білу қабілеті «мұғалім – оқушы», «оқушы - оқушы», «мұғалім – ата-ана»);

– бейімделушілік(өмір талаптарының өзгермелі жағдайларына сәйкес мәселелерді шеше білу қабілеті);

– ынталы-психологиялық(психологиялық және тұлғалық мәселелерді шеше білу қабілеті, тұлға аралық қара-қайшылықтарды шеше білу);

– жобалық(өзінің дамуын, оқушылардың, сыныптың, мектептің және т.б. дамуын жобалау мәселелерін шеше білу қабілеті.);

– гностикалық(мәселені зерттеуді ұйымдастыру және өткізу мәселелерін, оқушылардың, сыныптың және т.б. даму нәтижелерін шеше білу қабілеті).

Гимназиядағы көптілділік жағдайында 12-жылдық білім беруге көшу мұғалімнен инновациялық, шығармашылық ойлау түрін талап етеді. Жаңа буынның мұғалімі – бұл рухани дамыған, шығармашыл тұлға, кәсіби дағдыларды, педагогикалық дарындылықты меңгерген жаңаға талпынысы мол тұлға. Мұғалім білім құндылығын нақты түсініп, «мәдениеттегі адам» болуы тиіс, өз пәнін, педагогика және психологияны жетік біліп, өз тұлғасының әрі қарай дамуына тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді меңгеруі тиіс. Қазіргі білім мұғалімнің көп тілдік дайындығын талап ететін, жан-жақты көпмәдениетті болып келеді.

Эксперимент режиміндегі ұстаздардың жұмысында болжанады: ұстаздардың кәсіби құзіреттілігін арттыру; әр қатысушының оқу үрдісін ұйымдастыруда бағдарламаның маңызын түсінуі; барлық эксперимент қатысушыларының инновациялық әдістемелер мен технологияларды іске асырудағы адамгершілік қағидасы негізінде үш тілде оқытуды жүргізу бойынша бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін белсенді меңгеру және қолдануы.

Мектеп ұстаздары оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында оқу үдерісінің тәсілдерін іріктеуі тиіс. Үш тілде оқыту үдерісі бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу, өзінділіктің сандық және сапалық көрсеткіштерін нақтылау, жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту. Эксперименталды сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер әдістемелік және дидактикалық материалдардың жинағын

дайындауы тиіс.

Күтілетін эксперимент нәтижелері:

**1. Оқушылардың біліктілігін қалыптастыру.**

1. Өзіндік менеджмент (90% оқушы).
2. Ақпараттық (90% оқушы).
3. Коммуникативті (90% оқушы).
4. Кәсібилікке дейінгі (85% оқушы).
5. Әдіснамалық (80% оқушы).

**2. Ұстаздардың біліктілігін қалыптастыру:**

1. Пәндік (100% мұғалім).
2. Бақылау-талдамалы (98%).
3. Ұйымдастырушылық (98%).
4. Коммуникативті (96%).
5. Бейімделушілік (95%).
6. Ынталы-психологиялық (90%).
7. Жобалық (87%).
8. Гностикалық (85%).

Үш тілде оқытудың кешенді бағыты негізінде, сонымен қатар, халықаралық білім кеңістігіне кіру нәтижесінде күтілетін нәтижелер:

– негізгі(инвариантты) және мектептік(вариативті) бөлімдерден тұратын оқу жоспарын, яғни ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының орта жалпы білім беру негізінде жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша оқу жоспарын жетілдіру;

– оқушылардың біліктілігін бағалаудың электронды рейтингтік жүйесі;

– тәжірибелі-эксперименталдық жұмысты ғылыми-әдістемелік тұрғыда жетелеу:

1. Тереңдетіп оқытуға бағытталған, қызығушылықты оятуға, жеке пәндер бойынша шығармашылықты дамытуға бағытталған элективті бағдарламалар (математика, биология, Қазақстан тарихы, қазақ, орыс, ағылшын тілдері).

2. «Таным теориясы» атты пәнаралық курс – оқушылардың жинақтаған білімдері мен тәжірибесін ынталандыру; өзіндік ойлау стилін, ой толғауларын дамыту болып табылады.

3. Оқушылардың сабақтан тыс әрекетін ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық тұғырын дамыту.

4. Ұстаздар мен оқушылардың педагогикалық ойларының банкі, оқушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын өткізуге арналған материалдар банкі.

**Алынған нәтижелер**

**1. Гимназия кадрларының әлеуеті.**

Оқушының табыстылығы оқытушының табыстылығына байланысты. Гимназияда жоғары әлеуетті мұғалімдер қызмет етеді. Жалпы педагог қызметкерлердің санының (56 адам) жоғары білімді – 94,6%. Мектеп мұғалімдерінің орта жасы – 43,6 жас (үш жыл ішінде орта жас көрсеткіші төмендеді 46,2 жастан 43,6 жасқа дейін). Жоғары біліктілік санаты бар

мұғалімдер үлесі 76,8% (бірінші - 8,3%, екінші - 3,6%) құрайды. Жас мамандар келуіне байланысты, санаты жоқ мұғалімдер үлесі көбеюде. Гимназияда магистр дәрежесі бар мұғалімдер саны өсуде. Егер 2013 жылы олардың үлесі 16% болса, 2015 жылы 31%-ға дейін жалпы мұғалімдер санынан өсті, яғни 2015 жылы Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген мақсатты индикатор көрсеткішінен 21%-дан асты. Гимназиядағы кадрлар құрамы негізгі орта білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мамандарды даярлауда жеткілікті болып табылады.

Оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастырудың негізгі ұстанымы гимназияның алға қойған міндетін жүзеге асыру, ол барлық мұғалімдердің өзін дамыту үшін және әр мұғалімнің стратегиялық даму мақсатын іске асырудың шарты болып табылады. Бүгінде дамуы қалыптасқан мұғалімдер командасының ішінде сертификатталған мұғалімдер саны 32 адам ол 57%, оның ішінде басшылар курсы – 1 адам, бірінші деңгей(ілгері) – 12 адам, екінші деңгей (негізгі) – 10 адам, үшінші деңгей (базалық) 9 адам сертификат алған.

Мұғалімдер ана тілінен басқа тілдерді меңгереді: орыс тілді мұғалімдер қазақ тілінен үйірмеге қатысады, екі топ жұмыс жасайды (Шукоева Б.Т., Кабылбекова Ж.К.), ағылшын тілін меңгеру бойынша да екі топ жұмыс жасайды (Страмужева Л.Н., Шипицына Л.М.).

Орыс тілі мұғалімі Валова М.В. халықаралық деңгейде ағылшын тілі курсы өтті. *InterTheach* сертификатының иегері, ағылшын тілі мұғалімі Боровик Н.В. қазақ тілінен мұғалімдер арасында өткен мектепшілік конкурса қатысты.

#### 1-кесте – Гимназия мұғалімдерінің кәсіби күзiреттiлiктерiнiң өсуi

Өту орны	2012-2013	2013-2014	2014-2015
ЕТТЕ жобасы бойынша халықаралық тренерлер курсы	1		
Назарбаев Зияткерлік мектебі - педагогикалық шеберлік орталығы	0	3	1
Оригона Университеті(АҚШ) онлайн курсы			2
Оксфорд баспасындағы халықаралық семинар, Оксфордтың Қазақстандағы апта күндері шеңберінде, 2015ж.			3
Алматы ҚЖМБАРИ	2	1	
«Өрлеу» ұлттық орталығы, Павлодардағы ОПМБАИ	2	2	1
ИнЕУ	1		
Малайзия, тілдік курс			1
«Абайды үш тілде оқимыз» семинары, біліктілікті арттыру мен трансфер технологиясының аймақтық орталығы			3

Сабақта барлық мұғалімдер АКТ қолданады. Мұғалімдер өз жұмыстарында белсенді түрде заманауи ақпараттық технологияларды (2013-2014, 2014-2015 оқу жылдары, Мәскеу), сандық, пәндік-әдістемелік

материалдарды қолданғаны үшін «Сандық технология ғасыры»(жоба интернет арқылы - «Бірінші қыркүйек» баспа үйі) атты бүкілресейлік жоба шеңберінде «Сандық ғасыр мұғалімі » атты дипломға ие болды.

Ғылыми-әдістемелік жұмысқа жаңа әдістерді енгізудің нақты нәтижесі ретінде төмендегілерді қарастыру қажет:

– Гимназия мен қаланың әдістемелік жұмысына қатысатын мұғалімдер саны, «Үздік авторлық бағдарлама», шеберлік сыныбы, облыс бойынша коучинг өткізу көбеюде.

– Мұғалімдер кәсіби қоғамдастықтың білім жән жаңашылдық бойынша ақпарат алмасудың маңызы зор екенін түсінді.

– 46%(27) мұғалім мектептен тыс қоғамдастыққа кірген. Инновациялық қызметті көптеген мұғалім оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттырудың қоры деп қабылдайды.

2-кесте – 2014-2015 оқу жылында мұғалімдердің облыстық, республикалық, халықаралық олимпиада мен ғылыми жоба конкурстарына қатысу саны

Барлық педагог	Олимпиадаға қатысқандар							Ғылыми жоба сайысына қатысқандар
	Барлық	облыстық		республикалық		халықаралық		
		қатысушы	жүлдегер	қатысушы	жүлдегер	қатысушы	жүлдегер	
56	42	8	6	32	9	2	1	0

2-кестеден гимназия мұғалімдерінің түрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысуын көреміз – 75% (42 адам). Мұғалімдер белсенді түрде пән олимпиадаларына, семинар-конференцияларға, педагогикалық оқуларға: Сатпаев, Капенов, Шаяхметов қатысты. Педагогикалық тәжірибе қалыптастыру мақсатты түрде бағытталған.

## 2. Пән бойынша білім сапасының мониторингі.

Гимназияда ерекше орынды еуропа тілдері алады. Барлық гимназия оқушылары ағылшын тілін 1-ші сыныптан, 3-ші сыныптан бастап екінші шетел тілін үйрене алады(неміс немесе француз тілдері). Ағылшын тілін бастауыш сыныпта оқыту үшін гимназия мұғалімдері жұмыс бағдарламасын құрған, оның негізі ағылшын тіліндегі қарым-қатынасты меңгерту. Бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытудың мақсаты қарапайым коммуникативтік күзіреттілікті бастауыш сынып оқушысы деңгейінде қолжетімді сөйлеу әрекетінің бар түрінде: тыңдау, айту, оқу және жазуды қалыптастыру. Шет тілін оқу өз ана тіліндегі сөз байлығын да интернационалдық сөздермен байыту деген сөз.

Мұғалімдер О.А. Монакова және Е.С. Рахманбергенова аптасына 5 сағатқа арналған 5-11 сыныптар үшін ағылшын тілін тереңдете оқу бағдарламасын жасады. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты филология

ғылымының кандидаты Б.Т. Кульбаева рецензия жазды. Ол бағдарламаның негізгі мақсаты коммуникативтік күзiретiлiктi(сөйлесу, тiлдiк, әлеуметтiк-мәдениеттiлiк, компенсаторлық, оқу-танымдық) iлгерi деңгейде қалыптастыру. Бағдарлама оқушыларды өз бiлiмдерiн практикалық түрде, қарым-қатынаста, тiл үйретушiлермен де, сол сияқты интернетте, ағылшын тiлiнде аудиторияларда онлайн сөз сөйлеуде, ақпарат алып, хат жазуда қолдануды қарастырады.

Гимназия мұғалiмдерi күнтiзбелiк-тақырыптық жоспарлауды құрастыру барысында МББС, пән бойынша мемлекеттiк бағдарламаларды қолданады. Барлық күнтiзбелiк-тақырыптық жоспарлар әдiстемелiк бiрлестiк отырысында қаралады және гимназия директорымен бекiтiледi. Сабақ жоспары күнтiзбелiк-тақырыптық жоспарлауға сәйкес күнделiктi құрылады.

Гимназияда сабақ жоспарын жазатын арнайы үш тiлде эмблемасы бар бланк бар. Жұмыс үдерiсiнде мұғалiмдер белсендi түрде жаңа технологияларды, формалар мен әдiс-тәсiлдердi қолданады, олар оқушылардың сөйлеу және тiлдiк күзiреттiлiктерiн қалыптастыруға және дамытуға мүмкiндiк бередi.

Оқытудың нәтижесi тұрақты үлгерiм мен бiлiм сапасынан көрiнедi (3-4 кесте). Тiлдiк циклдегi пәндерде бiлiм сапасының өсуi байқалады, әсiресе оны қазақ тiлi, орыс тiлi және ағылшын тiлiнде оқытылатын биологиядан (5-6%) көруге болады, ал басқа пәндерден деңгейдiң аз өзгеруiн байқаймыз, бiрақ қорытынды нәтиже өте жоғары (98 -98,6%).

3-кесте – 2013-2014 оқу жылындағы эксперименталды сыныптағы оқыту нәтижесi

пән	Қазақ тiлi		Орыс тiлi		Қазақстан тарихы		Ағылшын тiлi		Ағылшын тiлiндегi биология	
	% сапа	% үлгер	% сапа	% үлгер	% сапа	% үлгер	% Сапа	% үлгер	% сапа	% үлгер
7И	78	100	82	100	91	100	96	100	87	100
8И	65	100	78	100	100	100	91	100	93	100
9И	100	100	84	100	100	100	100	100	100	100
10И	96	100	96	100	100	100	100	100	97	100
11И	100	100	92	100	100	100	100	100	100	100
<b>7И-11И</b>	<b>88</b>	<b>100</b>	<b>86</b>	<b>100</b>	<b>98</b>	<b>100</b>	<b>97</b>	<b>100</b>	<b>95,3</b>	<b>100</b>


4-кесте – 2014-2015 оқу жылындағы эксперименталды сыныптағы оқыту нәтижесi

пән	Қазақ тiлi		Орыс тiлi		Қазақстан тарихы		Ағылшын тiлi		Ағылшын тiлiндегi биология	
	% сапа	% үлгер	% сапа	% үлгер	% сапа	% үлгер	% Сапа	% үлгер	% сапа	% үлгер
7И	95	100	84	100	93	100	96	100	100	100
8И	89	100	85	100	100	100	94	100	100	100
9И	100	100	92	100	100	100	100	100	100	100
10И	98	100	98	100	100	100	100	100	100	100
11И	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
<b>7И-11И</b>	<b>96,4</b>	<b>100</b>	<b>92</b>	<b>100</b>	<b>98,6</b>	<b>100</b>	<b>98</b>	<b>100</b>	<b>100</b>	<b>100</b>

### 3. Үш тілде оқыту сыныптарындағы оқушылардың пән бойынша білім сапасын бақылау.

Жыл сайын (жылына екі рет) қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, қазақ тіліндегі Қазақстан тарихы және ағылшын тіліндегі биология пәндері бойынша бақылау алынады. Бақылау оқушылардың дайындық деңгейін анықтау мақсатында, тақырып бойынша олқылықты анықтау, түзетулер енгізу үшін жүргізіледі.

Соңғы үш жыл мониторинг 100% үлгерім мен білім сапасының тұрақтылығын көрсетті.



Пән бойынша үш жылдық сапа көрсеткішінің пайызы

7 «И» сыныбынан 11 «И» сыныбына дейінгі пән бойынша жетістіктер талдауы өсу динамикасын көрсетеді. 10 сыныптағы нәтиженің төмендеуі оқу бағдарламасының күрделілігінің бағалау талаптарына сәйкестігімен түсіндіріледі. 10-сынып оқушыларының тест орындау және үлгерім бойынша екі жылдық қорытындысын талдағанда орташа балдың жоғарлауы байқалды. 5-кесте – Пәндер және сыныптар арасындағы жетістіктердің пайыз бойынша көрсеткіш деңгейі

сынып	қазақ тілі		орыс тілі		ағылшын тілі		Қазақстан тарихы		биология	
	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015	2014	2015
7И	78	82,3	82	82,3	96	96	75,1	78	92	94,1
8И	65	95,2	78	90,5	91	91	75,6	76	96	100
9И	95	95,2	83,5	85,7	84	85,7	94	95,2	93	100
10И	80	81	86	86	80	81	79,5	81	89	90,4
11И	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100
<b>жалпы</b>	<b>83,6</b>	<b>90,74</b>	<b>85,9</b>	<b>88,84</b>	<b>90,2</b>	<b>90,74</b>	<b>84,84</b>	<b>86,04</b>	<b>94</b>	<b>96,9</b>

№3 гимназия үш тілде оқытуды табысты жүзеге асыратын мектептер қатарына екі көрсеткіш бойынша жатады:

– жоғары әдістемелік нәтижелерге тіл пәндерін, оның ішінде шет тілін оқытуда жетті;

– оқу-тәрбие үрдісінде басты инновациялық технологияларды меңгерді.

Біріншіге байланысты айтар болсақ, базалық пәндер шет тілінде (ағылшын тілінде) оқытылатын пәндер - биология, физика, география, математикадан екі тілді мамандардың жоқтығынан жүзеге асырылуының тежелуі. Бұл мамандардың болмауы, олардың екінші жоғары білім алуы үшін уақыт керектігі, ал бұл өз кезегінде эксперимент міндеттерін орындауда қарама-қайшылық туғызады. Осы жағдайдан шығу үшін гимназия әкімшілігі оқу үрдісінде базалық пәнді оқытуда дағдылы емес, кәсіби білім берудегі кең таралған дуалды әдісті байқауға шешім қабылдады. Мұның мағынасы екі маман қосылып, ағылшын тілі мен биология мұғалімі, кіріктірілген сабақты өткізеді, өз ара ақпараттық-әдістемелік (оқыту) қызметтерін бөледі. Мемлекеттік стандарт талаптарын орындауда оқушылар қызығушылығына шек қойылмайды, кіріктірілген сабақтар базалық сабақпен қатар жүріп, серіктес болады, олардың міндетіне тереңдету, оқу ақпаратын жинақтау және тәжірибеде оны екі тілді қарым-қатынаста қолдану болып табылады.

Биология пәні мұғалімі Г.Қ. Хамитова және ағылшын тілі мұғалімі Л.М. Шипицына екеуі қосылып «Ағылшын тіліндегі биология» бағдарламасын жасады. Қатысқан сабақтар талдауы, бақылаулар, оқушылар сұхбаты кіріктірілген сабақтардың үш тілді оқытудағы дұрыс таңдалған жол екенін дәлелдеді (4-кесте).


6-кесте – Үш тілді сыныптардағы ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің сапа қорытындысы

Оқу жылы	Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер бойынша білім сапасы	
	Ағылшын тілі	Ағылшын тіліндегі биология
2012-2013		
1 жартыжылдық	94,8%	92%
2 жартыжылдық	96,2%	94%
жылдық	96,2%	94%
2013-2014		
1 жартыжылдық	94%	93%
2 жартыжылдық	97,4%	95,3%
жылдық	97,4%	95,3%
2014-2015		
1 жартыжылдық	96%	98%
2 жартыжылдық	98%	100%
жылдық	98%	100%

#### 4. Оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау(ҰБТ).

2014-2015 оқу жылында екі мектеп бітіруші сыныпта 45 оқушы болды: 11 «И» сынып – 21 оқушы; 11 «М» сынып – 24 оқушы. ҰБТ-ға 38 оқушы қатысты(бітірушілердің жалпы санының 84,4%). ҰБТ-дан 5 оқушы және

халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жұмыс жарыстарының жеңімпаздары босатылды. Үш жыл ішінде жаңа технологияларға негізделген мемлекеттік аттестаттау мен колледж немесе ЖОО-ға түсу емтихандарын алмастыратын оқу жетістіктерін сырттай бағалауға қатысатын бітірушілердің санының өсуі байқалады.



ҰБТ-ға қатысушы 11-сынып оқушыларының пайызы

2015 жылғы ҰБТ қорытындысы өткен жылмен салыстырғанда орташа ұпайдың 2,9%-ға төмендегенін көрсетті, бірақ сапа жоғары түрде тұрақты сақталған 86,8% (өткен жылмен салыстырғанда 0,75%-ға жоғарылады).

7-кесте – ҰБТ бойынша үш жылғы салыстырмалы талдау

Оқу жылы	Барлық бітіруші	ҰБТ-ға қатысушылар	Орташа ұпай	Апелляцияға негізделген орташа ұпай
2012-2013	35	26	112,07	112,1
2013-2014	51	43	104,88	104,93
2014-2015	45	38	101,84	101,87



Гимназистер саны, ҰБТ-ға қатысушылар мен ҰБТ-дағы орташа ұпай

11 «И» сыныбындағы(ҚГ бағыты) және 11 «М»(ЖМ бағыты) бойынша ҰБТ нәтижесін талдай келе жоғары ұпайлар гуманитарлық сыныптарда қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдері және математика сыныптарында жоғары нәтижелер математика, физика, географиядан алынған екендігі байқалады, ол осы бағыттар бойынша пәнді оқытудағы сағат санының көп екендігін дәлелдейді (8-кесте).

8- кесте – 11-сыныптардағы пән бойынша ҰБТ нәтижесі

	Пән	11 «И»		11 «М»		Мектеп бойынша	
		Саны	Орташа балл	Саны	Орташа балл	Саны	Орташа балл
	<b>Барлығы</b>	<b>18</b>	<b>101,89</b>	<b>20</b>	<b>101,85</b>	<b>38</b>	<b>101,87</b>
1	Қазақ тілі	18	21,94	20	21,3	<b>38</b>	21,61
2	Орыс тілі	18	20,5	20	20,17	<b>38</b>	20,39
3	Математика	18	19,89	20	20,45	<b>38</b>	20,26
4	Қазақстан тарихы	18	20,35	20	20,06	<b>38</b>	20,32
5	Дүниежүзі тарихы	2	22	1	21	<b>3</b>	21,67
6	Биология	3	18,33	4	20,5	<b>7</b>	19,57
7	География	3	12,67	5	18,2	<b>8</b>	16,13
8	Физика	1	21	8	21	<b>9</b>	18,67
9	Ағылшын тілі	7	22,14	2	22	<b>9</b>	22,11
10	Француз тілі	1	23			<b>1</b>	23
11	Неміс тілі	1	19			<b>1</b>	19

### 5. Интеллектуалдық сайыстарға қатысу.

Оқу-тәрбие үдерісінде дарынды балаларды анықтау олардың оқу үлгерімі, түрлі конкурстардағы алған нәтижелері, сынып жетекшілері берген мінездемелері, гимназияның психологиялық қызметі негізінде анықталады. Белгілі бір салада қабілеттілігі және жоғары даму деңгейі бар ата-аналармен жүйелі түрде жеке жұмыс жүргізіледі. Дарынды балаларды анықтау үшін байқаулар, турнирлер жүргізіледі.

5-7, 8-11 сынып оқушылары үшін гимназия олимпиадасын өткізу дәстүрге айналды. 2013-2014 оқу жылынан гимназияда бастауыш сынып оқушылары арасында бес пәннен олимпиада жүргізіледі: қазақ тілінен, математикадан, орыс тілінен, дүниетанудан, ағылшын тілінен. Ол дарындыларды және олардың пәнге қызығушылығын анықтауға бағытталған. Барлық бастауыш сынып оқушыларының әр пән бойынша олимпиадаға қатысуы болашақта жасөспірімдер олимпиадасы, кешенді олимпиадаларға қатысатын оқушы таңдап алуға мүмкіндік береді. Олимпиада нәтижесінде әр пән бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады, сонымен қатар «Нағыз жеңімпаз» атағы беріледі.

Орта буын оқушыларынан олимпиада резервін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Олимпиадаға дайындық үшін түрлі жас мөлшеріндегі топтар

құрылды, ол орта және жоғарғы сынып оқушылары арасында сабақтастықты сақтауды қамтамасыз етті, ол әжептәуір интеллектуалдық жарыстарға дайындықты белсендіре түсті. Бұл жұмыс түрі, әсіресе, 53-ші облыстық пән олимпиадасына дайындық кезінде қоғамдық-гуманитарлық пәндер бағыты бойынша өз нәтижесін көрсетті.

13 пәндік шағын топ қалыптасты, оған оқушылар мен жетекшілері (7 топ - ҚГ бағыты), (6 топ - ЖМ бағыты). Сонымен олимпиадаға дайындауда тек бақылау емес, оқушылардың интеллектуалдық жарыстарға дайындық мониторингі жасалды, осы жұмысты психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастыру оқушылар дайындығына уақытылы түзетулер енгізуге, тиімді және ұтымды әдіс-тәсілдер мен формаларды қолдануға мүмкіндік берді. 2014 жылғы қазан мен желтоқсан аралығында гимназиялық олимпиададан басқа аралық рейтингтік олимпиадалар өткізілді, олар гимназияның шешуші олимпиада құрамын қалыптастыруға ықпал етті. Олимпиада қорытындысында әр шағын топтан жеңімпаздар мен жүлдегерлер шықты. Облыстық олимпиада қорытындысы бойынша қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы шағын топтары үздік болды. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттан 22 оқушының 21-і жеңімпаз не жүлдегер атанды (алтын медаль - 13, күміс - 3, қола - 5). 9 медальді жаратылыстану-математика бағыты иеленді (алтын медаль – 2, күміс – 2, қола – 5).

Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының олимпиадасына орта буын оқушыларын пән бойынша ертерек бейімдеу өз нәтижесін көрсетті. «Ақыл жастан, асыл тастан» номинациясында 6-сынып оқушысы Разикова Феруза, қазақ тілінен 9-сынып оқушысы үшін барып, жеңімпаз атанды. Екінші рет олимпиадада 8-сынып оқушылары жеңімпаз не жүлдегер атануда: Юсупова Аяна (I орын, неміс тілі), Долбня Андрей (II орын, Қазақстан тарихы). 9 сынып - Разиков Шерали (I орын, қазақ тілінен 10 сынып үшін), Кива Мария (I орын, орыс тілінен 10 сынып үшін), Кумар Алика (I орын, биология дан 10 сынып үшін), Пазылов Темирлан (I орын, француз тілінен 10 сынып үшін), Берсенев Егор (III орын, информатикадан 11 сынып үшін). 8 сынып оқушылары Сечко Андрей және Омаров Адильхан физика және информатика пәндерінен 9 сынып үшін барып, өз білімдерін, дайындықтарын сынады.

Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жасөспірімдердің кешенді дайындығына зор көңіл бөлінеді, олар РҒТО «Дарын», аймақтық «Ертіс дарыны», «Үркер» халықаралық интеллектуалдық орталығының іс-шаралар жоспарына кіретін олимпиадалар мен интеллектуалдық жарыстарға қатысады.

Гимназияда «РИТМ» атты оқушылардың ғылыми қоғамы жұмыс істейді. Осы ғылыми қоғамда жұмыс істеу оқушыларға оқу дағдыларын күшейтуге және жаңа күзиреттіліктерді алуға үлкен мүмкіндік береді:

– оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады және олардың зерттеушілік дағдыларын тудырады (әдебиетпен жұмыс, өмірдерек жинау, жұмыстың құрылымы мен көркемделуі);


– шығармашылық ізденіс пен зерттеушілік жұмыстарда аналитикалық және сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастырады;

– өз бейімін, кәсіби бағытталуын, алда тұрған еңбекке дайындығын тексеруге мүмкіндік береді;

- оқу қызметінде мақсат қою мен жүйелілікке тәрбиелейді;
- қойған мақсатына жету мен алынған нәтиже оқушының қалыптасуына, аяқтан нық тұруына ықпал етеді.



## СТРУКТУРА НАУЧНОГО ОБЩЕСТВА «РИТМ»



### «Ритм» ғылыми қоғамының құрылымы

Шығармашылық қабілеттерін кешенді дамыту, оқыту мен тәрбиелеу әдісінің тиімділігін арттыру, өздігінен ұйымдастырылу бағдарламасын құру және болашақ мамандықты саналы түрде тандап алу мақсатында гимназияда оқушылар мен мұғалімдердің әріптестігі арқылы ғылыми-зерттеушілік жұмысқа ынталандыру жүйесі құрылған. 2014 жылғы қыркүйек айынан бастап гимназияда оқу, зияткерлік және шығармашылық жетістіктерін бағалау рейтингтік жүйесі енгізілді, бұл жүйе оқушылардың белсенділігін арттырып, жетістіктерін жоғарлатты. Жыл сайын өткізілетін «Жұлдызды жауын» мерекесінің ережесіне өзгерістер енгізілді. Енді «Жыл оқушысы» атағын өз параллелінде жоғары нәтижеге қол жеткізген оқушыларға беріледі.

Қазіргі кезде алғашқы рейтинг өз нәтижесін беруде. Оқушылар арасында түрлі зияткерлік олимпиадаларға қатысу бойынша көрсеткіш 60 пайыздан 90 пайызға дейін өсіп отыр (бастауыш сыныпта 98%). Қатысу деңгейі айтарлықтай өсті. Дәлел ретінде 2015 жылдың облыстық олимпиада қорытындысын, кіші және орта буын оқушыларына арналған облыстық және республикалық ғылыми байқаулар қорытындысын, жоғары сынып оқушыларының облыстық ғылыми байқауы қорытындысын, жас математиктердің II Аймақтық турниріндегі жеңісін, жаратылыстану-математика бағыты бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында өткен III кешенді олимпиадасының қорытындысын атап өтуге болады (9-кесте, 2-қосымша).

9-кесте – Зияткерлік сайыстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері

	2012-2013	2013-2014	2014-2015
<i>FLEX</i>	1	2	4
Халықаралық байқау (Кипр)		1	
ҚИО	2	2	3
Республикалық олимпиада	4 (1 жеңімпаз)	4 (2 жүлдегер)	22
Көптілділік олимпиадасы	2	3	3
Облыстық олимпиада	9	12	56
«Зерде»	1	1 (2 қатысушы-жеңімпаз)	12
Ғылыми жобалар		1	2
«British Bulldog»	17	20	53
«Русский медвежонок»	6	7	85
«Ақ бота»	19	20	58
Кенгуру – лингвист	7	2	23
Облыстық зияткерлік марафон	16	21	111
«Л.Н. Толстой мен Қазақстан»		6	
М. Ломоносов атындағы турнир		1	45
Сәтпаев оқулары	1	2	5

Түрлі олимпиада, сайыстар мен байқауларға қатысушылардың қатары тұрақты түрде өсуі мұғалімдер мен оқушылардың көптілділікті оқыту бағдарламасы аясындағы дайындықтары мен өздігінен дайындалу жұмысының нәтижелілігін көрсетеді.

### Қорытынды

2007-2015 оқу жылдарындағы білім беру жүйесі қызметіндегі өзгерістер оның жаңа жағдайға көшуімен байланысты, ол ашықтық, мобильділік, сыртқы ортаның өзгерістеріне және тұтынушылардың сұранысына шұғыл әрекет ету, жанашылдықты қабылдау, мақсатты экономика, басқарушылықпен ерекшеленеді.

Көптілділікті оқыту бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде гимназияда келесі шаралар өткізілді:

- мектептің жұмыс материалы көптілділікті оқыту моделімен жалпыландырылды;
- БТС тесттерінің көрсеткіштер банкісі, бақылау жұмыстары, оқу және дидактикалық материалдар, сандық білім беру ресурстары құрылды;
- атқарылған жұмыс туралы баяндамалар мен мақалалар әзірленіп, баспа бетіне шықты.

Педагогтардың кәсіби шеберліктерінің шыңдалуы:

– педагогтардың 75% біліктіліктерін көтеріп, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша кәсіби дайындықтан өтті;

– педагогтардың 60 % НЗМ құзіреттілігіндегі білім берудің инновациялық технологиялары бойынша жұмыс істейді;

– гимназия педагогтарының 50% кәсіби шараларда өз тәжірибелерімен бөліседі (семинарларда, ғылыми-практикалық конференцияларда, байқауларда және т.б.).

Білім беру үрдісін ұйымдастыру:

– гимназистердің 80% жеке қызығушылығы мен икемділігіне қарай дарынды балаларға арналған жоспар мен бағдарламаларға сәйкес білім алады;

– жыл сайын түрлі дәрежедегі олимпиада, байқаулар, сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлер қатары өсіп келеді(облыстық, республикалық, халықаралық);

– көптілді сыныптардың оқушылары 100% зерттеушілік және эксперименттік әрекетке алынған;

– гимназия түлектерінің 85% жыл сайын ұлттық бірінғай тестілеуді жоғары деңгейде тапсырып, ағымдағы оқу үлгерімін дәлелдеп, өздерінің білімдерін сәтті жалғастырып, өмірлік жоспарларын жүзеге асыра алу үшін бәсекеге қабілетті екенін көрсете алады.

### **Ұсыныстар:**

– дарынды және қабілетті балалардың білім алудағы сұраныстары мен қажеттіліктерін ескере отырып, қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз ету;

– жаңа МББС талаптарына сай білім берудің жаңашаланған мазмұнын жүзеге асыру;

– жоғары білікті мамандармен білім беру мекемелерін қамтамасыз ету;

– педагогикалық жоғарғы оқу орындарымен көптілді мамандарды дайындау;

– үздіксіз білім берудің заманауи жүйесін құру, функционалдық сауаттылық бағытында кәсіби мамандарды дайындау және қайта дайындау;

– оқушыларды бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты, құзіреттілігі қалыптасқан тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында педагогтардың зерттеушілік әрекетін ОТҮ ұйымдастыруда өңдеу, сынақтан өткізу және инновацияны енгізу бағытында дамыту;

– көптілді білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың зерттеушілік әрекетін дамыту;

– мониторинг жүйесін жетілдіру, бағалаудың шынайылығын көтеру;

– ашықтық, өзара қолдау негізінде және білім беру қызметінің сапасын көтеру үшін мектеп пен ата-аналар арасында үздіксіз қарым-қатынас орнату.

## 1-қосымша - Көптілді білім беру мәселері бойынша тәжірибе алмасу және серіктестік аясындағы шаралар

2) Студенттерден лекция туралы сұрасақ, олар лекция кезінде көп нәрсені түсінбей тек жазып отыратынын, яғни қабылдау жазықтығында болатынын, ал үйде мазмұнын түсінуге, яғни ұғыну жазықтығына ауысатынын бірауыздан айтады. Бұл мысалдар қабылдау мен ұғынудың сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Осы жағдай диссоциация бойынша сабағында қайталанды. Әрқашан түсініктірек болу үшін мұғалім ерітінділердің электр өткізгіштігі бойынша тәжірибені көрсетеді: шам арқылы қосылған екі электродты ерітіндіге салады, кейде шам жанады, кейде жанбайды. Тәжірибе қарапайым, барлығы түсінікті. Тәжірибенің алдында түсініктеме беріледі, тәжірибе негізінде қорытынды жасалады. Ал сабақ ОЖП әдістемесі бойынша өткізілгенде, мұғалім тәжірибе алдында түсініктеме берді, бірақ тәжірибенің ортасында: біз нені зерттеп отырмыз, тәжірибеден нені білгіміз келеді? – деген сұрақ қойғанда, оны ешкім түсінбегені анықталды. Қазір біз солай боларын түсініп отырмыз, өйткені мұғалімнің баяндамасы қабылдауды қамтамасыз етеді, ал ұғыну, түсіну, яғни ең күрделі жұмыс оқушыға қалады.

Түсінікті етіп жазылған материалдың **бірінші шартын** қалыптастырдық: *оның баяндауы кезінде оқушыларды қабылдау жазықтығынан ұғыну жазықтығына көшіру.*


Бірақ оны қалай істеуге болады? Миымыздағы байланыстардың пайда болуы бойынша механизмдерді қалай қосуға болады? Мысалда қарастырайық.

*Теңге – бұл Қазақстан Республикасының ақша бірлігі. Құнды қағаздарда Қазақстанның символикасы, белгілі сәулет құрылыстары, тарихи оқиғалар мен ескерткіштер, сонымен қатар қорғаныш элементтері бейнеленген.*

Тапсырманы орындаңдар: **сіздің қалтаңызда сізге ең жақын адамыңызға сыйлық жасауға қажетті, әр түрлі купюрада ақшаңыз бар деп елестетіңіз. Ойша сыйлық жасаңыз.**

Ал енді салыстырып көріңіз, қай кезде сіздің ойыңыз белсендірек жұмыс істеді: теңгенің сипаттамасын оқыған кезде ме, әлде сыйлық туралы ойлағаныңызда ма?

Екінші жағдайда деп ойлайсыз ба, өйткені мыналарды ойластыру керек еді (4-сурет).



4 сурет – Тапсырманы орындау кезінде байланыстарды орнату

Неге сыйлықты ойлаған кезде ой белсене түсті? *Жауапты ұғыну заңы береді: адамның қандай да бір объектісі болған сол түсінікті, сол үдерісті*

ғана ұғынады. Материалды баяндау кезінде оқушыларды қабылдау жазықтығынан ұғыну жазықтығына қалай ауыстыру керектігінен қорытынды жасаймыз: *өтіліп жатқан сұрақты оқушылардың қандай да бір ой-өрісінің іс-әрекеті объектісі етуіміз қажет.*

Қол жетімді баяндау материалы үшін тағы да қандай шарт қажет екендігін **мысалдардан** қарастырайық.



5а-сурет.




5б-сурет.

5а-суретінде көзге не түседі? Сурет пен жазуларда сәйкестік жоқ. 5б-суретте бейнелік аспектіде түсінік сөздік-логикалық аспектіге сәйкес келеді. Яғни түсініктің екі жасауышы бар:

1) **бейнелік**, сезу органдарымен қабылданады (көру, есту, иіс сезу, ұстап көру), бұл кезде мидың оң жартышары белсендіріледі;


2) **сөздік-логикалық**, бұл кезде көргенді ұғыну жүзеге асырылады және мидың сол жартышары белсендіріледі. Яғни түсініктің бейнелік аспектісіне үнемі оның сөздік-логикалық аспектісі сәйкес келеді. Бейнелік жасауышы түсінікті береді, сөздік-логикалық жасауышы білімді береді. Сонымен, біз түсінік құрылымын модельдей аламыз (6-сурет).



6 сурет – Түсінік құрылымы

Тағы бір мысалды қарастырайық. Дұрыс тетраэдрге анықтама берейік: *Дұрыс тетраэдр төрт теңбүйірлі үшбұрыштан құрастырылған. Оның әрбір ұшы үш басқа үшбұрыштың ұшы болып табылады. Олай болса, жалпақ бұрыштың әр бір ұшының қосындысы  $180^\circ$  тең.*

Түсініктің қай бөлігі берілгені (курсивпен көрсетілген)? Бұл пішінді лезде елестету мүмкін бе? Анықтамаға иллюстрацияны қосайық (7-сурет):



7-сурет – Тетраэдрдің суреті


Түсініктің қандай бөлігі қосылды? Енді қандай пішін туралы айтылғанын түсіну оңай ма? *Жоғарыда айтылғаннан қол жетімді баяндау материалынан **екінші шарты** туындайды: түсінік туралы толық ұғымды, оның бейнелік және сөздік-логикалық жасауышын беру қажет.*

**Қорытындылар. Баяндау қол жетімді болу үшін:**


- 1) баяндау үдерісінде оқушыларды қабылдау жазықтығынан ұғыну жазықтығына ауыстыру;
- 2) ол үшін өтіліп жатқан сұрақтарды ой-өрісі іс-әрекетінің қандай да объектісі ету;
- 3) *түсінік туралы толық ұғымды, оның бейнелік және сөздік-логикалық жасауышын беру керек.*

### 3. Ой-өрісінің жағдайларын пысықтауда қол жетімді баяндау шартын жүзеге асыру.

ОЖП мысалы. **Сабақтың тақырыбы** «Таза заттар мен қоспалар». Мұғалім таза заттар мен қоспалар моделін көрсетеді (бір стақанда бір түсті шариктер, екіншісінде – түрлі-түсті):




Таза зат моделі



Қоспа моделі

*Сұрақ:* таза зат құрамын қалай сипаттауға болады, қоспа құрамын қалай сипаттауға болады? 2-3 сек. кейін оқушылар ойларын айтады, таза заттар мен қоспалардың анықтамаларын құрастырады, одан кейін оларды өз бетінше дәптерге жазады. Осы мысалда ой-өрісінің жағдайларын пысықтаудың типтік құрылымы көрсетілді (8-сурет).



8-сурет – ОЖП құрылымы

Қалай мұндай ОЖП құрылымы материалды қол жетімді етіп баяндау сұрағын шешеді?

1) Түсінік туралы толық ұғымды береді: бейнелік жасаушы мұғалім береді, сөздік-логикалықты оқушылар жасайды.

2) Өтіп жатқан ұғым оқушылардың **ой-өрісі қызметінің объектісі** болып табылады, өйткені оларға ауызша тұжырымдаманы беру керек, яғни көргенді сөзбен тұжырымдау керек (сезімдік қабылдаудан логикалық ой-өрісіне ауысуды жасау керек), ол үшін өздері көргенін ұғынуы керек.

3) Мұғалім оған уақыт береді!

4) Мұғалім сабақта модельді оқудан бастап, тезірек ұғыну үшін ми жұмысын тиімділік шыңына ауыстыруға мүмкіндік жасайды. Сабақта ОЖП жасау технологиясының жалпы түрін қарастырайық (1-кесте).


1-кесте – Сабақта ОЖП жасау технологиясы

ОЖП жасау кезеңдері	Мұғалім қызметі	Оқушы қызметі
1. Ұғым, құбылыстың бейнелік-сезімдік жасаушымен танысу	Модельді, экспериментті көрсету	Модельді бақылау, қабылдау
2. ОЖП тұжырымдамасы	ОЖП-ға сұрақ-тапсырманы оқу	Қабылдау, ұғыну, жауапты іздеу
3. Ұғым, құбылыстың сөздік-логикалық жасаушының қорытындысы	Қажеттілігіне қарай айқындау сұрақтарын қою	Өтіп жатқан ұғым, құбылыстың анықтамасын тұжырымдау

Оқушылар өз бетінше тұжырымдама жасағысы келгенде, кейде сауатты болмайтынын естен шығармауымыз керек. Бұнда мұғалім өзі дайын нұсқаны беруден гөрі, олардан қажетті тұжырымдамаға *қол жеткізу* маңызды. Бұл тілді дамыту сәті, неғұрлым тұжырымдама дәлірек айтылса, соғұрлым оны тереңірек түсінеді. Сұрақтардың сипаты қандай? Ойға салатын жетелеуші сұрақтарды қоюға болмайды. Мұғалім айқындайтын төрт топ сұрақтарды ғана қоя алады: 1) модельде не көріп тұрғанын айқындау; 2) осы мәселені шешуге қажетті

білімді өзектендіретін сұрақ; 3) дәлелді іздеуге бағытталған сұрақ; 4) тұжырымдаманы айқындау.

Сабақ қызықты болу үшін кем дегенде неше ОЖП жасау қажет? Үштен кем болмау керек деп практика көрсетті. Сабақта қолданған жағдайлардың жүйелілігі **сабақтың ой-өрісін пысықтау картасын** құрайды. Ол мұғалімнің оқушы ойын өтіп жатқан сұрақты түсінуге апарар жолын көрсетеді. Барлық ОЖП қолдану міндетті емес, яғни сабақтың ОП картасы әр түрлі болуы мүмкін (9-сурет):



9-сурет – Сабақтардың ОП картасы

ОЖП әдісі оқу, модельді сараптау үдерісінде жаңа білімді алу деп болжанғандықтан, танып білудің бас әдісі модельдеу болып табылады. Міне осы жерде **қазіргі компьютерлік технологиялар қажет**, өйткені модельді құрастырғанда шексіз мүмкіндікті береді. Бірақ олардың әр түрлілігіне қарамастан модельдер бір **міндетті шартқа** сәйкес келуі тиіс: **мұғалім тұжырымдаған сұраққа жауап беруі керек.**

ОЖП әдістемесін қолдану шекарасы:

- 1) Сабақ кезеңдері бойынша – жаңа тақырыпты түсіндірген кезде, бекіткен кезде, сұраған кезде.
- 2) Пәндері бойынша – жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық цикл.
- 3) *Сабақ тақырыптары бойынша* – кез-келген тақырыптарда.

### ОЖП әдістемесінің теориялық негізі

1. Оқушылардың оқу қызметін белсендіру теориясы (Шамова Т.И., Маркова А.К.)
2. Психологтар Фридман Л.М., Реан А.А. жұмыстары
3. Автордың диссертациялық зерттеулері.

### ОЖП әдістемесінің негізгі теориялық ережелері

1) Даму – қызмет нәтижесі. Қызмет уәждемеден басталады. Демек, әдістемеді *оқушының уәждемелік саласын қалыптастыру технологиясы* болуы тиіс.

2) Ой-өрісінің дамуы жаңа білімді меңгеру және оны әр түрлі жағдайларда қолдану үдерісінде болуы тиіс. Бұл материалды қол жетімді баяндау кезінде болады. Егер сабақта оқушы ештеңені түсінбесе, даму болмайды. Осыдан, *материалды қол жетімді баяндау технологиясы* сияқты әдістемеді аспектінің қажеттілігі туындайды. Бұл ОЖП әдістемесінің іргетасы: дәлелдігі және қол жетімділігі. Осы ережелер ой-өрісінің жағдайларын пысықтау арқылы іске асырылады. ОЖП құрылымы осы әдістеменің басқалардан айырмашылығын

көрсетіп отыр.

Жоғарыда қарастырылған барлық әдістемелер оқушыларға ақпаратты ауызша жеткізуге негізделген, нәтижесінде оқушылар алған білімдерін ауызша айтуы тиіс. Мұндай мақсат 19 ғ. аяғы мен 20 ғ. басында мектептің алдында қойылды. Бұл жағдайда сөздік-логикалық жасауышқа ерекше көңіл аударылады және түсініктің, құбылыстың бейнелік жасауышы ескерілмейді. Бар көрнекілік принципі қолданады: а) эпизодты (бар плакаттар мен топтамаларға байланысты); б) мұғалімнің баяндамасына көрнекілік ретінде.

ОЖП әдістемесінің басты ерекшелігі, оқылып жатқан ұғымның моделі мұғалім баяндамасының көрнекілігі емес, жаңа білім көзі болып табылады. ОЖП әдістемесінде жаңа ұғыммен, құбылыспен алғашқы танысуы модель түрінде ұсынылған оның бейнелік жасауышынан басталады. Модельді бақылау және сараптау үдерісінде ОЖП шешу болады, оның нәтижесі оқылып жатқан ұғымның сөздік-логикалық жасауышын оқушылар өз бетінше тұжырымдау болып табылады. Осы әдістеме оқушыларды танудың табиғи жолымен алып барады: бақылаудан теорияға, теориядан практикаға. Сонымен қатар, модельде көру ақпараты бар, бұл тиімдірек болып табылады, өйткені жадында 80% сақталады, сонымен бірге ұғымды көрген кезде ми альфа-ритмде жұмыс істейді, яғни электромагниттік сәуле шығару жиілігі 7-14 Гц. Осы кезде мида оң және сол жартышар бірге және тиімділік шыңында жұмыс істейді, сондықтан оқу үшін альфа-ритм мидың ең тиімді күйі болып табылады. Осы факторлар оқу үдерісін жеңілдетеді, демек, ОЖП әдістемесі оқушылар үшін энергияны үнемдеу әдістемесі болып табылады. Осы әдістемені меңгерген мұғалім үшін кейбір қиындықтар бар. Бастысы – психологиялық: айтушы рөлінен тыңдаушы рөліне көшуі. Әрі қарай, модельді құрастырғанда үш қиындық туындайды:

1) модель мазмұнын анықтау; 2) осы модельді қалай жасауға болатынын түсіну; 3) осы модельді жасау үшін күш пен уақытты табу. Көбінесе модельдерді құрастыру үшін АКТ қолданады, сондықтан мұғалім компьютерлік техниканы жетік меңгеруі тиіс. Тағы да қиындық туғызатын кезең – ОЖП сұрақ-тапсырманы қойған кездегі дәлдігі мен нақтылығы. Ол үшін оқылып жатқан сұрақты мұғалім жақсы білуі қажет. Тәжірибе көрсеткендей, жоғарыда аталған қиындықтарға қарамастан осы әдістемені барлығы бірдей дәрежеде болмаса да, мұғалімдер жақсы меңгерген.

#### **4. Ой-өрісінің жағдайларын пысықтау мысалдары.**

Ой-өрісінің жағдайларын пысықтаудың әр қайсысына анықтама берейік және өз сабақтарында қолдану үшін гимназия мұғалімдері құрастырған ой-өрісінің жағдайларын пысықтауына бірнеше мысал келтірейік.

**4.1 «Таңдау» ОЖП** – бір заттан басқа барлық басқа заттардың сипаттамасынан абстракциялау қажеттілігін болжайтын жағдай. Яғни барлық объектілер, құбылыстардың қалпынан көңіл біреуіне ғана аударылады.

*«Таңдау» ОЖП мақсаты:* ОЖП шешу нәтижесінде оқушылардың өз бетімен жаңа білімдерді алуы. *ОЖП міндеті:* жіктеу, салыстыру, өткізілетін белгісін таңдау, қандай да бір классқа жатуын анықтау және т.б.

*Қандай материалда «Таңдау» ОЖП жасауға болады?* Егер мыналар

қарастырылса:

- нысандардың, құбылыстардың жіктелуі (әр түрлі типтер, түрлер, класстар, отрядтар, топтар);
- нысандардың, құбылыстардың салыстырмалы сипаттамасы;
- осы объектпен өзара қарым-қатынастағы объектілерді таңдау;
- осы классқа, түрге, отрядқа және т.б. қатысты нысан мен құбылыстарды анықтау.

**Мысалы:** *Орыс тілі, 4 сынып.* Тақырыбы «Сан есім» (мұғалімі Чащина С.В.) Мынадай сөздер берілген: «қатты, шойын, мұнды, жүгіру, балақай, алтыншы, өтініш, қытырлату, ертең, ырғақты, төрт». Бұл сөздерді қандай топтарға бөлуге болады? Қандай белгісі бойынша? Карточкадағы кестені толтырындар.

Зат есім.	Сын есім	Етістік	Үстеу	?
шойын балақай өтініш	қатты ырғақты	жүгіру қытырлату	мұнды ертең	алтыншы төрт

*Физика, 9 сынып* (мұғалім Кушнарева Л.Е.) Денелердің қозғалысын салыстырып, кестені толтырындар: Автокөлік бағдаршам алдында тоқтады, кейін жасыл түсте қозғалды. Бір биіктіктен дене еркін құлады. Көкжиекке белгісіз бұрышта доп лақтырылды. Жіпке байланған шар жылдамдық модуліне тұрақты горизонтальды жазықтықта айналады.

Жылдамдықпен қозғалыс белгісі	Қозғалыстың мүмкін траекториялары	Қозғалыс мысалдары

*Математика, 6 сынып.* Тақырып: «Теріс мәнді сандарды қосу» (мұғалімі Михайлова С.В.) Теріс мәнді сандарға байланысты сұрақтарды тізімнен таңдап алындар. Осы сұрақтардың қасына белгі қойындар. Сендерде неше сұрақ болды? Жұппен жұмыс – теріс мәнді сандарға қатысты бір-бірлеріңе үш сұрақтан қойындар.

1	Қандай сандар натурал деп аталады?	
2	Үйлесімге есептер шығарған кезінде, үйлесімнің тәуелділік түрін қалай анықтауға болады?	
3	Қандай сандар теріс мәнді деп аталады?	✓
4	Модульдің қасиеттері.	✓
5	Үйлесімнің белгісіз шеткі мүшесін қалай табуға болады?	
6	Қандай сандар қарама-қарсы деп аталады?	✓
7	Үйлесімнің белгісіз орташа мүшесін қалай табуға болады?	
8	Санның модулі дегеніміз не?	✓
9	Нөл мен теріс мәнді санды қалай салыстыруға болады?	✓
10	Санға теріс мәнді санды қоссақ не болады?	✓

**4.2 «Болжау» ОЖП** – белгілі бір білімге негізделген қандай да бір сұрақ туралы ықтималдық пікірді айтуды болжайтын жағдай.

*«Болжау» ОЖП мақсаты:* ОЖП шешу нәтижесінде оқушылардың өз бетінше жаңа білімді алады. *ОЖП міндеттері:* мыналар туралы болжам жасау:

- жаңа ұғымның мүмкін анықтамалары;
- объекттің бұрын оқылмаған қасиеттері;
- құбылыс нәтижелері.

*Қандай материалда «Болжау» ОЖП жасауға болады?* Егер оқылатын сұрақ: бұрын оқылған материалмен байланысты болса, оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сүйенсе.

**Мысалы:** *Орыс тілі, 3 сынып.* Тақырыбы: «Өткен шақ етістіктері» (мұғалімі Мастьянова Л.Н.): мынадай тақтайшалар бар «-ет», «-л», «-ло», «-ть», «-ла», «-ли». Сіздің ойыңызша бұл не? Бұл үзінділерден қандай тапсырмалар орындауға болады? Жауаптары: Сөздер құрастыруға. Етістіктер құрастыруға. Топтарға бөлуге болады, өйткені бұлар өткен шақ етістіктерінің жұрнақтары мен жалғаулары.

*Биология, 10 сынып.* Тақырыбы: «Вирустар мен фагтар» (мұғалімі Федюкович В.В.) Оқушылар «капсид» және «варион» ұғымдарымен танысқаннан кейін: «Вирусқа капсид не үшін қажет? Вирусқа ДНК не үшін қажет?» сұрақтарына жауап беру.

*Информатика 8 сынып.* Тақырыбы: «Алгоритмдердің блок-схемаларын құрастыру үшін векторлық графика құралдарын қолдану» (мұғалімдері Матвеева В.П., Пономарева В.И.) Алгоритмдердің блок-схемаларын құрастыру үшін қажетті фигураларды атаңдар. Сопақша немесе дөңгеленген тікбұрыш, параллелограмм, тікбұрыш, алтыбұрыш, ромб. Блок-схемадағы барлық фигураларды салу үшін құралдар палитрасынан қандай құралдарды қолдануға болады? (тікбұрыш).

**4.3 «Қарама-қайшылық» ОЖП** – алған нәтижемен қандай да бір құбылыс нәтижесіне қатысты болжам сәйкес келмегендегі жағдай. *ОЖП мақсаты:* ОЖП шешу нәтижесінде оқушылардың өз бетінше жаңа білімді алуы.

*ОЖП міндеттері:* болжамды нәтиже нақты алынған нәтижемен сәйкес келмеген сәтті көрсету, яғни заңның, құбылыстың қолдану шекарасын көрсету.

*Қандай материалда «Қарама-қарсы» ОЖП жасауға болады?* Егер мыналар қарастырылса:

- қолдану шекарасы бар заңдар;
- ерекшеліктері бар ережелер;
- белгілі шарттарда ғана бақыланатын құбылыстар (мысалы, сутегіне дейінгі кернеу қатарындағы металдармен ғана қышқылдар әрекет етеді).

**Мысалы:** *Орыс тілі 7 сынып.* Тақырыбы: «Үстеу соңындағы О-А жұрнақтары» (мұғалімі Малеева М.В.) Қосымшаларды сызып, жіберілген әріптерді орнына қойып көшіріңдер: «издалек...», «изнеженн...», «докрасн...», «доверчив...», «сначал...», «связн...». Қалай ойлайсыңдар, осы мысалдарда үстеулердің соңында бірдей немесе әр түрлі әріптер жазыла ма? Жауабы: Егер үстеу из-, до-, с-, қосымшалары болмаған сөздерден жасалса, онда А әрпі

жазылады. Егер үстеу жасалған сөзде қосымша болса, онда О жазылады.

*Физика, 7 сынып.* Тақырып «Инерция» (мұғалімі Кушнарера Л.Е.) Дененің тыныштық жағдайын бақылаудан қорытынды жасаңдар. Модель: кесек үстелдің үстінде. Түйіндеме: денеге басқа денелер әсер етпейді, сондықтан ол тыныштықта. Мұқият қараңдар, біз мүмкін «басқа» денелердің әрекетін көрмей қалған шығармыз. Өз сезіміңізді сараптамадан өткізуді ұсынамын. (Сіз орындықта отырсыз, тыныштықтасыз. Сізге қандай да бір денелердің әрекеті бар ма?) Қиындық туған жағдайда жер шарының суреті көрсетіледі. Басқа денелердің әрекеті теңестірілгенде де, дене тыныштықта болады деген қорытындыға келдік.

*Химия, 8 сынып.* Тақырыбы: «Химиялық элементтердің жіктелуі» (мұғалімі Малкова Б.Б.) Химиялық элементтер берілген: *Cl, Cu, Al, Ag, O, S, I, Be, P, C, Fe, Au*. Оларды топтарға бөліңдер. Өздерінде металл және металл емес қасиеттері бар элементтер табылды. Бұл қандай элементтер? Жауабы: Амфотерлік элементтер – екі түрлі қасиеті бар, өздерін металл және металл емес етіп көрсетеді.

**4.4 «Себеп-салдар байланысын іздеу» ОЖП** – «себеп-салдар» байланысын анықтайтын жағдай.

*ОЖП мақсаты:* ОЖП шешу нәтижесінде оқушылардың өз бетінше жана білімді алуы.

*ОЖП міндеттері:* осы салдарды туғызған себепті табу.

*Қандай материалда «ССБ іздеу» ОЖП жасауға болады? Егер мыналар қарастырылса:*

- қандай да табиғи немесе әлеуметтік құбылыс механизмі;
- заңды, заңдылықты оқу;
- бір нәрсенің ішкі құрылысын оқу.

**Мысалы:** *Әдебиет 7 сынып.* Тақырыбы: «В. Набоковтың «Рождество» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы» (мұғалім Малеева М.В.) В. Набоковтың әңгімесінің мәтінімен оқушылар танысты. Әңгіменің басында не жоқ? Автор әңгімені қалай атады деп ойлайсыздар? Неге олай деп ойлайсыздар? Мәтіндегі мысалмен растаңыз. (Оқушылар өз ұсыныстарын айтады). Әңгіме «Рождество» деп аталады. Өлім туралы әңгіме неге «Рождество» деп аталды? Осы әңгімедегі «Рождество» сөзі қандай мағынаны береді? (Осы әңгімеде біз үш «Рождество» туралы айта аламыз: Рождество - христиандардың негізгі мерекесі ретінде, Рождество көбелектің дүниеге келуі ретінде және Рождество адамның өмірге қайта келуі ретінде).

*Физика 7 сынып.* Тақырыбы: «Инерция» (мұғалімі Кушнарера Л.Е.) Демонстрация: Картоп білеушенің үстінде, бұл жүйені төменге түсіреміз және үстел үстіне тарс еткізіп білеушені шұғыл тоқтатамыз. Тәжірибені түсіндіріңіз. Білеуішке картопты қалай орналастыруға болады?

*Дүниетану 1 сынып.* Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» (мұғалімі Чащина С.В.) Мына сипаттамаларда қандай жыл мезгілі туралы айтылған? Өз таңдауыңды түсіндір. «Қар ереді, күн жылынды, ағаштарда бірінші жапырақтар пайда болды, құстар жылы жақтардан қайтты, күн ұзарды», «Суық жел есіп тұр. Күн

қысқарды, түн ұзарды, жерге қар жауды, ағаштар жапырақсыз. Адамдар жылы киімдерін киді», «Жаңбыр жиі жауады, аспанды бұлт қаптаған. Құстар жылы жаққа ұшып кетті, аңдар қысқа дайындалуда. Ағаштардан жапырақтар түсіп жатыр», «Күн ыстық, көбелектер, инеліктер ұшып жүр, суға түсуге, күнге қыздырынуға болады. Орманда саңырау құлақтар, жидектер, гүлдер көп».

**Технология мақсаты:** Өз бетінше ой-өрісі дағдысын дамыту, ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесін қолдану арқылы оқушыларда оқуға деген уәждемесін қалыптастыру және арттыру.

**Іске асыру жылдары.** Ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесі Мәскеу мемлекеттік облыстық университетінің аспирантурасында ғылыми дәреже алу үшін диссертацияны жазу кезінде құрылды (2003 ж. қазан). Технология авторы: ҚР білім үздігі, жоғары санатты химия мұғалімі, педагогикалық ғылым кандидаты Ваулина Наиля Мухутдиновна. Осы технологияны автормен қолдануы, оны дамыту мен насихаттауды 2003 жылдан 2012 жылға дейін автор жүргізді. Наиля Мухутдиновна осы әдістемені қолдану бойынша жинақталған тәжірибесімен бірнеше рет бөлісті. Осы әдістеме бойынша жариялымдар ҚР және РФ ВАК басылымдарында бар. ОЖП әдістемесі жазылған «Химияны оқу қызық, әрі пайдалы» кітабының қолжазбасын, ҚР білім және ғылым министрлігінің сараптама кеңесі Қазақстан аумағында басуға және жариялауға нұсқау берді (2006ж. наурыз). «Ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесі – дамытып оқыту әдістемесі» әдістемелік оқулығы Қостанай облыстық БАИЖБПҚ ішіндегі сараптау және лицензиялау жөніндегі Кеңесте лицензиядан өтті (2011 ж. 25 наурыз). «Инфо - 2012» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында осы әдістеменің мазмұны мен қолдану тәжірибесі Н.М. Ваулинаның баяндамасының негізі болды (2012 ж. шілде, РФ, Самара қ.), онда ол үздік баяндама үшін димломмен марапатталды. Әдістеменің қысқаша сипаттамасы Мәскеу Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарында басылды (2012 ж. қыркүйек).

Наиля Мухутдиновнаның педагогикалық тәжірибесі, осы әдістемені қолданудағы проблемалары мен қызығушылығының актуалдығы 2013-2015 жылдардың «Гимназияның білім жүйесінде жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық цикл пәндерін оқытуда ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесі арқылы дамытып оқытуды жүзеге асыру» тақырыбы бойынша «№5 гимназия» ММ тәжірибелік-эксперименттік жұмысы бағдарламасын құрастырудың бастамасы болды.

Лицензиялары, дипломдары және сертификаттары қосымшада (№1-7) берілген.

### **Әдістеме мен экспериментті жүзеге асыру бойынша маңыздылығын дәлелдеу**

Білімнің жаңа мақсаттары өз іс-әрекетінің тәсілдерін өз бетінше анықтауға қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруды болжайды. Білім үдерісінің сапасы көбінде білім алушы қандай дәрежеде таным субъектісі болып

табылуымен, оқу үдерісі кезінде қандай белсенділікті, танымдық дербестігін көрсетуімен анықталады.

Білім үдерісінде оқушыларда дербестігін қалыптастыру қажеттілігі туралы кезінде К.Д. Ушинский былай деді: «...Оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларда мұғалімсіз, жаңа білімді алуын, дербестік қабілетін дамытуымыз керек екенін ұмытпауымыз абзал. ... оқушы өзіне қажет білімді тек кітаптан ғана алмай, оны қоршаған заттардан, өмірлік оқиғаларынан, өзінің жеке тарихынан алу құралын беру. Қажетті нәрсені әр жерден алатын ой-өрісі болса, онда адам өмір бойы оқиды, бұл мектеп білімінің маңызды міндеттерінің бірін құрайды» (Ушинский К.Д. 11 томдық шығ. жинағы -М.-Л., 1950. Т.2. -500 с.).

2010 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында «оқуда және өмірде оқушыларда тану қабілетін дамыту, алған білімдерін шығармашылықта пайдалану, негізгі және пәндік құзырлықты қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі басқаруды қамтамасыз ету» орта білім беру мақсаты анықталды. 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында белгілердің арасында түлектің жалпы орта білімінің даярлық деңгейінің басты мақсаты ретінде: өзін-өзі оқытуға және өзін-өзі жетілдіруге, жасампаздық еңбекке, сараптама жүргізе алуына, қайта өңдей алуына, синтездеуге, ғылыми ақпаратты қолдануға қабілеттілігін, тану, жобалау, құрастыру және зерттеу әдістемесін меңгеруін, шығармашылықпен қолдануын анықтады.

Нормативті құжаттар, ғылыми басылымдар (Беспалько В.П. және т.б.) белгілегендей, тәжірибе көрсеткендей (мұғалімдер сауалнамасы, сабақтарға қатысу) ақпараттық оқытудан дамытып оқытуға қарқынды көшуге қажеттілігінде қарама-қайшылық болады, бірақ ол болмай жатыр.

Сонымен, 2011-2020 жылдарындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында ағымды жағдай сараптамасында мыналар көрсетілген: «Орта білімнің жағымсыз факторлары ескірген әдіснама мен білім мазмұнының таңдау принципі болып табылады. Ақпаратты шамадан тыс оқытуы білім уәждемесінің және оқушылардың денсаулығының төмендеуіне алып келеді. Оқыту тұлғаны дамытуға емес, формалды нәтижені алуға бағытталған». Қиындығы мынада, оқытудың бар әдістемесі толық бұл міндеттерді іске асыра алмайды, өйткені 20 ғасырдың ортасында құрастырылған, ол кезде функцияны жаңарту мен білім мазмұны күрделі болған жоқ, қазіргі ақпараттық технологиялар болған жоқ. Жаңа әдістерді, технологияларды құру және пәндік сала диапазонында оларды эксперименттік тексеру актуалдығымен шектелді.

Гимназияның білім үдерісі эксперимент объектісі болып табылады. Эксперимент пәні: жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық цикл пәні сабақтарында дамытып оқыту. Эксперименттің идеясы: гимназияда жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық пәндер сабағында жаңа әдістемені ой-өрісі жағдайларын пысықтау (ОЖП) әдістемесі арқылы дамытып оқытуды жүзеге асыру болып саналады.

Осы әдістеме химия сабағында п.ғ.к. Н.М. Ваулинаның және оның қала

мектептерінің (№4 МЛ, №14ОМ, №2 гимназия және №10 мектеп-гимназиясы) ізбасарлары, химия мұғалімдері жұмыс жүйесінде өзін дәлелдеді. Химия сабағында мыналар айқындалды:

1) «қызық» деген оқудың ең әсерлі дәлелін қалыптастыру арқылы дамытып оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістеме. Даму – қызмет нәтижесі, қызмет дәлелден басталады;

2) осы әдістеме ғылым негіздерін меңгеруді қол жетімдірек етеді, оқылып жатқан: бейнелік, сөздік-логикалық жасауыш объектісі туралы толық көрсетуге мүмкіндік беретін модельдеу ұғымының басты әдісі ретінде қолданады;

3) ой-өрісі жағдайларын пысықтауды әрдайым, жүйелі шешу дербес ой-өрісінің белсенді қызметін қалыптастырады және осы дағдыны жетілдіреді.

**Эксперимент мақсаты:** Әр түрлі пәндерде дамытып оқытуды жүзеге асыру бойынша ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесінің мүмкіндіктері мен нәтижелілігін анықтау.

**Эксперимент кезеңдері:**

1) жаратылыстану – математика цикл сабақтарында ОЖП әдістемесін енгізу (бірінші кезең);

2) гуманитарлық цикл сабақтарында ОЖП әдістемесін енгізу (екінші кезең).

**Тәжірибелік-эксперименттік қызметтің педагогикалық мақсаттары:**

1) олардың табысты оқу қызметінің негізі ретінде оқушылардың уәждеме саласын қалыптастыру;

2) ой-өрісі жағдайларын пысықтау сабақтарында әрдайым, жүйелік шешімі арқылы оқушылардың белсенді, дербес ой-өрісін дамыту;

3) оқушылардың эмоционалдық ортасын дамыту, өйткені ой-өрісі жағдайларын пысықтау да, эмоционалдық пысықтау жағдайы болып саналады;

4) белсенділігін, ойының дербестігі мен эмоционалдық саласын дамыту негізінде оқушының жеке тұлғасын дамыту.

## ЭКСПЕРИМЕНТТИ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ

1. Эксперименттің **диагностикалық** кезеңінде (2013ж. қаңтар-ақпан) гимназия мұғалімдері көбінесе қолданатын әдістері дамытып оқыту мақсатын толық іске асыра алмайтынын анықтады, оны мектеп тәжірибесі мен эксперимент көрсетеді. Гимназия мұғалімдерінің сауалнама нәтижесі (2013 ж. 3 және 4 қаңтар; 2-кесте).

2-кесте – Сауалнама нәтижесі

№	Қолданып жүрген әдіс	Таңдаушылар саны (%)
1.	Түсіндіру-иллюстрациялық	48%
2.	Жартылай-іздеу	40%
3.	Проблемалық	3%
4.	Оқушылардың өздік жұмысы	9%

## 2. Болжау кезеңінде (2013ж. наурыз-сәуір)

а) эксперименттің мақсаты мен міндеттері анықталды, **гипотеза** тұжырымдалды:

1) жаратылыстану-математикалық цикл (бірінші кезең) және гуманитарлық сабақтарында (екінші кезең) ОЖП әдісін қолданса, онда оқушыларда «қызық» деген оқудың ең әсерлі дәлелін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2) ОЖП қолдану осы пән бойынша өтіліп жатқан сұрақтарды оқушының саналы меңгеруіне мүмкіндік береді.

3) сабақта әрдайым ОЖП шешсе, онда оқушыларда белсенділік пен дербес ой-өрісін қалыптастыруға жағдай жасайды.

4) ОЖП қолдану пән бойынша білім сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады.

б) **мұғалімдермен** бірге жұмыс істеу қызметі құрастырылып, жоспарланды:

1) ОЖП әдісімен таныстыру мақсатында жалпы семинарлар өткізу;

2) экспериментке қатысқысы келетін мұғалімдер тобын қалыптастыру;

3) осы мұғалімдерді әдістемелік оқулықпен қамтамасыз ету;

4) осы әдістеме бойынша сабаққа дайындалу кезінде жеке кеңестер беру;

5) талқылау, сараптаудан кейін ОЖП әдістемесі бойынша ашық сабақтар өткізу;

б) эксперимент бойынша мұғалім жұмысын сараптама тобының бағасы.

**оқушылармен:**

1) эксперименттік және бақылау сыныптарында эксперимент барысында диагностикалық жұмыстарды өткізу;

2) эксперименттің аралық кезеңінде бақылау жұмыстарын өткізу;

3) қорытынды кезеңінде бақылауларды өткізу;

4) оқушылар жұмысының бастапқы кезеңі мен қорытынды кезеңінде салыстыру сараптамасын, эксперименттік және бақылау сыныптарында жұмыс нәтижелерін өткізу, эксперимент нәтижесі бойынша қорытындыны тұжырымдау;

5) осы пәнді оқу уәжін айқындау мақсатында эксперименттің бастапқы кезеңінде оқушылардан сауалнама алу;

б) олардың уәждеме саласының қалыптасу деңгейінің өзгеруі мақсатында соңғы кезеңінде оқушылардан сауалнама алу.

**Ұйымдастыру кезеңінде** (2013 ж. мамыр-тамыз) экспериментті өтетін мұғалімдер кабинеттерінің қазіргі техникалық құралдармен жабдықталуын: компьютерлік, интерактивті тақталармен, кадрлық мәселелерді шешуді қамтамасыз ету.

Эксперимент басшысы ҚР білім үздігі, жоғары санатты химия мұғалімі, ҚР және РФ педагогикалық ғылым кандидаты Н.М. Ваулина болғандықтан экспериментті өтетін мұғалімдер тобында жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс, өйткені олар оқыту әдістемесінің салыстыру сараптамасын беруі тиіс, ол эксперименттік жұмыс үшін өте маңызды.

**Ғылыми-әдістемелік** қамтамасыз етудің міндеті дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету: ақыл-ой белсенділігі жағдайлары әдістемесі бойынша әдістемелік құралдарымен, заңдылықтарды тағайындау іскерлігін тексеру үшін тамсырмалар үлгісімен, оқушылар мен мұғалімдерге арнап құрастырылған сауалнамалардан алған деректерді өңдеу үшін математикалық формулалар.

Экспериментті жасайтын мұғалімдерге әрдайым көмек көрсету мақсатында мынандай қызметтер жоспарланды:

1) **ОЖП әдістемесі бойынша кеңес пункті**, онда мұғалімдер сабаққа үйде дайындалу бойынша, сабақта ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесін құрастыру бойынша нұсқаулықтарды алады (п.ғ.к. Ваулина Н.М).

2) **Компьютермен жұмысы бойынша кеңес пункті**, онда мұғалімдер сабаққа компьютерлік модельді құрастыру кезінде қажет көмекті алады (информатика мұғалімі Поляков Е.Ю.)

3) **Психологиялық қолдау қызметі** (мектеп педагог-психологы Артюшина С.В.).

**Практикалық кезеңінде** (2013 – 2014 және 2014-2015 оқу жылдары) жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық цикл пәндерінде ОЖП әдістемесі бойынша сабақты өткізу – әдістемені практикада қолдану және оқуға негізделген.

**2013-2014 оқу жылы.** 2013-2014 оқу жылының басынан «Облыстық эксперименттік алаңды ашу туралы» Қостанай облысы білім Басқармасының 12.06.2013 №216 бұйрығына сәйкес «Гимназияның білім жүйесінде жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық цикл пәндерін оқытуда ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесі арқылы дамытып оқытуды жүзеге асыру» тақырыбы бойынша эксперименттік алаң қызметі ұйымдастырылды.

Эксперименттік қызметтің **мақсаты** әр түрлі пәндерде дамыта оқытуды жүзеге асыруда ой-өрісі белсенділігі жағдайларында әдістеменің мүмкіндігі мен нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Эксперимент бағдарламасына сәйкес алаң қызметіне жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер кіргізілген. 2014 жылғы 7 қыркүйектегі №282 бұйрығына сәйкес эксперимент жұмысына гимназияның педагог-психологы, математика, физика, информатика, химия, биология және география пәндерінің 12 мұғалімі кіргізілді. Сонымен қатар 2 бастауыш сынып мұғалімі қосылды. Пән мұғалімдерінің кадрлық әлеуеті айтарлықтай жоғары (3-кесте; 9-сурет):

3 кесте. 2013-2014 оқу жылында экспериментті өткізетін мұғалімдердің кадрлық құрамы

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Санаты
1.	Мартемьянова О.Г.	директор, математика мұғалімі	Жоғары
2.	Калошина Е.Г.	ҒӘЖ б-ша дир.орынб	Екінші
3.	Артюшина С.В.	педагог-психолог	Екінші
4.	Ваулина Н.М.	химия мұғалімі	Жоғары, п.ғ.к.

5.	Мастьянова Л.Н.	бастауыш сынып мұғалімі	Жоғары
6.	Чащина С.В.	бастауыш сынып мұғалімі	Жоғары
7.	Зареченская И.Б.	математика мұғалімі	Жоғары
8.	Вебер Р.А.	учитель математики	Жоғары
9.	Михайлова С.В.	учитель математики	Бірінші
10.	Кушнарера Л.Е.	учитель физики	Жоғары
11.	Николаев В.В.	учитель физики	Жоғары
12.	Малкова Б.Б.	учитель химии	Жоғары
13.	Федюкович В.В.	учитель биологии	Жоғары
14.	Сагимульдина Р.Б.	учитель географии	Бірінші
15.	Поляков Е.Ю.	учитель информатики	Екінші
16.	Матвеева В.П.	учитель информатики	Бірінші
17.	Пономарева В.И.	учитель информатики	Жоғары



9 сурет – Экспериментті өтетін мұғалімдердің сапалық құрамы

Экспериментті өтетін мұғалімдермен 2013 жылғы қыркүйек-қазан аралығында ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемелік негіздері мен оларды сабақта қолдану мен құрастыру технологияларын оқыту бойынша 10 сабақ өткізілді. Сабақты эксперимент басшысы, п.ғ.к. Н.М. Ваулина өткізді. Сонымен қатар, сабаққа дайындалуы бойынша экспериментке кіргізілген мұғалімдер үшін нақты ОЖП құрастыру бойынша және компьютермен жұмысы бойынша 15 жеке кеңес өткізілді. Эксперимент бағдарламасына сәйкес кеңесті Н.М. Ваулина мен Е.Ю. Поляков өткізді. Осы жұмыстың нәтижесінде эксперимент басшысы, п.ғ.к. Н.М. Ваулина мен ҒӘЖ бойынша директор орынбасары Е.Г. Калошина құрастырған экспериментті өтетін мұғалімдермен әдістемелік ілесіп жүру бағдарламасы жасалды.

«Гимназия ОТП жетілдіру жолдарының бір жолы ретінде оқушылардың ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемесін қолдану» атты мектептің ғылыми-практикалық конференциясы экспериментті өтетін мұғалімдердің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесі болды. Осы конференцияға экспериментті өтетін барлық мұғалімдер қатысты, онда өзін-өзі оқыту тақырыптарымен өз жұмыс тәжірибесі мен өз сабақтарында ОЖП әдістемесін қолданудан алған әсерін

қорытындылады. Конференция қорытындысы бойынша гимназияда жыл бойы мұғалімдердің дайындаған баяндамалары кірген материалдар жинағы шығарылды.

Оқу жылы бойы алаң қызметіне кіргізілген мұғалімдер ОЖП технологиясын қолданып 16 ашық сабақ өткізді. Өткізілген сабақ жоспарлары қорытындыланып, мектеп жинағында жарияланды.

Экспериментке қатысу үшін сынып пен оқушылар құрамы анықталды (4-кесте.). 01.09.2013 жылғы гимназия оқушыларының жалпы санына қатысты экспериментке барлық параллельдің 26,3% оқушылары кіргізілді:

4-кесте – 2013-2014 оқу жылында экспериментке кіргізілген оқушылар құрамы

<b>Сыныбы</b>	<b>01.09.2013 жылға оқушылар құрамы</b>
3 «Б»	32
4 «Б»	29
5 «В»	25
6 «В»	27
7 «А»	26
8 «А»	27
9 «Б»	26
10 «В»	24
<b>8 сынып</b>	<b>216 адам</b>

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі мақсаты: гимназистердің тұлғалық және оқуын дамытуға қолданатын ОЖП әдістеменің ықпалын бағалау болып табылады. Қойылған мақсаттан келесі міндеттер тұжырымдалды:

- эксперименттік сынып оқушыларының зияткерлік даму жағдайын анықтау және гимназистердің когнитивтік салада болып жатқан өзгерістеріне талдау жасау;

- ЖМЦ және ҚГБ пәндерінде ОЖП әдістемесін қолдану арқылы эксперименттік сынып оқушыларының оқу қызметінің танымдық-уәждемелік компонентін қарау;

- ОЖП әдістемесін енгізу шегінде болып жатқан пәндерге белгіленген сынып оқушыларының эмоционалдық қатынас дәрежесі анықтау;

- оқушылардың уәждемелік, зияткерлік және тұлғалық саласын сараптау арқылы ОЖП әдістемесін қолдану нәтижелілігі туралы қорытынды жасау.

Оқушылардың жеке-тұлғалық дамуын бағалау үшін эксперименттік сыныптарда диагностикалық бақылаулар мен сауалнамаларды өткізуге диагностикалық жұмыс түрі таңдалды. Гимназистерді диагностикалық тексеру ұзақ және өткізудің үш кезеңіне есептелген.

Диагностикалық құрал ретінде зияткерлік жоспар әдістерінің жиынтығы қолданылды (Зямбицявичене әдістемесі, Тихомирова әдістемесі, ТЗТ әдістемесі, ОДМТ әдістемесі) және арнайы сауалнама құрастырылды.

*Әдістемелер оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес таңдалды және диагностикалық бақылауларды өткізу келесідегідей көрсетілді:*

- бастауыш мектеп (1-4 сыныптар) – кіші оқушылардың сөздік-логикалық ой-өрісін анықтау үшін Зямбицявичене әдістемесі және Тихомирова әдістемесі

+ құрастырылған сауалнама;

- орта мектеп (5-7 сыныптар) – ТЗТ әдістемесі (топтық зияткерлік тестілеу)

+ құрастырылған сауалнама;

- жоғары мектеп (8-11 сыныптар) – ОДМТ әдістемесінің түрлендірілген нұсқасы(ойды дамытудың мектептік тестілеу) + құрастырылған сауалнама.

Құрастырылған сауалнама сұрақтары жабық типке жатады және оқушылардың танымдық-уәждемелік бағытын және оқыту үдерісінің эмоционалдық компонентін қарай алатындай етіп құрастырылды.

<b>Оқушыларға арналған сауалнама</b>		
№	Сұрақ	Компонент
1.	<i>Сізге оқытылып жатқан пән ұнайды ма?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	Танымдылық
2.	<i>Осы сабақтың оқу ақпараты көрнекірек және қол жетімдірек болды ма?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	
3.	<i>Осы пән бойынша үй тапсырмасын орындау қызығырақ болды ма?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	
4.	<i>Осы сабақта қабылданған, есте сақталған пәндік материалдың көлемі ұлғайды ма?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	
5.	<i>Осы пәнді оқытатын мұғалім ұнайды ма?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	Эмоционалдық
6.	<i>Қалай ойлайсыздар, соңғы жылы (екі жыл) осы пәнді оқыту өзгерді ма?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	
7.	<i>Осы сабақта өзіңізді ыңғайлы сезінесіз бе?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	
8.	<i>Осы пәнді оқуда белгілі нәтижеге қол жеткізуді жоспарлайсыз ба?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	Уәждемелік
9.	<i>Осы пән бойынша зияткерлік олимпиадаларға, байқауларға, ойындарға қатысқыңыз келе ме?</i> Ия Жоқ Жауап беруге қиын	

### **Бастапқы диагностиканың нәтижелері (I кезең)**

Оқушылардың когнитивті сала құраушысының диагностикалық мәліметтер жинағы келесі мәліметті көруге мүмкіндік берді.

<b>2013-2014 оқу жылы</b>				
Эксперименттік сынып	Оқушылар саны (100 %)	Оқушылардың зияткерлік саласының жағдайы		
		Дамудың жоғары деңгейі	Жастық норма шамасындағы даму	Дамудың төмен деңгейі
3 «Б»	32 а.	10 а. – 31 %	16 а. – 50 %	6 а. – 19 %
4 «Б»	29 а.	9 а. – 31 %	14 а. – 48 %	6 а. – 21 %
5 «В»	25 а.	4 а. – 16 %	12 а. – 48 %	9 а. – 36 %
6 «В»	27 а.	7 а. – 26 %	15 а. – 55 %	5 а. – 19 %
7 «А»	26 а.	6 а. – 23 %	15 а. – 58 %	5 а. – 19 %

8 «А»	27 а.	9 а. – 33 %	14 а. – 52 %	4 а. – 15 %
8 «В»	26 а.	4 а. – 15 %	15 а. – 58 %	7 а. – 27 %
10 «В»	24 а.	5 а. – 21 %	14 а. – 58 %	5 а. – 21 %
<b>8 сынып</b>	<b>216 а.</b>	<b>54 а. – 25 %</b>	<b>115 а. – 53 %</b>	<b>47 а. – 22 %</b>

Гимназистердің зерттеуден өткен оқушылар ұжымының 78 %-ң ой-өрісі саласының құраушысы, пәндік ақпаратты оқушылардың толық қабылдауына жауаптылығы дамыған. Алынған пайыз айтарлықтай жоғары және эксперименттік сынып балаларының көбісі оқуда табысты болуы мүмкін екендігін куәландырып отыр.

<b>Оқушылардан сауалнама алу</b>				
<b>Эксперименттік сынып</b>	<b>Оқушылар ұстанымы</b>	<b>Оқу қызметінің компоненті</b>		
		<b>Танымдылық</b>	<b>Эмоционалдық</b>	<b>Уәждемелік</b>
3 «Б» (32 а.)	<b>қатысқандар</b>	14 а. – 44 %	12 а. – 38 %	14 а. – 44 %
	болмағандар	8 а. – 25 %	10 а. – 31 %	10 а. – 31 %
	белгісіз ұстан.	10 а. – 31 %	10 а. – 31 %	8 а. – 25 %
4 «Б» (29 а.)	<b>қатысқандар</b>	15 а. – 52 %	16 а. – 55 %	16 а. – 55 %
	болмағандар	7 а. – 24 %	6 а. – 21 %	7 а. – 24 %
	белгісіз ұстан.	7 а. – 24 %	7 а. – 24 %	6 а. – 21 %
5 «В» (25 а.)	<b>қатысқандар</b>	8 а. – 32 %	6 а. – 24 %	6 а. – 24 %
	болмағандар	8 а. – 32 %	10 а. – 40 %	9 а. – 36 %
	белгісіз ұстан.	9 а. – 36 %	9 а. – 36 %	10 а. – 40 %
6 «В» (27 а.)	<b>қатысқандар</b>	14 а. – 52 %	12 а. – 44 %	14 а. – 52 %
	болмағандар	6 а. – 22 %	8 а. – 30 %	7 а. – 26 %
	белгісіз ұстан.	7 а. – 26 %	7 а. – 26 %	6 а. – 22 %
7 «А» (26 а.)	<b>қатысқандар</b>	11 а. – 42 %	12 а. – 46 %	14 а. – 54 %
	болмағандар	7 а. – 27 %	7 а. – 27 %	5 а. – 19 %
	белгісіз ұстан.	8 а. – 31 %	7 а. – 27 %	7 а. – 27 %
8 «А» (27 а.)	<b>қатысқандар</b>	17 а. – 64 %	16 а. – 59 %	19 а. – 70 %
	болмағандар	5 а. – 18 %	5 а. – 18 %	4 а. – 15 %
	белгісіз ұстан.	5 а. – 18 %	6 а. – 23 %	4 а. – 15 %
8 «В» (26 а.)	<b>қатысқандар</b>	12 а. – 46 %	10 а. – 38 %	10 а. – 38 %
	болмағандар	6 а. – 23 %	8 а. – 31 %	8 а. – 31 %
	белгісіз ұстан.	8 а. – 31 %	8 а. – 31 %	8 а. – 31 %
10 «В» (24 а.)	<b>қатысқандар</b>	12 а. – 50 %	10 а. – 42 %	12 а. – 50 %
	болмағандар	8 а. – 33 %	9 а. – 37 %	7 а. – 29 %
	белгісіз ұстан.	4 а. – 17 %	5 а. – 21 %	5 а. – 21 %
<b>Барлығы қатысқандар (216 а.)</b>		<b>103 а. – 48 %</b>	<b>94 а. – 44 %</b>	<b>105 а. – 49 %</b>

Сауалнама мәліметтер сараптамасы экспериментті енгізудің бастапқы кезеңінде таным белсенділігі эксперименттік сынып оқушыларының тек 48%, оқу үдерісіне жағымды қарым-қатынасы осы сынып оқушыларының 44% және оқушылардың 49% оқуда табысқа жетуге уәжденгенін көрсетті. Өкінішке қарай, алынған көрсеткіштер қажетті норманың жартысынан азын құрайды.

Өткізілген бастапқы диагностиканың негізінде мынадай қорытынды

жасауға болады: белгілі зияткерлік әлеуеті бар гимназистер осы уақытша кезеңде оны толық максималды көлемде жүзеге асыруға ұмтылмайды. Ол үшін әр түрлі пәндерде сабақ үдерісі құрылымына белгілі түзетулер енгізу қажет.

**2014-2015 оқу жылы.** 2014-2015 оқу жылында эксперименттік алаң қызметі жалғастырылды. Іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2014-2015 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндерінің алаң қызметіне қосымша гуманитарлық бағытындағы пәндер қосылды (5-кесте және 10-сурет):

5-кесте – 2014-2015 оқу жылында экспериментті өтетін мұғалімдердің кадрлық құрамы

№	Т.А.Ә.	лауазымы	Санаты
1.	Мартемьянова О.Г.	директор, математика мұғалімі	Жоғары
2.	Калошина Е.Г.	ҒӘЖ б-ша директор орынб.	Екінші
3.	Артюшина С.В.	педагог-психолог	Екінші
4.	Ваулина Н.М.	Химия мұғалімі	Жоғары, п.ғ.к.
5.	Мастьянова Л.Н.	Бастауыш сынып мұғалімі	Жоғары
6.	Чащина С.В.	Бастауыш сынып мұғалімі	Жоғары
7.	Зареченская И.Б.	математика мұғалімі	Жоғары
8.	Вебер Р.А.	математика мұғалімі	Жоғары
9.	Михайлова С.В.	математика мұғалімі	Бірінші
10.	Кушнарера Л.Е.	физика мұғалімі	Жоғары
11.	Николаев В.В.	физика мұғалімі	Жоғары
12.	Малкова Б.Б.	химия мұғалімі	Жоғары
13.	Федюкович В.В.	биология мұғалімі	Жоғары
14.	Сагимульдина Р.Б.	география мұғалімі	Бірінші
15.	Поляков Е.Ю.	информатика мұғалімі	Екінші
16.	Пономарева В.И.	информатика мұғалімі	Жоғары
17.	Малеева М.В.	орыс тілі және әдебиет мұғалімі	Жоғары
18.	Сопина И.А.	ағылшын тілі мұғалімі	Жоғары
19.	Тимофеева И.А.	ағылшын тілі мұғалімі	Екінші



10-сурет – 2014-2015 оқу жылында экспериментті өтетін мұғалімдердің сапалық құрамы

ОЖП әдістемесін қолдануда қиналатын экспериментке қайтадан енгізілген мұғалімдермен, сонымен бірге ЖМЦ мұғалімдермен 2014 жылғы қыркүйек-қазан аралығында ой-өрісі жағдайларын пысықтау әдістемелік негіздері мен оларды сабақта қолдану мен құрастыру технологияларын оқыту бойынша 10 сабақ өткізілді. Сабақты эксперимент басшысы, п.ғ.к. Н.М. Ваулина өткізді. Сонымен қатар, компьютермен жұмысы бойынша Е.Ю. Поляковтың басшылығымен кеңестік пункт және экспериментті өтетін мұғалімдерге арналған педагог-психолог кеңесі өз жұмысын жалғастырды.

Оқу жылы аралығында алаң қызметіне кіргізілген мұғалімдермен ОЖП технологиясын қолдану арқылы 12 ашық сабақ өткізілді. Өткізілген сабақ жоспарлары қорытындыланып, мектеп жинағында жарияланды.

Алаң жұмысы шеңберінде өткізілген «Интерактивті қобдиша» атты презентациялардың «Бірінші ашық фестиваліне» гимназияның 13 мұғалімі ғана қатысып қойған жоқ, сонымен қатар өз тәжірибесімен бөліскісі және оқу үдерісінде презентация мен флипчартты пайдалануда жинақталған тәжірибесімен алмасқысы келген қала мектептерінен (№№ 7, 11, 15, 18 ОМ) 10 мұғалімдер қатысты.

2014-2015 оқу жылында сабақта ОЖП әдістемесін пайдаланумен қамтылған оқушылар құрамы ұлғайды (6-кесте). Оқушылардың жалпы құрамының төмендеуі ескерілгеннің өзінде жалпы құрамнан экспериментке кіргізілген оқушылар үлесі 36% ұлғайды.

6-кесте – 2013-2014 оқу жылында экспериментке кіргізілген оқушылар құрамы

Сыныбы	01.09.2014 жылына оқушылар саны
1 «Б»	30
4 «Б»	31
5 «Б»	30
6 «В»	24
7 «В»	28
8 «А»	24
9 «А»	27
9 «В»	22
10 «А»	21
11 «А»	26
11 «В»	21
<b>Барлығы:</b>	<b>284 адам</b>

Жыл басында эксперименттік сынып оқушыларымен аралық психологиялық диагностика өткізілді, сонымен бірге пәндер бойынша аралық бақылау жұмыстары орындалды.

### *Аралық диагностика нәтижелері (II кезең)*

2014-2015 оқу жылы				
Эксперименттік сынып	Оқушылар саны (100 %)	Оқушылардың зияткерлік саласының жағдайы		
		Дамудың жоғары деңгейі	Жастық норма шамасындағы даму	Дамудың төмен деңгейі
1 «Б»	30 а.	6 а. – 20 %	20 а. – 67 %	4 а. – 13 %

4 «Б»	31 а.	13 а. – 42 %	14 а. – 45 %	4 а. – 13 %
5 «Б»	30 а.	12 а. – 40 %	13 а. – 43 %	5 а. – 17 %
6 «В»	24 а.	4 а. – 17 %	13 а. – 54 %	7 а. – 29 %
7 «В»	28 а.	9 а. – 32 %	15 а. – 54 %	4 а. – 14 %
8 «А»	24 а.	9 а. – 37 %	12 а. – 50 %	3 а. – 13 %
9 «А»	27 а.	11 а. – 41 %	13 а. – 48 %	3 а. – 11 %
9 «В»	22 а.	5 а. – 23 %	10 а. – 45 %	7 а. – 32 %
10 «А»	21 а.	12 а. – 57 %	9 а. – 43 %	-
11 «А»	26 а.	16 а. – 62 %	10 а. – 38 %	-
11 «В»	21 а. -	7 а. – 33 %	11 а. – 53 %	3 а. – 14 %
<b>8 сынып</b>	<b>284 а.</b>	<b>104 а. – 37 %</b>	<b>140 а. – 49 %</b>	<b>40 а. – 14 %</b>

Аралық диагностика кезеңінде эксперименттік сынып оқушыларының 86% жалпы білім, іскерлігі мен дағдысы қалыптасқаны байқалды, бұл гимназистердің тұрақты ой-өрісі дамуының көрсеткіші болып табылады. Оқушылардың зияткерлік қоры дамуының оң динамикасы оқуда белгілі нәтижеге қол жеткізу үшін ОЖП әдістемесі технологиясын қолдану керектігін көрсетеді.

<b>Оқушылардан сауалнама алу</b>				
<b>Экспери- менттік сынып</b>	<b>Оқушылар ұстанымы</b>	<b>Оқу қызметінің компоненті</b>		
		<b>Таным дылық</b>	<b>Эмоцио налдық</b>	<b>Уәждемелік</b>
4 «Б» (31 а.)	<b>қатысқандар</b>	18 а. – 58 %	17 а. – 54 %	19 а. – 62 %
	болмағандар	6 а. – 19 %	7 а. – 23 %	6 а. – 19 %
	белгісіз ұстан.	7 а. – 23 %	7 а. – 23 %	6 а. – 19 %
5 «Б» (30 а.)	<b>қатысқандар</b>	19 а. – 63 %	17 а. – 56 %	19 а. – 63 %
	болмағандар	5 а. – 17 %	7 а. – 23 %	6 а. – 20 %
	белгісіз ұстан.	6 а. – 20 %	6 а. – 20 %	5 а. – 17 %
6 «В» (24 а.)	<b>қатысқандар</b>	9 а. – 37 %	10 а. – 42 %	10 а. – 42 %
	болмағандар	9 а. – 37 %	7 а. – 29 %	8 а. – 32 %
	белгісіз ұстан.	6 а. – 26 %	7 а. – 29 %	6 а. – 26 %
7 «В» (28 а.)	<b>қатысқандар</b>	15 а. – 54 %	15 а. – 54 %	17 а. – 61 %
	болмағандар	7 а. – 25 %	6 а. – 21 %	6 а. – 21 %
	белгісіз ұстан.	6 а. – 21 %	7 а. – 25 %	5 а. – 18 %
8 «А» (24 а.)	<b>қатысқандар</b>	14 а. – 58 %	15 а. – 62 %	15 а. – 62 %
	болмағандар	5 а. – 21 %	5 а. – 21 %	5 а. – 21 %
	белгісіз ұстан.	5 а. – 21 %	4 а. – 17 %	4 а. – 17 %
9 «А» (27 а.)	<b>қатысқандар</b>	19 а. – 70 %	20 а. – 74 %	20 а. – 74 %
	болмағандар	5 а. – 19 %	3 а. – 11 %	4 а. – 15 %
	белгісіз ұстан.	3 а. – 11 %	4 а. – 15 %	3 а. – 11 %
9 «В» (22 а.)	<b>қатысқандар</b>	13 а. – 59 %	10 а. – 45 %	9 а. – 40 %
	болмағандар	4 а. – 18 %	8 а. – 37 %	8 а. – 37 %
	белгісіз ұстан.	5 а. – 23 %	4 а. – 18 %	5 а. – 23 %
10 «А» (21 а.)	<b>қатысқандар</b>	16 а. – 76 %	13 а. – 62 %	17 а. – 81 %
	болмағандар	5 а. – 24 %	6 а. – 29 %	4 а. – 19 %
	белгісіз ұстан.	-	2 а. – 9 %	-
11 «А» (26 а.)	<b>қатысқандар</b>	19 а. – 73 %	18 а. – 69 %	22 а. – 85 %
	болмағандар	5 а. – 19 %	6 а. – 23 %	4 а. – 15 %

	белгісіз ұстан.	2 а. – 8 %	2 а. – 8 %	-
11 «В» (21 а.)	<b>қатысқандар</b>	12 а. – 57 %	11 а. – 52 %	14 а. – 67 %
	болмағандар	5 а. – 24 %	8 а. – 39 %	4 а. – 19 %
	белгісіз ұстан.	4 а. – 19 %	2 а. – 9 %	3 а. – 14 %
<b>Барлығы қатысқандар (254 а.)</b>		<b>154 а. – 61 %</b>	<b>146 а. – 57 %</b>	<b>162 а. – 64 %</b>

\*1 «Б» сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне (нақты шындықты адекватты бағалау мен болашақ оқиғаларды болжау қиындығына) және гимназияның бастауыш мектебінде оқу үдерісін құрастыру ерекшелігіне (бірінші оқу жартыжылдығында үй жұмысының болмауына) байланысты сауалнамаға қатысқан жоқ.

Оқушылардың аралық диагностикасы шеңберінде алынған сауалнама мәліметтері, эксперименттік сынып оқушыларының 61 % базалық, негізгі оқу уәждемесі болып табылатын, танымдылық белсенділігінен басым екенін көрсетеді. Оқушылардың 64 % өздерінің жеке оқу жетістіктерін көрсетуге бағытталған және гимназистердің 57 % оқу үдерісіне оң көзқараспен қарайды.

**Қорытынды кезең** (2015 ж. қыркүйек-қараша) эксперимент нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеуге негізделген. Алынған мәліметтердің эксперимент мақсаттарымен, сараптамамен, сипаттаумен, эксперимент қорытындысын өткізілген сабақтарды жалпылаумен сәйкестендіру. Тәжірибені қорытындылау және эксперимент қорытындысын жасау бойынша семинар жоспарланған, сонымен қатар алаң қызметінің материалдарын лицензиялау.

**Алынған нәтижелер.** Екі жыл бойы экспериментті өтетін мұғалімдер қалалық және облыстық іс-шараларға белсенді қатысады:

- Ваулина Н.М. – химия мұғалімдерінің қалалық семинары және БАИ курстарын тыңдаушыларына арналған семинар;

- Ваулина Н.М., Сикирова А.К., Артюшина С.В., Калошина Е.Г., - үздік әдістемелік жоспардың қалалық байқауы;

- Пономарева В.И., Матвеева В.П. – информатика мұғалімдерінің қалалық семинары.

Сабақтарда ОЖП әдістемесін қолдану бойынша математика және физика мұғалімдерінің қалалық семинары, онда экспериментті өтетін мұғалімдер өз жұмысында ОЖП әдістемесін қолдану тәжірибесімен бөлісті:

- Ваулина Н.М. - баяндама, Михайлова С.В. – шеберлік сынып, Кушнарцева Л.Е. – әдістеменің презентациясы, Зареченская И.Б. – ашық сабақ, Мартемьянова О.Г. – ашық сабақ, Николаев В.В. – ашық сабақ.

- Пономарева В.И. – «Информатика сабақтарында ой-өрісінің жағдайларын пысықтау әдістемесі. Алгоритмдердің блок-схемаларын құрастыру үшін векторлық графика құралдарын қолдану» информатика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарында баяндама.

- Пономарева В.И. – «Білім сапасын арттыру – қалыптастырудың және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызды шарттары» мұғалімдердің ІІ ашық аймақтық ғылыми-практикалық конференциясында «Информатиканы оқытуда ой-өрісінің жағдайларын пысықтау әдістемесі»

арқылы дамытып оқытуды жүзеге асыру» тақырыбына баяндама.

- Михайлова С.В. – «XXI ғасыр мектебі» мұғалімдердің ғылыми-практикалық конференциясы шеңберінде «Математика сабақтарында ОЖП әдістемесін қолдану» тақырыбына баяндама.

- Михайлова С.В. – «Математика сабақтарында ОЖП әдістемесін қолдану» шеберлік сыныбымен математика мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігінен облыстық байқауына қатысты (1 орын).

Сонымен бірге, педагог-психолог Артюшина С.В. өз қызметінің шеңберінде эксперименттік сынып оқушыларының ақпаратты көру арқылы қабылдаудың ең тиімді тәсілдеріне зерттеу жүргізді. «Көру ақпаратының мәдениеті» мақала түріндегі жұмыс қорытындысы «Қостанай Дарыны.kz» №2 2014 жылы ақпараттық-әдістемелік журналында, «Мектептегі психология» №6 2014 жылғы журналында жарияланды.

Оқу құраушыларын, атап айтқанда жеке пәндер бойынша эксперименттік сынып оқушыларының білім сапасының сараптамасы, оқу үдерісінің тиімділігіне, мұғалімдердің ОЖП әдістемесін қолдануына жақсы әсер етуі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді: екі жыл эксперимент өткен кезінде сыныптың/пәннің жартысынан көбі оң немесе тұрақты жоғары динамикасын көрсетеді (7-кесте):

7-кесте – Эксперименттік сыныптарда бөлек пәндер бойынша білім сапасы

Сынып (2014-2015 о.ж.)	Пәні	Экспериментке дейін	2013-2014 о.ж.	2014-2015 о.ж.
4 «Б»	Математика	93%	95%	93,5%
	Информатика	100%	100%	100%
	Ағылшын тілі	93%	-	96%
5 «Б»	Математика	85%	88%	83%
	Информатика	100%	100%	100%
7 «В»	Математика	86,2%	89%	-
	Орыс тілі	83,3%	-	78%
	Ағылшын тілі	88%	-	92%
8 «А»	Физика	-	60%	85,7%
	Ағылшын тілі	95%	-	100%
9 «А»	Математика	48,1%	74%	77%
	Химия	-	93%	89%
	Информатика	93%	93,7%	94,4%
	География	66,7%	92%	96%
9 «В»	Химия	-	52%	60%
	Физика	56,2%	39,1%	50%
10 «А»	Математика	52%	52,2%	48%
	Физика	64,7%	66,6%	70%
	Химия	85%	86%	85%
	Орыс тілі	81%	-	95%
	Ағылшын тілі	100%	-	100%
11 «А»	Математика	93,1%	100%	100%
11 «В»	Биология	59,3%	68,2%	95,2%
	Химия	40,7%	57%	63%

**Бастапқы және аралық диагностикалардың салыстырмалы мәліметтері.**

Гимназистердің когнитивті дамуының корреляциялық мәліметтері, бақылап отырған параметрлердің оң динамикасы позициясынан қарастырылады. (дамудың төмен деңгейімен оқушылар санының азаюы – оң динамика).

Эксперименттік сынып	Оқушылардың зияткерлік саласының жағдайы								
	Дамудың жоғары деңгейі			Дамудың жоғары деңгейі			Дамудың жоғары деңгейі		
	I кезең	II кезең	Динамика	I кезең	II кезең	Динамика	I кезең	II кезең	Динамика
1 «Б»	-	20 %		-	67 %		-	13 %	
3 «Б»-4 «Б»	31 %	42 %	<b>+11 %</b>	50 %	45 %	<b>-5 %</b>	19 %	13 %	<b>+6 %</b>
4 «Б»-5 «Б»	31 %	40 %	<b>+9 %</b>	48 %	43 %	<b>-5 %</b>	21 %	17 %	<b>+4 %</b>
5 «В»-6 «В»	16 %	17 %	<b>+1 %</b>	48 %	54 %	<b>+6 %</b>	36 %	29 %	<b>+7 %</b>
6 «В»-7 «В»	26 %	32 %	<b>+6 %</b>	55 %	54 %	<b>-1 %</b>	19 %	14 %	<b>+5 %</b>
7 «А»-8 «А»	23 %	37 %	<b>+14 %</b>	58 %	50 %	<b>-8 %</b>	19 %	13 %	<b>+6 %</b>
8 «А»-9 «А»	33 %	41 %	<b>+7 %</b>	52 %	48 %	<b>-4 %</b>	15 %	11 %	<b>+4 %</b>
8 «В» - 9 «В»	15 %	23 %	<b>+8 %</b>	58 %	45 %	<b>-13 %</b>	27 %	32 %	<b>+5 %</b>
10 «А»	-	57 %		-	43 %		-	-	
10 «В»-11 «В»	21 %	33 %	<b>+12 %</b>	58 %	53 %	<b>-5 %</b>	21 %	14 %	<b>+7 %</b>
11 «А»	-	62 %		-	38 %		-	-	
<b>Барлығы</b>	<b>25 %</b>	<b>37 %</b>	<b>+12 %</b>	<b>53 %</b>	<b>49 %</b>	<b>-4 %</b>	<b>22 %</b>	<b>14 %</b>	<b>+8 %</b>

Бастапқы және аралық диагностиканың алынған мәліметтерін сараптамадан өткізгенде, ЖІД (жалпы білім, іскерлігі мен дағдысы) қалыптасуының жоғарғы көрсеткішімен оқушылар сонының өсуі және когнитивті саладағы көрсеткіштің төмен дамуы мен оқушылар санының азаюы байқалды. Диагностика нәтижесіне сүйеніп, ЖМЦ және ҚГБ пәндерінде ОЖП әдістемесін енгізу мен қолдану гимназистердің зияткерлік потенциалын ашуға жақсы әсер етеді және ой-өрісі саласының жасаушысын сапалы дамыту есебінен оқушыларды табысты оқытуға ықпалын тигізеді деп болжам жасауға болады.

Эксперименттік сынып	Оқушылардың оқу қызметінің компоненттері								
	танымдылық			эмоционалдық			уәждемелік		
	I кезең	II кезең	Динамика	I кезең	II кезең	Динамика	I кезең	II кезең	Динамика
1 «Б»	-	-	-	-	-	-	-	-	-
3 «Б»-4 «Б»	44 %	58 %	<b>+24 %</b>	38 %	54 %	<b>+16 %</b>	44 %	52 %	<b>+8 %</b>
4 «Б»-5 «Б»	52 %	63 %	<b>+11 %</b>	55 %	56 %	<b>+1 %</b>	55 %	63 %	<b>+8 %</b>
5 «В»-6 «В»	32 %	37 %	<b>+9 %</b>	24 %	42 %	<b>+18 %</b>	24 %	42 %	<b>+18 %</b>
6 «В»-7 «В»	52 %	54 %	<b>+2 %</b>	44 %	54 %	<b>+10 %</b>	52 %	61 %	<b>+9 %</b>
7 «А»-8 «А»	42 %	58 %	<b>+16 %</b>	46 %	62 %	<b>+16 %</b>	54 %	62 %	<b>+8 %</b>
8 «А»-9 «А»	64 %	70 %	<b>+6 %</b>	59 %	74 %	<b>+5 %</b>	70 %	74 %	<b>+4 %</b>
8 «В» - 9 «В»	46 %	59 %	<b>+13 %</b>	38 %	45 %	<b>+7 %</b>	38 %	40 %	<b>+2 %</b>
10 «А»	-	76 %		-	62 %		-	81 %	

10 «В»-	50 %	57 %	+7 %	42 %	52 %	+10 %	50 %	67 %	+17 %
11 «В»									
11 «А»	-	73 %		-	69 %		-	85 %	
<b>Барлығы</b>	<b>48 %</b>	<b>61 %</b>	<b>+13 %</b>	<b>44 %</b>	<b>57 %</b>	<b>+23 %</b>	<b>49 %</b>	<b>64 %</b>	<b>+15 %</b>

ЖМЦ және ҚГБ пән мұғалімдерімен ОЖП әдістемесін мақсатты түрде енгізу мен қолдану жүргізілген екі оқу жылы ішінде оқушылардың сауалнамалық мәліметтерін салыстыра отырып, сабақтарда пән мұғалімдерімен позитивті-конструктивті қарым-қатынасы мен өтіп жатқан пәнге танымдық қызығушылығының есебінен жаңа оқу ақпаратын қабылдауға уәждемеленген оқушылар санының ұлғаюын атап өту керек. Болған жақсы өзгерістер алдағы уақытта гимназистердің білім сапасының өсуіне алып келеді.

Эксперименттік сынып оқушыларының бастапқы және аралық диагностикасы мәліметтерін қорытындылай келе, оқушылардың когнитивті, уәждемелік және эмоционалды-тұлғалық даму көрсеткішінің ұлғаюы мен тұрақтылығын болжауға болады.

### **Қорытынды**

Эксперименттік алаң қызметінің нәтижесін ескере отырып, осы кезеңде келесі қорытындыны жасауға болады:

1. Эксперименталдық алаң шеңберіндегі жұмыс гимназия мұғалімдерінің белсенді зерттеу қызметіне ынталандырды және олардың кәсіби деңгейін арттырды.

2. Эксперименттік алаң қызметіне кіргізілген мұғалімдер өздерінің АКТ-құзырлығын арттырды, сабақ және сабақтан тыс кезінде компьютерлік және мультимедиялық құрылғыларды қолдану спектрін ұлғайтты.

3. ОЖП әдістемесін қолдану білім үдерісіне зиян келтірмейді және көбінесе оқушылардың білім сапасын арттыруға және тұрақтандыруға алып келеді.

4. Сабақта ОЖП әдістемесін жүйелі түрде қолдану мұғалім мен оқушының арасында қолайлы қарым-қатынасын жасайды, оқушылардың өзін-өзі оқыту және өзара оқыту үдерісіне, негізгі құзыретін дамытуға ықпалын тигізеді.

5. Білім үдерісінде ОЖП әдістемесін қолдану оқушылар уәждемесін арттыруға, гимназияның білім үдерісінің эмоционалдық фонын жақсартуға алып келді.

### **Әрі қарай алға басу бойынша нұсқаулықтар**

Істелінген жұмысқа және алынған нәтижелерге сүйене отырып, осы әдістемені білім ұйымдарында қолдануға ұсыныс жасауға болады деп ойлаймыз.



# ДИПЛОМ

## за доклад на секции

# info СТРАТЕГИЯ

## 2012

«Тенденции развития образования в условиях  
информационного общества»



**Лучший доклад**

Награждается

**Ваулина  
Наиля Мухутдиновна**

за выступление с докладом на  
IV Международной  
научно-практической конференции  
«ИНФО-СТРАТЕГИЯ 2012:  
Общество. Государство.  
Образование»

г. Самара, 1 – 4 июля 2012 г.

Председатель  
Оргкомитета конференции,  
генеральный директор ЗАО «ИРТех»  
Исайкин О.А.

Член  
Программного комитета конференции  
Алексеева Т. М.



# СЕРТИФИКАТ

участника конференции

**info**  
СТРАТЕГИЯ

2012



Департамент информационных технологий и связи Самарской области  
Министерство образования и науки Самарской области  
Департамент образования администрации г. о. Самары  
Самарская региональная общественная организация  
«За информационное общество»

**Ваулина  
Наиля Мухутдиновна**

участник  
IV Международной  
научно-практической конференции  
**«ИНФО-СТРАТЕГИЯ 2012:  
Общество. Государство.  
Образование»**

г. Самара, 1 – 4 июля 2012 г.

Председатель  
Программного комитета конференции,  
член-корреспондент РАО, д.т.н.  
Григорьев С.Г.

Председатель  
Оргкомитета конференции,  
генеральный директор ЗАО «ИРТех»  
Исайкин О.А.



«Региональный научно-практический центр «Қостанай дарыны»  
Управления образования акимата Костанайской области

## СВИДЕТЕЛЬСТВО

о внесении положительного педагогического опыта в областной банк данных

№ 33

*Настоящее свидетельство удостоверяет, что педагогический опыт*

**Ваулиной Наи́ли Мухитдиновны**

*на тему:*

**«Методика ситуаций мыслительной активности»**

*внесен в областной банк данных положительного педагогического опыта.*

*Решение научно - методического совета РНПЦ «Қостанай дарыны»  
от «02» июня 2014г.*

Директор



Т.Искандирова

город Костанай

ГОСУДАРСТВЕННОЕ БЮДЖЕТНОЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ ВЫСШЕГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА МОСКВЫ  
«МОСКОВСКИЙ ГОРОДСКОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»

ИНСТИТУТ МАТЕМАТИКИ И ИНФОРМАТИКИ



# СЕРТИФИКАТ

*Ваулина Наиля Мухутдиновна*

участник

*Международной научно-практической конференции  
«Математическое, естественнонаучное образование и  
информатизация»*

11- 12 сентября  
2012 год  
г. Москва

Председатель программного комитета,  
член-корреспондент РАО,  
доктор технических наук, профессор

С.Г. Григорьев



Лицензия на право осуществления образовательной деятельности №0042 от 08 июля 2010 г.

Свидетельство о государственной аккредитации №0532 от 23 июня 2010 г.



Редакция энциклопедии  
«Лучшие в образовании»

Серия 01

**ДИПЛОМ**

№ 0003226

по представлению Президиума Общественно-Консультационного Совета Энциклопедии

**НАГРАЖДАЕТСЯ УЧАСТНИК ЭНЦИКЛОПЕДИИ "ЛУЧШИЕ В ОБРАЗОВАНИИ"**

**ВАУЛИНА НАИЛЯ МУХУТДИНОВНА**

"За вклад в развитие образования"  
по итогам 2013 года

Главный редактор энциклопедии  
«Лучшие в образовании»



А.В.Бруй



«Издательство Спбб» Адрес:  
РФ, 129226, г. Москва, ул. Савская/Козинская,  
д.15/1, Редакция энциклопедии «Лучшие в образовании»  
Тел: (495) 995-82-80, 739-81-41, 238-06-33  
Web-сайт: <http://www.lik.ru>



Редакция энциклопедии  
«Лучшие в образовании»  
150803, г. Алматы  
17271 256-97-73, 333-3017  
[www.lik.kz](http://www.lik.kz)



«Редакция в Беларуси»  
«Энциклопедия  
«Лучшие в образовании»  
01133, Урагань, г. Минск  
ул. Шахматова, 6  
Тел./факс: 8 (044) 499-39-77  
[www.lika.info](http://www.lika.info)



Частное издательское учреждение  
«Спбб» Адрес: Беларусь  
г. Минск, ул. Свободы, д.23  
0171 238-56-19, 77-0 227-82-41  
[www.lik.by](http://www.lik.by)



Autonomous nonprofit organization

International research institute

Автономная некоммерческая организация

Международный исследовательский институт

Научно-внедренческий центр

109147, г. Москва, ул. Марксистская, д. 5, стр. 1

115563, г. Москва, а/я 77, Международный исследовательский институт

Тел. +7-495-509-67-82

E-mail: info@mii-nauka.com; http://www.mii-nauka.com

ОКПО 89659236, ОГРН 1087799038205, ИНН/КПП 7709442266/770901001

На № 30.07.2014 № 14/07-148 от 56


По месту требования

АКТ  
о внедрении результатов  
исследования и их апробации

Настоящим актом подтверждается, что положения и результаты исследования автора Ваулиной Н. М., Ваулиной Ф. Н. внедрены в научную и проектную деятельность Научно-внедренческого центра Международного исследовательского института.

Апробация результатов исследования осуществлялась в форме выступления на Международной научной конференции «Гуманитарные науки и современность» (Москва, 30 июля 2014 г.) с докладом на тему: «Методика ситуаций мыслительной активности».

Директор  
Научно-внедренческого центра  
Международного исследовательского института  
доктор филологических наук,  
кандидат юридических наук,  
профессор



М. Ю. Кантор

## 2.7 Оқытудың конструктивтік теориясы

**Мектептің толық атауы:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Мектептің заңды мекен-жайы:** Қостанай облысы, Қостанай қ., Маяковский көшесі, 112.

**Оқыту тілі:** орыс

**Эксперименталдық жұмыс тақырыбы:**

**Педагогикалық технологиялар атауы:** оқытудың конструктивтік теориясы.

**Технологиялардың жетекші идеялары:** Жеке тұлғаға бағытталған білім мен тәрбиені жүзеге асыру. Бұл мектептің әр оқушысы мәселелік жағдаяттар мен оқу мәселелерін шешуде «табыстың жағдаяты» мектебінде өмір сүріп және сезініп, өзін-өзі басқарып, өзін-өзі жүзеге асыра алатын білім кеңістігін құруды болжайды. Дарынды балаларды қолдау, дамыту және әлеуметтендіру білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Дарынды, талантты балаларды анықтау, оқыту мен тәрбиелеу үдерісі білім жүйесін жетілдірудің жаңа міндеттерін құрайды, өйткені бүгінде дарынды балаларды оқыту – бұл болашақтағы барлық балаларды оқыту моделі.

Қостанай облысы әкімдігі білім Басқармасының «Дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп-интернаты» КММ – бұл негізгі орта және жалпы орта білімді бере отырып, біріккен құрылымдағы білім мен тәрбие міндеттерін жүзеге асырушы көпқызметті мекеме.

Мектеп мынандай үш құндылыққа: жеке бастың даму құндылығы, мәдени мұраға деген құрмет, әлеуметтік кіріккен құндылықтарға бет түзейді және сүйенеді.

Педагогикалық ұжымның жұмысын нәтижелі жүргізуді қисынды дамытудың жетекші дидактикалық идеясы - ол білім беру үдерісін адамды өзін-өзі дамытуға мақсатты түрде дайындаудың негізгі құралы және басты шарты ретінде түсіну, басқа сөзбен айтқанда білім алушының жеке тұлғалық мүддесін дамыту құралы деп қабылдау.

Жетекші идея ретінде анықталып, жүзеге асырылуда:

– табыс педагогикасы, жеке тұлғаға бағытталған мүддені ашу негізінде оқушыларға адамзат әрекетінің әр түріндегі жетістікке жетудің технологияларын меңгеруге мүмкіндік береді;

– гуманистік психология, саналы өмірлік таңдау мен оқушылардың жеке тұлғасын өзін-өзі өзектілендіру үшін жағдай жасауға педагогикалық ұжымға мүмкіндік береді;

– шығармашылық педагогикасы, адамның креативті бастамашылдығын дамыту жеке тұлғаның шығармашыл болып қалыптасуының негізі ретінде;

– жеке тұлғаны дамыту педагогикасы;

– өзін-өзі анықтау педагогикасы, әр түрлі салада өзін-өзі билеу мен өзін-өзі жүзеге асыру үдерісінде оқушыларға педагогикалық қолдау көрсетуші.

### **Технологиялардың мақсаты:**

Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар және қоғам арасындағы тығыз байланыс құру мен өзін-өзі жетілдіру мен оқытуға уәжденген оқушылар ортасын, жаңа форматты педагогикалық контингентті қалыптастыруға мүмкіндік беретін, жаңашыл ортаны дамыту жолдары мен білімділік ортасының факторларын анықтау.

### **Басымдылық міндеттері:**

– оқу уақытының жалпы көлемі оқушылардың өздік жұмысы бөлшегінің ұлғаюы, «Озат» ДБМ оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту бағытындағы білімнің мазмұны мен технологияларын жетілдіру; білім беру қызметі сапасының ғылыми-әдістемелік жүйесін дамыту;

– басқару механизмдерін оңтайландыру мен диверсификациялау жолымен мектептің білім жүйесін басқарудың тиімділігін көтеру;

– дарынды оқушының білімді игерудің жеке бірегей жолдарын анықтау және келешектегі жұмыс мәдениетін қалыптастыратын әлеуметтік-педагогикалық орта құру, бұл оған бәрінен де қажетті;

– оқушының жеке білім алу траекториясын оқушылармен бірге құру және оқушылардың өмірлік жоспарларын жүзеге асыру үшін маңызды оқу, әлеуметтік және басқа да құзырлылық түрлерін қалыптастыру мен өзіндік танымдық әрекеті үдерісін қолдауға жағдай туғызу, оқушылардың ата-аналарымен серіктестік қарым-қатынас құру.

**Мектептің миссиясы** - жеке білім беру бағдарламасын құрудың кең және икемді мүмкіндіктерін жоғары сынып оқушыларын оқыту мазмұнын саралауды жүзеге асырушы «табысты мектептің» идеясын іске асыру, мектептің білім беру жүйесіне көптілділік моделін енгізу.

Басымдылық міндеттермен қатар белгіленген:

– Үштілді оқыту моделін кезеңдермен енгізу - пәндерді қазақ тілінде оқыту(Қазақстан тарихы, өзін-өзі тану, құқықтану негіздері, қоғамтану, Қазақстан географиясы).

– Ағылшын тілінде бейіндік пәндерді оқыту (биология, химия, физика, математика, география).

– Оқу жоспарының вариативтік бөлімін оқу-әдістемелік кешендер, бағдарламаларды жасау және лицензиялау арқылы қамтамасыз ету(дамытушы курстар (ЖТБК), таңдау бойынша курстар, жоғары сыныптағы қолданбалы курстар).

– Педагогтар блогын әзірлеу, желілік қоғамдастық құру.

**Жүзеге асыру жылдары:** 2011-2014 ж.ж.

**Жүзеге асырудың барысы мен кезеңдері:**

**Диагностикалық-болжамдық кезеңі.** Тарихты оқу және қазіргі заман талаптары жағдайын зерттеу негізінде таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу:

– еңбектердегі зерттеу мәселелерінің әзірлену жағдайымен танысу, негізгі

теориялық ережелер әзірленді;

– зерттелетін мәселенің теориялық, тәжірибелік және әдістемелік жоспарларының барынша маңызды көрсеткіштерін анықтау;

– педагогтардың психология-педагогикалық құзырлығын көтеру;

– тағайындалған қарама-қайшылықтан туындайтын мәселелерді қалыптастыру;

– пәннің қызметін тағайындау, іс-әрекет нысанын анықтау;

– ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асырудың мақсаты мен міндеттерін қалыптастыру;

– зерттеудің әдісі мен құралын жобалау - олардың оңтайлы үйлесімділігін анықтап, барынша тиімді қолдану;

– мәселе бойынша зерттеудің көптеген теориялық ережелерін анықтау;

– интербелсенді оқыту түрлерін мектеп педагогтарының тәжірибелік әрекетінде енгізілген, дидактикалық және әдістемелік материал жинақтау, материалдар әзірлемесін дайындау.

Берілген кезеңде әдебиеттегі сұрақтары, оның тарихы зерттелді, сонымен қатар көпмәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесіне деген түрлі әдістер талданды.

Барлық әдебиеттер келесі параметрлер бойынша талданды:

1) зерттелетін сұрақтың, мәселенің мәнін ғалымдар қалай түсінді;

2) қандай белгілері маңызды болып есептелінеді, зерттеу субъектісіне қандай анықтама беріледі және т.б.;

3) осы немесе басқа ғалымның берген мәселесінің маңыздылығы неде, оны немен түсіндіруге болады;

4) тәжірибеде, оқыту теориясында(тәрбиеде), жалпы ғылыми жүйеде берілген мәселенің орны қандай;

5) берілген құбылыс негізгі және жанама туыстық құбылыстармен қалай байланысқан;

6) ғалымдардың пікірі бойынша, қандай жағдайда осы немесе басқа құбылыс, осы немесе басқа үдеріс оңтайлы өтеді;

7) үдеріс немесе құбылыстың зерттелетін механизмі, ішкі қозғалыс күші, олардың динамикасы қандай?

#### **Ұйымдастырушы кезең.**

– Педагогтардың кәсіби құзырлығын көтеруде жаңа технологияларды қолдану тиімділігін тексеру. Конструктивтік оқыту теориясына басымдылық берілген қазіргі педагогикалық оқыту технологиялары негізінде зерттелетін аспектіге дайындық жүргізіледі.

– Эмпириялық өңделіп берілген, зерттеу аппараты белгіленген, іс-әрекет нәтижелерімен таныстырылып, әдістемелік ұсыныстар берілді.

– Жаңашыл білім технологиялары бойынша мектептің әдістемелік материалдар қорын құру.

– Тәжірибені жинақтау, нәтижелерді рәсімдеу және жариялау.

– Пәндерді оқыту мақсаты мен міндеттері ескерілген сын тұрғысынан бағалау моделін зерттеу, олардың пәндер бөлшегіндегі жетістік деңгейін

сипаттау мен критериалды бағалау, бағалау критерилері үшін 5 ұпайлық шкалаға көшіру шкаласы.

– Критериалды бағалау жүйесі бойынша мұғалімдер үшін оқыту семинарларын өткізу.

### **Тәжірибелік- жинақтаушы кезең.**

Төртінші кезеңде теориялық ережелер мен нәтижелерді әдістемелік, оқу құралы түрінде рәсімдеуге түзетуді жүзеге асыру жоспарлануда. Жұмыстың әдіснамалық негізін: мұғалімдер қызметінің нысаны педагогикалық үдерістің тұжырымы, жанама басқарудың тұжырымы, оқытудың конструктивтік теориясы құрайды.

Конструктивтік теория батыстың білімінде кеңінен насихатталуда, білім адамзаттың ақылымен белсенді құрастырылатын ережеден шығады. Жаңа білім бұрынғы бар білім мен идея негізінде құрылады. Білім беру көзқарасында теорияның негізгі мақсаты – бұл оқушының ойлау қабілетінің дамыту. Дэвид Перкинс (Фэден және Фогель 2003: 13) екі түсінуді айырып береді: терең және үстіртін түсінік. Ол үстіртін оқытылған білім нәтижесі тез ұмытылуы мүмкін екенін айтады. Сол уақытта «терең түсінік бұрыннан бар білімдерімен байланысты. Біз білімді ғана жинап қана қоймаймыз, біз оларды қажеттілігімізге қарай түсініп, қолдануға қабілеттіміз» (14 бет). Сәйкесінше конструктивті педагогика анықтамасы былай түсіндіріледі «студенттердің дамуына бағытталған мақсат қоюға, сондай-ақ болашақта оқу үшін қажетті ойдың дамуына, олардың пәнді терең түсінуіне оқытудың конструктивтік теориясына негізделген әдістемелерді қолдану мен қызметін ұйымдастыру, сыныпта жағдай құру».

### **Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістері:**

- Тарихи-салыстырмалы және себеп-салдарлық әдебиеттерді талдау әдісі.
- Құжаттарды талдау мен зерттеу әдісі.
- Саралау әдісі.
- Модельдеу әдісі.
- Педагогикалық бақылау.
- Сауалнама және сұхбат.
- Өзекті тәжірибені жинақтау әдісі.
- Салыстыру және ұқсасық әдісі.

**Зерттеу көздері:** ҚР «Білім туралы» Заңы, білім мазмұнының мәселелері бойынша әдіскерлер, дидактиктер, психологтар, философтар еңбектері.

Әдіснамалық блогты құрушы болып табылатындар:

– басқару философиясы: білім берудің оңтайлы қызметі мен міндетті түрде дамыту, қалыптасуды қаматамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты түрдегі іс-әрекеті;

– жетекші идея: шығармашылық қызметтестік негізінде гуманистік қатынас;

– басқару әдіснамасы: жеке тұлғаға бағытталған және жүйелі әрекетті әрекетті жүзеге асыру;

– басқару миссиясы: динамикалы өзгергіш әлемдегі қауіпсіз, қолайлы өмір

сүруді қамтамасыз ету;

– басқару стратегиясы: өздігінен дамитын жүйе сияқты ұлттық үлгідегі мектептің дамуы мен табысты жұмыс істеуі үшін жағдай құру;

– басқару тәсілі: педагогтардың шеберліктері мен кәсіби құзырлығының үздіксіз өсуін қамтамасыз ету мен кадрлық әлеуетті сақтау; ғылыми-әдістемелік және материалды-техникалық, оқу-тәрбиелік үдерістің сапасын қамтамасыз ету.

### **Жұмыс жүйесінің әдістемелік ұстанымы:**

Ғылыми-әдістемелік жұмыс келесі қағидаларға сәйкестігін болжайды:

1. Ғылымилық ұстанымы, яғни мұғалімдердің ізденісі мен әзірлемелерінің терең әдістемелік негізі болуы керек, ол әмбебап ғылыми теорияға сүйенген (диалектика заңы, танымдық теориясы, қисындылық заңы, жүйелер теориясы және т.б.); гуманитарлық аксиомалар, психология-педагогикалық білімдер (Л.С. Выготскийдің - мәдени және психологиялық даму заңы, тұлғаның әр түрлі теориялары, интериоризация-экстериоризация теориясы, тұлғаны дербестендіру, А.Н. Леонтьевтің - тұлғалық әрекет әдісі, В.В. Давыдовтың - дамыта оқыту теориясы және т.б.); кәсіби-педагогикалық қызметтің негіздері (Н.В. Кузьминнің, А.К. Марковтың мұғалімдердің еңбек психологиясы; В.А. Сластениннің, Р.М. Асадуллиннің - мұғалім еңбегінің табиғаты мен құрылымы туралы ілімі; Е.В. Бондаревскаяның, В.В. Серіковтың - тұлғаға бағытталған білім теориясы; К. Роджерстің - фасилитатор-мұғалім, қалыпсыз педагогика туралы ілімі және т.б.) болуы керек.

2. Кешенділік, жүйелілік ұстанымдылығы, ғылыми және тәжірибелік әзірлемелер мәселелерінің барлық баспалдақтарын жүзеге асыру мен жоспарлау қажеттілігін болжайды: білім үдерісі сапасының мәселелік талдауы мен диагностикасы - білім мәселесінің теориялық негізін ұғыну - оны шешудің әдістемелік құралының әзірлемесі - оны білім тәжірибесіне енгізу - әдістемелік әзірлемені аяқтауға жақындату, оқу құралын презентациялау, әдістемелік ұсыныс дайындау.

3. Мектептің психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық қызметінің жұмысы, тәрбие жұмысын ұйымдастыру, нақты оқу пәндерін оқыту әдістемесі немесе мазмұнына жанасатын, кәсіби маңызды мәселеге қаншалықты зәрулігі білімнің «мәңгілік» мәселесіне соншалықты бағытталғандығы, яғни өзектілігі мен қажеттілігінің ұстанымдылығы және т.б.

4. Жаңғырудың бастапқы теориялық негізі мен жалпы мақсатын қарастырушы тұжырымдамалық бағыттың ұстанымы.

5. Білім беру әс-әрекетінің стратегиясын немесе оны жүзеге асырумен мүмкін болатын сәттілікпен немесе сәтсіздікпен байланысты болжауға бірақ оқушылар сапасының, кәсіби шебер мамандардың диагностикасына ғана бағытталмаған мониторингінің алдын алу ұстанымы.

6. Өзгермелі жағдаятта нысанның нақты ерекшеліктерін қолдану және әр нақты жағдайының есепке алуды қарастырушы вариативті ұстанымы.

7. Ұйымдасқан қамтамасыз ету мен ресурстық ұстанымы, сәйкесінше, барынша шынайы белгіленген өзгерістер көбірек қайтарылатын мекен-жай бағыты мен бағдарламаларды енгізу күтіледі.

Қалалық білім жүйесінің дамуы мен қызмет ету мақсаты тәрізді мектеп

түлегінің жеке моделі, Қазақстан Республикасының білім туралы жаңа тұжырымдылық құжаттары, қазіргі мемлекеттік саясат басымдылығының қатынасы кәсіби құзырлы мұғалім стандартының жүйесін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазіргі мұғалім жаңашыл технологиялар мен қазіргі білім тұжырымдамаларын, бағдарламаларды, Қазақстан Республикасының білім туралы нормалық заңдар құжатын терең біліп, кәсіби құзырлығы мен білгірлік деңгейі жоғары болу қажет. Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес әрекет ете отырып оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруды кәсіби басқаруды қамтамасыз ету, соның ішінде ақпараттық жаңашыл білім технологияларын нәтижелі қолдану, оқушылардың танымдық әрекетінің уәжін қалыптастыру, білім бағдарламаларын жобалай білу. Коммуникативтік дағдылары жақсы дамыған, ішкі және кәсіби мәдениеті жоғары болу керек. Өздігінен жетілуге деген уәжі бар, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, қайырымдылықты қалыптастыра білуші, өзіндік құндылығын тани отырып, қоршаған ортамен қатынас жүйесін құру, гуманистік педагогикалық құндылықтарды басқара білу.

Қалыптасқан азаматтық ұстанымы, әлеуметтік-маңыздылық, шығармашылық педагогикалық әрекетінде өзін-өзі өзектілендіруге деген уәжінің болуы. Таңдау жағдайында кәсіби-сауатты шешімді қабылдап, қазіргі мектептің нақты жағдайына бейімделіп, табысқа жету, еңбектеніп және лайықты өмір сүре білу. Дәлелді, мазмұнды және процессуалды құраушылардың үйлесуі жаңа форматтағы педагогтың кіріктірілген-тұлғалық білімін көрсетеді, интеллектуалды, коммуникативті, дүниетанымын құрушы қазіргі мұғалімнің моделіндегі басты құзырлылық ретінде анықталады.

Уәждік компоненттің мазмұны (өздігінен білім алу уәжі) кіреді:

– кәсіби-педагогикалық қызметті барынша өздігінен жүзеге асыруға, педагогикалық деректер, құбылыстар мен үдерістердің талдауына, жаңашыл үдерістерді тануға ұмтылу;

– қоғамның жаңа парадигмасының дамуын ұғыну мен түсіну;

– білім жүйесінде жаңа идеяларды жүзеге асыру үдерісіне қатысу.

Мазмұнды компонент (білім - сезіну) – бұл:

– философиялық білімі (олардың педагогикалық ғылым мен тәжірибеде көрінетін дәрежесі, ұстанымдары мен философиялық заңдары);

– әдіснамалық білімі – (барынша жоғары сапалы деңгейге оның жаңару мақсатымен тәжірибеге сәйкес ұсынысты енгізу тәсілі туралы, педагогикалық тәжірибені зерттеу тәсілдері туралы білімі, әдіснамасы, педагогикалық зерттеу әдістері мен әдіснамалық білімі);

– теориялық білімі (білімдегі жаңалықты енгізу теориясы, дарындылық теориясы, педагогикалық білім теориясы; білімді зерттеу қызметінің технологиясы мен теориясы).

Процессуалды компонент - бұл тәсілдерді меңгеру:

– педагогикалық дәрежесін, ұстанымын, заңдарын танып білу;

– жеке қызмет жүйесін модельдеу;

– жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуды дамыту, ғылыми-әдістемелік

негіздерін анықтау.

Білім жүйесін жаңғырту мұғалім жұмысының тәжірибесінде маңызды және сапалы өзгерістерді ала келеді. Әдістемелік қызмет - білім жүйесі мамандарының кәсібилілігінің өсуіне жәрдемдесетін интеллектуалдық қызметтің ерекше түрі. Педагог мамандардың үздіксіз білімінің маңызды буыны - әдістемелік қызметі мен педагогтің өзара қарым- қатынасы.

«Озат» ДБМ білім жүйесін дамытудың қазіргі кезеңіндегі мамандармен әдістемелік жұмыстың мақсаты – педагогтің өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай құру, оның негізгі құзырлығын дамыту: конструктивті, жобалау, зерттеу, ұйымдастырушылық, коммуникативті, тәрбиелік. Әдістемелік жұмыстың жетекші ұстанымдары үздіксіздік, бағыттылық, саралаумен анықталды.

«Озат» ДБМ бұл міндеттерді шешу тәсілдерінің бірі– педагогтың жеке тәжірибесін көрсету бастамасын қолдау, вариативтік әдістемелік көмек беру, біліктілігін көтерудің әдістері мен түрлерін ерікті таңдаудағы ұсыныстарынан көрінеді.

Үш жыл ішіндегі әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін бағалау білім беру үрdesіндегі педагогтің өзінің белсенді қатысуын талап ететін репродуктивтік, ақпараттық түрлерінен нәтижелілік, зерттеушілік түрлеріне көшу жұмысы көрсетті. Ал бұл дегеніміз: мұғалімнің технологиялық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік жаңашыл шараларға қатысу қабілеті, өзінің ойын дамытуы, өзінің кәсіби қызметіне деген қатынасының өзгеруі.

Әдістемелік жұмыстың жаңа құндылықтары жаңа мақсаттан шығып анықталады: мұғалімді дайындау тұлғалық субъектінің өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі өзектілендіруі мен өз-өзін ұйымдастыруы әлеуметтік өмірдің, кәсіби қызметтің субъектісі тәрізді.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберліктері мен кәсіби деңгейінің сапасын көтеру - бұл мұғалімдердің педагогикалық шығармашылығы, өз-өзін кәсіби тұрғыда ұйымдастыруда білім ұстанымдарының, өздігінен білім алу сияқты әдістемелік жұмыстың қалыптастыру мен жаңа технологиялардың маңыздылығын терең түсіну үдерісі.

Тиімді басқарудың маңызды шартының бірі - мектепшілік әдістемелік жұмыс жүйесі. «Озат» ДБМ КММ әдістемелік жұмыстың құрылымы жүйесін семантикалық фрактал түрінде ұсынуға болады. Әдістемелік модульдер: арнайы басқару қызметі мен біліктілігін көтеру, қызмет түрлері мен бағыты, субъектісі мен нысаны, тұжырымы, мақсаты - мектептің әдістемелік жұмысының бағыты болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың түрінен ұйымдастырушылық аспектісінің жүйесі құрылған. «Озат» ДБМ әдістемелік қызметі жұмысының үш жылдық талдауы мектептің әдістемелік жұмысының алуан түрлерін үш өзара байланысқан топтар түрінде ұсынуға болатындығы көрсетті:

– әдістемелік жұмыстың жалпымектептік(ұжымдық) түрлері (ҒӘС, бірыңғай әдістемелік тақырыптар бойынша жұмыс, психология-педагогикалық семинарлар, тәжірибелер, әдістемелік көрмелер);

– әдістемелік жұмыстың топтық түрі (кафедралар, шығармашылық топтар,

озық тәжірибе мектебі, сабақтар мен сыныптан тыс тәрбиелік шараларға қатысу);

– әдістемелік жұмыстың жеке түрі (жеке кеңес, әңгімелесу, тәлімгерлік, ТЭЖ жұмысы).

Мұнда әдістемелік жұмыстың жеке және ұжымдық түрлері бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайды және бірін бірі толықтырады.

Жаңашыл қызметтің жүйесі екі бағыттың өзара үйлесуін ұсынады:

– Мұғалімдерді жаңашыл әрекетке дайындау. Бұл уәж бен табыстылық жағдаятын құру, теориялық білімді жетілдіру арқылы жүзеге асады.

– Оқу-тәрбие үдерісін жаңарту.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары жаңашыл қызмет жағдайында:

– ақпараттық-аналитикалық - өзінің жұмысына терең талдау жасау барысында саналы қажеттілікпен мұғалімнің жаңашыл қызметін ұйымдастыру, білім мекемесі жағдайында педагогикалық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету. Жұмыс түрлері: семинарлар, тренингтер, іскерлік ойындар, педагогикалық технологиялар аукционы, тұсаукесерлер, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар;

– ақпараттық-кеңестік - мектептің дамуы, білім беру сұрақтары бойынша құжаттарды оқу. Мұғалімдерді диагностика өткізуге үйрету, күтілетін нәтижелерін болжайтын технологиялық карта құруға, модульдік оқытуға, оқыту үдерісінің технологияландырылуына, сабақтар әзірлеуде, оқу материалын жоспарлауда мұғалімдерге көмек көрсету. Жұмыс түрлері: семинарлар, әңгімелесу, шығармашылық топтың жұмыстары, әдістемелік бірлестіктер, шағын топтар және т.б.

– диагностикалық-аналитикалық – мониторинг жүргізу – оқу-тәрбие үдерісін басқарудың басты негізі. Талдау мен бағалаудан алынған ақпаратты келесі болжаммен, оқушының тұлғалық жас ерекшеліктерін, жеке психофизиологиясын зерттеу, қалаулы нәтиже мен талапқа сай анықтау мақсатымен ББД деңгейін үнемі бақылау Жұмыс түрлері: диагностика, сауалнама, тестілеу және т.б. жүргізу.

Мұғалімнің еңбегін жеңілдететін статистика - аналитикалық талдаулар мен болжаулар, бақылауларды жүзеге асыруға жәрдемдесетін мақұлдау түрлерін құру. Әдістемелік маркетинг - ғылыми-әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыруда жаңа басылымдылық болып табылады – бұл еңбек нарығында білім қызметкерлерінің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді, қазір және келешекте әлеуетті клиенттердің талаптарын қанағаттандыратын әдістемелік өнімді құруға, әдістемелік жаңашыл портфельді құруға бағытталған әдістемелік құрылым.

Маркетингтік саясаттың жүзеге асуын болжайды:

– Білім беру қызметкерлерінің әдістемелік құрылымдарының қызметінің даму үрдісімен танысу.

– Әртүрлі білім мекемелерінің педагогикалық және басқарушы мамандардың әдістемелік қызметіндегі нарықтың талабын оқу.

– Әдістемелік өнімнің жалпы қабылданған критерилерге сәйкестігін

анықтау.

– Аумақтық әдістемелік құрылымдармен өзара байланыс, әдістемелік өнімді қызмет нарығында жылжыту.

– Әдістемелік өнім сапасымен қанағаттанатын мекенжайлық топтардың талдауы.

– Жаңа буынның әдістемелік өнімінде олардың дамуы мен бәсекелестік артықшылығын анықтау.

– Жалпы білім беретін мекемелердің үздіксіз даму жағдайында педагогикалық және басқару мамандарының әдістемелік қажеттілігін болжау; олардың арасында бәсекелестікті күшейту.

– Білім беру ұйымдарының тапсырысы бойынша әдістемелік өнімді мақсатты түрде әзірлеу.

Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби өзін-өзі айқындаудың ішкі ынталандыруы, тұлғаның өзін-өзі талдауы мен өзін-өзі бағалауымен байланысты педагогтың құзырлық деңгейінің өсуі болады. «Озат» ДБМ әдістемелік жұмыстың аспектісінде педагогқа алға қойған мақсатына сәйкес жұмыс түрлерін қолданады. Кәсіби біліктілікті көтеру түріне мақсаттың сәйкестігін мына кетеден көруге болады:

Мақсаты	Түрі
Педагогикалық техниканы жетілдіру	Семинарлар, тәжірибелер, жас мұғалімдер мектебі
Педагогикалық шеберлікті жетілдіру	Педагогикалық шеберханалар
Креативті қабілетті дамыту	Шығармашылық топтар, коучингтер
Педагогикалық қызметтің стилін қалыптастыру	Шебер-сыныптар, тренингтер, педагогикалық шеберлік «қоры»
Жаңашылдыққа дайындықты қалыптастыру	Педагогикалық шеберлік мектебі
Педагогикалық мәдениетті қалыптастыру	Психология-педагогикалық, әдістемелік семинарлар практикумы
Авторлық әдістемелер, бағдарламалар, технологиялар әзірлеу	Жобалау семинарлары, шығармашылық сайыстар
Жеке, дидактикалық, тәрбиелік, әдістемелік жүйе құру	Педагогикалық тәжірибе мектебі, ғылыми-әдістемелік семинарлар

Педагогтың сұранысына сәйкес өзінің қызметін жобалап және жүзеге асыру педагогтың таңдауына мүмкіндік беретін диагностикасы.

Педагогтармен әдістемелік жұмыстың ұсынған алгоритмі олардың кәсіби шеберлігін көтеру бойынша циклдігімен өзгешеленеді, ал циклдік - бұл әрқашанда жүйеліліктің негізі; оның жұмыста болуы позитивті нәтижеге жеткізетін ереже тәрізді.

Басқару қызметіндегі негізгі басымдылық сандық технологияларды креативті түрде меңгерген, сыни ойлауы дамыған, тәуелсіз, өздігінен уәжденген, батыл тұлғаны қалыптастыра отырып, оқушыларды оқытуға қабілетті мұғалімдерді дайындау болып табылады.

## **Жас мамандармен жұмыс**

Кәсіби қызметін тиімді атқару мақсатымен педагогтың өзгеруі нәтижесінде бұрын алған және үнемі толықтырылып отырылатын білім, білік және дағдылардың жиынтығы негізінде педагогикалық шеберлікті меңгеру мен мамандықты толық игерудің өзгермелі үдерісіне жас мамандардың кәсіби бейімделуін анықтай отырып, «Озат» ДБМ еңбекке бейімделу үдерісін келесі кезеңдерді енгізе отырып жүргізеді:

– Таныстыру кезеңінде жұмыскер ұжымдағы тәртіп нормасы туралы, әр түрлі әрекеттерді бағалау критерилері туралы, тұтасымен жаңа жағдаят туралы ақпарат алады.

– Бейімделу немесе формалды ену кезеңінде жұмыскер әлі де өзінің көптеген ұстанымдарын сақтай отырып, бірақ жаңа жүйенің басты элементтерінің құндылықтарын танып, қайта бағдарланады.

– Ассимиляция кезеңінде жаңа топқа теңеліп, жұмыскердің ортаға толық бейімделуі жүзеге асады.

– Теңелу, жұмыскердің жеке мақсаты еңбек ұжымының мақсатымен теңестіріледі.

## **Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесі**

Ғылыми-әдістемелік қызметті басқару мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесімен жүзеге асады (ҒӘК), оның құрамына кафедра жетекшілері мен барынша құзырлы мұғалімдер, мектеп әкімшілігі енеді.

ҒӘК жұмысы мұғалімдердің шынайы қажеттілігі есебінен диагностикалық негізде құрылады. Қажеттілік мазмұны сұрақтардың, сауалнамалар мен қажетті диагностикалардың көмегімен анықталды және ҒӘК зерттеудің белсенді түрлері қолданылды, : коучингтер, сабақтарға қатысу және талдау, оза оқу тапсырмалары бойынша топпен жұмыс жасау, шебер-сынып. Ғылыми-әдістемелік кеңесте қойған және талқыланған сұрақтар дарынды оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту үдерісіндегі қызмет компонентін күшейту жолдарымен анықталып, мультимедиялық технологияларды қолдану, оқыту әдісі мен тиімді түрлерін анықтау, АКТ қолдану негізінде педагогтар сияқты оқушылар да зерттеу жұмысын жетілдіру мен білім сапасын көтеру жолдарын анықтауға жәрдемдесті.

## **Кафедра жұмысы**

Дарынды оқушыларға арналған мектептің инновациялық идеяларын дамыту үшін мұғалімдердің ғылыми іс-әрекеті, әдістемелік бірлестіктердің ғылыми мүмкіндігін қарастыру және соңғы жылдары мектептің инновациялық жұмыс жүйесінде жаңа бөлімдер қажеттігі туындады, соның бірі кафедралар.

Дарынды балаларға арналған «Озат» мектебінде 2 кафедра ұйымдастырылған. Кафедралардың әдістемелік жұмысы инновациялық

технологияларды қолдану арқылы білім беру сапасын арттыруға бағытталған:

– қоғамдық-гуманитарлық бағыт кафедрасы: «Педагогтардың дербес брендингі және жеке көшбасшылығы - мектептің білім беру үдерісінің қайта құрылуын басқару және белгілі жағдай жасау арқылы білім сапасын арттыру, жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде»;

– жаратылыстану–математикалық пәндер кафедрасы: «Педагогтардың құзырлығын басқаруды акпараттандыру - көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі».

### **Озық педагогикалық тәжірибие мектебі**

Кафедралармен қоса, мұғалімдердің үздіксіз кәсіби шеберлігінің өсуіне, жаңаша теориялық білімдерді меңгеруге және жаңашыл технологияларды игеруге заман талабына сай барлық оқу-тәрбие үдерісінің ауысуына «Озық педагогикалық тәжірибие мектебі» өзінің үлесін қосып отыр. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің деңгейін анықтап, кәсіптік өсуінің динамикасын қадағалап, ОПТМ деңгейінде құрылып және үнемі ғылыми – әдістемелік қамтамасыз ету банкісі толықтырылып отырады, педагогтарды зерттеу жұмысын ұйымдастыру, диагностика өлшелімдерімен, кәсіптік жұмыс жүйесін сараптау мен олардың іске асыру механизмдері процедураларымен педогогтардың акпараттандырып отыру қызметін атқарады.

### **Шығармашылық топ**

Актуалды мәселелерді зерттеуді, ғылыми зерттеулер бағыттарын анықтауда соңғы үш жыл ішінде дарынды балаларға арналған «Озат» мектебінде мұғалімдердің шығармашылық тобы қызмет етеді. Мектептің педагогтары өзекті мәселелерді анықтайды, болашақ педагогикалық үдеріс моделін жасайды, осылайша зерттеу жұмысын іске асырады. Шығармашылық топтың жұмысының нәтижесі тұсаукесер, семинарлар, ал қорытындылау көбінесе әдістемелік ұсынастар жинағы ретінде шығарылады. Шығармашылық топтың басты мақсаты: іс жүзінде әріптестеріне жаңаша идеяларды жетілдіру және оқыту тәжірибесіне жеті модульді кіріктіру.

Шығармашылық топтың міндеті:

– білім беру практикасын жүзеге асыру және өзгерту, зерттеу жұмысын жүргізу;

– *Lesson Study* тәсілін зерделеу және жүзеге асыру;

– әріптестерді оқытуға бастамашылық ету, мектепшілік практиканы өзгертуге жағдай жасау.

Бастапқы идеясы: тиімді көшбасшылар мектептің тиімділігі мен оқушылардың білім сапасының деңгейіне пәрменді ықпал жасайды. Шығармашылық топтың жұмыс формалары: мониторинг, коучинг, мастер-класс, іс-әрекетті зерттеу, *Lesson Study* тәсілі, ашық сабақтар, семинарлар.

## Мониторингтар

Мониторинг – ұзақ мезімді процесс, басты мақсаты тәлімгер мен мұғалімнің арасындағы сенімді қарым-қатынасты құру және елеулі жетістіктерге, практикалық әрекеттерге жетуге бағытталған, әріптестердің өздігінше жаңа идеяларын практикалық зерттеу жұмысы арқылы іске асуын қолдау. Мақсат: мұғалімдерге өз бетінше кәсіби бағдарламасын жасауға көмек көрсету.

Міндеттер:

- тәлімгер мен қамқорлықтағы мұғалімнің арасында тығыз ынтымақтастық байланысты ұйымдастыру;
- білім беру саласында жаңашыл тәсілдерді қолдану арқылы мұғалімнің кәсіби біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыру;
- өздігінен кәсіби білім мен дағдыларын игеруде ақпараттық кеңістігін қалыптастыру.

## Коучингтер

Мектепте білім беру жүйесінде оқытудың және дамытудың жаңаша формалардың қажеттілігі айқын көрінеді. Дарынды балаларға арналған «Озат» мектебінің мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруда инновациялық технологиялардың бірі - коучинг.

Коучинг тәсілі барынша жеке тұлғаға бағытталған және оқыту концепциясына сәйкес келеді, ал коучинг дағдылары қазіргі заман талабына мұғалімнің құзыретілігінің қырына сай.

Дарынды балаларға арналған «Озат» мектебінде коучинг жасампаз және әріптестердің өзара белсенді іс-қимыл үдерісі ретінде қарастырылады, оның негізінде, бірігіп ойлауға, пікір алмасуға, коуч тарапынан қамқорлыққа алынған мұғалім өзінің кәсіби біліктілігін жетілдіреді және практикалық іске асыру шешімін қабылдайды. Мұғалімдер өз пәндерінің сыртында басқа пән әріптестерімен ынтымақтасады; басқа әріптестік қатынастар шеңберінде басқа ұйымдар ұсынатын коуч үдерісін белсенді пайдаланады.

## *Lesson Study* тәсілін жүзеге асыру

*Lesson Study* тәсілі – сыныпты зерттеу формасының бір түрі. Бұл тәсілдің басты орны «сабақты зерттеу» үдерісі.

*Action research* өткізу мақсаты оқыту практикасың жаңаша жанғырту. Зерттеу кезінде сабаққа қатысу және байқау арқылы (*Action research*) «жаңаша оқыту мен білім беру» көшбасшылық қасиеттерін түрлі жұмыс жүйесінде түрлі жұмыс формалары арқылы енгізуін анықтау. Басты шарты – сабақтарда жұмыс түрлері бірдей болуы: жеке, топта, шағын топта. Неліктен топпен жұмыс жасау? Мұндай әдіс-тәсіл қолданғанда оқушылар әр түрлі ойлар мен пікірлерге тап болады, сондықтан оқушылар өздігінше пайдасын таба алады.

Коллаборативтік оқытуда оқушылар өз ойларына өзінің пікіріне тұжырымдама жасай алады, өзінің идеяларын қорғай алады және өз ойларын жетік жеткізуге, бірігіп бір шешім қабылдауға мүмкіндік беріледі. Топта жұмыс жасау оқушылардың белсендігін арттырады, бірақ доминантты орын алмайды.

Топтық жұмыс неғұрлым күрделі міндеттерді орындайды, кейбір мәсілелер өзінің шешімін табады. Кейбір оқушылар топта белсенділігін өте жоғары көрсетеді, кейбірулердің белсендігі орташа немесе өте төмен болады. Мұндай жағдайды тудырмау үшін топ үшін де әр оқушының міндеті нақты белгілену керек, бұл жұмысты топ жетекшесі жүргізеді.

Топтың нәтижесің бағалау үшін бағалау критерияларын әр кезеңге анықтау керек. Сабақтарда келесі әдіс-тәсілдер қолданылды: бақылау, сұхбат, сауалдама. Бұл тәсілдер басқа сабақтарда өзгерістерді енгізуге үлкен үлесін қосты.

### **Ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар**

Үздіксіз кәсіптік шебірлігін жоғарылатудың бір түрі ол педагогтардың ғылыми -практикалық конференцияларға, семинарларға қатысуы. Дарынды балаларға арналған «Озат» мектебінің негізгі қызметі білімге құмар, өзіне сенімді және сын тұрғысынан ойлайтын және сандық технологияларды жетік меңгерген тұлғаны қалыптастыру. Мектептің әкімшілігі педагогикалық ұжымымен бірлесе отырып келесі шарттар құруға жұмыс жасап отыр:

- педагогикалық кадрларды дәстүрлі, авторитарлық тәсілден гуманистік, жеке тұлғаға бағдарланған тәсілге көшу;
- білім мазмұнының қайта қарау (мемлекет белгілеген стандарттың ең қажетті ақпаратын сақтап қалу);
- білім беру кеңестігіне интегралды оқыту моделін енгізу, оқыту мазмұны мен технологиясын таңдау тек білім алушылардан шығуы тиіс емес, ең алдымен психологиялық жеке тұлғаның қасиеттеріне негізделген болуы қажет;
- білімдік қарым-қатынаста диалогтық ұстанымға сүйену;
- білім беруге қатысушылардың арасындағы қарым-қатынасты ізгілендіру.

### **Басқару қағидалары**

Басқару қағидалары мектепті басқару үдерісін ұйымдастыруына, мазмұнына, құрылымына қарай талаптарды анықтайды. Өз бетімен басқару қағидалары мектепшілік басқарудың жеке жақтарын көрсете алады, олардың байланысы – осы жақтардың жеке қатынастары. Осы мәселе бойынша А. Файоль: «Бәле қағидаттың жетіспеушілігінен емес. Егер ресми түрде жар салудан кейін лезде олардың үстемшілігі болса, бізде барлық жерде ең жақсы басқару болар еді. Өндеу қағидаларын істей алу керек, бұл қиын өнер, ойланғыштықты, тәжірибені, жігерлілікті, қанағатшылдық сезімді талап етеді» деп жазған.

## Әдістемелік кабинеттің басқару қызметіндегі негізгі қағидалары:

- адамға құрмет және сенім қағидасы;
- адамның тұтас көзқарас қағидасы;
- қызметтестік қағидасы;
- әлеуметтік әділдік қағидасы;
- жеке әдіс қағидасы;
- жұмысты байыту қағидасы;
- жеке ынталандыру қағидасы;
- бірыңғай мәртебе қағидасы;
- үздіксіз біліктілік арттыру қағидасы;
- консенсус қағидасы;
- ұжымдық шешім қабылдау қағидасы;
- мұғалімдердің басқаруға қатысуы және өкілеттікті табыстау қағидасы;
- мақсатты үйлестіру қағидасы;
- көлденең байланыс қағидасы;
- дербестеу басқару қағидасы.

### Әдістемелік қызметтің дамуын басқару:

– Барлық оқу үдерісі субъектілерінің білім қажеттілігін қанағаттандыру үшін жағдай жасау.

– Мониторинг – алдын-ала белгіленген мақсаттарымен сәйкес және оны өндеу ОТҮ түзету мақсатында жедел мүмкіндік туғызатын ақпарат алу, білім беру үдерісінің ахуалы және оның нәтижелері туралы мақсатты жүйені жинау, ақпаратты талдап құру.

– Нәтижелі және өнімді оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру.

Сонымен әдістемелік қызметті қамтамасыз ететін басқарудың тиімділігі:

– Күтілетін нәтижелер анықталады.

– Білім жүйесінің шынайы мүмкіндіктерін бірдей бағалау.

– Басқару шешімді жылдам қабылдау және білім беру жүйесі жағдайының мақсатты уақытындағы ауытқушылығының механизмі жасалды.

Басқару механизмін қамтамасыз ету.

Басқару жүйесін қазіргі кезеңдегі жаңартуды дамыту:

1. Ақпараттық басқару, ақпаратты өндеудің аналитикалық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

2. Педагогикалық ұжым қызметінің уәжін қалыптастыру:

– шынайы өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;

– жаңашылдықты ынталандыру;

– жұмыстың нәтижелігіне сай ынталандыру жүйесін одан әрі әзірлеу;

– бақылау сипатындағы ынталандыруды қолдану;

– мұғалімдердің мен шығармашылық топтардың психологиялық қатынасының маңызын күшейту арқылы қамтамасыз етеді.

1. Жоспарлы-диагностикалық қызметін қалыптастыру:

– даму бағдарламасы бойынша болжамдалатын тұжырымдамалық

негізде келешектегі жұмысты құру;

– даму бағдарламасы шеңберінде мұғалімдердің шығармашылық топтарды және әдістемелік бірлестіктердің даму бағдарламасын құру;

– жоспар мен мақсаттардың байланысын реттеу арқылы әр кезеңнің жоспарын, болжамын жасау және жұмыс кезеңін анықтау;

– әр субъектінің жұмыс циклограммаларының басқаруы мен байланыс, функционалды және оны жүзеге асыратын нақты мерзімді қолдану.

2. Өзіне енгізетін ұйымдастыру алгоритмін орындау негізінде ұйымдастыру қызметін қалыптастыру:

– сұрақтың жағдайын зерттеу;

– сұрақ қою;

– алдын ала дайындықты жоспарлау мен жұмысты жүзеге асыру;

– оңтайлы мазмұнын, әдістерін және түрлерін әзірлеу және іріктеу;

– алдағы жұмыстың шартын камтамасыз ету;

– нақты бөлімше бойынша ұжым мүшелерін орналастыру;

– орындаушылардың алдына міндеттер қою және жұмысқа икемдеу;

– жүзеге асыру барысында тікелей көмек көрсету;

– нақты жұмыстың барысы мен нәтижесін талдау, қорытынды жасау және ынталандыру;

– орындауды ұйымдастыру алгоритмін реттеу арқылы ұйымдастыру қызметін өңдеу, сонымен қатар жоспарлар мен ұйымдастыру қызметін реттеу.

3. Мектепшілік бақылау ретінде мақсат, жоспар және ұйымдастырудың өзара байланысына жауап беретін тұтас қызметті қалыптастыру:

– әкімшіліктің, әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топ жетекшілерінің, мұғалімдердің бақылау қызметін атқару;


– бақылау барысында алынған нәтижелерді талдау және оларды мақсаттармен салыстыру;

– педагогтарды моральдық және материалдық көтермелеуді пайдалану арқылы бақылау сипатындағы ынталандыруды қолдану;

– ОТУ қалпын жүйелі сипатындағы диагностикасын жасау.

4. Мектепшілік бақылаудың мәліметтерін талдауы негізінде және ұйымдастыру жоспары мен бақылауына керекті түзетулер енгізу арқылы осы кезеңдегі мақсаттармен салыстырып, басқару қызметінің түзетуін қалыптастыру. Басқару механизмі тұтас және үйлесімді жұмыс істеу үшін оның айқын анық басқару деңгейлері, олардың қызметі мен олардың арасындағы байланыстары, сонымен қатар олардың буындары: әкімшілік, педкеңестер, ӘБ, шығармашылық топтар, мұғалімдер арқылы жететін болғандықтан, барлық педагогикалық ұжым қызметін үйлестіру керек.

## Басқару механизмі



## Басқару қызметінің күтілетін нәтижесі


1. Педагогикалық ұжым мүшелерінің инновациялық қызметке істен шеттетілген кекесінді қатынастан мүдделі және сыйластық қарым-қатынасқа өзгеруі.

2. Бақылау субъектілерінің инновацияны игеру бойынша қызмет нәтижелерімен қанағаттануы.

3. Мектептің тіршілік әрекетінің жағымды жақтарын, олардың мәселелерін, келешек дамуын, педагогикалық кадрлардың кәсіби өсуін жете түсіну.

### Инновациялық қызметті басқару мониторингі

Мониторингті өткізу 4 кезеңде өтеді:



## Алынған нәтижелер

Инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу және әзірлеудің тиімділігін олардың нақты нәтижесі бойынша талдайды. Әдістемелік жұмыстың және педкадрлармен жұмыстың тиімділігін критериалды бағалауды екі кезеңге бөлу ұсынылады:

– бірінші кезеңде – кадрлардың өзінің жұмыс критерийін қолдану (аралық нәтижесінің критерийі);

– екінші кезеңде (оны бастағаннан кейін бір-екі жылдан соң) – оқушылардың білім сапасының көрсеткіштері үшін ұйымдастырылған мұғалімдердің барлық әдістемелік қызметінің көрсеткіші.

Педкадрлармен әдістемелік жұмыстың тиімділік критерийі:

1. Нәтижелілік критерийі. Ол мұғалімдердің білім деңгейін, шеберлігін, біліктілігін көтеру, жұмыстың басында болған деңгейімен салыстырғанда, жұмысты өткізгеннен кейін қиындығы өзгеруі (азаюы) бойынша анықталады.

2. Уақытты тиімді қолдану критерийі. Педкадрлармен әдістемелік жұмысқа, яғни кәсіби өсуді қамтамасыз етуге бөлінген уақытты тиімді пайдалану, ол ең алдымен сараланған-топтық, тіпті мұғалімдермен жеке жұмыс жасау дегенді білдіреді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің деңгейіне байланысты уақытты оңтайландыру мақсатында педкадрлардың жұмыс сапасын бағалауда уақытты тиімді жұмсау критерийі осы уақытты саралауды білдіреді.

3. Әдістемелік жұмыстың ынталандыру рөліндегі критерийі. Барлық әдістемелік сипаттағы іс-шаралар сайып келгенде, мұғалімдер үшін тек қана еркін таңдау емес, сонымен қатар жұмысқа ынталандырушы рөл атқару керек. Әдістемелік жұмыста ынта мен ынталандырушы сипат болған кезде оның барлығы (арнайы ұйымдастырылған іс-шараларды қосқанда) мұғалімнің ерікті өз білімін жетілдіру құралына айналады, педагогтардың кәсіби өсуін қамтамасыз етудің басты шарты да осы болып табылады.

Ұсынылған желілік әр деңгейлі әдістемелік қызметтің тиімділігін осы ұстанымдарды талдай отырып, қызметтің оңтайлы нәтижелерін атап өтуге болады. Стратегиялық деңгейде нормативтік-құқық негізі құрастырылып, жергілікті акт қоры жүйеленді. Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі - кәсіби-педагогикалық әлеуеті жеткілікті, деңгейі жоғары оқу орны. Мектеп кадрлармен 100% қамтамасыз етілген (сәйкес, кәсіби білімі бар педагогтармен). ДБМ «Озат» педагогтарының атақтары мен марапаттары бар, ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттары мен мадақтамаларымен марапатталған.

Атақтар, марапаттары:

– Ш.А. Байжанова, мектеп директоры, орыс тілі және әдебиеті мұғалімі, Қазақстан Республикасының білім беру үздігі, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» белгісімен марапатталған.

– А.Н. Сыздыкова, директордың ҒӘЖ орынбасары, информатика пәні мұғалімі, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл» белгісімен марапатталған.

– Б.К. Ақанова, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл» белгісімен марапатталған.

– Ядрова С.В., математика пәні мұғалімі, Қазақстан Республикасы Құрметті білім беру қызметкері.

4. Магниттік мектептердің білім мониторингісін жүргізу және талдау, оқу үдерісін сараптау.

#### **V. Қортындылау кезеңі 2016-2017 ж.ж.**

1. Зерттеу нәтижелерін өңдеу.

2. Теориялық және тәжірибелік тексеру жұмыстарының нәтижелері жалпыланып, тұтас зерттеу бойынша қорытынды дайындау.

3. «Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың тиімді жолдары» атты әдістемелік ұсыныстарды дайындау.

4. «Тірек мектеп (ресурстық орталық) жағдайында білім беру үдерісін технологияландырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында эксперименттің шығармашылық есебі.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. «Тірек және магниттік мектептердің білім беру сапасы» - әлеуметтік зерттеудің аналитикалық есебі.

2. Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың теориясы және әдістемесі.

3. «Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландыру» атты мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар.

4. «Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үдерісін технологияландыру» - мұғалімдердің озық тәжірибесін тарату.

5. «Тірек мектеп (ресурстық орталық) жағдайында білім беру үдерісін технологияландырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында эксперименттің шығармашылық есебі.

## Қосымша

**Бекітілді:**

Мұқағали Мақатаев атындағы  
Тірек мектебінің(РО) директоры

\_\_\_\_\_ А. Иманова  
« \_\_\_\_ » « \_\_\_\_ » 2012 ж.

«Мұқағали мақатаев атындағы тірек мектептің  
(ресурстық орталықтың)

**«Тірек мектеп жағдайында білім беру үрдісін технологияландырудың  
педагогикалық негіздері» тақырыбындағы**

**ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ**  
2012-2013 оқу жылындағы теориялық кезеңіне арналған

## ЖОСПАРЫ

**Тірек мектептің эксперименттік тәжірибесінің мақсаты:** Білім беру үрдісін технологияландыру арқылы тірек мектепті теориялық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

### **Міндеттері:**

1. Тірек мектебі жағдайында білім беру процесін технологияландыру бойынша халықаралық және отандық тәжірибені зерттеу.
2. Тірек мектептің білім беру үрдісіне инновациялық технологиялардың енгізілу жағдайын анықтау.
3. Тірек мектепте жүзеге асатын білім беру үрдісін технологияландырудың жолдарын іріктеу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Тірек мектебі жағдайында білім беру процесін технологияландыру бойынша халықаралық және отандық озат тәжірибелер туралы ақпараттарды жүйелеу, жинақтау.
2. Тірек мектеп (ресурстық орталық) жағдайында білім беру процесін технологияландырудың жағдайы:
  - тірек және магниттік мектептердің білім беру ресурстарының мүмкіндігі;
  - сабақтарда қолданылатын технологиялар;
  - оқушылардың білім жетістігі.
3. «Тірек және магниттік мектептердің білім беру сапасы» атты әлеуметтік зерттеу нәтижесі;
4. тірек мектепте жүзеге асатын білім беру үрдісін технологияландырудың жолдарын іріктеу.

**Эксперименттік тәжірибенің  
теориялық – әдіснамалық негіздері**

<b>Тақырыбы</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Ақпараттық материалдар</b>
Тірек мектебі жағдайында білім беру процесін технологияландыру бойынша халықаралық және отандық тәжірибе	Педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге және көтеріліп отырған проблемаға қатысты құжаттарды талдау. Қажеттісін іріктеу.	Жинақталған халықаралық және отандық тәжірибе.
Сабақтарда қолданылатын технологиялар	Әр мұғалім өзі сабақтарда қолданылатын технологияларын ұсынады.	Мектепте сабақтарда қолданылатын технологиялар кестесі
Оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологиялары	Оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологияларын енгізу мүмкіндігін қарастыру	АКТ- мүмкіндіктерін пайдалануға арналған көмекші құрал дайындау

**Эксперименттік тәжірибенің практикалық негіздері**

<b>Тақырыбы</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Ақпараттық материал</b>
Тірек мектебі жағдайында білім беру процесін технологияландыру бойынша халықаралық және отандық тәжірибе.	Білім беру үрдісін технологияландыру үшін оларды оқыту үрдісіне ендіру жолдарын қарастыру.	Тірек мектебінің (РО) білім беру процесінің технологиялауды жүзеге асырудың жолдары мен әдістерін анықтау.
Сабақтарда қолданылатын технологиялар	Сабақтарға қатысу арқылы мұғалімдер қолданылатын технологиялардың тиімділігін анықтау.	Мұғалімдердің іс-тәжірибесінен технологияларды қолдану кестесі.
Оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологиялары	Оқытудың ақпараттық коммуникациялық технологияларын қолданудың озық тәжірибесін анықтау	АКТ- мүмкіндіктерін пайдалануға арналған көмекші құрал дайындау.
Тәжірибелік ізденіс жұмысы.	Тәжірибелік ізденіс жұмысының материалдарын әзірлеу.	Өткізілуі тиіс тәжірибелік ізденіс жұмысының

	Ақпараттық білім қорларының дерекқорын құру (электрондық библиотекаға материалдар базасын жасау және жинақтау).	материалдары. Қашықтықтан оқыту курстарының жоспары. Ақпараттық білім қорларының дерекқоры (электрондық библиотекаға материалдар базасы).
Мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату	Мұғалімдердің іс-тәжірибесі бойынша буклеттер мен брошюра -жинақтап дайындау	Шығармашылық көрме, таратпа материалдарын дайындау.

### Эксперименттік тәжірибенің диагностикалық негіздері

Диагностика ның атауы	Жұмыстың мазмұны	Нәтижесі	мерзімі	жауапты
«Тірек және магниттік мектептердің білім беру сапасы» атты әлеуметтік зерттеу	(мұғалімдер мен оқушылар арасында әңгіме өткізу, сауалнама алу арқылы зерттеудің алғышарты, оның проблемасы, мақсаты, пәні, міндеттерін нақтылау, білім беру жүйесінің сапасын арттыруға немесе оны тежеуге бағытталған факторларды анықтау);	Аналитика лық анықтама	қазан	Жылқыбаева Д.
Оқушылардың білім жетістігі.	Әр пән бойынша оқушылардың білім жетістігін анықтау.	Оқушылардың білім жетістігіне мониторинг.	Әр сессия сайын	Сынып жетекшілері
Тірек және магниттік мектептердің білім беру ресурстарының мүмкіндігі.	Тірек және магниттік мектептердің білім беру ресурстарының мүмкіндігіне мониторинг жасау.	Тірек және магниттік мектептердің білім беру ресурстарының мүмкіндігіне мониторинг жасау	қазан	Иманова А. Жексенбаева Б
Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің кәсіби деңгейі	«Педагогикалық шығармашылық» орталығын құру.	Мұғалімдердің профессиограммасын құру	қыркүйек	Баетова А.

### Эксперименттік тәжірибенің мазмұндық-күрлымдық жоспары

р/с	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауапты	Нәтижесі
1	«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру үрдісінде ҮӘЖ технологиясын тиімді пайдалану жолдары»	семинар-тренинг.	қыркүйек	Шүиншина Ш. Жексенбаева Б.	Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологиялауды жүзеге асыру жобасын дайындау.
2	«ҮӘЖ технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі».	семинар	қазан	Баетова А.	Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үрдісін технологияландырудың тәжірибелік моделін бекіту
3	«Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру үрдісіндегі СТО бағдарламасын тиімді пайдалану жолдары»	семинар-тренинг	қараша	Баетова А. Жексенбаева Б.	Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үрдісін технологияландырудың озық тәжірибесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу
4	«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру үрдісінде бағдарлы оқытуда оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану жолдары»	Дөңгелек үстел	желтоқсан	Баетова А. Жексенбаева Б.	Бағдарлы оқытуға тиімді жаңа технологияларды анықтау
5	«ҮӘЖ» технологиясы бойынша оқу-әдістемелік кешендердің сандық презентациясы	Презентация	қаңтар	Баетова А. Пазылбекова А.	«ҮӘЖ» технологиясы бойынша оқу-әдістемелік кешендердің түрлерінің үлгілерін дайындау.
6	«Ресурстық орталықтың оқу-әдістемелік жұмысының сапалық даму динамикасын жасау жолдары»	Кеңес	ақпан	Баетова А.	Әдістемелік нұсқаулық, үлгілер тарату

8	«Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің өздігінен білім алу және біліктілігін арттырудың жолдары»	Дамыту семинары	мамыр	Нұрманбетова Ш. Смағұлова Ш.Б.	Мұғалімдердің өздігінен білім алуына арналған ақпараттық мәліметтер базасын жинақтау
---	--	-----------------	-------	-----------------------------------	--

### Әдістемелік жұмыс жоспары

Тақырыбы	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауапты	Нәтижесі
«Магниттік мектептердегі оқу үдерісін технологияландыру жағдайы»	семинар	06.12.2012.	Баева А.Е. Жексенбаева Б.Н.	Мұғалімдерге оқу үдерісін технологияландыру туралы мәлімет беру
«ҮӘЖ технологиясын тәжірибеге енгізу мақсатында панорамалық сабақтардың презентациясы»	семинар-практикум.	10.01.2013.	Баева А.	ҮӘЖ технологиясын тәжірибеге енгізу әдістерімен таныстыру
«Жаңа оқыту технологиялары-білім беру мазмұнын модернизациялау (Қызылорда қаласы)»	семинар-кеңесте	15.01.2013	Смағұлова Ш.Б.	«Тірек мектебі жағдайында ҮӘЖ технологиясын пайдаланудың тиімділігі» баяндама.
«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту: тәжірибе, мәселелерді шешу жолдары» Қапшағай қаласы №3 мектеп гимназиясы	республикалық ғылыми-практикалық семинар.	25.03.2013.	Баева А. Пазылбекова А.	ҮӘЖ технологиясының оқу –әдістемелік кешендерін шығармашылық көрмеге қатыстыру
«Тірек мектеп (РО) жағдайында білім беру сапасын қамтамасыз ету де оқу-тәрбие үдерісін технологияландырудың педагогикалық аспектілері»	облыстық ғылыми-практикалық семинар өткізу.	04.05.2013.	Әлімбаева Ә.С. Бейсембаев Ғ.Б. Смағұлова Ш.Б. Жексенбаева Б.Н.	Семинардың материалдарын жинақтау, кітапшалар шығару, шығармашылық көрмеге қою.

**Қорытынды:** Әдістемелік жұмыстың жылдық қорытындысын жасау.

**Келісілді:**  
Шу аудандық білім  
бөлімінің басшысы  
\_\_\_\_\_ К. Қожағаппанова  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2013 ж.

**Бекітілді:**  
Мұқағали Мақатаев атындағы  
Тірек мектебінің (РО) директоры  
\_\_\_\_\_ А. Иманова  
« \_\_\_\_ » « \_\_\_\_ » 2013ж.

**«МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ АТЫНДАҒЫ ТІРЕК МЕКТЕПТІҢ  
(РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ)**

**«Білім беру үрдісін технологияландыру арқылы тірек мектепті теориялық  
және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету» атты**

**ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ  
ЖОСПАРЫ  
2013-2014 оқу жылы**

**Тірек мектептің эксперименттік тәжірибесінің мақсаты:** Білім беру үдерісін технологияландыру арқылы тірек мектепті теориялық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

**Міндеттері:**

1. Тірек мектебі жағдайында білім беру үрдісін технологияландырудың ерекшелігін анықтау және оларды оқыту үрдісіне ендіру жолдарын қарастыру.
2. Тірек мектепте жүзеге асатын білім беру үрдісін технологияландырудың жүйесін жасау және оны жүзеге асыру.
3. Тірек мектебі жағдайында білім беру үрдісін технологияландыруды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар даярлау, оны пайдаланудың тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру.

**Эксперименттік тәжірибенің теориялық – әдіснамалық негіздері**

<b>Тақырыбы</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Ақпараттық материалдар</b>
Білім беру үрдісін технологияландыру.	Қазіргі инновациялық педагогикалық технологиялардың басты міндеттері, педагогикалық технологиялардың түрлері, оларға сипаттама.	Педагогикалық технологиялардың жіктемесі, анықтамасы мен сипаттамасы. Білім беру үрдісін технологияландыру (слайд).
Қашықтықтан оқыту технологиялары.	Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың жолдары.	Қашықтықтан оқыту технологиялары (слайд).
Оқытудың көпдеңгейлі технологиясы.	Оқытудың көпдеңгейлі технологиясы (В. Беспалько).	Оқытудың көпдеңгейлі технологиясы (В. Беспалько, Ж.

	Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы.	Қараев).(слайды).
Жүйелік амалдық негізінде оқытуды технологияландыру.	Жүйелік амалдық негізінде оқытуды технологияландырудың ерекшеліктері (Галиев Т.Т.).	Жүйелік амалдық негізінде оқытуды технологияландыру (Галиев Т.Т.). (слайды).
Оқу процесін жобалау және құрастырудың негіздері.	В.Монаховтың оқыту технологиясын пайдалану әдістемесі	Оқу процесін жобалау және құрастырудың негіздері (Монахов В.М.). (слайды).

### Эксперименттік тәжірибенің практикалық негіздері

Тақырыбы	Жұмыстың мазмұны	Ақпараттық материал
Білім беру үрдісін технологияландыру	<p>1. Тірек мектебі жағдайында білім беру үрдісін технологияландырудың ерекшелігін анықтау.</p> <p>2. Білім беру үрдісін технологияландыру үшін оларды оқыту үрдісіне ендіру жолдарын қарастыру.</p>	Тірек мектепте жүзеге асатын білім беру үрдісін технологияландыру жүйесі.
Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үрдісін камсыздандыру	<p>Қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру</p> <p>Қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдарын әзірлеу. Қашықтықтан оқыту курстарының жоспарын дайындау.</p> <p>Ақпараттық білім қорларының дерекқорын құру (электрондық библиотекаға материалдар базасын жасау және жинақтау).</p> <p>Білім беруге бағытталған сыртқы ақпараттық ресурстарды пайдалану (қашықтықтық курстар, электрондық кітапханалар).</p>	<p>Қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру жолдарын қарастыру.</p> <p>Қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдары.</p> <p>Қашықтықтан оқыту курстарының жоспары.</p> <p>Ақпараттық білім қорларының дерекқоры (электрондық библиотекаға материалдар базасы).</p>
Сабақ типологиясы.	<p>1. Сабақ типологиясы.</p> <p>2. Сабақта жиі қолданылатын технологиялардың түрлері.</p>	Оқушының оқу қызметін ұйымдастыруда мұғалімдердің жіберетін қателеріне талдау жасау (қатысқан сабақтардағы практикалық материалдарға талдау).
Тірек мектебі жағдайында сабақта қолдануға тиімді технологияларды насихаттау	Тірек мектебі жағдайында сабақта қолдануға тиімді пайдаланатын технологиялар бойынша шебер сынып өткізу	Білім беру үдерісін технологияландырудың озық тәжірибесі (шебер сынып жинақ).

### Эксперименттік тәжірибенің диагностикалық негіздері

Диагностиканың атауы	Жұмыстың мазмұны	Нәтижесі	мерзімі	жауапты
Білім берудің дамуын талдауға қажетті ақпараттық қорды қалыптастыру.	Тірек мектептің (РО) білім беру процесін технологияландыруды жүзеге асыру жобасын дайындау Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар дайындау. Өткізілуі тиіс тәжірибелік ізденіс жұмысының материалдарын әзірлеу.	Аналитикалық анықтама	Қыркүйек	Баетова А.
Педагогикалық қызметке мұғалімдердің кәсіби дайындығы.	Тірек мектептің (РО) білім беру процесін технологияландырудың тәжірибелік моделін бекіту. Тірек мектебінің (РО) білім беру процесін технологияландырудың озық тәжірибесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.	Мұғалімдердің профессиограмма сын құруға аналитикалық материалдар	Жыл бойы	Баетова А.
Мұғалімнің жеке кәсіби өрісін бағалау	Педагог кадрлардың біліктілігі мен кәсіби өсуінің динамикасын бақылау. Педагогтарды өз кәсіби әрекетін бағалауға үйрету.	Мұғалімдердің профессиограмма сын құру.	Жыл бойы	Баетова А.
Білім беру үрдісін технологияландыру тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру.	Ақпараттық технологиялар жүйесімен оқытудағы интерактивтік әдістер жүйесін қолдану. ШЖМ мұғалімдерінің өздігінен білім алуына арналған теориялық материалдар дайындау	Білім беру үрдісін технологияландыруда инновациялық идеяларды қолданатын мұғалімдердің тізімі, тақырыбы, жетістігі.	Жыл бойы	Баетова А. Пазылбекова
Оқушының оқу қызметін қалыптастыру деңгейінің диагностикасы.	Оқушылардың білім, білік, дағды және құзыреттерді меңгеру деңгейі.	Оқушылармен жекелей жұмысты ұйымдастыру	Әр сессия сайын	Пән мұғалімдері сынып жетекшілері
Шығармашылық пен жұмыс жасайтын мұғалімдердің кәсіби деңгейі	Мұғалімдердің шығармашылық жұмыс деңгейі, шығармашылық әлеуеттілігі және эксперимент жұмысына қатысуы	Мұғалімдердің шығармашылық деңгейіне мониторингтік зерттеу жүргізу Озат мұғалімдердің іс- тәжірибесін аудан көлемінде тарту	мамыр	Баетова А.

## Эксперименттік тәжірибенің мазмұндық-күрлымдық жоспары

р/с	Қаралатын мәселелер	Жұмыстың түрі	Мерзімі	жауапты	нәтижесі
1	Қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларды оқып үйренудің жоспарын жасау Қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде оқу үрдісін ұйымдастыру және басқарудың жоспарын жасау;	Жоспарлау	қыркүйек	Шуиншина Ш. Жексенбаева Б.	Ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі мектепте білім беруді интеграциялау мен технологияландыру мүмкіндіктерін қарастыру
2	Қазіргі әлемдік прогрессивті тенденциялардағы мектепте білім беруді интеграциялау мен технологияландыру мүмкіндіктерін қарастыру.	Әдістемелік отырыс	қазан	Баетова А.  Пазылбекова А	Қашықтықтан оқыту курстарының жоспарын дайындау.
3	Мектепте пәндерді оқыту саласындағы алдыңғы қатарлы технологияларға сүйене отырып және қоғамның қойып отырған талаптарын ескеріп, мектепте білім беруді интеграциялау мен технологияландырудың мүмкіндіктері қарастыру;	Әдістемелік отырыс	қараша	Баетова А. Пазылбекова А	Қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдарын әзірлеу.
4	Білім беру үрдісін технологияландыру да инновациялық идеяларды қолданатын мұғалімдердің тізімін жасау, тақырыбын анықтау.	Әдістемелік отырыс	желтоқсан	Баетова А.  Пазылбекова А	Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үрдісін ақпараттық-техникалық қамсыздандыру;
5	Жаңа технологиялар бойынша жұмыс жасайтын мұғалімдердің іс-	Әдістемелік отырыс	қаңтар	Баетова А. Тоқтыбаева А.  Пазылбекова А	Білім беруге бағытталған сыртқы ақпараттық ресурстарды

	тәжірибесін зерттеу, жинақтау; Ақпараттық білім қорларының дерекқорын құру (Электрондық библиотекаға материалдар базасын жасау және жинақтау.			Өмірбекова С. Жаппарова М.	пайдалану (қашықтық курстар, электрондық кітапханалар)
6	Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың озық тәжірибесін зерделеу және жинақтау;	Әдістемелік отырыс	ақпан	Баетова А.	Анықтама
7	Тірек мектебі жағдайында сабақта тиімді пайдаланатын технологиялардың кестесі.	Әдістемелік отырыс	наурыз	Баетова А.	Озат мұғалімдердің іс- тәжірибесін аудан көлемінде тарту
8	Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың теориялық моделін анықтау.	Әдістемелік отырыс	сәуір	Шуиншина Ш.М.	Тірек мектебінде (РО) білім беру үдерісінде қолданылатын технологияларға сараптама жасау
9	«Тірек мектебінің (ресурстік орталықтың) білім беру үрдісін технологиялау: қазіргі замандағы жағдайы, проблемаларды шешу жолдары»	Конференция сандық презентация	мамыр	Шуиншина Ш. Бейсембаев Ғ. Смағұлова Ш.Б	Тамыз кеңесіне материалдар дайындап есеп беру, стенд жасау.

### Әдістемелік жұмыс жоспары

Әдістемелік кеңесте қаралатын мәселелер	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауапты	нәтижесі
«Тірек мектебінде оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктері»	дөңгелек үстел.	05.11.2013.	Шуиншина Ш.М. Бейсембаев Ғ.Б. Жексенбаева Б.Н.	Тірек мектебіне арналған ереже
«Ресурстық орталық базасында оқушыларға білім берудегі тиімді психология-педогогикалық технологиялар»	кеңес	03.12.2013.	Бейсембаев Ғ.Б.	Технологиялар жиынтығының базасын әзірлеу

«Магниттік мектептерде оқу үдерісін технологияландыру жағдайы»	Дөңгелек үстел	08.01.2014.	Баева А. Пазылбекова А. Тұрысова Д.	Семинар жұмысының материалдарын жинақтау
«Заңнамалық құжаттармен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері»	кеңес	15.02.2014.	Бейсембаев Ғ.Б.	Заңнамалық құжаттар базасын әзірлеу
Ресурстық орталық мамандарымен онлайн режимінде	шеберлік класс	20.03.2014.	Бейсембаев Ғ.Б.	Шебер сынып материалдарын жинақтау
«Тірек мектебі: кеше, бүгін, ертең...»	пед. кеңес.	25.03.2014.	Қожағапанова К.И. Иманова А.Б. Бейсембаев Ғ.Б. Айманбетов Е.Е.	анықтама
«Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру үрдісіндегі модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану жолдары»	семинар	12.04.2014.	Баева А.Е. Жексенбаева Б.Н.	Модульдік оқыту технологиясы бойынша ереже, әдістемелік нұсқаулықтар.
«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру үрдісіндегі ҮӘЖ технологиясын тиімді пайдалану жолдары»	семинар	19.04.2014.	Баева А.Е. Жексенбаева Б.Н.	ҮӘЖ технологиясы бойынша Ереже, әдістемелік нұсқаулықтар.
«ҮӘЖ технологиясының тиімділігі»	Скайп арқылы кеңес	26.04.2014.	Нұрманбетова Ш.К. Баева А.Е.	«ҮӘЖ технологиясы» бойынша теориялық, практикалық материалдар жинағы
«12 жылдық білім беру жүйесіне көшу-заман талабы»	семинар-практикум.	13.05.2014.	Жексенбаева Б.Н.	12 жылдық білім беру жүйесінің талаптарына арналған нормативтік құжаттар

**Қорытынды:** Әдістемелік жұмыстың жылдық қорытындысын жасау.

**«МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ АТЫНДАҒЫ ТІРЕК МЕКТЕПТІҢ  
(РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ)»**

**«Тірек мектеп жағдайында білім беру үрдісін технологияландырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы**

Эксперименттік тәжірибенің  
2014-2015 оқу жылындағы апробациялық (сынақ) кезеңіне арналған  
**жоспары**

**Тірек мектептің эксперименттік тәжірибесінің мақсаты:** Тәжірибелік ізденіс жұмыстарын жинақтау арқылы Тірек мектептің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың үлгісін жасау.

**Міндеттері:**

1. Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар дайындау.
2. Өткізілуі тиіс тәжірибелік ізденіс жұмысының материалдарын әзірлеу.
3. Тірек мектептің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың тәжірибелік моделін құру.
4. ШЖМ мұғалімдерінің өздігінен білім алуына арналған теориялық материалдар дайындау.

**Эксперименттік тәжірибенің теориялық – әдіснамалық негіздері**

Тақырыбы	Жұмыстың мазмұны	Ақпараттық материалдар
Жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру үрдісінде тірек сызбалар мен конспектiлер технологиясын тиімді пайдалану жолдары.	В.Ф. Шаталовтың белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясының ерекшелігі: материалдар ірілендіріліп, блоктық түрде тірек сызбалар арқылы беріледі. С.Н. Лысенкованың тірек сигналдарын пайдалана отырып, қарқынды жеделдете оқыту технологиясында оқу материалдарының мазмұнының жүйелілігін сақтау, саралау, тапсырманың әр оқушыға жеткізілуі талап етіледі. Оқу материалын схемалар мен белгілеулер моделі негізінде оқытуды қарқындандыру технологиясын пайдалану	Жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру үрдісінде тірек сызбалар мен конспектiлер технологиясын тиімді пайдалану жолдарын анықтау
Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру үрдісіндегі модульдік оқыту технологиясын тиімді пайдалану жолдары	М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясына сүйенсек, оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдістерін ғылыми негізделген теорияға сүйене отырып жобалау, сұлбалау тыңдаушыларға, білім алушыларға оқу үрдісінде хабарланады.	М.М. Жанпейісова Модульдік оқыту технологиясына (слайд).

Тіл пәндерін көп тілде оқытудың функционалды-коммуникативтік технологиясы	Тілдерді оқытудың функционалды-коммуникативтік технологиясы (Болатбаева К.Н).	Тілдерді оқытудың функционалды-коммуникативтік технологиясы (Болатбаева К.Н). (слайд).
Тірек мектеп (РО) желісіндегі магниттік мектеп оқушыларының кейс-технология арқылы зерттеу мәдениетін қалыптастыру	Кейс-технология – оқытушы - тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі.	Кейс-технология - оқытушы- тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін негіздеу(слайд).
Оқушының білімділік деңгейін технологиялық карта арқылы өлшеудің тиімді жолдары	Тілдерді оқытудың негізгі құралы – технологиялық карталарды қолдану.	Технологиялық карталарды жасау

### Эксперименттік тәжірибенің практикалық негіздері

Тақырыбы	Жұмыстың мазмұны	Ақпараттық материал
Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландыру	Тірек мектебі жағдайында білім беру үрдісін технологияландырудың ерекшелігін анықтау.	Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісінің технологияландыруды жүзеге асыру жобасы.
Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) білім беру үрдісін технологияландырудың тәжірибелік моделі	Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үрдісін технологияландырудың тәжірибелік моделін нақтылау	Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үрдісін технологияландырудың тәжірибелік моделін бекіту
Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) білім беру үрдісін технологияландырудың озық тәжірибесін енгізу	Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үрдісін технологияландырудың озық тәжірибесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	Тірек мектебінің (ресурстық орталық) білім беру үрдісін технологияландырудың озық тәжірибесін енгізу

		бойынша әдістемелік ұсынымдар
Тәжірибелік ізденіс жұмысы.	Өткізілуі тиіс тәжірибелік ізденіс жұмысының материалдарын әзірлеу. Ақпараттық білім қорларының дерекқорын құру (электрондық библиотекаға материалдар базасын жасау және жинақтау).	Өткізілуі тиіс тәжірибелік ізденіс жұмысының материалдары.
Сабақтың типтелуі.	Сабақта жиі қолданылатын технологиялардың түрлері. Оқушының оқу қызметін ұйымдастыруда мұғалімдердің жіберетін қателеріне талдау жасау (қатысқан сабақтардағы практикалық материалдарға талдау).	Тірек мектебі жағдайында білім беру үрдісін технологияландыруды жүзеге асыру бойынша ұсыныстар.
Тірек мектебі жағдайында сабақта тиімді пайдаланатын технологиялардың кестесі	Тірек мектебі жағдайында сабақта тиімді пайдаланатын технологияларды пайдаланып шығармашылық сабақтар көрсету.	Білім беру үдерісін технологияландырудың озық тәжірибесі (жинақ).
Мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату	Экспериментатор мұғалімдердің іс-тәжірибесінен әдістемелік ұсыныстар дайындау	Магниттік мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсыныстар дайындау

### Эксперименттік тәжірибенің диагностикалық негіздері

Диагностиканың атауы	Жұмыстың мазмұны	Нәтижесі	мерзімі	жауапты
Білім берудің дамуын талдауға қажетті ақпараттық қорды қалыптастыру.	Тірек мектептің (РО) білім беру үдерісін технологияландыруды жүзеге асыру жобасын дайындау Өткізілуі тиіс тәжірибелік ізденіс жұмысының материалдарын әзірлеу.	Аналитикалық анықтама	қыркүйек	Баетова А.
Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) білім беру үрдісін технологияландырудың озық тәжірибесі	Тірек мектептің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың тәжірибелік моделін бекіту. Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландырудың озық тәжірибесін енгізу бойынша	Мұғалімдердің профессиограмма сын құруға аналитикалық материалдар	мамыр	Баетова А.

	әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу.			
Мұғалімнің жеке кәсіби өрісін бағалау	Педагог кадрлардың біліктілігі мен кәсіби өсуінің динамикасын бақылау. Педагогтарды өз кәсіби әрекетін бағалауға үйрету.	Мұғалімдердің профессиограмма сын құру.	әр сессия сайын	Баетова А.
Білім беру үрдісін технологияландырудың тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру.	Тірек мектебінің (РО) білім беру үрдісін технологияландырудың тәжірибелік моделінің жүзеге асуы. ШЖМ мұғалімдерінің өздігінен білім алуына арналған теориялық материалдар дайындау	Білім беру үрдісін технологияландыруда инновациялық идеяларды қолданатын мұғалімдердің тізімі, тақырыбы, жетістігі.	мамыр	Баетова А.
Технологиялық карта көмегімен оқушылардың білім деңгейін өлшеудің тиімді жолдарының жүзеге асуы	Оқушылардың білім, білік, дағды және құзыреттерді менгеру деңгейі.	Оқушылармен жекелей жұмысты ұйымдастыру технологиясы.	әр сессия сайын	Сынып жетекшілер пән мұғалімдері

**Эксперименттік тәжірибенің мазмұндық-құрылымдық жоспары**  
**Әдістемелік кеңестің жоспары**

р/с	Қаралатын мәселелер	Жұмыстың түрі	Мерзімі	жауапты	нәтижесі
1	Тірек мектебінің (РО) білім беру үдерісін технологияландыруды жүзеге асыру нәтижесін сараптау.	анықтама	қыркүйек	Шүйіншина Ш. Баетова А.Е.	Шығармашылық есеп
2	«Пәндерді көптілде оқытудың когнитивтік-коммуникативтік технологиясы»	семинар-тренинг.	қазан	Шүйіншина Ш.	Пәндерді көптілде оқытудың когнитивтік-коммуникативтік технологиясының ережесі, семинар материалдарын жинақтау
3	«Инновациялық технологиялар арқылы функционалдық сауаттылықты көтеру»	семинар-практикум.	13.01.2015	Еңбекші орта мектебі.	Магниттік мектептің оқу-үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу

4	«Жанаша әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы мұғалімдердің қабілеттерін арттыру»	семинар-практикум.	31.01.2015.	Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебі.	Магниттік мектептің оқу-үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу
5	Оқушының білімділік деңгейін технологиялық карта арқылы өлшеудің тиімді жолдары»	семинар	25.02.2015.	Баетова А. Пазылбекова А Тұрысова Д.	Таратпа материалдарын, үлгілерін әзірлеу.
6	«Оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру жолдары»	семинар-практикум.	03.03.2015.	Т.Рысқұлов атындағы орта мектебі.	Магниттік мектептің оқу-үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу
7	«Оқу үрдісінде ҮӘЖ технологиясын пайдаланудың тиімділігі»	семинар-практикум.	13.03.2015.	Жайсан орта мектебі.	Магниттік мектептің оқу-үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу
8	«Білім жүйесіндегі жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру жолдары»	семинар-практикум.	10.04.2015.	Алға орта мектебі.	Магниттік мектептің оқу-үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу

<b>Әдістемелік кеңесте қаралатын мәселелер</b>	<b>Жұмыстың түрі</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>	<b>нәтижесі</b>
Арман ПВ баспасынан шығатын оқулықтарға «ҮӘЖ технологиясы» бойынша жасалған жұмыс дәптерлерінің тиімділігі	кеңес	12.09.2014.	Кобдикова Ж.У. Нұрманбетова Ш.К.	Оқулық жасау үлгісі
«ҰБТ-ге дайындық жұмыстары»	психологиялық тренинг	23.09.2014.	Бейсембаев Ғ.Б.	магниттік мектеп мұғалімдері, ата-аналар, оқушыларға арналған психологиялық көмек
«Қазіргі әлемдік прогрессивті тенденциялардағы мектепте білім беруді интеграциялау мен технологияландыру мүмкіндіктерін қарастыру»	конференция	11.10.2014.	Шүіншина Ш. Бейсембаев Ғ.Б.	Тірек мектептердің басшыларына арналған нұсқаулықтар

«Ең жақсы қасиет-қарапайымдылық, Зейінді дамытатын әдіс-тәсілдер»	тренинг	13.12.2014	Шүиншина Ш.М.	Ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету
«Тірек мектеп (РО) және магниттік мектептердің тәрбие кеңістігін қалыптастырудың өзекті мәселелері»	дөңгелек үстел.	15.01.2015	Абдрашева Ж.А.	Тәрбие жұмыстарын үйлестіру жұмыстарына арналған әдістемелік ұсынымдар
«Мәңгілік ел - еліміздің болашағының бейнесі» атты ғылыми-практикалық конференция өткізу.	оқушылар конференциясы	24.04.2015.	Смағұлова Ш.Б. Жексенбаева Б.Н.	Оқу жылын аяқтауға арналған байқау қорытындылары

**«Үшөлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі»**

Мұқағали Мақатаев атындағы Тірек мектебі (Ресурстық орталық «Үшөлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі» тақырыбындағы аймақтық семинар өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

<b>№</b>	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Жауапты</b>
1	«Үшөлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі» тақырыбындағы аймақтық семинар өткізу жөніндегі мектеп директорының бұйрығын дайындау.	Жексенбаева Б.Н.
2	«Үшөлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі» тақырыбындағы аймақтық семинар өткізу жоспарын бекіту.	Иманова А.
3	Мұғалімдердің жұмысын тексерту, жүйелеу.	Баегова А.Е.
4	Семинарға қатысатын магниттік мектеп мұғалімдерінің тізімін анықтау.	Тұрысова Д.
5	Семинардың өтетін орнын анықтау, рәсімдеу, техникалық құралдарымен қамтамасыз ету.	Пазылбекова А.К.
6	Магниттік мектеп мұғалімдерін қарсы алу, шығарып салу.	Шошымов А.Қ.

**«Үшөлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі» тақырыбындағы аймақтық семинар бағдарламасы**

**Мақсаты:** «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы арқылы оқытудың тиімділігін презентациялау.

**9:00-9:30** Семинарға қатысушыларды тіркеу.

**9:30-9:40** Семинардың ашылуы, акт залы.

1. Алғы сөз: А. Иманова.

2. Психологиялық тренинг (мектеп психологтары: Нусипбекова А., Тулеулиева Қ.).

Уақыты	Тақырыбы	Мұғалімнің аты-жөні	өтілеті н орны
10 <sup>00</sup> - 10 <sup>15</sup>	«Үәж» технологиясы бойынша жасалған жұмыс дәптерінің көрмесін ұйымдастыру.	Жексенбаева Б.Н директордың эксперимент ісі жөніндегі орынбасары	№207
10 <sup>15</sup> - 10 <sup>30</sup>	Оқушылардың өз бетімен білім алуына бағытталған оқу – әдістемелік кешеннің құрылымы мен мазмұны.	Кобдикова Ж.У педагогика ғылымдарының докторы, профессор	№207
10 <sup>30</sup> - 10 <sup>45</sup>	Бірінші кезеңге қойылатын талаптар	Есболғанова Г.К математика пәнінің мұғалімі	№207
10 <sup>45</sup> - 11 <sup>00</sup>	Екінші кезеңге қойылатын талаптар	Қалменов А. математика пәнінің мұғалімі	№207
11 <sup>15</sup> - 11 <sup>30</sup>	«Үшінші кезеңге қойылатын талаптар»	Баетова А.Е.	№207
11 <sup>30</sup> - 11 <sup>45</sup>	«Ашық журналдың жүргізілуі»	Пазылбекова А.К информатика пәнінің мұғалімі	№207
12 <sup>00</sup> - 12 <sup>15</sup>	«Тұлғаның функционалдық сауаттылығын дамыту және критериалды бағалау жүйесін қолдану шарттары»	Смағұлова Ш.Б Аудандық білім бөлімінің әдіскері	№207
12 <sup>30</sup> - 12 <sup>45</sup>	Семинардың жабылуы Түскі ас	Мектеп асханасы	

## «ҮӘЖ» технологиясы бойынша жасалған жұмыс дәптерінің көрмесін ұйымдастыру



## «Оқушылардың өз бетімен білім алуына бағытталған оқу – әдістемелік кешеннің құрылымы мен мазмұны.

*Педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Кобдикова Ж.У*

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқыту процесін технологияландыру – педагогикалық ғылым мен практиканың келешегі бар бағыты болып отыр. Отандық технологиялардың ішінен жоғары сұранысқа ие болып жүрген технологиялардың бірі – «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі». Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясын Қазақстан Республикасындағы үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатысындағы оқыту үрдісіне енгізу арқылы білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту Мемлекеттік Тұжырымдамасы мен 2010-2020 жылдарға дейінгі Бағдарламаларын жүзеге асыру барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге болады, яғни: 1) нәтижеге бағытталған бәсекеге қабілетті сапалы білім алуға жағдай жасалады; 2) білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға (мониторинг жүргізуге) қолайлы жағдай туады; 3) білім беру жүйесінің сапасын әділ бағалайтын Ұлттық бағалау жүйесі құрылады.

«Үшөлшемді әдістемелік жүйе» негізінде құрылған оқыту арқылы ғана Қазақстанның жаңа үлгідегі **Ұлттық мектебін** құруға мүмкіндік туатыны ғылыми түрде дәлелденген. Мұндай мектепте оқушы әр пәннің стандарт талабына сәйкес анықталған мазмұнын интерактивті және зерттеушілік әдістер арқылы өз бетімен меңгеруге үйренеді және әр тақырып бойынша құрылған үшдеңгейлік тапсырмаларды 12 жыл бойы біртіндеп орындап отыру арқылы сапалы да берік білім алады. Сонымен қатар, бұл мектеп: лицей, гимназияларда тереңдетіліп берілетін оқу мазмұнын; олимпиадалық тапсырмаларды; ғылыми жобалардың, факультативтік сабақтардың, үйірмелердің мазмұнын қамтитын 4-шығармашылық деңгей тапсырмаларын(әр оқушының жеке қабілетіне сәйкес бағыттағы пәндер бойынша) орындатуға жағдай жасайтын әмбебап мектеп бола алады. Мектеп іргесінде жеке оқушының үздіксіз даму траекториясын көрсететін мониторинг құрылады және электронды журнал, оқушының электронды күнделігі жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғарғы сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке қоғамдық мүдделерді үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашыл, құзыретті тұлғаны(оқушыны, студентті) қалыптастыруда үшөлшемді әдістемелік жүйені қолданудың маңызы зор екені байқалды.



«Оқыту технологиясы» – негізінде, тоғыз компоненттен тұратын ұғым: 1) үрдістің **мақсаты**; 2) **мазмұны**; 3) **әдіс-тәсілдері** (әдіс-тәсілдер жиынтығы =**әдістеме**, яғни: **методиканы** құрайды), 4) оқыту **формасы** (жекеше, жұптық, топтық, фронтальды, ұжымдық); 5) **кұралы**, соның ішінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар (*e-learning* және онлайн оқытулары). Аталған бес компонент кез келген үрдіс жоспарының құрылымына кіреді (өндірісте, мысалы нан пісіріру технологиясы, сондай-ақ оқытуда болсын).

Жоспарды тиімді түрде жүзеге асыру үшін: 6) **үрдісті** басқарушы (мұғалім) мен орындаушы (оқушының) **қызығушылығын** тудыратын әрекеттер қолданылады; 7) *орындаушының* (оқушының) өз бетімен **танымдық қызметінің** әрекеттері (қадамдары) орындалады; 8) *басқарушының* (мұғалімнің) басқару функциялары жүзеге асырылады; 9) **нәтиже** (әр тақырып бойынша әр оқушы баға алса, сабақ технологиялық амал негізінде өткізілген болып саналады). Дәстүрлі оқытуда да, инновациялық технологиялар, соның ішінде «Сыни тұрғысынан жазу мен оқыту» стратегияларын қолдануда да, сабақ барысында қарапайым немесе күрделі тапсырма болсын, мысалы олимпиадалық тапсырмалар, олар тек дұрыс орындалса болды – «4» пен «5» қойыла береді және әр тақырып бойынша бірнеше ғана оқушы бағаланады.

Осыған орай, *туындайтын мәселе: біріншіден*, дұрыс орындалған тапсырмалар, олардың күрделілік дәрежесіне сәйкес *бағалану* қажет, яғни тапсырманың сапасы *өлшенеді* (квалитетриялық амал негізінде: квали – сапа, метрия – өлшеу); *екіншіден*, гуманистік көзқарас (парадигма) аясында оқушының **оқу жетістіктері** оның тек алған білім сапасымен ғана өлшенбейді. Оқушының **білім, біліктілігі** және оларды күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдаяттарды шешуде қолдана білу құзіреттілік дәрежесі өлшенеді. Яғни, оқушының **оқу жетістігін әділ бағалау** – білім беру саласындағы басты өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бұл мәселенің шешімі бар. Оның шешу жолдарын профессор Ж.А. Караевтың оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ)» технологиясы бойынша 2000 жылдан бері Республика көлемінде ББЖ КБАРИ тарапынан ұйымдастырылған *арнайы курстардан* өткен еліміздің мыңдаған мектеп ұстаздары өз тәжірибесінде жүзеге асырып, тиімді нәтиже алуда. ҮӘЖ технологиясының негізгі мәні (квинтэссенциясы) мен айрықша ерекшелігі – әр тақырып бойынша әр оқушының оқу жетістігі бағаланады. Ол үшін міндетті түрде барлық тақырып бойынша әр оқушымен сабақтың соңында кері байланыс (ІІІ кезең – нәтижеге бағытталған бөлімде) жүргізіледі. Оқушылардың *оқу жетістігі* әділ бағаланып, мониторингке тіркеліп отырылады. Мұндай амал дәстүрлі оқытуда да, инновациялық технологиялар, соның ішінде «Сыни тұрғысынан жазу мен оқыту» стратегияларын қолдану барысында да



қарастырылмайды.

Сабақтың бірінші кезеңінде ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Екінші кезең – синектикалық бөлімде топтық жұмыс барысында түрлі интерактивті әдістер немесе зерттеушілік әдіс арқылы тақырыпты өз бетімен меңгерту жұмыстары ұйымдастырылады. Зерттеушілік әдістің қадамдарының (тәсілдерінің) орындалу реті Б. Блумның «Толық меңгерту теориясы» негізіндегі аралық мақсаттардың (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, баға беру, яғни рефлексия жасау) орындалу ретімен сәйкес келеді. Бірақ мақала авторының докторлық диссертациясында дәлелденгендей, бұл жерде олардың реті ауыстырылып жүзеге асырылады: білу, түсіну, талдау, жинақтау, қолдану, баға беру. Бұған негіздеме: алдымен мақсаттар тізбегіндегі алғашқы төрт қадам арқылы тақырыптың теориялық бөлімін меңгерту, содан кейін оны практикада бекіту көзделеді. Мысал ретінде 8 сыныптың география пәнінен «Қазақстанның ірі көлдері» тақырыбы бойынша құрастырылған I, II және III кезең тапсырмаларының сапасына назар аударайық.

### Бірінші кезеңге қойылатын талаптар

Математика пәнінің мұғалімі: Есболғанова Г.К.

Оқушы дәптерінде асты сызылған курсив сөздердің орнына бос орын қалдырылады

<p><b>Оң жақ бағанадағы тапсырмаларды құрастырушы мұғалімдердің есіне</b></p>	<p><b>I кезең.</b> Төмендегі «Көпір» тапсырмаларын оқушылар үйде орындап, бүгінгі сабаққа дайындалып келеді. Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін; б) алдыңғы тақырыптың III кезеңінің үш деңгейлік тапсырмаларын үйде аяқтап келу дәрежесін тексергеннен кейін в) «Көпір» тапсырмаларын тексереді.</p>
<p><b>«Көпір» тапсырмалары өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау тапсырмалары</b></p>	<p>1. Ең жоғарғы лауазым иесі? Ж: Қазақстан Республикасындағы ең жоғары лауазым иесі <u>Президент</u> болып табылады</p> <p>2. Қазақстан қай жылы құрылды және алғашқы кезде қалай аталды? Ж. Қазақстан <u>1920 жылы 26 тамызда</u> құрылды және алғашқы кезде <u>Қырғыз АКСР-і</u> деп аталған.</p> <p>3. Тәуелсіздік алған жыл? Ж: Қазақстан тәуелсіздігін <u>1991 жылы 21 желтоқсанда</u> алды.</p>

### Тақырыптық жоспар (типi: аралас сабақ)

Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» ПТ негізінде өтетін сабақтарда оқушының әр пәннің әр тақырыбын өз бетімен меңгеруіне (функционалдық сауаттылығын дамытуына) және қабілетіне сәйкес меңгеру деңгейін (функционалды сауаттылығының даму деңгейін) критериалды бағалау жүйесі арқылы өлшеп, әділ бағасын алуға арналған оқу жоспарының әмбебап формасы

#### I кезең (5-7 минут)



<b>I</b> кезеңдегі оқытуды ң шағын <b>мақсатта ры</b>	<b>Кезеңдердің мазмұны</b> (жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар жиынтығы)	<b>Әр кезең де қолданы латын әдіс- тәсілдер</b>	<b>Әр кезеңде оқытуды ұйымдас тыру форма сы</b>	<b>Әр кезең де пайдал анатын құрал</b>	<b>Оқушын ың танымд ық іс- әрекеті</b>	<b>Мұғалім нің басқару шылық функ циялар ы</b>	<b>Нәти жені баға лау</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>

**а) ұйымдастыру сәті**

**б) үй жұмыстарын тексеру:** (кеше өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап келу керек болған) оларды аяқтау дәрежесі тексеріледі. Бұл жерде оқушылар бір-бірімен дәптерлерін ауыстырып, мұғалім айтып тұрған жауаптарды v-мен немесе минуспен белгілеп, иесіне қайтарып береді. Әр оқушы v белгісі қойылған өз дәптеріндегі тапсырмалардың ұпайын санап, мұғалімге айтады. Ол тақтада үнемі ілулі тұратын “ашық журналдағы” тізімдегі әрбір оқушының тұсына үйде дұрыс орындап келген тапсырмаларын v белгісімен белгілеп шығады. Кейін, мұғалім қолы босаған кезде (II кезең, 7-бағанның а)-сында), оқушылардың үйде жинаған ұпай сандарын өткен сабақтың соңында сыныпта алған ұпай санына қосып, барлық қортынды ұпайын «ашық журналдың» тиісті бағанына жазады, өзінің жеке журналына, соның ішіндегі мониторингке белгілейді және дәстүрлі сынып журналына сәйкес бағасын қояды.

**в) Жаңа тақырыпты меңгеруге дайындық үшін „Көпір“ тапсырмалары** (үйге берілген болатын) тексеріледі. Бұлар өтіп кеткен тақырыптардан бүгінгі сабаққа негіз болатын және проблемалық жағдаят туғызатын тапсырмалар. Бұл технологияның бір ерекшелігі: өткенді пысықтауға арналған материалды оқушылар үйде қайталап, жаңа тақырыпты меңгеруге үйден дайындалып келеді. Мұның тиімділігі неде? Біріншіден, уақыт үнемделеді, өйткені дәстүрлі оқыту бойынша оқушылар қойылған сұраққа жауап білмесе, мұғалім өзі түсіндіріп, уақыт жоғалтатын еді. Екіншіден, егер мұғалім жүйелі түрде өткенді пысықтауға арналған тапсырмаларды орындауды талап етіп отырса, оқушының барлығы, соның ішінде нашар оқушы да дайындалып келуге мәжбүр болады, нәтижесінде әрбір оқушының белсенділігі мен жауапкершілігі артады.


## Екінші кезеңге қойылатын талаптар



Математика пәнінің мұғалімі: Қалменов А.

**II кезең**(топтық жұмыс) жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өз бетімен меңгеруіне жағдай жасау: а) оқушылар төмендегі «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толтырады (10 минут); ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). Нәтижесі ауызша марапатталады.

<p><b>Теория бойынша:</b> «Білу» (тақырып мазмұны бойынша <b>кім? Не? Қандай? қалай? Нені? Қашан? Не істеді?</b> Сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктеліну керек)</p>	<p>Бос орынға қажетті сөздерді құрлықтан тауып жазыңдар (<i>топтық жұмыс</i>):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстанның құрлықтағы орны: <u>Еуразия</u> материгі.</li> <li>2. Жер бедерінің басым бөлігі: <u>Жазық, үстіртті.</u></li> <li>3. Сумен шектесетін шекарасы: <u>Каспий</u> маңы ойпаты.</li> <li>4. Қазақстанның ең биік нүктесі: <u>Хан-тәңірі</u> шыңы.</li> <li>5. Қазақстанның ең төмен нүктесі: <u>Қарақия</u> ойысы.</li> <li>6. Климаттық белдеу: <u>Қоңыржай</u> белдеу.</li> <li>7. Қазақстан аумағы <u>2724,9</u> мың км<sup>2</sup>.</li> <li>8. Жерінің ауданы жағынан Қазақстан <u>9</u> орынды иемденеді.</li> <li>10. Республикадағы халық саны <u>15</u> млн.</li> <li>11. Қазақстан халқының 1 шаршы шақырым жерге орналасу тығыздығы <u>5,4</u> адамнан.</li> <li>12. Қазақстанның кіші батыс аймағы <u>Еуропада</u>, ал көлемді шығыс аймағы <u>Азияда</u> жатыр.</li> <li>13. Қазақстан төрт мұхитта <u>бірдей</u> ара қашықтықта орналасқан.</li> <li>14. Қазақстан <u>қоңыржай</u> белдеуде орналасқан</li> <li>15. Қазақстан климаты қоңыржай <u>континенттілігімен</u> ерекшеленеді.</li> <li>16. Солтүстіктен оңтүстікке <u>1600</u> км, батыстан шығысқа қарай <u>3000</u> км созылған.</li> <li>17. Географиялық орнына қарай республика жерінде <u>орманды дала</u>, <u>дала</u>, <u>шөлейт</u>, <u>шөл</u> зоналары қалыптасқан.</li> <li>18. Қазақстан <u>Ресей</u>, <u>Қытай</u>, <u>Қырғызстан</u>, <u>Өзбекстан</u>, <u>Түрікменстан</u> елдерімен шектеседі.</li> <li>19. Ландшафттардың күрделене түсетін алуан түрлі биіктік зоналары Қазақстанның <u>оңтүстік-шығыс</u>, <u>шығыс</u> таулы өлкелерінде байқалады.</li> <li>20. Еліміздің көп бөлігі <u>жазықты</u>, <u>үстіртті</u> болып келеді.</li> </ol>
--	--

	<p>21. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы <u>15000</u> километр.</p> <p>22. Қазақстан оңтүстігінде <u>Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстанмен</u> шектеседі.</p> <p>23. Белдеулік уақыт- <u>бір</u> сағаттық белдеудің ішіндегі уақытты айтамыз.</p> <p>24. Жергілікті уақыт- <u>солтүстік</u> полюстен оңтүстік полюске дейін аралықта бірдей болатын уақытты айтамыз.</p> <p>24. Жер <u>24</u> сағатта өз осін толық айналып шығады.</p> <p>26. Жер <u>365</u> күнде күнді толық айналады.</p> <p>27. <u>180<sup>0</sup></u> меридианнан батысқа қарай күнтізбенің жаңа датасы басталады.</p> <p>28. Жер көлемі жағынан рет-ретімен жазылған алдыңғы 9 ел: <u>Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Аустралия, Үндістан, Аргентина, Қазақстан</u></p> <p>29. Астана, Алматы, Санкт-Петербург төмендегі сағаттық белдеуде орналасқан: <u>4, 5, 7.</u></p> <p>30. Каспий теңізі арқылы Қазақстан <u>Иран, Әзербайжан</u> елдеріне шыға алады.</p>
<p><b>Теория бойынша : «Түсіну» неге? неліктен? себебі? не үшін?</b> сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарын тереңдету үшін қойылады.</p>	<p><i>Себебін анықтаңдар:</i> Неліктен Қазақстан шұғыл континенттік климатымен көзге түседі? Ж: Себебі, Қазақстан қоңыржай белдеудің <u>орта</u> және <u>оңтүстік</u> ендіктерінде орналасқан</p> <p>2. Неліктен барлық өңірлерде жылдың төрт мезгілінің ауысуы айқын байқалады? Ж. Қазақстанның <u>географиялық</u> орнына байланысты.</p> <p>3. Неліктен Қазақстан екі дүние бөлігін қамтиды? Ж: Еуразия материгінің <u>ортасында</u> орналасқандықтан</p> <p>4. Даталардың ауысу сызығы неліктен тағайындалды? Ж. Жылдың тәуліктерін <u>ауыстырмас</u> үшін</p>
<p><b>Теория бойынша : «Талдау»</b> <u>1. Салыстыр</u> <u>2. Айырмашылығы неде?</u> <u>3. Ұқсастығы неде?</u> <u>4. Тақырыптың басты идеясын жаз</u> деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 <b>5.</b> тапсырмаларды <b><u>Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады</u></b></p>	<p>1. Венн диаграммасы арқылы Қазақстанның солтүстігі мен батысын және оңтүстігі мен шығысын салыстырыңдар. <b>Солтүстігі Ұқсастығы Оңтүстігі мен батысы мен шығысы</b></p>  <p>2. Тақырыптың басты идеясы... Барлығына <b>ортақ қасиет:</b> Қазақстан құрлық арқылы <u>5</u> мемлекетпен шекаралас. <u>Еуразия</u> материгінің ортасында: қоңыржай климаттық белдеудің <u>орта</u> және оңтүстік ендіктерінде орналасқан. Шекарасының ұзындығы: <u>15000 км</u>. Солтүстіктен <u>оңтүстікке</u> <u>1600 км</u>, <u>батыстан</u> шығысқа қарай <u>3000 км</u> созылған. <b>Солтүстігі мен батысының ерекшелігі:</b> <u>Ресеймен</u> шекаралас, жері: <u>жазық, орманды дала, дала, Каспий теңізімен</u> шектеседі <b>Оңтүстігі мен шығысының ерекшелігі:</b> <u>Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытаймен</u> шекаралас. Жері: <u>таулы, шөлді.</u></p>

<p><b>Теория бойынша:</b>  <b>«Жинақтау»</b>  <b>( Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы с.с басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабына қойылады)</b></p>	<p>Тақырыптың басты идеясын схема түрінде беріп, толтырындар.</p>
---	---

Оқулықпен жұмыс (5 минут) төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беруі» тәсілдеріне сәйкес, яғни рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.

<p><b>Практикада:</b>  <b>«Қолдану»</b>          (оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі.)</p>	<p>Кескін картамен жұмыс          Қазақстан Республикасымен шекаралас елдердің аттарын жазындар.          Шеткі нүктелерін, төрт мұхитқа дейінгі аралықты өлшендер.</p>
---	---

<p><b>Практикада: «Баға беру»</b> (сен қалай ойлайсың? Не істер едің? Сияқты тапсырмалар өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады (топтық жұмыс))</p>	<p>1. Қалай ойлайсындар? Болашақта Қазақстанның шекаралас елдерінің саны өзгеруі мүмкін бе?          Ж: Мүмкін. Себебі, Ресей Федерациясының құрамындағы Республикалар өз <u>Тәуелсіздігін</u> жарияласа болашақта шекаралас елдердің саны өзгеруі мүмкін.          2. Болашақта Қазақстан Республикасының даму деңгейі қандай болады деп ойлайсың? Өз ойыңды жаз.</p>
---	--

II кезеңдегі оқытудың шағын мақсаттары	Кезеңдердің мазмұны (жұмыс дәптеріндегі тапсырмалар жиынтығы)	Әр кезеңде қолданылатын әдіс-тәсілдер	Әр кезеңде оқытуды ұйымдастыру формасы	Әр кезеңде пайдаланылатын құрал	Оқушының танымдық іс-әрекеті	Мұғалімнің басқарушылық функциялары	Нәтижені бағалау
1	2	3	4	5	6	7	8
<b>а)</b> жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеріп көруге мүмкіндік туғызу (5-7мин)	<b>а)</b> жаңа білімді өз бетімен меңгеру үшін дайындалған жетелеуші тапсырмалар жиынтығы (жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды қара)	<b>а)</b> проблемалық жағдай туғызатын әдістер (әдістер тізімінен II кезеңге арналған әдістер ішінен таңдап алу керек)	<b>а)</b> жұптық немесе топтық	<b>а)</b> оқулық, жұмыс дәптері, т.б., көрнекіліктер	<b>а)</b> барлық оқушы қатысады: қабілетіне қарай, олардың әрқайсысы жұпта немесе топ жұмысына өз үлесін қосады.	<b>а)</b> оқушылар жұпта немесе топта дайындалып болғанша, мұғалім кешегі тақырыптың бағаларын журналдарға қойып, мониторингке белгілеп шығады (I кезеңнің б)-сын қара	<b>а), б), в)</b> тапсырмаларын орындау барысында оқушылар тек ауызша марапатталады немесе ескертулер алады
<b>б)</b> мұғалімнің көмегімен а)пунктінде берілген тапсырмаларды бірге талқылап, оқушылардың өзіне ереже, анықтамаларды, қортынды шығарту сәттері	<b>б)</b> жоғарыдағы а)пунктінде айтылған жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды қара	<b>б)</b> диалог, дискуссия, әңгімелесу	<b>б)</b> жұптық, топтық немесе фронталды	<b>б)</b> оқулық т.б. көрнекіліктер	<b>б)</b> мұғалімнің басшылығымен жаңа тақырып мазмұнын меңгеруге берілген тапсырмаларды талдайды, топ жұмысы түрінде қорғайды.	<b>б)</b> ең нашар оқушыға дейін талдау жұмысына, топ жұмысына қатысуға тиісті	<b>б)</b> тапсырмаларын орындау барысында оқушылар тек ауызша марапатталады немесе ескертулер алады
1955 ж. Н.К. Крупская атындағы бастауыш мектеп болып МТС-тің жатақханасында ашылған. 1959 ж. 7 жылдық мектеп атанды. 1962–1963 оқу жылы 8-жылдық мектеп атанып, бірінші түлектердің саны 36 оқушы болып, мектепті 425 оқушы аяқтады. Мектеп 1966 ж. орта мектеп болып атанды. 1966-67ж. жатақхана ғимаратына 4 кабинет салынып жалғанды. 1976-77 ж. қосымша мектепке асхана салынды. 1982-84 ж. 6 кабинет жалғанып, фойе қосылды. Бірінші қазақ сыныбы 1986-1987 оқу жылы ашылып,

1997 жылы алғашқы түлектерін сынып жетекшісі Оспанова Рахима Нұртаевна бітіріп шығарды.

1992 жылы тамыз айында мектеп ұжымының шешімімен Н.К. Крупская орта мектебінен

**М. Мақатаев** атындағы орта мектебі болып аталды.

2011 жылдың 13 желтоқсанында 3 қабатты типтік ыңғайластырылған жаңа ғимаратқа көшірілді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бап, 44-1

тармақшасында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру мақсатында, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Ғылыми педагогикалық эксперименттерді жүргізу туралы» 31 тамыз 2012 жылғы №761 бұйрығына сәйкес «12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында Тірек мектебінде (ресурстық орталық) білім беру үдерісін технологияландырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында 2012-2017 жылдарға эксперимент алаңы болып бекітілді. Экспериментке Алға, Жайсан,

Әлия Молдағұлова, Еңбекші, Тұрар Рысқұлов атындағы мектептер тартылып, 8-11 сыныптардан барлығы 160 оқушы қамтылды. Эксперименттің ғылыми жетекшісі – «EDTECH-kz» халықаралық білім орталығының бас директоры Ғ. Бейсенбаев, әдістемелік жетекшілер Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академияның жаратылыстану-математикалық зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ш. Шуиншина. Қазіргі таңда Сихимова Алтынкул Мадюмаровна Мұқағали Мақатаев атындағы

Тірек мектебі(ресурстық орталық) директоры математика пәнінің мұғалімі.



Мұқағали Мақатаев атындағы Тірек мектебіне (ресурстық орталыққа)  
2014-2015 оқу жылы қамтылатын магниттік мектеп оқушыларының саны

Мектептің атауы	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	Барлығы
М. Мақатаев Тірек мектебі	50	47	30	31	<b>158</b>
Амангелді о.м.	20	12	12	9	<b>53</b>
Алға о.м.	8	7	6	3	<b>24</b>
Жайсан о.м	11	9	8	8	<b>36</b>
Ә. Молдағұлова о.м.	10	10	10	10	<b>40</b>
Т. Рысқұлов о.м.	15	5	8		<b>28</b>
<b>Магниттік мектеп оқушылар саны</b>	<b>64</b>	<b>43</b>	<b>44</b>	<b>30</b>	<b>181</b>
<b>Барлығы</b>	<b>114</b>	<b>90</b>	<b>74</b>	<b>61</b>	<b>339</b>
<b>Барлық оқушы саны</b>	<b>8-11 сыныптар аралығында: 339</b>				

**Тірек мектепке тартылған магниттік мектептердің орналасуы**



**Ұстаздардың ұлағатты мекені**

Әрбір мемлекеттің болашағы мектептен басталады. Ертеңгі маман бүгін мектеп партасындағы оқушы. Сондықтан оқушыларды қалай тәрбиелеп, білім беруімізге байланысты қоғамның болашағының бет алысы анықталады.

Бүгінгі таңдағы мектеп жағдайындағы негізгі түйінді мәселе мұғалім құзыреттілігі және соған орай білім сапасын арттыру. «Құзыретті мұғалім» жана формациялы, білімді тәрбиелі, қазіргі заманғы ақпараттық технологияны

меңгерген, әлемдік білім кеңістігіне шыға алатын еңбекқор мұғалім. Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасы. Неғұрлым біздің мұғалімдеріміздің білім мен біліктілігі жоғары болса, соған орай оқушыларда тиянақты білім алары сөзсіз. Қазіргі таңда білім сапасына әсер ететін факторлар баршылық. Оның негізгілері:

- сабаққа білім технологияларын және ақпараттық мультимедиалық технологияларды пайдалану;

- мұғалімнің терең білім мен біліктілігі әдістемелік шеберлігі;

- мұғалімнің үнемі ізденіп, жаңашыл сабақ формаларын іздестіруі.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер үнемі озат тәжірибені жинақтап, насихаттап және оны тарату үрдісімен айналысуы керек. Н.Ә. Назарбаев «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады. Ендеше біз халыққа білім беру және ғылымды дамыту, оларды реформалау ісін алға қоюымыз керек» деп міндеттейді. Біз осы пікірдің өзінен ақ білім беру жүйесін басқарудың әдіс тәсілдеріне жаңаша құрылыммен кірісу керектігін көреміз. Осы талаптарға сай қазір мектеп ұжымы жас ұрпаққа жан -жақты сапалы білім, оқытудың тиімді әдістерін енгізу, оқушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мүддесінде мүддесінде қызмет атқаруда. Өзінің барлық өмірін бала тәрбиесі мен біліміне арнаған білікті ұстаздар: А. Сихимова, З. Манасбаева, Г. Қазанбаева, М. Ахметжанова, Г. Есболғанова, Е. Шакирова, А. Қалменов, С. Бижикеева, Р. Шакеева, И. Акипов, М. Балаев, Б. Джаманқұлов, В. Титоренко, М. Оразымбетова, Р. Еркебаева, А. Пазылбекова, Т. Ким, Қ. Абдикасимов, Г. Омбаева, Л. Мырзаханова, А. Алимова, А. Баева, Б. Джексенбаева, Қ. Айтишева, Г. Бакирова, Г. Шайдахметова, Қ. Шуратбаева, Ж. Абитаева, Д. Солтанбаева, А. Сабыралиева, С. Омирбекова, В. Цепкова, С. Нурманова, Н. Юсупова, М. Жаппарова, Ш. Боранбаева, М. Куикова, Ж. Балдақов, М. Ахметахунова, С. Таткеева.

2014-2015 оқу жылында ҰБТ қорытындысы бойынша білім сапасын көрсеткен мектеп мақтаныштары: А. Алимова, Қ. Абдикасимов, Р. Джабасбаева, И. Акипов, В. Цепкова, Ж. Акбердиева, С. Бижикеева, Л. Қыздарбекова, М. Ахметжанова, Е. Шакирова, Ж. Абитаева, А. Медеубаева. Халықаралық қашықтық олимпиадада математика пәнінен III орынды А. Амирова, пән мұғалімі Г. Есболғанова; география пәнінен Л. Константинова I орын дипломымен марапатталды, пән мұғалімі А. Алимова. I-ші Республикалық қашықтық олимпиадада химия пәнінен Н. Лябухова III-орынды иеленді, пән мұғалімі Р. Джабасбаева. Республикалық «Ақбота» жеңімпаздары Есенқұлова Аяулым, Глеужан Диас, Болысбек Азамат, Мельсова Диана, Ким Джеймин, Қарауылбек Асемай, Ерғали Спандияр, Салих Мерей, Бейбіт Сабина, Қалкенқызы Айғаным, Ерғалиева Меруерт. Халықаралық «Ақ көгершін» мәнерлеп оқу байқауында Қ. Арестеев II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Пән мұғалімі Ж. Шаңырақбаева. Облыстық мәнерлеп оқу байқауларынан: V-облыстық Махамбет оқуларында «Тартынбай сөйлер асылмын» байқауында II орынды С. Спанәлі иеленді, пән мұғалімі Ж. Шаңырақбаева. Аудандық

оқуларда: «Сауытбек Ұсаұлы атындағы көркем сөз оқу шеберлері» аудандық байқауында ІІ орынды А. Серікбай иеленді, пән мұғалімі Г. Шайдахметова.

Аудандық пән олимпиадасында математика пәнінен ІІІ орын А. Әмірова, пән мұғалімі Г. Есболғанова, қазақ тілі мен әдебиет пәнінен С. Спанәлі ІІІ орын, пән мұғалімі Ж. Шаңырақбаева, Рафатова Г. І орын, пән мұғалімі А. Сабыралиева, Расулова Д. ІІ орын, пән мұғалімі Ж. Ақбердиева, ағылшын тілі пәнінен Болат Ә. ІІ орын, пән мұғалімі М. Жаппарова, тарих пәнінен Абдахмет Т. ІІІ орын, пән мұғалімі Адишев Б. иеленді.

Республикалық ғылыми жоба байқауында «Ақселеу Сейдімбек» шығармаларынан ғылыми жоба ІІ орынды иеленіп марапатталды, пән мұғалімі Ж. Шаңырақбаева. Облыстық ғылыми жоба байқауында «Қалақай» тақырыбында ғылыми жоба қорғап ІІІ орынды М. Нұрғалиқызы иеленді, пән мұғалімі А. Медеубаева.

Аудандық шығармашылық жоба байқауында «Мебель трансформер» ІІ орын А. Ким, сәндік –қолданбалы өнерінен «Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл» тақырыбындағы оқушылар арасында өткен байқауда І орынды С. Прилепский иеленді, пән мұғалімі Ж. Балдақов, тарих пәнінен «Шу өлкесіндегі жер-су аттарының шығу тарихы» ІІІ орынды А. Арыстанбекова иеленді, пән мұғалімі З. Көкеева.

Аудандық «Үздік технология кабинеті» байқауында технология пәнінің мұғалімдері М. Ахметахунова жеңімпаз болды.

Мектебімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмысы жүйелі түрде жақсы жолға қойылған. В. Титоренко, Б. Джаманқұлов, Т. Колесникова, М. Балаев бастаған ұстаздарымыз дайындаған оқушылар арасындағы ұлдар мен қыздар командалары республикалық, облыстық, аудандық гандбол, волейбол, баскетбол ойындарынан үнемі жүлделі орындарды иеленіп жүр.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, шәкірттеріне өмірдің қыр-сырын танытып, сан қилы құбылыстарды терең түсінуге баулыған ұлағатты ұстаздар алдында үлкен асулар, белестер, таудай мақсаттар тұр. Осы жолда мектеп ұжымы қажымай -талмай жұмыс жасай береді.

## Мектептің әкімшілік құрамы



Директордың оқу тәрбие -  
ісі жөніндегі орынбасары  
Алимова А.М.



Директордың эксперименттік  
ісі жөніндегі орынбасары  
Джексенбаева Б.Н.



Директордың оқу тәрбие-ісі  
жөніндегі орынбасары  
Шошымов А.Қ.



Директордың ғылыми-  
әдістемелік ісі жөніндегі  
орынбасары Баетова А.Е.



Директордың құқықтық ісі  
жөніндегі орынбасары  
Мырзаханова Л.Ә.



Қашықтықтан оқыту  
жетекшісі  
Пазылбекова А.К.



Директордың оқу ісі  
жөніндегі орынбасары:  
Құсайынова Г.



Директордың оқу ісі  
жөніндегі орынбасары:  
Бакирова Г.Ж.



Педагог -ұйымдастырушы  
Күйікова М.Ж.

## Отырыстар мен семинарлардан көрініс



Мектептің әкімшілік отырысы



Ғылыми жетекші Ғ.Бейсенбаев.Облыстық семинар



Әдістемелік жетекші Ш.Нұрманбетова.  
Әдістемелік семинар



Әдістемелік жетекші Ш.Шуиншина  
Әдістемелік семинар

**2014 – 2015 оқу жылындағы Мұқағали Мақатаев атындағы  
Тірек мектебінің (РО) оқу – тәрбие жұмысының  
жылдық жоспары**

2014-2015 оқу жылында мектеп ұжымы нәтижеге бағытталған оқыту негізінде білім сапасын көтеру мақсатында төмендегідей мақсаттар мен міндеттер қояды.

**Мақсаты:** Білім берудің тиімді технологияларын оқу үдерісіне енгізу және мұғалімдердің кәсіби өсуін қамтамасыз ету арқылы бәсекеге қабілетті және шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыруды басшылыққа ала отырып, төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру.

**Міндеттері:**

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің № 463, 4.12. 1997 жылғы «Жасөспірімдер мен жастарға білім беру» туралы бұйрығын негізге ала отырып, жұмысты жалғастыру;

– жалпыға бірдей білім беру ісін жүзеге асыру және оны ұйымдастыру;

– оқушыларды мектеп оқулықтарымен толық қамтамасыз ету;

– мектеп оқушыларына дәрігерлік көмек көрсеуді жетілдіру;

– тұрмыс жағдайы төмен оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

– мектеп оқушыларын тамақтандыруды дұрыс ұйымдастыру;

– дарынды, пәнге қабілетті оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұйымдастыру;

– дарынды оқушылардың шығармашылық жұмыстарына аса назар аудару және олармен жұмыс түрін нығайту;

– педагог қызметкерлердің кәсіби қабілетін анықтай отырып, әрбір мұғалімнің рейтингін белгілеу және педагогтік шеберлігін ұштастырып, жетілдіру;

– білім берудің жаңа мазмұнына және бала қабілетінің даму негізіне сәйкес шығармашылықтағы жеке тұлғаны тәрбиелеу;

– оқушылардың ойлау қабілетін дамыту арқылы ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз ойын толық жеткізіп, шешім қабылдай алуына негіз салу;

– өзін-өзі басқару орталығының жұмысын жандандыру;

– оқушыларды өзін-өзі басқаруға, тексеруге бағыттау;

– оқушылардың ұжымдағы өзара қарым-қатынасын, қоғамға пайдалы еңбектерін бағалау әдістемесімен қамтамасыз ету;

– оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеуге негізі бағыттарды, «Тіл туралы» Заңның орындалуын қамтамасыз ету, осы тақырыпта жүйелі жұмыс жүргізу;

– аз қамтылған отбасы оқушыларын және қиын балаларды үйірмелерге жоғары дәрежеде қамту;

– тәртіпсіздіктің алдың алу мақсатында құқық қорғау органдарымен

жұмыс жүргізудің тиімді формасын жүзеге асыру;

– ата-аналар мен бала тәрбиесіндегі мәселелерге байланысты жұмыс түрін бірлесе отырып жүргізу мәселелерін жандандыру;

– мектеп ережесінің орындалуын қадағалау;

– тәбие сағаттарының формасын өзренту;

– тәрбие мәселелер орталығы тарапынан сынып жетекшілері жаңа технологияны меңгеріп, пайдалану жүйелілігінен теориялық семинарлар өткізу;

– педагог қызметкерлердің ақпараттық сауаттылық деңгейін көтеру;

– мектепішілік бақылау жұмыстарының мониторингісін күрделендіру.

Өскелең ұрпақтың бойына заман талабына сай тәлім тәрбиенің алтын қазынасын қалыптастыруда білім ордасының алатын орны зор. Білім берушілер оқушылардың сана сезімін, ой өрісін дамытуға, сауаттылық тұрмыс негіздерін бойына сіңіруге, шығармашылық көзқарасын дамытуға жұмылдырады.

**2014-2015 оқу жылындағы мектеп жұмысының басым бағыттары:**

1. Негізгі пәндер бойынша жоғары сапалы білім деңгейін қамтамасыз ететін білім стандарттарын орындау.

2. Оқушыларды шығармашылық және зерттеушілік жұмыстарға, жобалар мен бағдарламалар даярлауға тарту (оқушылардың ғылыми қоғамы арқылы).

3. Тұлғаны дамытатын білім беру.

4. Қосымша білім мен тәрбие жүйесін қалыптастыру.

5. Әр пән мұғалімінің инновациялық даярлығын арттыру.

## **II БӨЛІМ**

### **2.1 МЕКТЕПТІҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

#### **Негізгі бағыттары:**

– Дарынды оқушылардың шығармашылық жұмыстарына аса назар аудару және олармен жұмыс түрін нығайту.

– Педагог қызметкерлердің кәсіби қабілетін анықтай отырып, әрбір мұғалімнің рейтингін белгілеу және педагогтік шеберлігін ұштастырып, жетілдіру.

– Мектеп оқушыларына дәрігерлік көмек көрсөуді.

– Тұрмыс жағдайы төмен оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету, жетім, жартылай жетім әлеуметтік жағдайы нашар, көпбалалы және сәтсіз отбасы балаларымен жұмысты дамыту.

– Мектеп оқушыларын тамақтандыруды дұрыс ұйымдастыру.

– Оқушыларды мамандыққа баулу бойынша жұмыс. Еңбекпен қамтылуын бақылау.

– Мөлтек аудандардағы бала санын анықтау және оқушылар контингентін қалыптастыру.

## Жалпыға бірдей міндетті білім беруді қамту жоспары

№	Іс- әрекет мазмұны	Іс - әрекеттің әдісі мен түрлері	Жауапты лар(кім өткізеді)	Кімдер қатысады, тартылады	Мерзімі	Есеп түрі (қалай, қашан)
1	Мектептің шағын ауданын аралау, тізімдерді нақтылау	Аралау, құжатпен жұмыс	Алимова А.	Жауапты мұғалімдер	Қыркүйек қаңтар, наурыз	Ақпарат дәптері, есеп
2	Оқушылардың жаз бойғы қозғалысын талдау	Құжаттар мен жұмыс	Шошымов А. Алимова А.	1-11 сынып жетекшілері, хатшы	Тамыз, қыркүйек	Ақпарат
3	Бітіруші сыныптардың орналасуын талдау	Стат.ақпарат	Рахматова А.	9-11 сынып жетекшілері	3 қыркүйек	Талдау, есеп, анықтама
4	Оқушыларды оқулықтармен қаматасыз ету		ТоқтыбаеваА	Сынып жетекшілері	1-3 қыркүйек	Ақпарат
5	Тұрмысы төмен отбасы мен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеу	Бақылау әңгіме	Рахматова А. Тарахова Ш.	Сынып жетекшілері	Тоқсаны на бір рет	Ақпарат, папка
6	Ыстық тамақ (жеңілдікпен) ұйымдастыру	Бақылау	Тарахова Ш.	Сынып жетекшілер Мед.бике	1 қыркүйек	Ақпарат, бұйрық
7	«Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру және өткізу	Талдау	Рахматова А. Тарахова Ш.	Сынып жетекшілер Оқушылар (1-11)	Қазан, қаңтар	Ақпарат, есеп
8	Пед.ұжымның жалпыға бірдей білім беруді ұйымдастыру іс әрекеттерін жүргізілуін талдау	Сараптама	Шошымов А. Алимова А.	Пед. ұйымдас тырушы	Қараша	Баяндама, хаттама
9	Оқушыларды тереңдетілген мед.байқаудан өткізу қорытындысын талдау	Мед. байқау өткізу	Мед.бике	1-11 сынып жетекшілері	Қазан	Денсау лық парақ тарын рәсімдеу

10	Техникалық қауіпсіздік ережелерімен жұмыс	Инструктаж	Пазылбекова А.	Сынып жетекшілері, оқу бөлмелерінің меңгерушілер	Қыркүйек	Арнайы журнал толтыру
11	Оқушылардың сабаққа қатысуын талдау	Мәліметтер мен жұмыс, талдау	ДТДЖО орынбасарлар	Сын. жетекшілер, кезекші мұғалімдер	Ауысым бойынша, жыл бойына	Сабаққа қатысу журналын толтыру
12	Оқушылардың жеке іс қағаздарын тексеру	Тексеру	Мурзаханова Л.	хатшы	Қаңтар, маусым	Анықтама
13	Алфавиттік кітаптың жалпыға бірдей білім парақтарының, сынып журналдарының дұрыс толтырылуын тексеріп отыру	Мәліметтер базасын толықтыру	Мурзаханова Л.	Ком. хатшысы Хатшы Іс жүргізуші	Қазан Қаңтар Мамыр	Анықтама
14	Үйде оқытылатын сырқат балаларға білім беру жұмыстарының ұйымдас тырылуын бақылау	Талдау	Шошымов А. Алимова А.	Сынып жетекшісі	Желтоқсан Мамыр	Анықтама Есеп
15	Тәртібі қиын оқушылармен жекелеме жұмыс. Осы оқушылардың бос уақытын өткізу жүйесін талдау.	Сараптама	Мырзаханова Л.	Сынып жетекшілері Комиссия	қараша	Арнайы дәптер толтыру, анықтама, папка

## 2.2 МЕКТЕП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ІС ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
<b>Мектеп директоры мен кәсіподақ ұйымы арасында ұжымдық келісімшарт жасау Келісім шарт жоспары</b>			
1	Жалпы ереже		
	Келісім шарттың мәні		
	Келісім шарттық қолданылуы		

2	Жеке еңбек келісім шарты. Жұмыспен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
3	Жұмыс уақыты		Кәсіподақ ұйымы
4	Демалыс уақыты		Кәсіподақ ұйымы
5	Еңбек жағдайы. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздігі		Кәсіподақ ұйымы
6	Жұмысшының денсаулығына тиген залалы үшін жәрдемақы төлеу		Кәсіподақ ұйымы
7	Еңбек ақы (жалақы) төлеу. Кепілді және жәрдем төлемдері		Кәсіподақ ұйымы
8	Жұмысшыларға әлеуметтік және медициналық қызмет көрсету		Кәсіподақ ұйымы
9	Тұрғын үй тұрмыстық қызмет көрсету		Кәсіподақ ұйымы
10	Қорытынды		Кәсіподақ ұйымы
<b>Кәсіподақ ұйымының жалпы жиналысы. Қаралатын мәселелер</b>			
	I. Ұжымдық келісім шарт жасау, талқылау		Кәсіподақ ұйымы
	II. Ұжымдық келісім шарттық орындалуына бақылау орнату		Кәсіподақ ұйымы
1	Кәсіподақ комитетінің отырысында ұжымдық келісім шарт жасау наұқанының өткізілуін бақылау		Кәсіподақ ұйымы
2	Ұжымдық келісім шарттың орындалуын бақылау және жаңа ұжымдық келісім шарт жобасын жасау бойынша комиссия құру		Кәсіподақ ұйымы
3	Ұжымдық келісім шарт жасау және келіссөздер жүргізу		Кәсіподақ ұйымы
4	Бұрынғы ұжымдық келісім шарттың орындалуына тексеру жүргізу, акт жасау		Кәсіподақ ұйымы
5	Тексеру актысы мен ұжымдық келісім шарт жобасын кәсіподақ жиналысында талқылау		Кәсіподақ ұйымы
6	Ұжымдық келісім шарт жобасы бойынша айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды жинақтау		Кәсіподақ ұйымы

### **Жоспардың негізгі бөлімдері**

1. Ұжымдық келісім шарт жасау және оның орындалуына бақылау орнату.
2. Еңбекті қорғау техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын бақылау.
3. Кәсіподақ комитетінің отырыстары.
4. Қызметкерлердің демалысы мен олардың сауықтырылуын ұйымдастыру.
5. Мәдени көпшілік шаралар.

№	Іс шаралар	Өткізілу мерзімі	Жауапты орындаушы
<b>1</b>	<b>Кәсіподақ комитетінің отырысында дайындалып, қаралатын сұрақтар</b>		
1.1	Еңбекті қорғау мәселелері, жаңа оқу жылында өндірістік үдерістердің ұйымдастырылуы (анкета қорытындысы), бақылау нәтижелері	Жыл бойы	Пазылбекова А.
1.2	Ұжымдық келісім шарттағы қызметкерлерді сауықтыру, олардың демалысын ұйымдастыру міндеттерінің орындалуы туралы	IV тоқсан	Пазылбекова А.
<b>2</b>	<b>Кәсіподақтың жалпы жиналысын дайындау және өткізу</b>		
2.1	Ұжымдық келісім шарттың жасалуы бойынша	Қыркүйек	Пазылбекова А.
2.2	Кәсіподақ комитеті жұмысының есебі	Тоқсан сайын	Пазылбекова А.
2.3	Комиссия отырысын өткізу	Ай сайын	Кәсіподақ мүшелері
<b>3</b>	<b>Ұйымдастыру көпшілік жұмыстары</b>		
3.1	Салтанатты кеш өткізу	III тоқсан	Кәсіподақ мүшелері
3.2	Байқау өткізу		
<b>4</b>	<b>Бақылаулар, тексерулер</b>		
4.1	Ұжымдық келісім шарттың орындалуын бақылау	Жыл бойы	Пазылбекова А.
4.2	Кәсіподақ комитеті қаулылары мен шешімдерінің орындалуы		Пазылбекова А.
4.3	Жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару, ауыстыру бойынша еңбекақының төленуі туралы заңдылықтарының орындалуы	Жыл бойы	Пазылбекова А.
4.4	Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы		Абдикасимов Қ.
<b>5</b>	<b>Кәсіподақ мүшелерінің оқуы</b>		
5.1	Еңбекақының төленуі, еңбек қатынастары бойынша қабылданған нормативті құжаттармен таныстыру мектептің есепші бухгалтермен кездесу	Тоқсан сайын	Шошымов А.
5.2	Біліктілікті көтеру, аттестаттау комиссия жұмысы	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
5.3	Еңбек кодексі		
<b>6</b>	<b>Мүшелікке ынталандыру жұмыстары</b>		
6.1	«Кәсіподақ активі» бұрышын ұйымдастыру	Сәуір	Кәсіподақ мүшелері
6.2	Еңбек қатынастары бойынша арнайы стенд жасау	Қыркүйек	
6.3	Есеп карточкаларының толтырылуын тексеру, жаңа кәсіподақ мүшелеріне билет тапсыру	Қыркүйек	

**«ШУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ АТЫНДАҒЫ ТІРЕК МЕКТЕБІ (РО)»  
КОММУНАЛДЫҚМЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ІШКІ ЕҢБЕК  
ТӘРТІБІ ЕРЕЖЕСІ**

**Жалпы талаптар**

1. Еңбек тәртібі – бұл ішкі еңбек тәртібі ережесінің қатаң сақталуы ғана емес, сондай-ақ өз жұмысына шығармашылықпен әрі жауапты қарау, жоғары жұмыс сапасын қамтамасыз ету, жұмыс уақытын үнемді пайдалану. Еңбек тәртібі жоғары сапалы әрі өнімді еңбек етуге қажетті ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлар мен, еңбекке деген жауаптылықпен, тәрбиелеу, сенім білдіру тәсілдері әрі еңбекке шынайы көзқарас білдірумен сыйақы жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Еңбек тәртібін бұзғандарға тәртіптік және қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылады.

2. Ішкі еңбек тәртібі ережесінің мақсаты қызметкерлердің еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыру, еңбек тәртібін нығайту, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, жұмысты жоғары сапалы ету болып табылады.

3. Ішкі еңбек тәртібі ережесін қолданумен байланысты мәселелер мектеп әкімшілігіне берілген құқықтар шегінде, қалданыстағы заңдылықпен ішкі еңбек тәртіп ережесінде, ұжымдық шартта көзделген жағдайларда, кәсіподақ ұйымымен бірлесіп немесе оның келісімімен шешіледі. Бұл мәселелерді сондай-ақ өкілеттіліктеріне еңбек ұжымы да шешеді.

**Қызметкерді жұмысқа қабылдау,  
босату және басқа жұмысқа ауыстыру тәртібі**

4. Қызметкерлер өзінің еңбек ету құқығын мектепте жұмыс істеу туралы жазбаша түрде жасалған еңбек шарты арқылы жүзеге асырады. Еңбек шарттың қызмет ету мерзімі қызметкер мен директордың еңбек шартын жасау мезгілінде анықталады және ол: шектеусіз мерзімге; бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге; уақытша белгілі бір жұмысты орындау; жұмыста уақытша болмаған қызметкерді алмастыру кезеңіне жасалады. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 36 бабына сәйкес еңбек шартын жасау кезінде екі жақтың келісімімен қызметкердің еңбек шартындағы жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатымен сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі үш айдан аспауы керек. Жұмысқа қабылдау кезінде:

- тиісті лауазымға орналасуға конкурс бойынша жұмысқа қабылданатын адамдарға;

- орта жеке жоғары кәсіптік білім беру мекемелерін бітірген және алған мамандығы бойынша жұмысқа алғаш кіретін адамдарға;

- мүгедектерге сынақ мерзімі белгіленбейді.

Еңбек шарты бір жылдан кем емес мерзімге уақытша білгілі бір жұмысты орындау мезгіліне; жұмыста уақытша болмаған қызметкерлерді алмастыру жағдайларында жасалады. Бұрын жасалған еңбек шарты ұзартылған, қайта жасалған жағдайларда оның мерзімі шектеусіз болады.

5. Жұмысқа қабылдау кезінде мектеп әкімшілігі төмендегі құжаттарды талап етуге құқылы:

- жеке куәлігі немесе төлқұжаты;
- оралмандар халықтық көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары берген оралман куәлігін ұсынады;
- ықтиярхаты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шет елдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін);
- тиісті білімді, дағдылар мен машықтарды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі туралы, арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;
- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек стажы бар адамдар үшін);
- әскери есеп құжаты (әскери міндеттілер мен әскери қызметке шақырылуға жататын адамдар үшін);
- алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін);
- салық төлеушінің тіркеу номерін және әлеуметтік жеке код беру туралы куәліктердің көшірмелері қажет;
- тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- соттылығының бар немесе жоқ екенін растайтын анықтама.

Мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 31 бабының 1 тармағында көзделмеген құжаттарды талап етуге құқылы емес. Қызметкердің келісімімен құжаттардың түпнұсқалары әкімшілікте сақталған немесе Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген рәсімдерді орындау үшін уақытша қалдырылған жағдайда, жұмыс беруші қызметкерге құжаттарды қайтару туралы жазбаша міндеттеме береді. Аталған құжаттар ұсынылмай жұмысқа қабылдауға жол берілмейді.

6. Жұмысқа қабылдау жасалған еңбек шарты негізінде мектеп әкімшілігі шығарған бұйрықпен рәсімделеді. Бұйрық үш күн мерзім ішінде қызметтерге жазбаша түрде таныстырылады. Онда жұмыстар мен мамандықтардың бірыңғай тарифтік біліктілік анықтамаларына, қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамаларына, педагогикалық қызметкерлердің ведомствалық сипаттамаларына немесе штаттық кестеге және жал ақы төлеу жағдайына сәйкес атаулар мен лауазымдар көрсетілуі тиіс. Қызметкердің талабы бойынша жұмысқа қабылдау жөніндегі бұйрықтың көшірмесі оның қолына беріледі. Еңбек шарты екі тарап қол қойғаннан немесе онда көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

7. Қызметкерді жұмысқа қабылдау немесе белгіленген тәртіп бойынша басқа жұмысқа ауыстыру кезінде мектеп әкімшілігі төмендегідей міндеттеме алады:

- а) қызметкерді тапсырылған жұмыспен таныстыру, еңбек жағдайымен ақысы, лауазымды міндеттемелерге сәйкес оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

б) жарғымен, ұжымдық шартпен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен таныстыру;  
в) еңбек қорғау мен еңбек қауіпсіздігі өндірістік санитария мен гигиена, өрт қауіпсіздігі және балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ұйымдастыру бойынша инструктаж өткізу. Инструктаж белгіленген нысан бойынша толтырылады.

8. Мектептің әр қызметкеріне жеке іс жүргізіледі және онда келесі құжаттар қамтылады:

- өтініш;
- кадрлар есебінің жеке парағы;
- өмірбаян;
- білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- аттестаттаудың қортындысы бойынша материалдар;
- зейнеткерлікпен қамту туралы шарттың көшірмесі;
- біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі;
- жұмысқа тағайындау мен босату, ауысу және сыйақы беру туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- берілген барлық түрдегі демалыстар туралы бұйрықтардың көшірмелері.

9. Мектеп басшысының жеке ісі аудандық білім бөлімінде сақталады, басқа қызметкерлердің жеке істері мектепте сақталады. Қызметкердің жеке мәліметтерінің сақталу тәртібі мектеп әкімшілігінің бұйрығымен анықталады. Қызметкердің жеке мәліметтерінің қорғалуы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 5 тарауының талаптарына ескере отырып жүзеге асырылады.

10. Еңбек шарты тек қана заңдылықта көзделген негіздер бойынша тоқтатылады. Қызметкер әкімшілікті бір ай бұрын жазбаша түрде ескерте отырып, егер еңбек немесе ұжымдық шартта өзге жағдайлар айтылмаған болса, белгіленбеген мерзімге жасалған еңбек шарты бұзылады. Қызметкерлер еңбек шартын қолданыстағы заңдылықта көзделген себепті жағдайлармен бұзған жағдайда, әкімшілікте жазбаша түрде ескертеді. Ескертуде көрсетілген мерзімі аяқталған соң, қызметкер жұмысты тоқтатуға құқылы. Қызметкер мен әкімшілік арасында жасалған еңбек шарты жұмыстан босату туралы ескерту мерзімнің аяқталуына дейін бұзылуы мүмкін. Қызметкердің науқастану немесе мүгедекке ұшырау нәтижесінде жұмысты атқаруға кедергілер туындаған жағдайда, әкімшілік тарапынан еңбек заңдылығы бұзылғанда және өзге де себептерге байланысты, қызметкердің талабы бойынша, мерзімді еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылуға жатады. Заңдылықта көзделген өзге жағдайлардан басқа, әкімшілік бастамасымен, мектептің кәсіподақ ұйымының келісімісіз, еңбек шартының бұзылуына жол берілмейді. Еңбек шартының тоқтатылуы мектеп бойынша шығарылатын бұйрықпен рәсімделеді. Мектеп директорын жұмыстан оны тағайындаған орган босатады.

11. Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау қорытындысы бойынша мектептің жабылуына, қызметкерлердің штаты мен санының қысқаруына байланысты жұмыстан босату қолданыстағы заңдылыққа сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық қызметкерлерді жұмыс көлемінің (оқу жүтемесінің) қысқаруына байланысты жұмыстан босату оқу жылы аяқталғаннан кейін

немесе заңдылыққа сәйкес жүзеге асырылады.

12. Жұмыстан босату күні мектеп әкімшілігі қызметкерге жұмыстан босағаны туралы жазба енгізілген еңбек кітапшасын, жұмыстан босағаны туралы бұйрықтың көшірмесін беруге міндетті және онымен толық есептесуі керек. Еңбек кітапшасына жұмыстан босату туралы себептер көрсетілген жазба Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің тармақ, баптарына сілтеме жасалып, қолданыстағы заңдылықта көрсетілген нақты мәтіндерге сәйкес енгізіледі.

### **Қызметкерлердің негізгі міндеттері**

13. Мектеп қызметкерлерінің міндеттері:

а) жауапты және шын пейілімен жұмыс атқару, мектеп Жарғысымен, ішкі еңбек тәртіп Ережесімен, ұжымдық шартпен, басқа да локальдық тоқтамдар және лауазымды нұсқаулықтармен жүктелген міндеттерді орындау;

б) еңбек тәртібін сақтау, мектептегі тәртіп негізі. Жұмысқа уақтылы келу, жүктелген міндеттерді шығармашылық және тиімді орындау үшін белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау. Барлық санаттағы педагогикалық қызметкерлердің сәйкес жоспарлы құжаттамасы болуы тиіс: сабақтардың жоспар-конспектілері, перспективтік-тақырыптық жоспар; тәрбие жұмыстарының жоспарлары, үйірмелер, факультативтер, секциялар, ұзартылған күн топтары. Басқа қызметкерлерге еңбек міндеттерін сапалы орындауға кедергі болатын әрекеттерге бармау;

в) атқарылатын жұмыстар сапасын көтеруге барынша ұмтылу, орындаушылық тәртіпті қатаң сақтау, әкімшіліктің өкімдерін нақты және уақытында орындау, тұрақты түрде еңбек қызметі нәтижесінің жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған шығармашылық бастама жасау;

г) ереже мен міндеттерде көзделген еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау талаптарын, өндірістік санитария мен гигиена, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, берілген арнайы киім және аяқ киіммен жұмыс істеу, қажетті жеке қорғану құралдарын қолдану;

д) балалармен, оқушылардың ата-аналары және ұжым мүшелерімен әрқашан сыпайы болу, көңіл бөлу, биязылық таныту, олардың ар-намысы мен беделіне нұқсан келтірмеу, оқу үдерісіне қатысушылардың құқықтарын білу және сыйлау, міндеттердің орындалуын талап ету;

е) өзінің шығармашылық және мәдениеттілік деңгейін, іскерлік біліктілігін жүйелі түрде көтеріп отыру;

ж) қоғамдық жерде, жұмыс орны мен тұрмыстық жағдайда жоғарғы моральдық парызбен лайықты мінез-құлық үлгісін таныту;

з) өз жұмыс орнын таза әрі реттілікпен ұстау, материалдық құндылықтар мен құжаттарды, белгіленген тәртіп бойынша сақтау;

и) мектеп меншігін нығайту және сақтау (құрал-жабдықтар, оқу құралдары т.б.), жылу және электр қуатын тиімді жұмсау, оқушыларды (тәрбиеленушілерді) мектеп және жеке мүлікке қамқорлық көзқараспен қарауға тәрбиелеу;

к) медициналық тексеруден өту ережесіне сәйкес белгіленген мерзімде жүйелі медициналық тексеруден өту, тиісті егу жұмыстарын уақтылы жасау.

14. Мектептің педагогикалық қызметкерлері мектептің ұйымдастыруымен өткізілетін мектептен және сыныптан тыс іс-шараларда, оқу мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығына толық жауапкершілік болады. Оқушылар мен болған барлық жазатайым жағдайлардың жедел түрде мектеп әкімшілігіне хабарлауына міндетті.

15. Оқу және тәрбие жұмыстарына қосымша мектеп директорының бұйрығымен жүктелген міндеттерді қосымша ақыға атқару;

- сынып жетекшілігі;
- оқу сыныптары, шеберханаларды менгеру;
- оқу шеберханасы шеберінің міндеттерін атқару;
- әдістемелік бірлестіктің жетекшілігі;
- шығармашылық топта жұмыс немесе жетекшілік ету;
- басқада оқу тәрбие функциялары.

16. Педагогикалық кадырларды аттестациялау ережесіне сәйкес аттестациядан өту.

17. Мектеп қызметкерлері қызметтерді біріктіріп атқаруға құқылы. Қызметтерді біріктіру Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделеді. Қызметтерді біріктіру және қызмет көрсету аясының кеңеюіне байланысты қосымша төлем көлемі еңбек және ұжымдық шарттармен анықталады.

18. Педагогикалық қызметкерлер өз қызметінде оқушылардың жеке, психологиялық ерекшеліктерін білуі және ескеруі қажет.

19. Мектеп ішінде мұғалімдер мен оқушылар діни киіммен жүруіне рұқсат етілмейді.

20. Педагогикалық қызметкерлердің, қызмет пен көмек көрсету персоналы міндеттерінің (жұмыстарының) негізгі шеңбері мектеп Жарғысымен, осы ережелермен, қызметкерлер лауазымының біліктілік анықтамаларымен, жұмыстар мен мамандықтардың бірыңғай тарифтік біліктілік анықтамаларымен, жалпы білім беру мекемелерінің ережесімен және де белгіленген ретте бекітілген лауазымдық нұсқаулықтармен және ережелермен анықталады.

### **Әкімшіліктің негізгі міндеттері**

20. Мектеп әкімшілігі төмендегідей міндеттемелер алады:

а) мектеп Жарғысы, ішкі еңбек тәртіп Ережесі, лауазымдық нұсқаулықтармен жүктелген мектеп қызметкерлері міндеттерінің сақталуын қамтамасыз ету;

б) біліктілігі мен мамандығына сәйкес мектеп қызметкерлерінің жұмысын дұрыс ұйымдастыру, олардың әрқайсысына жұмыс орнын бекіту, қауіпсіз және оңтайлы жұмыс жағдайларын, құралдардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

в) еңбек және өндірістік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

Мектепте оңтайлы жұмыс жағдайын жасау, тұрақты еңбек ұжымын қалыптастыру, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, жұмыс уақытының жоғалуын болдырмау, тәртіпті нығайтуға бағытталған тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарын тұрақты түрде жүзеге асыру. Еңбек ұжымының пікірін ескере отырып, еңбек тәртібін бұзғандарға мезгілінде шара қолдану;

г) мас күйінде жұмысқа келген қызметкерді сол күні өзінің қызметін атқаруға жол бермеу және қолданыстағы заңдылыққа сәйкес шара қолдану;

д) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру. Еңбек мәдениеті мен сапасын арттыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру, еңбектің ғылыми ұйымдастырылуын енгізу үшін жағдай жасау. Осы және келісім бойынша басқада мектептердің еңбек ұжымдары қызметкерлерінің оң әрі озық тәжірибелерін зерделеу, тарату және енгізу;

е) жүйелі түрде мектеп қызметкерлерінің шығармашылық деңгейі мен іскерлік біліктілігін көтеру; белгіленген мерзімдерде педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауын өткізу, оқу орындардағы оқумен қызметтерді біріктіруге қажетті жағдай туғызу;

ж) мектеті дер кезінде керекті құрал-жабдықтар, және шаруашылық құралдармен қамтамасыз етуге шара қолдану;

з) еңбек туралы заңдылық пен еңбек қорғау ережелерін қатаң сақтау, жұмыс жағдайын жақсарту;

и) мектеп, оқушылары және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету жағдайларын жасау. Қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария мен гигиена, еңбек қауіпсіздігі бойынша барлық ережелер мен міндеттемелерді сақтауы мен меңгеруін қадағалау, олардың науқастану мен жарақаттануының алдын алу;

к) мектеп, қызметкерлер мен оқушылар мүлгінің сақталуын қамтамасыз ету;

л) мектеп, оқушылары мен қызметкерлерін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

м) жалақыны белгіленген мерзімде беру. Жалақы қорының жұмсалуды, қызметкерлердің еңбек ақы жағдайының сақталуын жүйелі түрде бақылау;

н) мектеп қызметкерлерінің күнделік қажеттілігіне мұқият қарау, оларға қарастырылған жеңілдіктерді қамтамасыз ету, үй-тұрмыстық жағдайларының жақсаруын ықпал жасау;

о) жұмыс сапасының жақсаруы мен тиімділігінің артуына барынша жағдай жасау. Еңбек ұжымында іскерлік пен шығармашылық жағдайды тудыруға ықпал ету, қызметкерлердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсету. Кәсіподақ ұйымының жұмысына кедергі келтірмей, комитет жұмысына көмек көрсету. Еңбек ұжымының жиналысын, өндірістік кеңес пен әртүрлі өзін-өзі басқару нысандарын пайдалана отырып, қызметкерлердің мектепті басқаруға толық қатысуын қамтамасыз ету, қызметкерлердің сын ескертпелерін мезгілінде қарап, олар бойынша қабылданған шаралар туралы хабарлау.

21. Мектеп әкімшілігі оқушылардың мектептегі және мектептің ұйымдастыруымен өткізілетін іс-шараларға қатысу мезгілінде олардың өмірі

мен денсаулығы үшін жауапты. Барлық түрдегі жарақаттану жағдайларын белгіленген түрде білім бөліміне хабарлауға міндетті.

22. Мектеп әкімшілігі өзінің міндеттерін сәйкес жағдайларда кәсіподақ ұйымымен бірлесе немесе келісімі бойынша және де еңбек ұжымы күзиретін ескере отырып орындайды.

### **Жұмыс уақыты және оны пайдалану**

23. Мектепте алты күндік жұмыс аптасы, бір күн демалыс әр аптаның жексенбісі болып белгіленген. Мектеп жұмысының басталуы мен аяқталуы ауысымның саны мен мектеп жарғысына сәйкес белгіленеді. Педагогикалық қызметкерлердің жұмыс уақыты жалпы білім беру мектебінің Жарғысымен жүктелген оқу кестесі, міндеттері, ішкі тәртіп ережесі, лауазымды нұсқаулықтармен анықталады. Мектеп әкімшілігі жұмысқа келу мен кетудің есебін ұйымдастыруға міндетті.

24. Оқу үдерісін ұйымдастыру талаптары бұзылмаған және апталық оқу жүктемесі 18 сағаттан аспайтын болса, әкімшілік мұғалімдерге әдістемелік жұмыс үшін аптасына бір күн береді. Мұғалімнің жұмыс күні сабақ басталуға 10 минут қалғанда басталады. Сабақ екінші қоңыраумен басталады және қоңыраумен аяқталады. Сабақ басталғанға дейін мұғалім мен оқушылар (бірінші қоңыраудан соң) оқу сыныбында болуы тиіс.

25. Директор педагогикалық қызметкерлерді кезекті демалысқа кеткенге дейін олардың жаңа оқу жылындағы оқу жүктемелерін мектептің кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша белгілейді. Бұл жағдайда келесі мәселелерді ескерген жөн:

а) педагогикалық қызметкерлердің сынып (топ) сабақтастығы сақталуы керек;

б) жүктеме көлемін мектеп әкімшілігі жыл қортындысы және мұғалімнің кәсіби мәліметтері, кадрлармен қамтамасыз етілгені және оқу жоспары бойынша сағаттар санына байланысты анықтайды;

в) қызметкерге толық емес сағат жүктемесі тек қана оның жазбаша түрдегі келісіміне сәйкес тағайындалады;

г) жыл басында белгіленген оқу жүктемесінің көлемі әкімшіліктің бастамасымен жыл бойында төмендетіле алмайды(сыныптар, топтар санының қысқартылуы, сынып комплектілердің бөлігін сол аймақтағы жаңадан соғылған мектепке ауысуы, және де басқа да ерекше жағдайлар). Оқу жылы бойында белгіленген оқу жүктемесінің көлемі (педагогикалық қызмет) жұмыс берушінің бастамасымен қызметкердің келісімінсіз, төмендегі жағдайлардан өзге жағдайда, төмендетіле алмайды:

- сынып (топ) санының қысқартылуы;

- оқу жоспарларында осы пәнді (курста) сағат санының өзгеруі;

- тарификацияға сәйкес осы қызметкер оқытатын ауысымдағы сыныптардың оқу жоспарларында сағат санының азаюы;

- оқушылардың оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі(қалауы бойынша);

- пәнді оқудан бас тартуы;
- қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыстан шығуы;
- мектеп кеңесінің шешімі немесе кәсіподақ ұйымының келісімімен.

26. Қызмет көрсету персоналының жұмыс күнінің ұзақтылығы белгіленген бір аптадағы немесе басқа оқу мерзіміндегі жұмыс мезгілі ұзақтылығының сақталуымен жасалатын ауысым кестесімен анықталады. Кесте кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша мектеп әкімшілігімен бекітіледі. Кестеде жұмыс уақыты мен демалыс, тамақтану үшін берілетін үзілістер көрсетіледі. Тамақтану, демалыс орындары мен тәртібін әкімшілігімен мектептің кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша белгілейді. Ауысым кестесі күшіне енгенге дейін бір ай бұрын қызметкерлерге жазбаша түрде хабарлануы және көрнекі жерде ілінуі керек.

27. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартуға төмендегі жағдайларда жол беріледі: мектептің жеке қызметкерлері (мұғалімдер және т.б.) демалыс және мереке күндері кезекшілік пен жұмыстың басқа түрлеріне қолданыстағы заңдылықта көзделген ерекше жағдайларда және мектеп әкімшілігінің жазбаша түрдегі бұйрығымен, мектептің кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша. Демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс немесе кезекшілік үшін демалыс күндері қолданыстағы заңдылықта көзделген рет бойынша немесе кезекті демалыспен сәйкес келмейтін мерзімдегі демалыс кезеңінде әрі қызметкердің келісімі бойынша беріледі. Үстеме, демалыс күндеріндегі жұмысқа және іс-шараларға жүкті, жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдер тартылмайды, қызметкерлер үстеме, демалыс күндеріндегі жұмысқа және іс-шараларға тек олардың жазбаша түрдегі келісімі бойынша жіберіледі.

28. Педагогикалық қызметкерлерді мектептегі кезекшілікке әкімшілік тарта алады. Кезекшілік сабақ басталардан 20 минут бұрын және сабақ аяқталған соң 20 минут жалғасады. Кезекшілік кестесі кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша нақты оқу мерзіміне жасалып, мектеп директорымен бекітіледі. Кесте мұғалімдер бөлмесіне ілінеді. Мектеп бойынша кезекшілердің құқықтары мен міндеттері жеке ережемен анықталады.

29. Кезекті еңбек демалысымен сәйкес келмейтін каникул мерзімі педагогикалық қызметкерлердің жұмыс уақыты болып есептеледі. Осы мерзімде олардың орташа күндік оқу жүктемесінен аспайтын уақыт шеңберінде мектеп әкімшілігі оларды каникул күндері басталғанға дейін педагогикалық және ұйымдастыру жұмыстарына тарта алады. Каникул уақытында еңбек ұжымы бес күндік жұмыс аптасымен жұмыс істейді. Бұл жағдайда жұмыс күнінің ұзақтылығы:

- Техникалық пен қызмет көрсету персоналы үшін – 8 сағаттық жұмыс күніне;
- Педагогикалық – орташа күндік оқу жүктемесіне (апталық жүктемені 5 күнге қайта есептегенде);
- Каникул мерзімінде мектептің оқу-тәрбие және қызмет көрсету персоналы шаруашылық пен жөндеу жұмыстары, кезекшілікке тартылады.

30. Еңбек ұйымының жалпы жиналысы әр оқу тоқсаны сайын өткізіледі.

Мұғалімдердің мектептегі әдістемелік бірлестіктерінің отырысы оқу тоқсанында екі реттен артық болмауы тиіс. Жалпы ата-аналар жиналысы жылына бір рет, сыныптық жылына төрт рет шақырылады.

31. Еңбек ұжымының жиналысы, педагогикалық кеңестің отырысы мен мектептің әдістемелік бірлестігінің сабақтары екі сағаттан көп емес, ата-аналар жиналысы 1,5 сағат, оқушылар жиналысы 1-сағат, үйірме мен секция сабақтары 45 минуттан 1,5 сағатқа дейін болуы тиіс.

32. Мектептің педагогикалық және басқа да қызметкерлеріне төмендегі әрекеттер жасауға тыйым салынады:

а) өз қарауына қарай сабақ кестесін өзгертуге;

б) сабақ арасындағы үзілістер мен сабақ ұзақтылығын қысқарту, ұзарту немесе болдырмауға;

в) оқушыларды сабақтан шығаруға.

33. Мектеп әкімшілігіне төмендегі әрекеттер жасауға тыйым салынады:

а) оқу жылы барысында оқушылардың көңілін оқу үдерісіне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға немесе қамтуға. Тек қана оқушыларды сабақтан қоғамдық тапсырмаларды орындауға, спорттық, жарыстар, байқауларға, олимпиада және т.б. іс-шараларға қатысуы үшін босатуға рұқсат етіледі;

б) оқу мерзімінде педагогикалық қызметкерлер мектеп басшыларының көңілін негізгі жұмыстарынан аударуға, өндірістік қызметпен байланысты емес қоғамдық міндеттерін орындау мен әр-түрлі іс-шараларды өткізу үшін жұмыстан босатуға;

в) қоғамдық жұмыстарға байланысты жиналыс пен отырыстарды жұмыс уақытында өткізуге.

34. Бөгде адамдар сабақ мезгілінде сыныпқа тек мектеп директоры, болмаса оның орынбасарының рұқсатымен ғана қатыса алады. Сабақ басталғаннан кейін сыныпқа кіруге тек ерекше жағдайларда мектеп директоры немесе оның орынбасарларына рұқсат етіледі. Оқушылар мен әріптестерінің қатысуымен сабақ өтіп жатқан кезде педагогикалық қызметкерлерге жұмыс бойынша ескерту жасауға тыйым салынады.

### **Демалыс уақыты**

Жыл сайынғы демалыс беру кезектілігі қызметкердің демалыс уақытының оңтайлы жағдайы мен мектептің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету қажеттігін ескере отырып кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша мектеп әкімшілігімен белгіленеді. Мектептің педагогикалық қызметкерлеріне демалыс жазғы каникул кезеңінде беріледі. Демалыс кестесі әр күнтізбелік жылға 5-қаңтардан кешіктірмей жасалады және барлық қызметкерлерге хабарланады.

35. Қызметкерлердің демалысының басталуы мектептің жұмысына кері әсерін тигізбесе, әкімшілік демалыс кестесі олардың ұсыныстарын ескере отырып жасалады. Демалыстың мерзімі бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда кәсіподақ комитеті қызметкердің өкілі ретінде пікір білдіруге құқығы бар. Демалыс кестесі қызметкер назарына әр жылдың 5 қаңтарына дейін хабарланады. Мектеп директорының демалысы білім бөлімінің бұйрығымен, ал

басқа қызметкерлерге мектеп бойынша бұйрықпен рәсімделеді. Қызметкерге оқу мерзіміндегі ақылы демалыс оны алмастыру мүмкіндігі болғанда жанұялық жағдайына, емделу-сауықтырылуымен байланысты кездерде ғана берілуі мүмкін.

36. Оқу барысындағы ақысыз демалыстар әкімшіліктің келісімі бойынша беріледі.

37. Әкімшілік оқу жылы барысында уақытша жұмысқа жарамсыз болмаған немесе еңбек тәртібін бұзбаған қызметкерлерге жазғы каникул кезінде 3 күн көлемінде қосымша ақылы демалыс береді. Соңғы жағдайда қосымша демалыс беру мәселесін әкімшілік кәсіподақ комитетімен бірлесіп шешеді.

### **Жұмыстағы нәтижесі үшін сыйақы**

Еңбек міндеттерін үлгілі орындағаны, балалардың тәрбиелеу мен оқытуда оң нәтиже көрсеткені, ұзақ уақыт жемісті жұмыс істегені және басқа да нәтижелер көрсеткені үшін келесі көтермелер қолданылады:

а) алғыс жариялау;

б) Құрмет грамоталармен марапаттау.

Әкімшілік көтермелеу мәселесін кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып қолданады.

39. Мектеп қызметкерлерінің ерен еңбегі үшін Қазақстан Республикасы заңдылығымен белгіленген грамоталар, атаулы медальдар, Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын тағайындау, Қазақстан Республикасының медальдары, ордендерімен марапаттау жоғары органдарға ұсыныс беру арқылы жүзеге асырылады.

40. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау Ережесіне сәйкес мектеп қызметкерлері аттестациядан өтіп, оларға біліктілік санаттары беріледі.

41. Көтермелеу шаралары қолданылғанда еңбектің материалдық және моральдық көтермелеудің үйлесімі қамтамасыз етілуі тиіс. Көтермелеу бұйрықпен жарияланады, мектеп ұжымының назарына жеткізіледі және еңбек кітапшасына жазылады.

42. Өз еңбек міндеттерін нәтижелі және шын пейілімен орындап жүрген қызметкерлерге бірінші кезекте әлеуметтік-мәдени және үй-тұрмыстық қызмет көрсету салаларындағы жеңілдіктер қарастырылған (сауықтыру мен емдеу орындарына жолдамалар және т.б.). Қоғамдық, моральдық және материалдық көтермелеу қолданылғанда, қызметкерлерді мемлекеттік марапат пен құрмет атақтарына ұсынарда кәсіподақ комитетінің пікірі ескеріледі.

### **Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

43. Қызметкердің кінәсынан болған және еңбек шартымен, мектеп жарғысымен, ішкі еңбек тәртіп ережесімен, жалпы орта білім беру мекемелерінің типтік ережелерімен, лауазымдық нұсқаулықтар және ұжымдық шартпен жүктелген еңбек тәртібінің бұзылуы, міндеттерінің орындалмауы үшін, өз кезегінде, тәртіптік және қоғамдық шара қолдану, сондай-ақ қолданыстағы заңдылықта көзделген өзге де шаралар қолданылады.

44. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін мектеп әкімшілігі келесі шараларды қолданады:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- еңбек шарты төменгі жағдайларда бұзылады;
- бұрын соңды қолданылған жазадан кейін қызметкер мектеп жарғысымен, еңбек шартымен, ішкі еңбек тәртіп ережелерімен, лауазымды нұсқаулықтармен жүктелген міндеттерін қызметке байланысты емес жағдайлармен қайта орындамаса;
- себепсіз жағдайлармен жұмыста болмаса;
- жұмыста алкоголь, наркотикалық пен токсикомандық күйде келгені үшін;
- жұмыс істейтін орнынан қоғамдық және мемлекеттік мүлікті ұрлағаны үшін;
- әкімшілік жаза қолдану құзіреті бар органның қаулысы немесе күшіне енген сот үкімі болған жағдайда;
- оқушыларға психикалық немесе өзге де күш көрсетумен (бір рет болса да) байланысты әдістер қолданған жағдайда;
- заңдылықпен белгіленген өзге де жағдайларда.

Қолданыстағы еңбек заңдылығына сәйкес педагогикалық қызметкерлер тәрбиелік функцияларын одан ары орындаумен сыйыспайтын теріс (аморальдық) қылықтар жасағаны үшін жұмыстан шығарылуы мүмкін.

45. Тәртіптік жазаларды мектеп директоры қолданады.

46. Директорға тәртіптік жазаны білім бөлімі қолданады.

47. Жазалар қолданылғанға дейін еңбек тәртібін бұзушыдан жазбаша түрде түсініктеме талап етілуі керек. Қызметкердің түсінік беруден бас тартуы, тәртіптік жазаны қолдануға кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда, жазбаша түрде түсінік беруден бас тартқандығы туралы тоқтам жасалады. Тәртіптік жазаны әкімшілік сол теріс әрекет белгілі болғанда қолданады, бірақ қызметкердің науқастану мен демалыста болған уақытын есептемегенде жаза теріс қылық жасалғаны белгілі болған күннен бастап бір айдан кешіктірілмеуі тиіс. Теріс қылық жасаған күннен бастап алты ай өткеннен кейін тәртіптік жаза қолданылмайды. Аталған мерзімге қылмыстық іс бойынша өндіріс уақыты қосылмайды.

48. Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің жарғы мен кәсіби мінез құлық нормаларын бұзу фактілері жөніндегі тексерулер тек жазбаша түрде арыз түскен жағдайда жүргізіледі. Педагогикалық қызметпен айналысуға тыйым салуға негіз болатын немесе оқушылардың мүддесін қорғау қажеттілігі туындаған жағдайларды алып тастағанда, тәртіптік тексеру жүргізу барысы мен оның қортындысы бойынша қабылданған шешім тек оған мүдделі педагогикалық қызметкердің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

49. Еңбек тәртібінің бұзылған әрбір жағдайы үшін тек бір ғана жаза қолданылады. Жазаны қолдану барысында жасалған қылықтың ауырлығы,

қандай жағдайда жасалғаны, қызметкердің алғашқы жұмыстары мен мінез-құлықтары есепке алынуы керек.

50. Кәсіподақ комитетінің құрамына сайланған қызметкерлер кәсіподақ комитетінің келісімінсіз, ал осы комитеттің төрағасы жоғары тұрған кәсіподақ органының келісімінсіз тәртіптік жазаға тартылмайды.

51. Тәртіптік жазаны қолдану туралы бұйрық, жазаға тартылған қызметкерге оның қолдану себеп-салдары көрсетіліп үш күндік мерзім ішінде жазбаша түрде хабарлайды. Педагогтарға және басқа да қызметкерлерге **Тыйым салынады:**

- өзінің көзқарасына қарай сабақ кестесін өзгертуге;
- мұғалімсіз оқушыларды кабинетте жалғыз қалдыруға;
- жұмыс уақытында және мектепте алкогольді ішімдіктерді пайдалануға.

### **Оқушылар**

1. Білім алушылар мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеру, ішкі тәртіп ережелерін сақтау, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға;

2. Жақсы білім алу және мекеменің мүлігін сақтауға, басқа оқушылар мен жұмыскерлердің ар-ожданын сыйлауға;

3. Білім алушылар өздерінің денсаулығы үшін қам жеу, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге;

4. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға мекеменің жарғысында тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;

5. Мектеп оқушысы сабаққа, үйірмелерге, спорттық және қоғамдық іс-шараларға белсене қатысуға;

6. Білім алушылар білім ордасында өздерінің тәртібін, әдептілігін және мектеп формасын міндетті түрде сақтауға, мектеп ішіне сырт киімдермен, бас киіммен жүрмеуге, хиджап киіп келуге рұқсат етілмейтіндігі туралы ережелерін сақтауға;

7. Мектеп оқушысы сабақтан себепсіз қалмауға, сабаққа толық қатысуға, оқу құралдарын толық болуын қадағалауға;

